

С. Қасқабасов, Р. Әлмұханова, Е. Раушанов, Қ. Қайырбай

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
9-сыныбына арналған оқулық

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі бекіткен

9

Алматы



«Жазушы», 2019

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 72
Қ 17

Шартты белгілер:

БІЛУ	ТАЛДАУ
ТҮСІНУ	ЖИНАҚТАУ
ҚОЛДАНУ	БАҒАЛАУ
<hr/> <i>Артық болжас білгенің</i> <hr/>	
<hr/> <i>Оқу сауаттылығы</i> <hr/>	
<hr/> <i>Оқушы күнделігі</i> <hr/>	
<hr/> <i>Ойтақы</i> <hr/>	
<hr/> <i>Фаламтор</i> <hr/>	

Қ 17 Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық / Қасқабасов С., Әлмұханова Р., Раушанов Е., Қайыrbай Қ. – Алматы: «Жазушы», 2019. – 296 бет.

Оқулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен әдеби шығармаларды ғана қамтиды.

ISBN 978-601-200-642-1

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 72

ISBN 978-601-200-642-1

© Қасқабасов С., Әлмұханова Р.,
Раушанов Е., Қайыrbай Қ., 2019
© «Жазушы» баспасы, 2019
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мұліктік құқықтары
«Жазушы» баспасына тиесілі

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар!

Біздің халқымыздың бүкіл арманын, мұратын жеткізген төл әдебиетіміз сендердің парасатты азамат болып өсулерің үшін қажет. Әдебиетіміздің құнарлы, мазмұнды, тағылымға толы екеніне өздерің осы кезге дейін-ақ көз жеткіздіңдер. Алдағы уақытта да осы сарқылмас мол қазынаның құдіретін саналарыңа сіңіру үшін ұдайы оқып, әдеби білімдерінді жетілдіре түсу керек. Соңдықтан 9-сынып оқулығында «Атадан қалған асыл сөз» атты бірінші бөлімі бойынша орта ғасырда өмір сүрген дана жерлесіміз Жұсіп Баласағұнның «Құтты білігі» мен атақты би-шешендер – Майқы, Мөңке, Өнет, Теле, Әйтеке, Қазыбек, Сырым бабаларымыздың ақылды сөздерін оқып біліп, көңілдерің марқая түсетін болады. Қоғам халықта жоқ, бізде ғана бар деп, мақтан ететін суырыпсалма өнеріміздің тамаша үлгісі Біржан мен Сара айтысына куә боласындар.

Жыраулар поэзиясы бойынша Бұқар жыраудың асыл сөздерін оқи аласындар.

Оқулықтың екінші бөлімінде бертінгі тарихымыздың күөгерлері – Нысанбай Жаманқұлұлы, Махамбет Өтемісұлы, Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың мұраларын оқысындар. «Адам жанының құпиясы» деп аталған үшінші бөлім адам тағдырларынан сыр шертіп, көңіл пернелерін көркем жеткізе білген шығармаларды қамтыған. Олар: Құлагердің ақызына құрылған поэма, «Шұғаның белгісі» болып жадымызға орнаған Бейімбет Майлиннің хикаяты, Фабит Мұсіреповтің ана бейнесін көркем сомдаған «Ұлпан» романы, Төлеген Айбергенов пен Фариза Оңғарсынованың лирикалық өлеңдері – мұның бәрі қазақ әдебиетінің мол мүмкіндігін танытады.

Ал төртінші бөлім «Мәңгілік ел – мәңгілік мұрат» деп аталған. Мұнда Несіпбек Айтұлының «Бәйтерек» поэмасын оқысындар. Қажығали Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романы да сендер үшін тағылымды болады. Соңдай-ақ тапсырмалар да мейлінше түрлендірілді, оқу сауаттылығы, оқушы күнделігі, т.б. енгізілді. Оқу сауаттылығы бағдарлама бойынша оқылатын шығармаларды дұрыс түйсіну үшін қажет. Оқушы күнделігін жазуды үйренисіндер. Әйткені жазу арқылы өз ойынды ұтымды жеткізе алатын боласындар.

Іске сәт, достар!

Авторлар

I бөлім

АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ

ОРТА ФАСЫР ӘДЕБИЕТІ

Қазақ халқының тарихы ежелгі дәуірден басталады. Біздің бабаларымыздың өмірлік тәжірибесі, ақыл-пайымдары үрпақтан үрпаққа жеткен. Қисынды ұтқыр сөздер, санаға әсер етер ойлар осылайша жалғасып, бүгінгі күнге жетті. Сондықтан біз дана бабаларымызды мақтан етеміз.

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген атаумен 2008–2012 жылдар аралығында он томды жарыққа шығарды. Бұл – халқымыздың рухани мұрасын танытатын үлкен ғылыми еңбек. Оның бірінші томы фольклорлық кезеңге, ал екінші, үшінші томдары ежелгі және ортағасыр мұраларына арналған. Екінші томда мұраларымыз «Түркі дәуіріне дейінгі әдеби жәдігерлер» және «Түркі дәуіріндегі әдебиет» деп, екі топқа бөлінген. Оның алдыңғы тобына «Алып Ер Тұңға», т.б., ал екінші топқа түркі дәуіріндегі «Күлтегін», «Тонықек», «Қорқыт ата кітабы», қарахандықтар тұсында жазылған Жұсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі», т.б. бар.

Осы мол дүниені уақыт өлшеміне салсақ, қазақ сөз өнері, фольклорлық кезеңді қоса есептегенде, 4–5 мың жылды, соның ішінде таза жазба әдебиет тарихы 2–2,5 мың жылды қамтиды.


Түркі дәуіріндегі мұралар сол кезде қатар өмір сүрген көп ұлтқа ортақ десек те, Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Жұсіп Баласағұн, т.б. ғұламалардың кіндік қаны тамған жер – қазіргі Қазақстан жері екені белгілі.

XXI ғасырда еліміз әлемдік қауымдастыққа еркін кірді, енді өз мемлекетіміздің өзгеден кемдігі жоқ ел екенін танытатын кез келді. Ал бұл біздің ұлттық құндылықтарымызды бағалай білуімізге байланысты. Сол себепті рухани жаңғыру – әр азаматтың жүргегінде мәңгіге сақталатын асыл қасиет.

ЖУСІП БАЛАСАҒУН
(1020 – шамамен, 1074–1075 жылы
қайтыс болған)

Білім – адам баласының ортақ қазынасы.
(*Жұсіп Баласағұн*)

Жұсіп Баласағұн – ортағасырда, нақты айтқанда, XI ғасырда өмір сүрген ғұлама ақын. Ол Баласағұн қаласында дүниеге келген, сол себепті есіміне Баласағұн атауы қосылған. Бұл қала Жетису өлкесіндегі Шу өзенінің Талас өңірінде болған, сондықтан қазақ халқы үшін ақынның өзі де, еңбегі де өте маңызды.



Жұсіп Баласағұн жастайынан хан сарайында өлең айтып, күй тартып, қызмет көрсеткен. Сөйтіп жүріп, білімге ден қойған, жаратылыстану саласы бойынша және қогамдық ғылымдардан көп білім жинаған. Бұл оның көрнекті кітабы «Құтадғу біліктен» («Құтты білік») белгілі.

«Құтты біліктің» мәтінінен 1825 жылы ең алғаш рет үзінді жариялаған – француздық түркітанушы, профессор А.П. Жобер. Ал зерттеуді 1870–1890 жылдары қолға алған – венгр ғалымы Г.Вамбери мен орыс ғалымы В.В. Радлов. Сол кезден бастап өлем ғалымдары бұл еңбекті жанжақты зерттей бастаған.

Жұсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» кітабы 1069–1070 жылдары он сегіз айдың ішінде жазылған. Бұл кітапты Баласағұн қаласында бастап, Қашқарда аяқтаған, яғни ақынның қайтыс болған жері – Қашқар.

Кітаптың алдыңғы бөлігіндегі кіріспеде «Құзорда» елі – оның туған мекені, «Тұп-нәсілі анық, тілді екені» деп таныстырылған. Құзорда – ортағасырдағы Баласағұн қаласының екінші атауы. Махмұт Қашқаридің «Түрік сөздігінде» бұл қала «Құз ұлыс», «Құз орда» деп те аталғаны жазылған, бұл атаудың мағынасына қарап, күзгі орда (күзеу), күзгі мекен дегенді білдіруі мүмкін деген болжам бар.

Жұсіп Баласағұн өзі жазған кітабын сол кездегі Қараханидтер мемлекетінің өмірі Бұғра ханға табыс еткен. Хан оның осы еңбегін жоғары бағалап, оған «Хас Хажыб» деген атақ берген. «Хажыб» – араб сөзі, «хас» – дәл, нақ деген сөз, сонда «Хас Хажыб» деген сөз ханға ең жақын, ел мен ханның тірегі, ең сенімді көмекші деген мағына береді.

«Құтты біліктің» үш қолжазбасы сақталған. Бұлар көшірушілер арқылы жетіп отыр. Бұлардың бірі – Вена нұсқасы, мұны көшірушінің есімі Хасан Қара Сейіл Шамс болу керек деп болжанады. Бұл көшірме Австрия мемлекетінің астанасы – Вена қаласында сақтаулы. Ал екінші нұсқа – Каир нұсқасы, үшінші – Өзбекстандағы Наманган нұсқасы. Бұл нұсқа толық және жақсы сақталған деп есептеледі.

Негізі, ортағасырда жазылған бұл кітаптың атауы – «Құтадғу білік», құтты білім беретін кітап деген мағына береді. Ол сол кездегі жағдайларға байланысты араб қарпінде таңбаланған.

Құрылымы жағынан алғанда, кіріспесі, негізгі бөлімі және қорытындысы бар, яғни композициясы – шымыр поэма. Сол кездегі дәстүр бойынша, кіріспеде Алланы еске алғып, шүкірлік етіп, еңбектің жазылу мақсат-мазмұнымен таныстырады. Сосын кітаптың негізгі тараулары жазылған. Сонында Жұсіп Баласағұн өмірдің, уақыттың тез өтетінін, достарынан көрген қызындықтарын, өзінің кемшіліктерін айтқан. Кейінгілерге өсietін жазған. Бұл дидактикалық поэма ретінде өлемдік мәдениеттің шынында тұрған мұраларымыздың бірі болып саналады.

Озінің аты айтып тұрғандай, поэмалың өзекті тақырыбы – халыққа құтты өмір сыйлау, бақытты, өділетті қоғам құру. «Құтты білікте» сюжет жоқ, өйткені мұндағы кейіпкерлер арасында тартыс жоқ. Тағы бір ерекшелігі: Жұсіп Баласағұн бұл кітапта айтар ойын төрт кейіпкердің сұхбаты арқылы жеткізген. Мұндағы кейіпкерлер: Құнтуды, Айтолды, Өгдүлміш, Одғұрмыш деп аталған. Бұл төртеуі – Құттың төрт діңгегі. Құнтуды – өділдік, зан; кейде оны ханның бейнесінде де көруге болады. Айтолды – құт, дәулет, ол – ханның уәзірі; Өгдүлміш – ақыл, ол – уәзірдің баласы; Одғұрмыш – қанағат, рақым, ол уәзірдің інісі бейнесінде көрінеді. Бұлардың әрқайсысы өздеріне берілген образдарға сай сомдалған.

Шығармада Құнтуды хан болған соң, ол бас уәзірі Айтолдыны шақырып, онымен кеңескенде, үш тұғырлы тақта отырады. Мұның мәнісін ол үш тағанды нәрсе берік болады деп түсіндірген. Бұл үш таған елдің бірлігіне қызмет етуі керектігі айтылып, ел билейтін бектердің қасиеттері сараланған.

Ақын ел басшысына бектердің үш түрін, олардың қызметін, халыққа пайдасын түсіндірген. Ерлер ел-жүртты білімге, еңбекке бағыттаса, енді бірі батырлықпен елді қорғаса, сонда мемлекеттің бағы баянды болатынын жеткізген.

Бұл поэмада тек ауызша сұхбат емес, хат алмасу да бар. Құнтуды Елік хан болса да, еліндегі ақылды адамдарды бағалауға тырысады. Өзі ақыл-

дың сөзін тыңдағысы келеді, ол айтқан сөздерге ден қояды, өз қатесін түсіне біледі. Поэмада ел басқарушы осындай игі ниетте болса деген ой өзегі жасалған.

Жұсіп Баласағұн бұл еңбекті жазғанда, елу төрт жаста болғанын ес-кесек, оның да өмірлік тәжірибесі осылайша сыр болып жазылғанын аңғару қыын емес. Дегенмен, бұл бір ғана Жұсіп Баласағұнның жетістігі, еңбегі деп қарауга болмайды. Поэманың кейіпкерлерге жүктеген қызметтері түркі мемлекеттілігінің барлық шарты, талаптары бар екенін айғақтайды.

Шығарманың поэзиялық ерекшеліктері. Автор үйқастарды қатаң сақтаған, негізінен, егіз үйқастарды пайдаланған, соның өзінде мұны тым жиі қолданбаған. Мысалдарды келтіргенде, қара өлең үйқасын пайдаланған. Қазақ өлеңінің төл қасиеті болып табылатын шалыс үйқас та бар. Бұл тәсілді қазақтың ұлы ақыны – Абай Құнанбайұлы да қолданған.

Буын тұрғысынан айтқанда, 11 буындық қара өлең өлшемімен жазылған.

Бұл кітапта қазақ мақалдарымен үндестік көп және Асан қайғының, Абай Құнанбайұлының, Бұқар жыраудың, т.б. өлең өлшемдерімен тамырластық та байқалады.

«Құтты біліктің» өлең жолдары жазылған қыш құмыра Сарайшық қаласынан табылған.

Абай Құнанбайұлы Жұсіп Баласағұнның кітабы туралы білген, оның «Фылым таппай, мақтанба», «Өсемпаз болма әрнеге» атты өлеңдерінде шығыс ғұламасының ықпалы сезіледі. Орта ғасырдағы мұраның поэзиялық ерекшелігі қазақ мәдениетімен үндестікті, тамырластықты, ортақ тарихты танытады.

Ақын «Құтты білікті» Бұғра ханға сыйға тартқанымен, бұл шығарма бүкіл елдің, халықтың қамын ойлаған дана азаматтың парасат-пайымын қағазға жазып қалдырған өсietі деуге өбден болады.

Ақынның «Құтты біліктен» басқа да көптеген рубайлары болған. Мысалы, Наманган қолжазбаларының арасынан оның 600 жолдан астам рубайлары табылған. Олар да – көркемдігі жоғары, даналық ойларға толы дүниелер.

Жұсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабын толық түрде 1986 жылы көрнекті ақын Асқар Егеубаев аударды. Қеңестік кезеңде Жұсіп Баласағұнның бұл еңбегі толық күйде жарық көрген жоқ, бірақ қазақ ғалымдары оны халқымызбен қауыштыру үшін өрекеттер жасады. Мөселен, 1967 жылы жарық көрген «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясын» құрастырушылар

(Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншөлиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин) бұл шығарманы «Өзбек әдебиетінің хрестоматиясы» (Ташкент, 1928) кітабы арқылы қазіргі қазақ тіліне аударып, халқымызды ортағасырлық мұрамызбен таныстыруды. Өйткені Жұсіп Баласағұн кітабы ол өмір сүрген дәуірге тән шағатай тілімен жазылса да, туған жері – қазақ даласы.

Осы жинақты құрастырушылар «Құтты білік» поэмасының дидактикалық жанрда екеніне, оның төрт кейіпкердің арасындағы сөз жарысына құрылғанына мән беріп, қазақ айтысының ерекшеліктерін түсінуде, зерттеуде маңызды екенін атап жазған. Шынында да, Жұсіп Баласағұнның бұл кітабы – қазақ халқы үшін құнды еңбек. Өйткені біздің тарихымыздан, мәдениетімізден сыр шертеді.



Артық болашақ білгенің

Шағатай тілі. Көне әдеби, ғылыми шығармалар шағатай тілінде жазылды. Ол Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендерген ру-тайпалардың кітаби, әдеби тілі, сол дәуірдегі адамдардың бәріне түсінікті тіл ретінде қалыптасты. Оның Өзбек хандығына қатысы жоқ.

«Әдеби жәдігерлер» – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне қарасты М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Бабалар сөзі» жүз томдығын жарыққа шығарған. Сонымен бірге «Әдеби жәдігерлер» атты жиырма томдықты да жариялады. Бұл жиырма томдықтың мақсаты – ежелгі және орта ғасырлардағы көне түркі мұраларын қазіргі қазақ тілінде насиҳаттау.

«Құтты білік» осы «Әдеби жәдігерлер» көптомдығының бесінші томында жарайқ көрді.

ҚҰТТЫ БІЛІК¹

Адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен екендігі айтылады.

Адамды Хақ жаратты да ескерді:
Оған ақыл, білім, өнер, ес берді.

Көңіл берді өрі тілін тербетті,
Үят берді, берді құлышқ, келбетті.

¹ Баласағұн Жұсіп. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986.

Білік берді – адам бүгін жетілді,
Ақыл берді – талай түйін шешілді.

Кімге Құдай берсе білім, ақылды,
Қолы жетіп, алар ол мол асылды!

Ақылды – ұлы, біл, білімді, білікті,
Қонса екеуі, ұлы етер жігітті.

Бұл сөзіме куә мұндай сөз де бар,
Сөзді естіп, аларыңды қөздең ал:

«Ақыл қайда болса, ұлылық толады,
Білім кімде, сол білікті болады.

Ақылды ұғар, білімділер біледі,
Түгел болар білімді, есті тілегі!»

Білік мәнін біл, не дейді білген ер:
Білім білсең, бәле жүрмес іргеден.

Білімсіздер бар кеселді көреді,
Емдемесе, тектен текке өледі.

Кел, ей, надан! Дертке дауа жасағын:
Надан білім алса, құты тасады.

Ақыл – бүйда, ере түссең, жетелер,
Сөйтіп, арыз-тілегіне жетер ер!

Ақылы болса, пайдасын ер көп көрер,
Білім білсе, өзиз тірлік өткерер!

Ақыл құллі ісінді алып шығатын,
Бұл біліммен көрер бектер мұратын!

Tіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда-зияны айтылады.

Ақыл, білім, тілмашы – тіл, бұл – кепіл,
Жарық төгіп, елжіретер тіл деп біл!

Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,
Қор қылар тіл, кететүғын бас болар.

Тіл – арыстан, есік баққан ашулы,
Сақ болмасаң, жұтар, ерім, басынды!

Не дейді үққын, тілден жапа шеккен ер,
Құлақ салып, амал қылып, есті елер:

«Тілімнен көп жапа шектім, есебім:
Бас кесілмес үшін, тілді кесемін!

Сөзінді бақ, басың кесіп алмасын,
Тілінді бақ, тісің сынып қалмасын!»

Жұрттың тілі удаій, сөйлеп шет қылар,
Кісі құлқы сүм, етінді жеп тынар.

Білім берді, білікті өткір тіл берді,
Тіл иесі, басынды бақ, біл де енді!

Тілесен сен есендікте жүруді,
Жаман сөзге қимылдатпа тілінді.

Біліп айтқан сөз – білікті, саналар,
Біліксіз сөз басынды жеп, табалар.

Көп сөйлеуден артық пайда көрмедім,
Және сөйлеп және ештеңе өнбеді!

Көп сөйлеме, аз айт бірер түйірін,
Бір сөзбен шеш түмән сөздің түйінін.

Сөз кісіні ұлы қылар, бек қылар,
Көп сөз басты қара жерге кеп тығар.

Көп сөйлесен, «Езбесің» деп, жек көрер,
Сөйлемесен, «Мылқау екен» деп сөгер!

Бұлай болса, тең ортасы – керегің,
Тілге үстамды болсаң, өсер беделің!

Тілінді бақ, басың аман болады,
Сөзді қысқа айт, жасың ұзак болады.

Зияны көп, пайдасы мол – ақталар,
Сондықтан тіл мақталар да, датталар!

Біліп сөйле, сөзінде сөл, өң болсын,
Сөзің түпсіз қараңғыға көз болсын!

Біліксіздер өзі нағыз басырдың,
Білім үйрен, надан, көзің ашылсын!

Туган өлер, көрсөң қалар белгісіз,
Сөзінді ізгі сөйле, өлсөң де өлгісіз!

Қос нәрсені шалмас қарттық құрығы:
Бірі – ізгі сөз, бірі – ізгі құлышы!

Туган адам өліп, сөзі қалады,
Өзі кетіп, ізгі аты қалады!

Тіршілікте келсе өзіңнің өлмегің –
Сөз, құлқынды жақсарт, онда, ей, бегім!

Тілді сөктім һем мадақтап демедім,
Мұным – сөздің сырын ұқсын дегенім.

Құллі сөзді жисаң да, ақылды асырмас,
Керек сөзді сөйлер кісі, жасырмас!

Сөзді ұлым арнадым мен, ер-батыр,
Ұлым, тыңда, менде алтын-кен жатыр.

Саган арнап сөз сөйледім, ей, ұлым,
Өсиетімді қабыл алғын, құлыным!

Күміс, алтын қалса менен сендерге,
Оларды сен бұл сөзіме тенгерме!

Күмісті іске тұтсаң – бітіп қалады,
Сөзімді іске тұтсаң – күміс табады.

Қалар мұра – сөз, кісіден кісіге,
Сөзді мұра тұтсаң, пайда ісіңе.

Әдебиет теориясы

Әдебиеттегі психологиям кейіпкерлердің жан дүниесін, көніл күйін бейнелеу үшін маңызды. Кейіпкерлер бір-бірін қайталамайды. Сондықтан шығарма авторы әр кейіпкерге жүктелген міндепті толық жеткізу мақсатында диалог, монолог арқылы ғана емес, сондай-ақ олардың хат алмасуы, тұс көруі, т.б. әдіс-тәсілдерді қосады.

Бәйіт (*арабша шатыр деген магынада*) – араб, парсы, түркі тілдес халықтардың поэзиясында кездесетін екі тармақты, егіз үйқасты өлең.

Дидактикалық поэма (грек. *didaktikos* – үлгі, өнегелі, тағылымды) – өситет мақсатында поэзиялық жанрда жазылған шығармалар.

Лирика – адамның көніл күйін, сезімін тікелей бейнелеп көрсететін поэзия түрі.

Рубай – төрт тармақты лирикалық өлең. Өлеңнің әр шумағы тиянақты ойды білдіреді. Бірінші, екінші, төртінші тармақтар бірыңғай үйқасады да, үшінші тармақ үйқастан тыс қалады. Бұл өлең өрнегі Шығыс халықтарының поэзиясында, әсіресе түркі халықтарында жиі қолданылған.

Сюжет – үлкен шығарма ішіндегі білінбей жылдасып кеткен оқиғалар желісі, көркем шығармадағы оқиғалардың рет-ретімен баяндалип, бір-бірімен байланысып, біртұтас желі құруы.



СӘЗДІК

Басыр – 1) көздің дәнекер қабығының созылмалы, жүқпалы ауруы; көзге ақ түсіп, көрмей қалуы. 2) Еш нәрседен хабары жоқ, бейхабар.

Бүйда – 1) түйе не өгіздің мұрындығына тағылатын бас жіп; 2) бүйда беру – ерік, ықтиярын біреуге беру, не де болса, көну.

Діл – таза жүрек, терең ой.

Құлық, құлқы – адам мінез-құлқын, ниетін білдіретін психологиялық қасиеттердің жиынтығы. Ал психология – адамның мінез, сана-сезімі, ой өрісі.

Тұмән – XIII–XV ғасырларда түркі-моңғол ұлыстарында болған әскери-әкімшілік бірлік. Бір түмен әскер ұғымы «он мың жауынгер» дегенді білдірген. Сондықтан «тұмән сөзі» мың сөз деген ұғымды білдіреді. Қазақ тілінде түмен сөзі қолданылса, Жүсіп Баласағұн еңбегінде ортағасырлық қолданыс ретінде тұмән сөзі сақталған.

Хақ – шындық, құмәнсіз ақиқат; Хақ жараттты – ақиқат түрде Құдай жаратты деген мағынада айттылған.

Жер атаулары:

Баласағұн – орта ғасырлық қала, сол кездегі Қарахан мемлекетінің астаналарының бірі. Жазба деректерде X ғасырдан бастап белгілі. Қазақ ұлттық университетті ғалымдарының зерттеулері бойынша, Шу өніріндегі Ақтөбе деп аталатын көне қаланың орны – Баласағұн. Баласағұнның Құз Орда, Құз ұлыс деген басқа да атаулары болған. Мәдениеті дамыған қала болған.

Жүсіп Баласағұнның кесенесі қазіргі Қытайдағы Шыңжан аймағындағы Ид Ках мешітінде орналасқан. Өйткені ғұлама Жүсіп Баласағұн Қашқар қаласында қайтыс болған. Бұл жерде мұсылмандар көп шоғырланған.

Қашқар қаласы Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан.

Қашқар – Батыс Қытайдағы Тянь-Шань, Памир, Кунь-Лунь және Бэйшань тауларамын шектелетін өлке. Ұйғыр халқының ежелгі мекені. Қашқар халқы қазақтармен ертеден араласып тұрған.

Наманган – Өзбекстан астанасы Ташкент қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 200 км жерде Ферғана аңғарының солтүстік бөлігінде орналасқан.

Сарайшық – Жайықтың оң жағалауында, қазіргі Атырау қаласынан солтүстікке таман 55 шақырым жерде орналасқан. Қаланың орналасқан жері ыңғайлы. Ең бастысы, Еуропа мен Азияның түйіскең жерінде болған. Қала арқылы Ұлы Жібек жолы Еуропаға, Алтын Орданың астанасы Жайықтағы Берке Сарайдан Хорезм, Үндістан, Иран, Қытайға өткен.



1. Жұсіп Баласағұнның өмір жолы мен шығармашылығы туралы мәлімет жинастырып, топтастырыңдар.



2. «Құтты білік» поэмасының жазылу тарихын айтыңдар.
3. Қарахан мемлекеті және оның Жұсіп Баласағұнға қандай қатысы бар екенін айтыңдар.
4. «Хас Хажыб» атагының мағынасы қандай? Бұл атақ қазіргі лауазым бойынша қалай аталуы мүмкін?
5. Шығармаға композициялық талдау жасап, поэманың мазмұны бойынша кестені толтырыңдар.

Поэманың мазмұны		
Поэмада не туралы айттылған?	Поэманың композициясындағы ерекшелік	Поэмада көтерілген мәселелер



1. «Адамзатқа ақыл, білім, өнер, ес берді» деген ақын сөздерінен нені айтқысы келді?
2. Ұят пен көніл не үшін қажет, адамның қадір-қасиеті үшін оның қандай қатысы бар?
3. Адамдың пен надандыққа ақыл, білім, өнер, ес және тілдің қандай қатысы бар? Олардың байланысы туралы әңгімелендер.
4. Тіл өнерінің қасиеті мен сипаты, пайдасы мен зияны туралы ойлауында ақын нені айтқысы келеді?



1. Кейіпкерлер неге төртеу? Сендер тағы басқа қандай кейіпкер қосар едіңдер?
2. Төрт кейіпкерге тән қасиеттерді жазып, мінездеме беріңдер. Шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтаңдар.

Күнтуды патша	Айтолды уәзір	Өтдүлміш	Одғұрмыш

3. Поэмадағы қайырымдылық, адамгершілік пен ізгілік мәселелері туралы ақыл-кеңестерді тауып, төмендегі кестені толтырыңдар.



4. «Құтты біліктің» бауырлас түркі халықтарына ортақ мұра екенін дәлелдей отырып, зерттеу жұмысын жүргізіңдер.



- Ел басқару мәселесін ақын не үшін көтереді, оның мәні қандай? Білімнің рөлі туралы ақынның пікірімен келісуге бола ма? Осы сұрақтар бойынша автор бейнесінің идеялық тұтастыруышы ретіндегі рөліне талдау жасандар.
- Шығармадан көркемдегіш құралдарды тауып, олардың қолданылу ерекшеліктері мен ақынның ақыл-кеңестеріне талдау жасап, автор стиліне баға беріңдер.
- Шығармадағы достық, тіл жайындағы түйінді ойлар бойынша автор көзқарасын анықтаңдар және автордың ғибратты ойларын теріп жазып, сызбаны толтырыңдар.

Автор	Адам баласының қадір-қасиеті жайлы	Тіл өнерінің қасиет-сипаты жайлы	Мемлекет басқару жайлы
Ақыл-кеңесі			

4. Автор стиліне сүйене отырып, «Елін сүйген адам қандай болуы керек?» тақырыбында шығармашылық жұмыс жүргізіңдер.



- Ақын Өділет, Бақыт, Ақыл, Қанағат деген төрт ұғымды не үшін символ етіп алды деп ойлайсыңдар?
- Туындыны оқып, оларда көтерілген мәселелерді талдап, Абайдың кемел адам болу жайында айтылған пікірлерімен салыстырыңдар.
- Ж.Баласағұнның шығармасы мен Абайдың өлеңін салыстырып, шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.

«Құтты білік»	Ортақ ойлары	«Фылым таппай мақтанба»

4. Төрт кейіпкерді қатыстырып, сахналық қойылымның сценарийін жазындар немесе өңгіме жазып көріндер.



1. «Құтты білік» поэмасынан өздеріңе қажетті мағлұматтарды таптындар ма? Қазіргі күнмен байланыстыра отырып, шығарманың жаңашылдығына баға беріндер.
2. «Құтты білік» шығармасының идеясын әлем әдебиетінің өздерің білетін үлгілерімен салыстырып, әдеби эссе жазындар.
3. Тіл өнерінің қасиеттері мен сипаты туралы әлем әдебиетіндегі тіл мәселесі жайындағы шығармалармен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазындар.



Артық болмас білгенің

Есік жазба ескерткіші – Қазақстандағы сақ дәүірінен сақталған жазба ескерткіш. 1970 ж. Іле өнірінің тау бектеріндегі Есік қаласының іргесінен (б.з.б. V–IV ғасырларда) салынған үлкен қорым қазылды. Мазардың ішінен алтынға бөлениген жауынгердің мәйіті, дұлығасы, алтын сапты қанжары мен семсері, түрлі ыдыс-аяқ және жұмбақ жазуы бар тостағанша табылды. Сол күміс тостағаншаның сыртқы жағына ойылған 26 таңба екі жолға жазылған.

Көне түркі тілінен аудармасы: Аға, саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат елдің адамы), тізенди бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай)!

Бұл жазба ескерткіш Қазақстан жеріндегі алғашқы көшпендейлерде жазу-сызу болмаған деген пікірдің еш негізсіз екенін дәлелдейді.

Ал одан бергі заманда Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріне негіз болған «руна» жазуы (V–XII ғ.) – түркі дүниесіне, яғни қазаққа да жазба мұра.

Ислам діні қазақ даласына енгеннен кейін ата-бабаларымыз араб қарпімен, кейін кеңестік заманда латын қарпімен, 1940 жылдан бастап кирилл қарпімен жазды.



Оқу сауаттылығы

1) «Кітап атын «Құтадғу білік» қойдым –

Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың», – деп жазылған.

Сұрақ: Құтын тұту деген не? Поэмалың атаяумен үндестікті танытатын ой бар ма?

- a) Үйдісты айтқаны
b) Архаизм ретінде айтқаны
c) Құт – береке, сондықтан кітап адамдарға береке, пайда берсін дегені
d) Жаңа сез ретінде қолданған
- 2) Ақыл – бүйда, ере түссен, жетелер,
Сөйтіп, арыз-тілегіне жетер ер!
Сұрақ: «Ақыл – бүйда» дегенінің мәні неде?
- a) Жұмбақтап айттылған сез
b) Архаизм ретінде айтқаны
c) Адамға сенімді ой беретін жетелеуші ой деген ауыспалы мағына береді
d) Түйе не өгіздің мұрындығына тағылатын бас жіп, бау



Оқушы қынделегі

«Құтты білік» – орта гасыр мұрасы. Қазіргі заманның адамдары үшін оның маңызы бар ма? Біз қандай болуымыз керек? Осы туралы ойларыңды, ұсыныстарыңды жазыңдар.



Ойталқы

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ТАРИХТА ҚАНДАЙ ЖАЗУ ҚОЛДАНҒАН?

Қазақ хандығы XV ғасырдың орта кезеңінде құрылды. Бұл ұлттық мемлекеттілікті танытады. Қазақтың тұп-тамыры ежелгі заманнан – сақ, ғұн дәуірінен – бастау алады.

Сұрақ: Қазақ халқы XX ғасырда араб, кирилл қарпін пайдаланды. Енді латын графикасына көшпеді. Сонда қазақтың ежелгі дәуірде жазуы болмаған дейтін пікірге қарсы дәлел болатын қандай жазба ескерткіштер бар?

Ескерту: Нұсқаларда екі дұрыс жауап болуы мүмкін.

Жауап нұсқалары:

- a) М.Қашқари «Диуани-лұғат»
b) Ж.Баласағұн «Құтты білік»
c) «Ecik жазуы» ескерткіші
d) Орхон-Енисей жазба ескерткіші

Тұлғатану

БАБАЛАР

6 және 8-сыныптарда оқығандарыңды естеріңе түсіріп, мына жұмбақты суреттердегі кімдер екенін анықтап, оларды өмір сүрген жылдары бойынша сәйкестендіріңдер.



1



2



3



4



5

Тұлғалар

1. Мұрат Мәңкеұлы
2. Ахмет Ясауи
3. Ақтамберді жырау
4. Міржақып Дулатұлы
5. Шөкөрім Құдайбердіұлы

Жылдар

1. 1093–1166
2. 1675–1768
3. 1843–1906
4. 1858–1931
5. 1885–1935



Артық болмас білгенің

Жұсіп Баласағұн өснегі¹

Ай маңдайлы ұл-қыз туса алдыңда,
Үйінде өсір, бөтен жерде қалдырма.

Тәрбиеші ал ізгілікті, көшелі
Ұл-қыз жақсы, таза болып өседі.

Ұлды үйрет күллі өнер-білімге,
Онымен мал-дүние табар түбінде.

¹ Баласағұн Жұсіп. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986, 421-бет.

ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Қазақ халқы шешендік өнерді қай заманда да жоғары бағалаған. Рұтайпалық кезден бастап шешендерге арқа сүйеген. Өйткені ел ішінде де, көрші елдермен де түрлі даулы жағдай болып қалатыны бар, сондай кезде ру көсемдері шешендер мен билердің ақылына жүгінген.

«Шешен» сөзі бүгінде сөзге шебер адам деп қабылданады. Алайда оның түпкі мағынасы «топ басшысы, ақылман» дегенді білдіреді. Мұны қазақтың тұнғыш ғалымы Шоқан Үәлиханов анықтаған. Шынында да, шешендер дауды ақылмен шешкендіктен, оларды халық сыйлаған.

Жанр дегеніміз – оқиғаны, сюжеттік материалды белгілі бір мақсатпен тұтас мазмұнды, айқын идеялы шығармаға айналдырудың әдісі, жолы, құралы¹. Сондықтан шешендік өнер деген сөз кең ауқымдағы мағынаны білдіретіндіктен, жанр атауы бола алмайды. Ал шешендік сөздер деген жанр атауы ретінде орнықты.

Шешендік сөздер аңыз тобына тиесілі, яғни өткен ғасырларда өмір сүрген атақты билер мен шешендердің ақылды сөздерін жеткізеді. Бұл сөздерде мәселенің неден туындағаны, кімнің қалай сөйлегені, т.б. жағдайлар баяндалады. Демек, шешендік сөз деп танылу үшін сюжет керек, оқиғаны тудырған дау шешілүі тиіс.

Шешендер ақылман болғандықтан, олардың сөздерінде кейде жұмбақтап сөйлеу бар. Оның жұмбағын кез келген адам шеше алмайды, тек білімі сай, дәрежесі тәң адам ғана түсіне алады. Кейде шешендер сөзін ұтымды етіп жеткізу үшін мақал-мәтелді де пайдаланады, ал көбіне өздері жағдайға байланысты тапқыр шешімдер ұсынған. Олардың шешімдеріне халық келіскең.

Шешендік сөздер тақырыптық-мазмұндық сипатына қарай шешендік дау, шешендік арнау және шешендік толғаулар деп жіктеледі. Шешендік дау қофамда орын алған түрлі жағдайларға байланысты ерекшеленеді. Мысалы, бұрын жер жауы, жесір дауы, құн дауы, т.б. даулар орын алған. Осындағы дауларды шешу мақсатында айтылатын жүйелі сөздер тобын құрайды. Ал шешендік арнау – адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеу үшін қажет жағдайларға байланысты. Өзінің аты айтып тұргандай,

¹ Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002, 21-бет.

белгілі бір тұлғаға немесе жерге бағышталады. Ал шешендей толғау халықтың философияны, даналықты танытады. Тек толғаулардың көбін бізге ауызша жеткендіктен, оның қандай жағдайда айтылғанын баяндайтын кіріспе бөлімі, яғни шешендей сөздің айтылу жағдайы бізге жетпей қалған.

Фольклор болған соң, бір сюжет басқа адамның атына телінуі мүмкін. Мұның себебі: би-шешендердің сөздері бізге ауызша жеткен. Оларды қадір тұтып, сөздерін, есімдерін насхаттау мақсатында үрпақтарға жалғасқан. Дегенмен, атақты билердің айтқан сөздері көбіне өз аттарымен белгілі¹.

Билер дауласушылар өз алдына төрелік сұрап келгенде ғана билік айтып, үкім шығара алады, ал төрелікті беделі биік, әділ кісіден ғана сұрайды, бидің атағы оның беделі жоғалғанда ғана қалады.

(Шоқан Үәлиханов)

МАЙҚЫ БИ (1105–1225)

Майқы би – орта ғасырдағы тарихтан белгілі тұлға. Сондықтан ол тек қана қазаққа емес, өзбек, қарақалпақ, т.б. түркі халықтарына да ортақ. Қай халық болса да, «Түгел сөздің түбі бір, тұп атасы – Майқы би» дегенді айтады. Өйткені ол өз заманында билердің көшбасшысы болған деп қабылданады. Аңыз бойынша, Шыңғысты хан көтеруге қатысқан атақты он екі бидің бірі болған. Тіпті, кейбір аңыздарда Шыңғысты хан көтеретін кезде онымен бір арбада отырған деп те айтылады. Шыңғыс ханның ақылшысы, өзі жорыққа аттанғанда, орнына қалдыратын биі болған, Жошы ханның Батысқа жасаған жорығы кезінде моңғол өскерінің оң қанатын басқарған.

Майқы би біздің ата-бабаларымызға кең танымал болғандықтан, қазақтардың үш жүзге бөлінген кезеңіне байланысты аңыздарға да оның есімін қосып айтқан. Сол аңыздарда Майқы би Үйсін бастаған бөлікті Ұлы жүз, Арғын бастаған бөлікті Орта жүз, Алшын бастаған бөлікті Кіші жүз деп атаған. Ол үшеуіне таңба белгілеткен. Сосын Майқы би кейінгі үрпақтар-

¹ Шешендей сөздер бойынша берілген мәтіндер мына басылымдарда ұсынылды: Қазақтың ата заңдары. – Алматы: Жеті жарғы, Т. 3–4, 2004; Адамбаев Б. Қазақ шешендері тура-лы ел аузында сақталған естеліктер. – Алматы: Білім, 2008; Төреқұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. 1, 2 кітап. – Алматы: Жалын, 1993; Билер сөзі / Жоба авторы: Н. Құдайбергенұлы. – Астана: Interactiv Kazakhstan, 2012; Әнет баба / Құраст.: Б. Сапаралы. – Алматы: Қанағат–ҚС. 1997.

га: «Хан ақылды, әділ болса, қарашасы ынтымақты, батыл болса, қара жерден су ағызып, кеме жүргізеді. Ақ білектің күшімен, ақ наизаның ұшымен қорғап, ел болуды ойландар», – деп өситет қалдырған. Осылайша қанша заман өтсе де, Майқы бидің есімі де, сөздері де мәңгілік.

«Майқы би айтыпты» дейтін мақал, нақылға айналған сөздің кейбіреулері мыналар:

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

Би екеу болса, дау төртеу болады.

Дауыл болмай жауын болмас,
Даулы болған қауым болмас.
Егіз ешкі сауын болмас,
Екі жалқау ауыл болмас.

Естіге айтқан тура сөз
Шыңға тіккен түмен тең.
Есерге айтқан тура сөз
Құмға сіңген сүмен тең.

Ақиық қыран қартайса,
Жас жағалтайдан тепкі жейді.

Парақор биге ісің түспесін,
Сараң үйге кісің түспесін.

Бұл нақыл сөздер Майқы бидің дана, ақылман болғанын танытады.
Оның сөздерінде ел арасындағы татулық, бірлік басты қагида ретінде айтылады.

ТҮЛПАРДАН ТҮЛПАР ТУАДЫ...

«Кімнен кім туады?» деген сұраққа Майқы би былай деп жауап берген екен:

Тұлпардан тұлпар туады,
Сұнқардан сұнқар туады,

Асылдан асыл туады,
Жалқаудан масыл туады,
Масылдан мал бақпас туады,
Тілазардан қылжақбас туады,
Таздан жарғақбас туады,
Сараңнан бермес туады,
Соқырдан көрмес туады,
Мылжыңнан езбе туады,
Қыдырмадан кезбе туады...



СӨЗДІК

Жағалтай – сұнқар тұқымдасына жататын жыртқыш құс.

Адам аттары:

Шыңғыс – Темучин – Онон өзені бойындағы Дәлгүүн Болдог шатқалында дүниеге келген (1155/1162), 1227 жылы тамыз айының 18 (25) күні қазіргі Қытай Халық Республикасы, Ганьсу өлкесіндегі Ся елді мекенінде қайтыс болған. Ол – Шыңғыс империясының негізін салушы хан, қолбасшы, саясаткер.

Жошы (1187–1227) – Шыңғыс ханның үлкен ұлы, Алтын Орданың негізін салушы, қазақ хандарының арғы атасы.

Әдебиет теориясы

Аңыз – халықтың жадында сактап, ауызша айтып келген тарихы, онда тарихи оқиғалар еш өзгеріске ұшырамаған, шындық сол қалпында әңгімеленген деген ой тумау керек.

Миф – дүние туралы фантастикалық түсінік, әлемде билік жүргізетін құдайлар мен рухтардың ғажайып образдарының жүйесі; құдайлар мен алыптар туралы ауызекі әңгіме. Миф тек Ежелгі Грекия мен Римге ғана емес, барлық халыққа да тән. Өйткені әр халық дүниенің жаратылсын, табигат құбылыстарын өзінше қабылдаған.

Шешендік сөз – белгілі бір мәселені шешу мақсатында тапқыр ойды көркем тілмен жеткізу және оны халық қабылдаған, ұлгілі, өнегелі сөз ретінде қабылдауы шарт.



- Шешендік өнер дегеніміз не? Қазақ шешендік өнерінің тарихына шолу жасаңдар.
- Неге шешендік сөздерді халқымыздың асыл қазынасы деп айтамыз?
- Майқы би қай ғасырда өмір сүрген? Қазақ тарихында сол кезеңде болған тарихи оқиғаларға шолу жасаңдар.
- Майқы бидің Шыңғыс ханмен қандай қатысы бар? Тарих бойынша зерттеп көріңдер. Өмір жолы туралы әңгімелендер.



- Шешендік сөздердің өзіндік ерекшеліктері қандай?
- Майқы би туындылары қандай ойға құрылған? Олардан қандай психологиялық қоюлған күйді аңғаруға болатынын анықтаңдар.
- Майқы бидің үш жүздің құрылудына қалай араласқанын баяндайтын аңыздың шындыққа қаншалықты қатысы бар екенін анықтаңдар.



- Үш жүздің шығуы туралы сендер қандай аңыз құрастырап едіңдер?
- Шешендер мен билердің тарихпен бірге байланысты болуының себебі неде деп ойлайсыңдар?
- Майқы бидің ақыл-кенестерін қазіргі замандағы адамдардың қолдануына бола ма?
- Майқы би айтқан сөздің негізінде өз пікірлерінді айтындар.

Хан қандай болса?	Не істей алады?
--------------------------	------------------------

- Қазіргі кезде бұрынғы би-шешендер сияқты сөйлеу үшін қандай қасиеттерге ие болу керек? Оны сызба түрінде көрсетіңдер.

Шешендік өнерге қажет қасиеттер		
---------------------------------	--	--



- «Майқы би айтыпты» дейтін мақалға айналған сөздердің мәнін, мағынасын ашындар, өз түсінгендерің бойынша дәлелдендер.
- «Дауыл болмай жауын болмас,
Даулы болған қауым болмас.

Егіз ешкі сауын болмас,

Екі жалқау ауыл болмас, – деген мақалдың астарына мән беріп, оның географиялық, биологиялық, психологиялық жақтарын салыстыра ашып көрсетіндер.

3. «Тұлпардан тұлпар туады...» деген сұраққа жауаптан Майқы бидің қағидасты неде екендігін ашындар. Майқы бидің жауабын сендер қалай қабылдайсындар?



1. «Майқы би айтыпты» дейтін мақалдар мен нақылдар негізінде сендер де мақалдар мен нақылдар құраңдар.
2. «Тұлпардан тұлпар туады...» деген сұраққа өз заманымызбен байланыстырып, Майқы би сияқты дәлелді жауап жазындар.



1. Хрестоматиядан Майқы бидің шешендік сөздерін оқындар. Оларда айтылған сөздердің құндылығын, қазіргі заманда шындыққа жанасынын анықтаңдар.
2. Майқы би сөздерінен қандай үлгі-өнеге алуға болатыны жайында ойланған отырып, шығарманың идеясын ғаламдық түрғыдан талдалап, әдеби эссе жазындар.
3. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген тақырыпта шағын сынни мақала жазындар.



Оқу сауаттылығы

- 1) Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

Сұрақ: Майқы би бұл сөзben нені айтқысы келді?

- a) Сандарды салыстыру үшін айтылған.
 - b) Аз бен көп сандық ұйымдар және антоним сөздерді параллель жасау арқылы өсерді күшетту үшін айтылған.
 - c) Адам саны аз болса да, ұйымшыл жеңеді, көп болғанмен, ұйымшыл болмаса, жеңіске жете алмайды дегені.
 - d) Мағынасы онша түсінікті емес.
- 2) Дауыл болмай жауын болмас,
Даулы болған қауым болмас.
Егіз ешкі сауын болмас,
Екі жалқау ауыл болмас...

Сұрақ: Даулы болған қауым қалайша қауым бола алмайды? Қауым деген сөз нені білдіреді?

- a) Қауым деген сөз алғашқы қауымдық құрылышқа байланысты, бұл ұғымның маңызы қалған жоқ.
- b) Қауым болып өмір сүру бірлесіп, ел-жүрт ретінде ұжымдасу деген сөз, сондықтан даулы болған жағдайда ол халықтың бейбіт өмір сүруі мүмкін емес дегенді айтқаны.
- c) Дау қай елде де болып тұрады, бұл сөздің қазіргі заманда маңызы жоқ.
- d) Қауым рулық дәуірмен байланысты, сондықтан қазіргі кезеңде мәні жоқ.



Ойтақы


ТАҢБАЛЫ ТАС

Майқы биге қатысты аңыздардың бірінде: «...Ол ұлысқа кірген 40 руга таңба таратып, таңбаны әр рудың ерекшелігіне қарай белгілейді. Ұлыс туын ұстаған Үйсінге «жалау», ортада жүрген Аргынға «көз», жауға алдымен шабатын Алшынға «найза» таңбасын берген. Аталмыш 40 рудың таңбасын жартасқа қашатқан. Кезінде «Майқының таңбасы» деп аталған бұл таңбалы тас кейін жер атымен «Нұра таңбасы» аталып кеткен», – деп айттылады. Бұл «Таңбалы тас» – халқымыздың тарихи ескерткіштерінің бірі. Өйткені бұл таста қазақ руларының таңбалары қашалған. Тарихшылар бұл қазақ халқының 1710 жылдың 1710 жылы ұлкен жиын жасап, бас қосқан жері деп есептейді.

Сұрақ: Қазіргі заман тарихшыларының айтқан сөздерін ескере отырып, Майқы би туралы сөздердің жанрын анықтауға бола ма? Майқы би айтқан сөздер фольклордың қай жанрына тиесілі? Ол жанрдың басты ерекшелігі неде?

Жауап нұсқалары:

- a) Миф, ол адамдардың ойынан шығарылады, оны дәлелдеу мүмкін емес.
- b) Ертегі, бұл жанр бойынша қиял қосыла береді. Өткен заманда болған-ның бәрі ертегі деп аталады.
- c) Аңыз жанры, аңыз – тарихи тұлғалар туралы айттылады, ол сөздерде шындықтың елесі ғана болады, оны тарихи құжат, деректі негіз ретінде қабылдау қыын. Сондықтан халық Майқы биді насихаттау мақсатында «Нұра таңбасын» қосып айтуды мүмкін.
- d) Хикая, бұрынғы замандағының бәрін хикая деп атайды, оны дәлелдеу мүмкін емес.



МӘҢКЕ ТІЛЕУҰЛЫ (1675–1756)

Өз заманында аса тапқыр,
ердің құнын екі ауыз сөзben
шешкен адам.

(Ахмет Байтұрсынұлы)

Мәңке Тілеуұлы – қара қылды қақ жарған өділ би, терең ойшыл, ақын, келер күнді анық болжай білген сөүегей. Оны өлемге белгілі Мишель Нострадамуспен қатар қояды. Өйткені блашаққа қатысты сөздері дәл келеді.

Ол – Кіші жұздің ханы Әбілқайыр кеңесшілерінің бірі, сондықтан оны жырау деп те таниды.

Мәңке Тілеуұлының шежіресін таратқанда, ол Едіге батырдың үрпағы деп айтылады. Сондықтан оны ертеректегі жазбаларда Ноғайлы Мәңке деп те жазған. Ал ноғай мен қазақтың бір жұрт болған кезеңі тарихтан белгілі.

Әкесі – Тілеу Айтұлы жауажүрек батыр, өз Тәуке таққа отырғанда, хан көтеруге қатысқан. Тілеу батыр соғыста шейіт болған, оның мұрдесі Түркістанда Ахмет Ясауи кесенесінде жатыр. Әкесі қайтыс болғанда, Мәңке небері 9 жаста екен.

Мәңке бидің Сырым батырға қойған астарлы сұрақтары мен оған Сырымның қайтарған жауаптары, Шеркеш Түркे би, Тана Нұркө билермен кеңесте айтқан «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» дейтін толғаулары белгілі.

Мәңке бидің көркем бейнесі Жұсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы мен «Ел қорғаны» пьесасында, Ә.Кекілбаевтың «Үркөр» романында сомдалған.

Мәңке бидің өмірі мен шығармашылығы туралы А.Жұбанов, Т.Қекішев, Қ.Сыдықұлы, Б.Омаров, Ж.Асанов, т.б. жазған. Ахмет Байтұрсынұлы «Шекті Мәңке би жеті жасында билік айтып, кісі құны дауды бітірген» деп жазған.

БАЛАНЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Бірде Тілеу сегіз жасар ұлы Мәңкені ертіп, жолға шығады. Қалың тұман түсіп, олар бағытынан адасып қалады. Қелесі күні жалғыз үй қонған жүрттың үстінен шығыпты. Сол үйдің көшкен сүрлеу ізіне түсіп, жүре беріпті. Келе жатып, бала Мәңке:

– Мына үйдің он ешкісі бар еken, бір үлкен көк серкесі бар еken, қара шолақ иті бар еken, – депті.

Кішкене жұргесін:

– Ата, мына үйдің жалғыз түйесі бар еken, оң көзі соқыр еken, – депті.

– Шырағым, осы сен не айтып келе жатырсың? – депті әкесі.

Сонда бала:

– Мына көшкен үйді айтып келе жатырмын, – деп, жауап қатады бала.

Көп ұзамай, олар көшкен үйді қуып жетіпті. Келсе, баланың айтқанындей, ол үйдің он ешкісі, бір көк серкесі, бір қара шолақ иті, оң көзі соқыр түйесі бар еken.

Тілеу сегіз жасар баласының білгірлігіне таңырқап:

– Балам, мұның бәрін қайдан білдің? – деп сұрағанда, ол былайша жауап қайтарыпты:

– Үйдің қонған жерінде ешкінің жатқан орны он еken. Қақ ортасында маңайына ешкімді жолатпай, көк серке жатыпты. Оның серке еkenін ізінен білдім. Жұннің көк еkenін орнында қалған қылшығынан білдім.

– Иттің шолақ еkenін қайдан білдің?

– Ит құмда шоңқайып отырған еken. Отырған жерінде шолақ қүйрығының ізі түсіп қалыпты және қара қылшық жатыр еken.

Әкесі:

– Түйенің оң көзі соқыр еkenін қайдан білдің? – депті.

– Жолшыбай жолдың сол жағындағы шөпті шалып жеп, оң жағындағы шөпке тимепті, сонан білдім, – деп жауап беріпті Мөңке.

МОҢКЕНИҢ АЛҒАШҚЫ БИЛІГІ

Мөңке бидің бала кезінде бір бай жоқ сұрау үшін көш алдында келе жатып, ауылдың жанында асық ойнап жатқан бір топ балаға жолығыпты. Балалардың бірі байдың атын үркітеді. Оған бай ашууланып, әлгі баланы қуалайды. Байдың мінгені асau байтал еken, баланың желбіреген көйлегінен үркіп, мөңкіді. Мөңкіп жүргенде, байдың басынан бәркі үшып түседі. Байтал одан бетер тулатп, байды жығып кетеді, бай қаза табады. Сонан кейін байдың тумалары және елінің игі жақсылары жиналышп келіп, балалардың елінен құн сұрайды. Екі ел келісе алмай, кеңес бірнеше құнге созылады. Мөңке сол ауылдың баласы еken, жиналған көпке келіп, Мөңке бала былай депті:

«Иә, ағалар-білер, сіздер бұл кеңесті тым ұзакқа создыңыздар ғой және бір шешімге келе алмадыңыздар. Осының билігін маган берсеңіздер, мен тез бітірер едім», – депті.

Көпшілік баланың ықыласына риза болып, бірауыздан: «Билікті бердік, ал, айта ғой», – десіпті. Сонда Мөңке бала былай депті:

– Бұл шалдың өліміне кінәлі ел емес, тентек. Ал, мұнда тентек – төртеу. Меніңше, сол төрт тентек құнды бөліп төлейтін болсын және ердің құны жүз жылқы болсын, – депті. Сонда Мөңке бала:

– Бірінші, мың жылқыдан бір жуас ат таба алмағандай, асау байталға мінген және елде адам құрығандай, асық ойнаған балалардан жөн сұраған бай тентек; екінші, адам көрмей жүргендей, баладан үркіп, тулаап, байды жығып өлтірген байтал тентек; үшінші, ұшып түскен бөрік тентек; төртінші, байталды үркіткен бала тентек. Мінеки, осы төртеу құнды бөліп төлейтін болсын, – депті. Осы билікке екі жағы да разы болып, балалардың ауылы құнның төрт бөлігінің бірі – жиырма бес жылқы төлең, құтылыпты. Мөңке баланың би болуына осы билік басты себеп болыпты.



Артық болашақтың ғалығы

Нострадамус Мишель Нотрдам (14.12.1503, Сен-Реми, Франция – 17.7.1566, Марсель маңы) – француз дәрігері және астролог. Ол медициналық тәжірибелі магия, астрология және басқа да ғылымдарды зерттеумен ұштастырып, болмыс құпиясын танып-білуғе тырысты. 1550 жылдан ай сайынғы болжаулар альманахын шығара бастады. Оның баласы Цезарь Нострадамусқа және Франция королі II Генрихке арналған екі жолдауы проза түрінде жазылған және, шамамен, 970 өлең жолынан тұратын «Центурия» атты шығармасы XVI ғасырдан бастап адамзатты болашақта күтіп тұрған оқиғалар мен құбылыстарды болжауға арналған. Оның болжамының көбі дәл шыққан.

МӨҢКЕ БИ СУРЕТШІ КӨЗІМЕН (суретші Сагынтай Әлімбетовпен сұхбаттан үзінді)¹

– ...Мөңке би XVII–XVIII ғасырларда өмір сүрген. О заманда фотосурет деген атымен болмаған. Бұл портрет қалай дүниеге келді?

– Жалпы, бейнені шығару үшін образға кіруің керек. Сонау ғасырлар қойнауына шолу жасап, кейіпкердің ісіне, тарихтағы ор-

¹ Сұхбатасқан Бердібай Кемал / Шекті Мөңке би Тілеуұлы. Құраст.: К.Төлеубайұлы. – Ақтөбе, 2008. 85–87-беттер.

нына, қалдырган мұрасына, сөзіне үңіліп, оның мінез-құлқын, азаттық, парасаттылық деңгейін шамалайсың. Сол дәуірдегі тарихи, өлеуметтік жағдайлар, кейіпкер өмір сүрген орта, тіпті, өмір сүрген жерінің табиғаты – бәрі-бәрі ескерілуі тиіс. Айта берсең, себепші фактор көп. Сондай-ақ үрпақтарының сипаттамаларына да құлақ түрген жөн. Осылардың бәрін жинақтап келгенде, портрет туындаиды...

Мөңкенің жанарын салғанда, мен оның философиясына, ғұламалығына терең мән бердім... ол – ойшыл ғана емес, өр, қайсар, батыр адам. Оның үстіне Мөңке – батырдың баласы. Әкесі Тілеу – Сайрам соғысында қол бастаған батыр. Көзін, қас-қабағын бейнелегенде, осы жайттарды ескердім. Көз жанарында ойшылдық та бар, батырлық та бар. Мұрын, жақ-сүйек пішінін үрпақтарының айтуымен келтірдім.



1. Мөңке бидің өмір жолымен танысындар.
2. Мөңке биді Нострадамуспен қатар қоюның себебі неде?



1. Мөңке бидің өмір жолы қазақ тарихымен, қазақ хандығымен тікелей байланысты болу себебі неде деп ойлайсындар?
2. «Баланың тапқырлығы», «Мөңкенің алғашқы билігі» шешендік сөздерінен баланың қасиеттерін тауып, сызбаны толтырындар.

Шешендігі	Тапқырлығы	Ақылдылығы



1. Хрестоматиядан Мөңке бидің шешендік сөздерін оқып, алған өсерлерінді баяндаңдар.
2. «Баланың тапқырлығы» өңгімесіндегі Мөңкенің қандай қасиеті ұнғанын айттындар.
3. «Мөңкенің алғашқы билігі» өңгімесіндегі бала Мөңкенің іс-әрекетін қалай бағалайсындар?



1. Бала Мөңке шалдың өліміне төрт тентекті кінәлі санады. Сендер қалай ойлайсыңдар? Мөңкенің шешіміне мән бере отырып, өз көзқарастарыңды білдіріңдер.
2. Мөңке бидің болжамдары қаншалықты шындыққа жанасады, топ болып талқыланадар.
3. «Баланың тапқырлығы» өнгімесіндегі Мөңке бала тапқыр ма, әлде байқампаз ба?



1. Мөңке бидің болжамы негізінде болашаққа қандай болжам жасар едіңдер? Мөңке бидің болжамдарын заманауи түргыда салыстырып, жаңашылдығына баға беріңдер.
2. Бала Мөңкенің билігі дұрыс па? Сендер қандай шешім айттар едіңдер?
3. Мөңке бидің «Ақырзаман болғанда» сөзін Майқы бидің «Өлі заман өзгерер» шешенендік сөзімен салыстырып, болжамдарың құндылығына, билердің көрегенділігін салыстырып, баға беріңдер.

Құндылығы	Ерекшелігі	Көрегенділігі
<ul style="list-style-type: none">• _____• _____• _____• _____	<ul style="list-style-type: none">• _____• _____• _____• _____	<ul style="list-style-type: none">• _____• _____• _____• _____



1. Мөңке бидің болжамы қаншалықты құнды? Бүгінде осылай айтатын шешендер бар ма? Мөңке бидің болжамдарының идеясын ғаламдық түргыдан салыстыра талдап, әдеби эссе жазыңдар.
2. «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген халық мақалы бала Мөңкеге сәйкес келе ме? Ой-пікірлерінді білдіріп, пікірталас үйімдастырыңдар.
3. Мөңке бидің болжамдарын қазақ әдебиеті және әлем әдебиетіндегі үлгілермен салыстыра талдап, «Қазіргі заман сипаты» немесе «Келер заман келбеті» деген тақырыпта сын мақала жазыңдар.



Оқу сауаттылығы

1) Бірде Тілеу сегіз жасар ұлы Мөңкені ертіп, жолға шығады. Қалың тұман түсіп, олар бағытынан адасып қалады. Қелесі күні жалғыз үй қонған жүрттың үстінен шығыпты. Сол үйдің көшкен сүрлеу ізіне түсіп, жүре беріпті.

Сұрақ: «Жалғыз үй қонған жүрттың үстінен шығыпты» деген қолданыстағы жүрт сөзі нені білдіреді?

- a) Ел, халық отырган мекен
- b) Бір ғана отбасы отырган үй
- c) Көшіп кеткен ауылдың, үйдің орны
- d) Адамдар отырган жер

2) Жолшыбай жолдың сол жағындағы шөпті шалып жеп, он жағындағы шөпке тимепті, сонан білдім, – деп жауап беріпті Мөңке.

Сұрақ: Жолшыбай сөзі нені білдіреді?

- a) Вір жердің аты
- b) Жүріп келе жату, жол үстінде
- c) Жолдың үстінде тұру
- d) Жол-жөнекей, яғни жүріп келе жатқанды айтқаны



Артық болмас білгенің

ДАЛАНЫҢ ДАРҚАН ДАНАСЫ

Ақтөбеде асқан ойшыл бабамыз Мөңке бидің ескерткіші ашылды.

Ақтөбенің орталық бөлігіндегі Әбілқайыр хан даңғылы мен 101-атқыштар бригадасы атындағы көшениң қиылысындағы гүлзарда дұлығалы дала кемен-гері, асқан ойшыл әрі сәүегей Мөңке би Тілеуұлының ескерткіші салтанатты жағдайда ашылды.

(Әмір Оралбай. «Егемен Қазақстан» газеті, 2003 жыл, 7 қазан)

ӘНЕТ БАБА (1628–1723)

Әнет баба – Орта жүздің биі, ол өз Тәуkenің хандық құрған кезінде «Жеті жарғыны» жасауға атсалысқан. Қаз дауысты Қазыбек Әнет бабаның қасында бір жыл көрші отырып, тәrbие алған. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде босқан елге ере алмай, Қаратаудың басында інісі Көкшемен бірге қалып қойған. Әнет бабаның бес ұлы 1723 жылы жоңғарларға қарсы соғыста шейіт болған. Тек оның Байболат деген баласынан Балуан, Бақай деген екі ұл аман қалып, кейін бір рулы елге айналған. Орта жүздегі Тобықты руында Әнет деп аталатын ру осылайша сақталған. Әнет руы Абай Құнанбайұлының бабасы Үрғызбаймен іргелес отырған.

Абай Құнанбайұлының өлеңдерін, қарасөздерін көшіруші Мұрсейіт Бікеұлы – Әнет бабаның үрпағы.

Қазақтың көрнекті жазушысы Мұхтар Өуезов Әнет бабаға қатысты оқиғаларды «Еңлік – Кебек» пьесасы мен «Абай жолы» эпопеясының «Бел-бесте» деп аталатын тарауында пайдаланған. Бұл Әнет баба есімінің халық үшін құрметті болуымен байланысты. Әйтсе де, Әнет баба – тек Тобықты руына ғана емес, бүкіл қазаққа қадірлі тұлға. Ол Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге, Бұқар жырауга бата берген деп те айтылады.

НЕ АРСЫЗ, НЕ ФАЙЫП, НЕ ДАУСЫЗ?

Әнет бабадан тағы бірде Құлтөбеге жиналған ел:

– Баба, дүниеде не арсыз, не ғайып, не даусыз, не қадірсіз, не тәтті, не күшті, не жаман? – деп, жеті сұрақ қойыпты.

Сонда баба үш-үштен жұптап былай деп жауап беріпті:

– Үш арсыз бар. Олар мыналар:

Үйқы арсыз,

Тамақ арсыз,

Құлкі арсыз.

– Үш ғайып бар. Олар мыналар:

Ажал ғайып,

Қонақ ғайып,

Несібе ғайып.

- Үш даусыз бар. Олар мыналар:
Мінез даусыз,
Көрілік даусыз,
Ажал даусыз...
- Үш қадірсіз бар. Олар мыналар:
Жігіттік қадірсіз,
Денсаулық қадірсіз,
Әйел қадірсіз.
- «Қадірсіз» дегені – адам баласы жас уағында осы үш асыл нәрсенің қадірін білмейді, ес тоқтата келе, опынады дегенді айтқаны екен.
- Үш тәтті бар. Олар мыналар:
Жан тәтті,
Мал тәтті,
Жар тәтті.
- Үш күшті бар. Олар мыналар:
Ақыл күшті,
Жүрек күшті,
Тіл күшті.
- Үш жаман бар. Олар мыналар:
Нақақ қан төгү,
Кісі малын нақақ алу,
Ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу.



Артық болмас білгенің

Тәүке хан – үш жүзге билігі жүрген қазақтың ұлы ханы, Жәңгір ханның ұлы. Ол хандық құрған жылдар «алтын ғасыр» деп есептеледі.

«Жеті жарғы» – Тәүке хан (1678–1718 жылдар) тұсында қабылдаған қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып зандарының жинағы. XVII ғасырдағы кейір хан, сұлтандардың өз иеліктеріндегі ұлыстарды жеке-дара билеуге ұмтылуышылығы Қазақ хандығының ыдырау қаупін тудыруына байланысты Тәүке хан елдің ауызбірлігін арттыратын шаралар қарастырып, хандық билікті нығайтуға күш салды. Қазақ қоғамында мықты билік пен бірлікті қамтамасыз ету үшін жаңа хандар жүйесі қажет болды. Сондықтан Тәүке хан үш жүздің иті жақсыларын жинап, Құлтөбенің басында «Жеті жарғы» деген атауға ие болған занда дайындаатты.



1. Өнет баба туралы не білесіндер? Ол қандай билігімен ерекшеленеді?
Топтастырыңдар.



1. «Не арсыз, не ғайып, не даусыз?» шешендік сөздегі автор мен шешендік үғымдардың қарым-қатынасы жайлы ой бөлісіп, сызбаны толтырыңдар.

Автор бейнесі	Әсер ететін сөз	Осыған байланысты өзінде туған ой

2. Өнет бабаның «Үш жаман» деп айтқан сөздерін үш топқа бөлініп, мағынасын түсіндіріңдер.
3. «Не жаман?» деген сұраққа қандай жауап берер едіндер? Өз пікірлерінді дәлелдендер.



1. «Не арсыз, не ғайып, не даусыз?» деген сұрақтардың жауаптарындағы шешендік танымға назар аударыңдар.



1. Үш, төрт, бес, жеті, т.б. сандар қатысатын шешендік сөздерді тауып, талқыландар.

Үш	: _____ _____ _____
Бес	: _____ _____ _____
Төрт	: _____ _____ _____
Жеті	: _____ _____ _____

2. «Не арсыз, не ғайып, не даусыз?» дегенге сендер нені қосар едіндер?

3. Үйқы, күлкі, тамақтың арсыз болу себебі неде? Кестені толтырындар.

Үш арсыз		
Үйқы	Күлкі	Тамақ



1. Майқы би, Мөңке би, Өнет бабалардың іс-әрекеттері мен нақыл сөздерін салыстырып, мінездеме беріндер.

	Майқы би	Мөңке би	Өнет баба
Іс-әрекеттері			
Ақыл-кеңестері			



1. Өнет баба «Үш арсыз, үш ғайып, үш даусыз, үш қадірсіз, үш тәтті, үш күшті, үш жаман» деп, барлығын үшеуден бағалады, «үш» деген санның қаншалықты қасиеті бар және осы сан қатысқан тағы қандай сөздерді білесіндер?
2. Үш санынан келетін жеті жауаппен келісесіндер ме? Өздерің бұдан басқа қандай жауап қосар едіндер?
3. Өнет бабаның сөздерін қазақ әдебиетіндегі басқа да үлгілермен салыстырып, шағын сын мақала жазындар.



Оқу сауаттылығы

– Үш арсыз бар. Олар мыналар:

Үйқы арсыз,
Тамақ арсыз,
Күлкі арсыз.

Сұрақ: Өнет баба неге бұлай айтты?

- a) Кейбір адамдарға қатысты айтқаны болу керек.
- b) Үйқы, тамақ, күлкі – үшеуі де адамға қажет деп ойлаймын.
- c) Бұл аталған үш нөрсе шамадан тыс артық болғанда, адамға абырой бермейді. Өйткені көп үйықтайтын, қомағай және орынсыз күлетін адам өз ортасында абыройлы болмайды, өмірде еш нәтижеге қол жеткізе алмайды.
- d) Үйқы, тамақ, күлкі деп, әдейі үшеуін бірге айтқан.



Барша қазақ баласы аттарын ардақтап, айтқандарын жаттаған осы үш бабамыздың ел алдындағы еңбегіне, халық қамын жеген қасиетті ісіне сөз жеткізіп баға беру қыны-ақ. Халық болып сақталғанымыз, міне, бүгін егемен ел атандып, тәуелсіздік туын тігіп отырғанымыз, тіпті, басқасын былай қойғанда, ата-баба жерінде басымыз аман, бауырымыз бүтін жүріп жатқанымыз үшін бүгінгі үрпақ осы атalarымыздың аруағы алдында бас иеді.

(1993 жылы 28 мамырда Ордабасыда
XVIII ғасырдың әйгілі мемлекет қайраткерлері,
қазақ халқының үш ұлы перзенті
Төле биді, Қазыбек биді және Әйтке биді еске түсіруге
арналып өткізілген той салтанатында сөйлеген
ҚР Тұнғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөзінен үзінді)



ТӨЛЕ БИ
(1663–1756)

Заманында кім жеткен,
Бұлбұлдай шешен Төлеге.
Айтқан сөзі үлгілі,
Жалпыға болған өнеге.

Тілеміш Есболов
(«Өтеген батыр» дастанынан)

Төле Әлібекұлы – қазақ халқының бірлігін нығайтуға зор үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері, Ұлы жүздің төбе биі. Халық арасында «Қарлығаш би», «Қарлығаш әулие» атанған. Ол қазіргі Жамбыл облысы Шу өңіріндегі Жайсаң жайлауында дүниеге келген.

Төле Әлібекұлы он бес жасында-ақ билік етіп, кесім айтқан. Ол туралы халық аңызы: «Төле бидің шешесі қайтыс болып, жыл толған соң, әкесі Әлібек бейбішесіне ас береді, үш жүздің баласына үш жұз үй тігеді, әр үйге құтуші тағайындаиды. Әлібек баласын шақырып алып:

– Төле қарагым, ортадағы үлкен ақ боз үйдегі кісілердің қолына су күй, – деп тапсырады. Бірақ жас бала жүрексініп, сескене табалдырық аттайды. Ол Мамай бидің алдына келгенде, сүрініп кетеді. Баланы сынап көргісі келген Мамай би:

– Е, балам, олжана ортақпыз, асса өкең Әлібекке де қалдырып қой, – депті. Төле сөлден кейін үйге қайта кіріп:

– Дат, тақсыр, – депті.

– Балам, құлағымыз сенде, – дейді Мамай би.

Сонда бала Төле:

Таңның таң екенін кім білер,
Сарғайып барып атпаса.
Күннің күн екенін кім білер,
Қызырып барып батпаса,
Орданың орда екенін кім білер,
Мен сияқты қызметші бала
Сүрініп құлап жатпаса.
Иттің ит екенін кім білер,

Жығылып жатқан баланың
Тақымынан алып қаппаса.
Бұл сөзім сізге жеткен шығар,
Сүйегіңізден өткен шығар.
Аса қадірлі болсаңыз да,
Қадіріңіз кеткен шығар.
Сұраған сөз шекер ме,
Би олжасыз кетер ме?!

Осы сөзім сізге олжа,
Түсінсеңіз жетер де.

Осы оқиғадан кейін Мамай би:

- Е, халайық, жаңағы бала кім еді? – деп сұрайды.
- Өлібек бидің баласы – Төле, – дейді жүрт.
- Бугіннен бастап билікті сол балаға бердім, ендігі билеріңіз Төле болады, – депті Мамай би.

Төле бидің билікке араласа бастаған кезінде қазақ пен жонғар хандықтары ұдайы жауласып жатқан соғыс кезі болатын. Төле Өлібекұлы Ұлы жүз халқын басқыншыларға қарсы куреске жұмылдыра білді. Осы кезде ол:

Қабырғадан қар жауса,
Атан менен нарға күш.
Ел шетіне жау келсе,
Батыр менен биге күш, –

деген екен, бұл оның халық алдындағы жауапкершілікті сезіне білгенін айғақтайты.

Орыс тарихшысы А.Левшин Жолбарыс хан өлген соң, Төле Өлібекұлы алты жыл Ташкентті билеген деп жазған. Ал Қазанғап Байболұлы деген ақын атақты бидің 1718 жылы Ташкенттің түбінен жеті арық қаздырып, егін салдырғанын жазған.

Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билермен бірге Тәуkenі хан сайлауға, үш жүзді үйістірып, бірегей Қазақ хандығын нығайтуға, жонғар шапқыншылығына қарсы бауырлас қазақ, қарақалпақ, өзбек халықтарының жауынгерлік одағын құруға бағытталған шараларды жүзеге асыруға қатысқан.

Тәуке хан Төле биді Ұлы жүздің бас би етіп сайлаған. Төле би «Жеті жарғының» қабылдануына атсалысқан.

Төле би есімі Абылай ханға қатысты да айтылады. Сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдайлардың салдарынан, Түркістандағы хан отбасыларының

арасында талас-тартыс басталады, кейбірі қашып, басқа жақтарға кетуге мәжбүр болады. Осындаï қын кезде болашақ қазақ ханы –Абылай Төле биді паналаған. Бұл жағдай «Абылай» атты тарихи жырларда, ақындардың басқа да шығармаларында айтылады.

Ал 1742 жылы Абылай хан тұтқылдан шабуыл жасаған жоңғарлардың қолына түсіп қалғанда, оны тұтқыннан босату үшін Төле би белсенділік танытқан.

Төле би Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыруға күш салған.

Ел арасында Төле би айтты деген көптеген аңыздар айтылған. Соның бірі – Төле бидің Қарлығаш би атануы. Бұл аңыз бойынша, Төле бидің қоғамдық қызыметі, өсіреке 1723 жылы жоңғар-қалмақ шапқыншылығынан кейін айқынырақ көзге түседі. Хандыққа, билікке таласқан елдің берекесі кетіп жатқанда, Ұлы жүзді бастаған Төле би қонысынан аумай, елін, туған жерін бүліншіліктен сақтап қалған. Құші басым жауға, халық қанын босқа төктірмей, өзінше өдіс-айла қолданған. Жоңғар-қалмақ шапқыншылығынан ел болып қашып көшкенде, жүртта қалыпты-мыс. Қалмақтың әскербасы бұған таңданып, себебін сұраганда, Төле би:

– Биыл шаңырағыма бір қарлығаш ұя салып еді. Бұл бүкіл дүниежүзілік өлімге душар еткен топан сұы басқанда, адамның және барлық жан-жануарлардың тұқымын алып қалған Нұқ пайғамбар кемесін суға батырудан сақтап қалған, жыланға адам баласының жем болу қаупі туғанда, содан адам затты қорғаган жан еді. Мен өз болашағымды қорғап, сөйткен құстың үясын бұзып, балапандарын қырып кете алмадым! – депті. Мұны естіген қалмақ қонтайшысы «Бұл өулие екен», – деп, оның өзіне де, маңайындағы еліне де тимепті-міс. Содан бері Төле би «Қарлығаш би» атаныпты.

Халық Төле биді қадір тұтып, оның айтқан шешендік сөздерін, нақылдарын бүгінгі күнге жеткізген. Аңыздар тудырған.

Төле би Ташкенттегі Шайқантәуір зиратына жерленген.

ЕРДІҢ БАҚЫТЫ – ӘЙЕЛ

Төле би:

– «Асыл пышақ қап түбінде жатпайды» деген. Әйелі ақылды болса, ерідана болады. Ердің бақыты – әйел. Ел сыйлайтын ерді ақылдылықпен адам етіп тәрбиелейтін – әйел, кең жайылған дастарқанымен ердің атын шығаратын да – әйел. Ырыс та, бақыт та, қызыыр да – әйелде. Әйел қызырлы болса, үйінен жақсы адам кетпейді. Жақсы әйелдің арқасында ердің

елге даңқы кетеді. «Би бол, би болмасаң, би түсетін үй бол». Өйелі жақсы болмай, ер оңбайды. Ердің бақытын кетіретін де – әйел, ерге бақыт өпепетін де – әйел, – депті.

* * *

Төле би өз баласына әйелді өзі таңдаған. Бір жылы Төле ел арасындағы дауды шешу үшін шалғайға жол жүреді. Бір жерге келгенде, алдарынан бір топ атты қыз көрінеді. Қыз:

– Тоқтайық, ер-азаматтардың жолын кеспейік, – дейді.

Оны байқаған Төле би қасындағы жолдастарына:

– Ана ізетті балаларды шақырып келші, – деп жібереді. Жолаушыларға жақындай бере, бәрі аттарынан түсіп, жаяу жүреді. Төле бидің қасына жақындай, тізе бүгіп, сөлем береді. Жігіттер бас иіп амандасады.

– Қарақтарым, қай ауылдың баласысындар? Әлдеқашан өтіп кететін уақыттарың болып еді, бізді неге тостындар?

– Алыс жолдан аталарымыз бер ағаларымыз келе жатыр екен. Алдынан кесіп өтіп, жолын шаңдатпайық. Арагарында қол бастаған батырлар, сөз ұстаған шешендер бар шығар. Елдің қамын жеген, жердің шебін қорғаған ерлер ғой. Тойға жорға мінгеніміз, үстіге торқа кигеніміз – осы кіслердің арқасы. Аз тоқтап, ілтипат етсек, ауылымызға азар болса, бір шай қайнатым кеш жетерміз, бірақ аталарымыз бер ағаларымыздың көңілін көркей-терміз деп едік.

Төле би:

– Ал, шырағым, жаяу – шабан, жолаушыларды жолынан бөгейміз-аудемедіңіздер ме, балам?

Қыз:

– Жоқ, ата! Қошеметімізді көріп, қуансын, жолдан шаршап келе жатқанда, біраз демалсын дедім.

Төле би:

– Бәрекелді, көп жаса, айналайын! Атың кім?

– Атым – Данагұл, ата!

– Өкеңнің аты кім?

– Өкемнің аты – Алакөз.

– Көп жасаңдар, өркендерің өссін, шырақтарым! – деп, Төле би батасын береді де, жүріп кетеді. Қыздардан ұзап кете, Төле би бүйрық береді.

– Тартындар жаңағы қыздың ауылына, – деген екен.



1. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің өмір жолдары туралы не білесіндер?
2. Жас Төле бидің Мамай би алдындағы іс-әрекетін қалай түсінесіндер?
3. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би туралы аңыз-әңгімелерді оқындар.
4. Төле бидің мемлекеттік деңгейдегі істері туралы айтындар.



1. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің шыншылдығын, өділдігін айтқан сөздері арқылы дәлелдендер.
2. Төле бидің Төуке хан мен Абылай ханга қандай қатысы бар?



1. «Тегімді менің сұрасаң» толғауынан Төле бидің қандай адам болғандығын байқадындар?
2. Қазақ халқы үш биді – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биді – неге қатар атайды?
3. Төле бидің баласына әйелді өзі таңдал өперуінің себебі неде? Осы таңдауға өз көзқарастарынды білдіріндер.
4. «Ер бақыты – әйел» деген өнгіменден қазақтың қандай салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын көрдіндер? Дәлелдендер. Бұл өнгімде махабbat мәселесі сөз бола ма?



1. Төле бидің өмірінің соңында айтқан өсиетінен қандай ой түйдіндер?
2. «Әйел ақылды болса, ері дана болады... Ырыс та, бақыт та, қызыр да – әйелде, т.б.» деген сөздердің мағынасын анықтаңдар, өз көзқарастарынды диаграммаға жазындар.

Ырыс

Бақыт

Қызыр

3. Данагүлдің даналығы суреттелетін үзінділерді тауып оқып, оған мінездеме беріп, бейнесін топтастырындар. Шығарма идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтаңдар.





1. «Ата тұрып, бала сөйлегеннен без, Ана тұрып, қыз сөйлегеннен без» деген мақалдың шешендікке қандай қатысы бар?



1. Халық неліктен «Қазақтың ұлы үш би» деп баға бергендігі туралы пікір алмасындар.
2. Қазақ әдебиетінде және әлем әдебиетінде Данагұл секілді қыздардың бейнесі жасалған шығармаларды оқып, қазіргі кездегі қыздардың сипатымен салыстырып, жаңашылдығына баға беріндер.
3. Төле бидің «Қарлығаш би» деп аталатын қасиеттерін талдай отырып, «Аталы сөз – баталы сөз» деген тақырыпта әдеби эссе жазындар.
4. Төле бидің «Би бол, би болмасаң, би түсетін үй бол» деген пікірін қалай түсінесіндер? Қазіргі таңдағы сот, билік өкілдерімен салыстыра талдалап, сын мақала жазындар.



Оқу сауаттылығы

Төле би: «Ердің бақыты – әйел» деп айтқан сөзінде «Асыл пышақ қап түбінде жатпайды», – деген.

Сұрақ: «Асыл пышақ қап түбінде жатпайды» деген мақал қандай мағынада айтылған?

- a) Жақсы нәрсе өз орнын табады.
- b) Жақсы нәрсені жасырып ұсташа мүмкін емес.
- c) Пышақ өткір нәрсе, сондықтан ол бәрін жарып шығады.
- d) Сапалы нәрсе өз бағасын алады.

ӘЙТЕКЕ БИ (1644–1700)

Әйтеке бидің шын аты – Айтық. Ол – қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан үш бидің бірі. Оның арғы ата-бабалары атақты болған. Әйтеке би – Өмір Темірдің бас кеңесшісі болған Ораз қажының бесінші үрпағы, бүкіл парсы, өзбек, қырғыз, қазақ өулие тұтқан Сейітқұл бабаның үшінші үрпағы. Атасы Қоқанға хан болған. Самарқандың өмірі болған Жалаңтөс баһадүрдің немерелес туысы. Шешендік қасиеті – өз әкесі Байбектен және туысы Қосуақ бидің ықпалы болған. Алайда оны жеті жасынан бастап

атасы Ақша хан мен Жалаңтөс баһадүр өз тәрбиесіне алған. Әйтеке өуелі Самарқандагы Ұлықбек медресесінде, кейін Жалаңтөс баһадүр салдырган «Тіллө-қарі», «Шердор» медреселерінде оқыған. Ол аспан әлемі, құқық, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгерген.

Әйтеке би Тәуке хан заманында жазылған «Жеті жарғыны» жасауға қатысқан. Ол қара қылды қақ жарған шешен болған және жоңғарларға қарсы құресте қол бастаған батыр болған.

Әйтеке Байбекұлы соғыста жүріп-ақ, өзінің ақылдылығымен жауды тоқтата білген. Мұның бір дәлелі: 1683 жылы жонғарлармен соғыс кезінде Әйтеке би жоңғар ханы Қалдан-Бошактымен жекпе-жекке шығып, оны сөзбен тоқтатқан. Ол кезде екі жақ бірден майданға шықпайды екен, өуелі екі жақтан бір-бір адамнан жекпе-жекке адам шығады, оны соғыс тілінде «алғадай» деп атайды. Алғадайға шыққан адамның жеңісі не жеңілісі оның әскерлеріне әсер етеді. Міне, осындай алғадайға шыққан кезде Әйтеке би жоңғар ханына қылыш сілтемей-ақ, өзінің сыншылдығымен, ақылдылығымен оның қылышын төмен түсірткен, яғни жоңғар ханы айтарға сөз таппай, тосылып, жеңілген екен дегенді жеткізген аңыз бар. Алғашында өзінің хан екенін айтып, астамшылық жасаған Қалдан-Бошакты:

– Ажалаңца асықпа! Біз екеуміз өуелі сөзбен сынасып көрелік. Әйтпесе, қазір қаның суша шашылған кезде сенің шешендік, сыншылық өнеріңді көре алмай қалармын, – деп, «Мен қанша атамнан бері ханмын, соны айт», – дейді. Сонда Әйтеке би:

– Сенің қара басың ғана хан. Арғы аталарың тексіз құл, – деген.
– Оны немен дәлелдейсің?
– Жаңа жекпе-жекке шығып келе жатып, арт жағыңа үш қайыра жалтақтадың. Текті хан сен секілді жан-жағына жалтақтамас болар!

– Бұл сөзің дәлел емес. Қазымырдың қызыл сөзі, – дейді. Бірақ Әйтеке оның тегі туралы сыйбыстың қалмақ арасында ғана емес, қазаққа да белгілі екенін айтады. Сонда Қалдан-Бошакты:

– Енді сен мына менің астымдағы атыма сын айт! – дейді.
– Атың жүйрік, ойға-қырға бірдей. Құні-тұні жортсаң, бүйір қақпайтын мықты. Бірақ, бәрібір, таза қанды арғымақ емес. Есекке шатысы бар.



- Дәлелде!
 - Таза қанды арғымақ қоныраудай күнгірлеп кісінер болар. Ал сенің атың жаңа ішін тартып, үсті-үстіне азынады. Бүйтіп есек қана қышқырады.
- Қалдан-Бошақтының астындағы аты өу баста, шынында, арғымақ тұқымы екені рас-ты. Бірақ мықтты болады деп, құлын күнінде есекке телігені де рас-ты.

Қалдан-Бошақты қан жұтқандай болып, тас мүсінге айналғандай сілей-ген күйі қолынан найзасы төмен түсе беріпті. Ханның қарадай масқара болғанын көрген мыңбасының бірі «Қаула! Қаула!» – деп әмір береді де, қалмақтар лап қойып, жан алыш, жан беріскең қан майдан басталып кетеді.

Бірінші күні күші басым жауга Әйтеке қолы төтеп беріп бағады.

Екінші күннің өздеріне ауыр согарын білген бір қазақ сарбазы кешке таман өтірік аттан ауып қалғансып, жау қолына түседі. Қалдан-Бошақтының алдына барғанда ол «Әйтекеге Самарқаннан, Бұхара, Керминеден (қазіргі Науай қаласы) қарулы көмек келе жатыр, алды таң алдында жетеді» деген өтірік мәлімет береді. Бұған иланған және Самарқан мен Бұхарадан ылғи мылтықты жасақ келетінін білетін Қалдан-Бошақты «Жаман хабар жеткізгені үшін» әлгі сарбазды қазыққа отырғызып өлтіреді де, таң алдында өскерінің басын негізгі күш жатқан Сайрам жаққа бұрады. Оларға қуа жүріп, соққы беруге күші аз қазақ жасағының қауқары жетпейді.

Бұдан кейін алты ай шамасы өткенде, Сайрамды құл-талқан етіп басып алғаны, үш жүздің игі жақсылары жыл сайын бас қосып, кеңесіп жүрген осы аймақтағы Мәртебеде жиынның болмай қалатыны тарихтан мәлім жағдай.

Кейін бел шешіп, тыныс алған сәтте бір сардар Әйтекеге реніш білдіреді:

– Найзасын төмен түсірген сәтте қалмақ ханын неге шауып тастамадыңыз! Ханы өлген қалмақ одан әрі бізben соғысып жарытпас еді...

– Ол – хан. Мен – қарамын. Сөйте тұра, сөзім сүйегінен өткен кезде хан екенмін демеді, жау екенмін демеді. Уәжге бөгеліп, қаруын төмен түсірді. Қару безенбегенді өлтіре салу – қарашы мен тексіздің ісі.

– Иілген басты қылыш кеспейді. Мениң сол жерде қалмақ ханына қару көтергенім – қазақ деген халқымның беделіне қарсы қару көтергенім емес пе?! Одан кейінгі менің билік сөзіме жау түгіл, қазақ та сенбес еді. Одан кейінгі менің сөзіме жат түгіл, жақынным да көнбес еді, – дейді Әйтеке.

Сонда әлгі сардар қарсы дау айтып бағады. Оған ренжіген Әйтеке:

– Ақылды жау сені көкке көтерер, ақымақ дос сені көрге итерер,

Ақылды қасынан қорықпа, ақымақ досынан қорық деген осындайдан шыққан екен-аяу! – деп, бұрылсып жүре беріпті¹.

¹ Әйтеке би. – Алматы: Атамұра, 1998. 178–181-беттер.

Осылайша атақты билердің еліміздегі бейбітшілікті қалағанын, ақылмен жауды да тоқтатқанын шешендік сөздер жеткізеді.

Ал ұрпақтары бүгінде Ақтөбе, Қызылорда облыстарында, кейбірі Өзбекстан Республикасының Науан облысындағы Нұрата ауданында тұрады.

ҚАСҚАҚӨЛ ДАУЫ

Төле би, Әйтеке би, Орта жұз Ормамбет би үшеуі Қасқакөл деген көлге талас, даулы болады. Төле мен Әйтеке жастары шамалас, ал Ормамбеттің жасы кіші еken. Екі қарт бірыңғай болады да, сөлем хат жазады.

Ormambet хатқа жауап қайырады. Халық жиналып, бір олай, бір былай сөйлесіп, ақырында, үй тігіп, сөйлесуге келіседі: «Қасқакөл туралы Айқын көлге үй тігейік» десіп, екі ел жиырма үй тігеді. Ормамбет келіп, Төле мен Әйтекеге сәлемдеседі. Сонда Төле:

– Ай, Ормамбет! Мен әлі тірімін, өлгем жок, бұдан бұрын неше сөлем айтсам да, келген жоқсың, ер кетер, жер жетер. Ешкімге опа қылмас дүние бок! Ей, Ормамбет, сен бізден кіші боласың, біз барып қайттық, сен ілгері баrasың, біз енді көп жүрмеспіз, көмілерміз, сен жас едің, көңілдегінді аларсың! – дейді.

Әйтеке де Төленің сөзін қостап:

– Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін, батыр болсан, дүшпанға найзаң тисін. Бай болып, пайдаң тимесе, батыр болып, найзаң тимесе, жұрттан ала бөтен үйің күйсін деген, бізге кейінгілер осыны айта ма деп ойлаймын, – дейді. Сонда Ормамбет:

– Екі би, айтқан сөзің жарасады, еншіге өркімдер-ақ таласады, бұл Қасқакөл Орта жүздің көлі еді, айтқандарың қиянатқа жанасады. Қанағатсыз билерді қабан деген, қамшылатқан жүйрікті шабан деген, біреудің ақысына зорлық қылса, ақыретте мұндаі істер жаман деген, – дейді.

– Ей, Ормамбет, сен бізге Қасқакөлді бер, Қасқакөл, рас, сізге жақын. – Бардан пайда, жоқтан залал деген, не берсе, қайырын тілеп көріңіз.

«Үш жүздің ортасында Қасқакөл бар, әр жерде су ішетін басқа көл бар, үш бөліп, енші қылыш алсыайық, жер жетер, көңілінді үстама тар», – дейді Төле. Үшеуі олай сөйлесіп, былай сөйлесіп, келісе алмайды. Ормамбет екі шалға ырық бермеген соң, Төле қатты сөздер айтады. Дау бітпей, Ормамбет еліне қайтады. Үйіне келген соң, даудың мән-жайын бастан-аяқ сөйлейді. Сонда анасы:

– Балам, қарт билерді бекер ренжіткен екенсің, әлі де болса, тілімді алсаң, Қасқакөлді бөліп бер, – дейді. Анасы айтып қоймаған соң, Ормамбет көнеді. Үй тігіп, тоғыз бие сойып, Төле мен Әйтекені шақырады.

Билер келіп, мәжілістесіп отырғанда, Төле былай дейді:
– Әйел жақсы болса, білім иесі батыр туады, жаман болса, ер бексе болса да, әйел туады. Әйел жақсы болса, ердің басшысы емес пе?! Бұрынғылар осылай демес пе? Қасқақөлді алам деп келіп едім, Ормамбет бермеген соң, өліп едім. Жетпіс жасқа келгенде, сөзім жерде қалып, мәңгіде тірілмейтін болып едім, жеңгей! Мені тірілттіңіз, енді балаңызға бата берелік, – дейді.

Көлді ынтымақпен бөліп жайлайтын болып, ризаласып тарқапты.



СӨЗДІК

Қазымыр – көп сөйлейтін, мазасыз адам.

Қалдан-Бошақты – Жонғар хандығы кезінде билік еткен хан.

Жер-су атаулары:

Қоқан – Қоқан хандығы – XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бас кезіндегі Орталық Азиядағы мемлекет. Орталығы – Қоқан қаласы болды. Қоқан қаласының негізін салушы Шахруқ би, шамамен, 1710 жылы Бұхара әмірлігіне тәуелсіз шағын иелік құрды. 1813–1814 жылдары Сайрам мен Түркістан қалалары бағындырылды. XIX ғасырдың бірінші жартысында Қоқан хандығына қазіргі Қырғызстан мен Оңтүстік Қазақстанның көпшілік аумағы бағындырыды. 1876 жылы 19 ақпанда Ресей өкіметінің жарлығымен Қоқан хандығы жойылып, оның орнына Ферғана облысы құрылды.

Самарқан – Самарқанд – Өзбекстан Республикасындағы ежелгі қала, өзі аттас облыс орталығы. 1220 жылы Шыңғыс хан әскерлері жауап алған. 1868 жылы патшалық Ресей әскерлері басып алып, империяның қарауына енді.



Артық білімас білгенің

Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлы – 1576 жылы 15 қыркүйекте Сырдария өзенінің бойындағы Нұратта аймағында дүниеге келген, 1656 жылы Самарқанда қайтыс болған. Ол – мемлекет қайраткері, қолбасшы, би. Әйтке бидің үлкен атасы. Жастайынан батырлық жырларды, атақты хандар туралы жылнамаларды көп оқып, өзін батырлықта шыңдап, ел басқару ісін игере бастаған. Баласының бейімділігін байқаған әкесі оны 1590 жылы Бұхар ханы Абдулланың жоғары дәрежелі қолбасшылар даярлайтын әскери мектебіне оқыға жіберген.

Жалаңтөс Баһадүр 1626 жылы Самарқанның әмірі болып сайланған. Сол жерде 1620–1636 жылдары Ұлықбек медресесінің қарсысынан «Шердор» (Арыстан қақпа) медресесін салдырған. 1646 жылы «Тіллә-қари» медресесінің құрылышын бастаған, өзі қайтыс болған соң, оны шәкірті Бекқұл жалғастырған.

Жалаңтөс Баһадүр салдырған кешенді құрылыстар Самарқандағы Регистан алаңын қалыптастыруды, кейін ол қаланың салтанатты орталығына айналды.

Жалаңтөс Баһадүр Бұхар хандығын тапжылтпай үстап, екі хандықтың Талас өзенінің аумағындағы қазақ-жонғар соғысы кезінде Қазақ хандығының қалың қолына келіп қосылып, оның күшін еселеді.



1. Әйтеке бидің шын есімі және оның ата-бабаларының кімдер болғандығы жайында біліп алыңдар.
2. Әйтеке бидің жауды шешендігімен тоқтатқан мақаланы оқыңдар.
3. Әйтеке бидің үрпактары жөнінде біліп алыңдар.



1. Әйтеке би мен жонғар ханы Қалдан-Боشاқты туралы әңгімені оқып, Әйтеке бидің ақылды, шешен және жауынгер батыр екенін дәлелдендер.
2. Сардардың Әйтеке биге білдірген ренішінде қандай мән жатыр? Шешендік дауды шешудегі психологияздық анықтаңдар.



1. «Қасқақөл дауы» әңгімесі даудың қай түріне жатады? Билердің даулы мәселеінің шешімін кім шешеді?
2. Әңгімедегі кейіпкерлер арқылы сахналық қойылым ұйымдастырыңдар.

Рольде орындаитындар:

Төле би Әйтеке би


Орманбет би Ана

3. Шешендік сөздердің идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтап, үш бидің бойындағы қасиеттерді жазыңдар.

Төле би	• •
Қазыбек би	• •
Әйтеке би	• •



1. Әйтеке бидің шешендікке, билікке қойған үлкен талаптарын айтыңдар.
2. Шешендік сөзден құбылту мен айшықтауды білдіретін, шешендіктің мазмұнын аштын сөздерді табуға бола ма? Ондай сөздер кездеспеген жағдайда шешендіктің әсері қалай беріліп тұр, қандай ой түюге болады? Автор стилінің ерекшелігі неде?
3. «Қасқақөл дауы» шешендік сөзіндегі өздеріңе ұнаған тіркесті, мағынасы қыын сөзді, назарынды аударған кейіпкердің сөздерін қатыстыра отырып, өздерің шешендік сөз құрандар.



1. Үш бидің қазақ қоғамындағы рөлі қандай?
2. Үш би және қазіргі сот. Салыстырыңдар.


Айырмашылықтары

Ортақ
қасиеттері

Қазіргі сот

3. Үш би туралы «Шешендік өнер», «Шешендік сөздер», т.б. кітаптардан оқып, бұл әңгімелердің үрпақ үшін қаншалықты құнды, маңызды екендігін айтыңдар.

4. «Төле би тауып айтады, Қазыбек би қазып айтады, Әйтеке би жарып айтады» деген үш би туралы халық арасына тараған сөздің мағынасын ашындар.



1. «Аяз би» ертегісіндегі Жаманның ханға берген сипаттамасы мен Әйтеке бидің Қалдан Башақтыға берген сипаттамасын салыстырындар.



2. «Шешендік сөздерден алар өнегеміз қандай?» деген тақырыпта пікір алысындар.



Оқу сауаттылығы

«Үш жүздің ортасында Қасқақөл бар, әр жерде су ішетін басқа көл бар, үш бөліп, енші қылышп алысайық, жер жетер, көңілінді ұстама тар», – дейді Төле.

Сұрақ: «Көңілінді тар ұстама» дегеннің мәні не?

- a) Тар деген сөз тек киімге, бөлмеге қатысты айтылады.
- b) Көңілің шалқысын дегені.
- c) Көңілің кең болсын дегені, яғни тар ойлама, сараңдық жасама де-гені.
- d) Көңілің қанағаттансын дегені



ԅүшілдіктер

Қазіргі заманда шешен адамдар бар ма? Сендер қандай адамды шешен деп ойлайсыңдар? Атақты би-шешендердің қай сөзін өздерің үлгі етесіңдер, оның маңыздылығын, әсерін жазыңдар.



Ойталқы

Әйтке би:

– Ол – хан. Мен – қарамын. Сөйте тұра, сөзім сүйегінен өткен кезде, хан екенмін демеді, жау екенмін демеді. Уәжге бөгеліп, қаруын төмен түсірді. Қару безенбекенді өлтіре салу – қарашиб мен тексіздің ісі, – деген. Сонда қорғансыз адамға қару қолданушы қандай болып есептеледі?

- a) Ханның қасындағы адам қарапайым халық деп есептеледі, сондықтан қарашиб деген осы мағынада айтылған
- b) Қараулық жасаушы – әділетсіз, қиянат жасаушы
- c) Хан тұқымы ақсүйек болып саналған, сондықтан хан тұқымы еместер қара деп саналған, қарашиб деген сол
- d) Қарашиб деген басқа, тексіз деген басқа

ҚАЗЫБЕК БИ (1667–1764)


Қазыбек Келдібекұлы – XVII–XVIII ғасырларда өмір сүрген қоғам және мемлекет қайраткері, атақты үш бидің бірі, Орта жүздің төбе биі. Өз Төуке ханның «Жеті жарғысын» жасауға атсалысқан атақты би.

Қазыбектің анасы Тоқмейіл тапқырың сөздерді көп білетін зерек адам болған. Анасынан естіген есті сөздерді болашақ би санаына сіңіріп өскен.

Ол тұңғыш рет 14 жасында елшілікке атшы болып барып, басшы болып қайтқаны ел арасында аңыз болып айтылған. Ол аңыз бойынша, ол үш рет барған деп айтылады. Осындай елшілік сапарының бірінде «Біз қазақ деген мал баққан елміз» деп басталатын толғауын айтқан.

1762 жылы Әбілмәмбет хан мен Есім сұлтанға Түркістан қаласы мен оның төңірегін әділдікпен бөліп беріп, қазақ даласында ушыққан үлкен дауды әділ шешіп, қарсыластарды бітімге келтірген.

Дәл осы жылы күзде Чин империясы Қазыбекті өз жақтарына тарту мақсатымен оған елші жіберіп, мол сыйлық өкелген, алайда атақты би



олардың пигылын біліп, оларды қабылдамастан кері қайтарып жіберген. Өйткені ол Қытайға бағынышты болуға қарсы болған.

Қазыбек би 97 жасында көз жұмған. Оның сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қойылып, қабіріне құлпытас орнатылған.

Қазыбек бидің дауларды шешудегі тапқырлығы, ақылмандығы аңыздарда жан-жақты жеткізілген. Қазыбек бидің нақыл сөздері бар. Ол бір сөзінде былай дейді:

Өркенім өссін десең,
Кекшіл болма –
Кесепаты тиер.

Елім өссін десең,
Өршіл болма,
Өскенінді өшіресің.
Басына іс түскен пақырга
Қастық қылма – қайғысы көшер басыңа.
Жанашыры жоқ жарлыға
Жәрдемші бол асыға.
Қыын-қыстау күндерде
Өзі келер қасыңа.
Бүгін сағы сынды деп,
Жақыныңды басынба! –

деген.

Қазыбек бидің шешендік сөздері ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тараған және Мәшіүр Жұсіп Қөпейұлының, т.б. қолжазбалары арқылы бүгінге жетті.

КІМ ЖАҚЫН, НЕ ҚЫМБАТ, НЕ ҚИЫН?

Ел шетіне бір қарт ақсақал келіп, Қазыбектен үш сұрақ сұрапты. Бірінші сұрағы – «Жақында не жақын?».

Қазыбектің жауабы:

- Тату болса, ағайын жақын,
- Ақылшы болса, ағаң жақын.

Бауырмал болса, інің жақын.
Инабатты болса, келінің жақын.
Адал асын алдыңа тартқан қимас жақын.
Қарындасың сыйбайлас болса, нағашың жақын.
Адал болса, досың жақын.
Еркелеткен немерең жақын,
Өз ұрпағың шөберең жақын.
Жас кезіңден жан серігің –
Бәрінен де әйелің жақын, –

депті. Екінші сұрағының жауабы:

– Алтын ұяң – отауың қымбат,
Мейірімді апаң қымбат.
Құт-береке – атаң қымбат.
Аймалаған анаң қымбат.
Асқар таудай әкең қымбат.
Түшп-өскен елің қымбат.
Кіндік кескен жерің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат.
Бәрінен де осының – өзің сүйген жар қымбат!
Үшінші сұрағы – «Дүниеде не қыын?».

Қазыбектің жауабы:

– Арадан шыққан жау қыын.
Таусылмаған дау қыын.
Шанышқылаған сөз қыын.
Дәл осындай жағдайда,
Пана болмас өз ойың.
Жазылмаса, дерт қыын.
Іске аспаған серт қыын.
Ақылынан адасып,
Өзің түскен өрт қыын.
Тентек болса, үл қыын,
Не істеріңді біле алмай,
Ашиды-ау сонда бас-миың.



1. Қазыбек би өмір сүрген дәуір қай кезең?
2. «Біз қазақ деген мал баққан елміз» толғауын оқындар.



1. Қазыбек бидің «Біз қазақ деген мал баққан елміз» атты толғауындағы қазақ халқының қадір-қасиеттерін бейнелейтін сөздерді теріп жазындар.
2. «Біз қазақ деген мал баққан елміз» деген толғауда қазақтың қандай мінезі, қасиеті мен іс-әрекеттері көрінетінін сипаттап жазындар.



1. Қазыбектің қалмақ ханын жеңгенінен еліне деген сүйіспеншілігі қалай көрінеді?
2. Қазыбек бидің нақыл сөздерінің астарында не жатыр? Түсіндіріндер.



1. Қазыбек айтқан өсіеттер, нақылдар мен аталы сөздердің құндылықтарын айтындар.
2. Шешендік сөзден айшықтау мен құбылтудың түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беріндер.



1. «Кім жақын, не қымбат, не қыын?» толғауын оқып, жақын, қымбат, қыын деп жауап берілген сөздерге анықтама беріп, «Не жаман?» деген сұраққа жаман нәрселерді теріп жазындар.
2. «Кім жақын, не қымбат, не қыын?» толғауы бойынша сұрақтар дайындалап, қоғамдағы көтерілген мәселелерге байланысты ток-шоу үйімдастырындар.



1. Өздерің үшін қымбат деп санайтын нәрселерді тауып, Қазыбек би үлгісімен жалғастырып көріндер.
2. «Кім жақын, не қымбат, не қыын?» толғауын өлем әдебиетіндегі шешендердің сөздерімен салыстыра талданап, шағын сын мақала жазындар.



Оқу сауаттылығы

– Алтын ұяң – отауың қымбат,
Мейірімді апаң қымбат.
Құт-береке – атаң қымбат.

Аймалаған анаң қымбат.
Асқар таудай әкең қымбат.
Тұып-өскен елің қымбат.
Кіндік кескен жерің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат.

Сұрақ: «Алтын үяң – отауың қымбат» деген сөздің отбасымен байланысы бар ма?

- a) Отау деген киіз үй деген мағына береді, сондықтан оның отбасы деген сөзben байланысы жоқ.
- b) Отау деген жаңадан үйленген ұлдың үйі, сондықтан отбасы деген сөзben байланысы жоқ.
- c) Отау деген жастарға қатысты айтылады, сондықтан отбасы тек оларға ғана қатысты емес, сондықтан байланысы жоқ.
- d) Отбасы отаудың ішінде болады, сондықтан бұл ұғымдардың бір-бірімен байланысты. Отбасыңды алтындаі қадірле деген ой айтылған.



Ойтақы

ҮШТІК БІРЛІК ДЕГЕН НЕ?

Қазақтың көрнекті жазушысы Әбіш Кекілбаев үш бидің өмір сүрген жылдарын салыстыра келе, Әйтеке бидің жасы кіші емес екеніне мән берген және: «Төле, Қазыбек, Әйтекелердің қазақ тарихы, қазақ санасына сіңірген өлмес-өшпес еңбегі де осы үштік бірлікті нығайтқандығында. Мейлінше өміршең, мейлінше ұғымтал ел бірлігі, халық тұтастығы идеологиясын жасақтай білгендігінде. Сол идеологияны жүзеге асырудагы өз орындарын өздері белгілеп, көздері жұмылғанша, сол уәжден шыға алған-дықтарында», – деп жазған.

Сұрақ: Жазушы үштік бірлік деп нені айтқан? Әйтеке би жасы үлкен болса да, қандай мақсаттан кіші сияқты көрінетін болған?

Жауап нұсқалары:

- a) Жұсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасын еске алғаны
- b) Қазақтың үш жүзден құралғанын айтқаны, үш би – үш жүздің тұлғасы, ел ішінде бірлікті сақтау үшін өздері сыйластықпен араласқанын айтқаны
- c) Үштік бірлік деп бидің үшеу екенін айтқаны
- d) Үш қасиетті сан ретінде үш би таңдалған



СЫРЫМ БИ (1723–1802)

Сырым Датұлы 1723 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Сарыой ауылында дүниеге келген. Ол – 1783–1797 жылдары еліміздің батыс өңірінде болған ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі, батыр, би, шешен.

Аңыздар бойынша, Сырым Датұлы сол өңірдегі белгілі Малайсары, Алдар, Есет билерден бата алған. Нұралы хан Сырымның халық арасындағы беделін пайдалануды ойладап, оған өзінің қызын беріп, оны күйеубала еткен. Бірақ патшалық, дің саясатына бағынышты хан мен батырлардың арасындағы жылы қарым-қатынас ұзаққа бармаған.

Сырымға қатысты шешендік сөз көп сақталған. Халық оның бала кезінен сөзге тапқыр болып, көзге түскенін баяндайтын аңыздарды тудырган. Оның атынан айтылатын шешендік сөздерде дауды шешудегі әдістің көп түрі қолданылады. Ол жұмбақтасу, ым-ишара, т.б. Сондай аңыздың бірі: әрі батыр, әрі би Сырымның ақылдылығына сеніп, тұтқынға түсіп, күң болып жүрген бір әйел жолаушылардан оған өз сөлемін жеткізуіді сұрағаны туралы баяндайды. Ол әйел желкесінен және маңдайынан бір-бір тал шаш жұлып береді, оң жақ қолтығынан және тезек теріп жүрген қабының бір бұрышынан бір жапырақ жыртып береді. «Мұны кім берді деп айтамыз?» – дегенде, ол әйел: «Сырымның өзі біледі», – дейді. Бұл ашық түрдегі жұмбақтасу емес, бірақ қыздың беріп жіберген заттарының нені аңғартатынын Сырымғана түсінген. Өз руының адамы күндікте жүргенін, оның жағдайы дұрыс болмай жатқанын түсінген Сырым батыр оны іздел барады.

Ақырында, осы мәселені шешу барысында Сырым екі сыннан өтті. Бірі – әйелдің жұмбақты сөлемдемесін дұрыс түсінді. Екінші – әйелдің күндікте жүрген жеріне келгенде, сол ауылдың ақсақалы шарт қояды – бір түсті киінген қырық әйелдің ішінен іздел келген адамын табу, таба алмаған жағдайда, күннің өздерінде қалатынын айтады. Сырым ақылды адам, сондықтан ол өз адамын таниды. Оның ақылды екені сол әйелдің жұмбақтап айтқан сөлемін түсіне білуінен-ақ аңғарылады. Солайша Сырым Байбақтының қызын күндіктен құтқарып, ауылына алып қайтқан.

Сырым батырдың Ургенішке барып, ол елдің ханының жұмбақты сөздеріне ұтымды жауап бергені аңыздар арқылы үрпақтарға жеткен.

Данқты Сырым баба 1802 жылы Хиуада қайтыс болған.

БАЛАБИ МЕН СЫРЫМ

Сырым бір жылды Орта жүзге барғанда сол елдің Балаби деген биіне кез келеді. Сырым мен Балаби екеуі қөп өңгімелеседі. Балаби Сырымға бірнеше сұраулар қояды, Сырым жауап береді.

– Сіз ағайынды нешеу едіңіз? – дейді Балаби.
– Мен ағайынды екеумін, – дейді Сырым.
– Сізді Даттан ағайынды он бір деп естуші едік.
– Сіз түсінбедіңіз, мен Даттан он бір еkenім рас, бірақ та олардың маған қанша керегі бар? Менің ағайынды екеумін дегенім: біреуі – өзім, екіншісі – халқым.
– Сөз анасы не?

Су анасы не?

Жол анасы не? – дейді Балаби.

– Сөз анасы – құлақ,

Су анасы – бұлақ.

Жол анасы – түяқ, – деп жауап береді Сырым.

– Отірік пен шынның арасы қанша жер, неше шақырым болар? – дейді Балаби.

– Отірік пен шынның арасы төрт елі. Көзбен көргеннің арасы, құлақпен естігеннің арасы неше шақырым деп, мені алдамаңыз, – дейді Сырым.

– Ақылды қандай адамға айту керек?

– Ақылды үққанға айту керек.

– Ат не үшін шабады?

Ер не үшін шабады?

– Ат шабысына қарай шабады,

Ер намысына қарай шабады.

– Бұл дүниеде не төтті? – дейді Балаби.

– Аста тұз төтті, адамда дос төтті, – дейді Сырым.



СӨЗДІК

Жер-су атаулары:

Хиуа – Өзбекстандағы қала. Хиуа хандығы 1512–1920 жылдар аралығында Орталық Азияда болған мемлекет. Өзбек хан кезінде Елбарыстың басшылығымен, Шайбани әүлетінен бөліну негізінде құрылды. XIX ғасырдың бас кезінде Арал маңы мен Үстіртті мекендереген Кіші жүз қазақтарына шабуыл жасап отырған.

Орта Азияға біржолата орнығуды көздеңен Ресей отарлаушылары Хиуа хандығына үнемі әскери және экономикалық қысым жасап отырды. Ақыры, 1873 жылы К.П. Кауфман бастаған Ресей әскерлері Хиуаны ба-сып алды. Солайша ол Ресейге бағынышты болды. 1920 жылы 2 ақпанда Хиуа хандығы құлап, оның орнына Хорезм Халық Кеңес Республикасы құрылды. Кейін 1924–1925 жылдары шегараларды межелеу кезінде оның жерінің бір бөлігі Өзбекстанның, ал бір бөлігі Түркіменстанның құрамына енгізілді.

Үргеніш – ежелгі қала, ортағасырлық Хорезм мемлекетінің астанасы. Орны қазіргі Түркіменстан Республикасы Ташауыз үәләятіндағы Көне Үргеніш елді мекенінің жағында.



1. Сырым Датұлы туралы тарихтан не білесіңдер?
2. Тұтқында жүрген күң әйелді босатып алғанынан Сырымның қандай қасиеттері көрінетінін айтындар.
3. Балабидің Сырымға қойған сұрақтары мен Сырымның жауаптарының мәнін түсіндіріңдер.



1. «Өтірік пен шынның арасы төрт елі» деген сөздің мағынасын түсіндіріңдер.
2. Ақыл, ат, тәтті жайында айтылған шешендік сөзден нені түсіндіңдер?



1. Сөздің, судың, жолдың аналары құлақ, бұлак, түяқ болу себебі неде?
2. Сырым жауаптарын қолдана отырып, диалог үйімдастырындар.



1. Алдыңғы шешендік сөздердің көбінде «ұш» санына байланысты толғамдар айтылады. Оның себебі неде?
2. «Ұш» санымен берілген жауаптардың бір-бірімен қандай байланысы бар? Сырымның берген жауаптарына келісуге бола ма?



1. Сырымның батырлығы басым ба, өлде шешендігі басым ба? Өз пікірлерінді білдіріндер. Сырым батыр туралы жазылған тарихи мәліметтермен және көркем шығармалармен танысындар.
2. Сырымның шешендік сөздерін басқа шешендердің сөздерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалаңдар.
3. Сырымның шешендік сөздерінен сахналық көріністер жасаңдар.
4. Шешендік сөздерді қызыға оқитынымыздың себебі неде?
5. Билердің дарындылығы, шешендігі немен байланысты?



1. Шешендік сөздердің идеясын ғаламдық түрғыдан талдап, «Ақылды қандай адамға айту керек?» деген тақырыпта өдеби эссе жазындар.
2. «Ұлы тұлғаларды шешен еткен, ақын еткен, би еткен қандай орта, қандай заман еді?» деген тақырыпта өлем өдебиетіндегі ұлгілермен салыстыра талдап, сын мақала жазындар.



Оқу сауаттылығы

- «– Сіз ағайынды нешеу едіңіз? – дейді Балаби.
– Мен ағайынды екеумін, – дейді Сырым.
– Сізді Даттан ағайынды он бір деп естуші едік.
– Сіз түсінбедіңіз, мен Даттан он бір екенім рас, бірақ та олардың маған қанша керегі бар? Менің ағайынды екеумін дегенім: біреуі – өзім, екіншісі – халқым».

Сұрақ: Сырым батыр қалайша халқымен ағайынды екеу болады? Халық деген бауыры, туысы болуы мүмкін.

- a) Халықпен, яғни бұқаралықтармен, көпшіліктің жағдайымен жүргенін айтқаны.
- b) Он бір бауыры бар, сондықтан халық деген ағайын болуы мүмкін емес.
- c) Халық деген жалпы сөз, сондықтан тұра мағынада ол ағайын, бауыр бола алмайды.

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ


Қазақ әдебиетінде ерекшелік көп. Солардың бірі – жыраулық поэзия. Оны тудырған алғышарттар: ортағасырлық заман және хандық дәуір, осы жағдайлар жырауды тип ретінде қалыптастыруды. Ең алдымен, жырау – суырыпсалма ақын, бірақ ақыннан бөлектігі бар. Ол – ханның қасындағы ақылшы, сыншы, жауынгер. Бізге есімдері мен бір-екі толғаулары ғана жеткен Қазтуған, Доспамбет жорықтарға қатысып, толғауларымен халықты рухтандырған. Ал Асан қайғының Жәнібек ханға сөзі өтімді болған. Шалқиіз жырау сезін Би Темірге, ал Бұқар жырау Абылай ханға арнады. Бұлардың бәрі де – қазақтың ұлт ретіндегі қалыптасуына елеулі үлес қосқан, жырау поэзиясын қалыптастырған және оны жандандырған көрнекті тұлғалар.

Жырауларға тән сипаттарды білгендіктен, оларды жыршы не ақындардан ажыратса білуіміз керек. Толғау айтқаннанң бәрі жырау болмайтыны түсінікті. Өйткені жыраулар мемлекеттік идеологияны қалыптастыруға атсалысқан тұлға. Хандық – ортағасырлық мемлекеттің бір түрі, ұлттық тарихымыздың қуесі. Хан – ел басшысы, жыраулар – саясаткерлер, ханың да, елдің де ақылшысы, заң қорғаушы.

Негізі, қазақ жырауларының тегі тарихи және рухани тұрғыдан алғанда, сонау Түркі қағанаты заманынан бастау алады. Әйгілі Иоллығ тегіннің жазбалары оның Құлтегін, Білге қаған мен Тонықек уақытында елдің бірлігін көксеп, қоғамның атақ-абыройын ардақтаған жырау екенін дәлелдейді. Сондықтан біздің мемлекет болып қалыптасуымызға жыраулардың да ерекше үлесі болғаны сөзсіз.

БҰҚАР ЖЫРАУ (1685–1778)

Бұқар Қалқаманұлы өз ортасына ерте танылған. Тәуке ханның тұсында оның жанындағы ықпалды билердің бірі болған. Ол тек ақын ретінде белгілі болған жоқ, Абылай ханның кеңесшісі де болды. Жұрт оны абыз деп те, «Көмекей өулие» деп те атады. Өйткені сөйлегенде, үнемі қарасөзбен емес, көмейі бұлкілдеп, жыр түйдек-түйдегімен шығатын. Абылай хан



көбіне «Сөве айтшы» деген екен. Сондай кездерде Бұқар жырау ханның көрген түстерін жорып, алдағы жағдайдың қалай болатынын айтып беретін.

Бұқар жыраудың әкесі Қалқаман да батыр болған. Бұқар жыраудың Ақдербіс, Жарылғап, Жанта есімді үш ұлы болған.

Даңқты жыраудың туған және қайтыс болған жылдары туралы кейбір басылымдарда басқаша мәлімет кездеседі, бұл оның өмірі туралы деректердің аузызша жетуімен байланысты, яғни құжатты түрде дәлелдеу мүмкін емес. Осыны ескеру керек.

Бұқар жырау жонғар шапқыншылығы кезінде өмір сүрген, сол кездері қыын сәттерде өзінің толғауларымен жауынгерлерді рухтандырған. Соғыс кезінде Абылай ханға ақылын айттып, елдің болашағын ойлап, жауға қарсы ұйымдастыра білуге себепші болды. Бұқар жыраудың «Ай, Абылай, Абылай», «Ал, тілімді алмасаң», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», т.б. толғауларда үш жүздің басын қосып, елді жонғарлардан азат қылған Абылай ханның бет-бейнесі, болмысы суреттеледі. Сондықтан Бұқар жырау Абылай хан дәүірінің айнасы деп те айтылады.

Бұқар жырау шығармашылығындағы ерекшеліктер. Оның шығармашылығын Абылай ханға дейінгі және Абылай тұсындағы деп екі кезеңге бөледі. Алғашқы кезеңдегі өлең-толғауларында нақылдар басым. Ол – ұзақ өмір сүрген, өмірде не қадірлі екенін біледі. Сондықтан «Тілек» атты толғауда «Бірінші тілек тілеңіз Бір Аллаға жазбасқа» деп бастап, «Жер қайысқан қол келіп, ...ардақтап жүрген бикешің жылай да жесір қалмасқа» деп ескертеді. Басынан небір қыын жағдайды, қуанышты да, қүйіншті де өткізген Бұқар жырау адамдар аман болса екен, олар бір-бірімен тату-тәтті өмір сүрсе екен деп тілейді. Жырау бір адамның ғана емес, жалпы адамзатқа ортақ мәселе – «Қалай адам баласы ұзақ та бақытты ғұмыр кешпек және мезгілінен бұрын келген ажал құрығынан қалай құтылмақ?» деген сауалға жауап іздейді, оған өзі жауап береді.

Бұқар жыраудың кейбір жырларын Шоқан Үөлиханов қағаз бетіне түсірді. Ал бір топ өлеңін Г.Потанин Қаныш Сәтбаевтың әкесі Имантайға

жинатқан. Жыраудың толғаулары «Тауарих хамсада» және 1925 жылы «Таң» журналында басылған. Бұқар жырау шығармаларын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да ел арасынан жинап, естіген-білгендерін жазып, бүгінгі ұрпаққа мейлінше толық жетуі үшін сақтаған. Ол қолжағбалары Алматыда Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар, қолжағбалар және үлттық Әдебиет бөлімі мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжағбалар қорында сақтаулы.

Көрнекті ғалым Рахманқұл Бердібай Бұқар жырау шығармаларының маңызын: «Абылайдың ақылгөй кенесшісі, қазақ халқының азаттық күресінің сыры мен қырын жақсы билетін, ел бірлігінің жаршысы Бұқар жыраудың ойлары мен тұжырымдары «біреуден естіген» өңгіме емес, нақтылық оқиғалардың тікелей әсерінен туған. Осының өзі толғауларының тағылымын еселеп арттырады»¹, – деп бағалаған.

Бұқар жырау Даlба тауының етегінде жерленген.

ТІЛЕК²

Бірінші тілек тілеңіз –
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз –
Ер шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз –
Үшкілсіз көйлек кимеске.
Төртінші тілек тілеңіз –
Төрде төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз –
Бес уақытта бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа.
Алтыншы тілек тілеңіз –
Алпыс басты ақ орда,
Ардақтаған аяулың

¹ Абылай хан / Құраст.: С.Дәүіт / Тарихи жырлар / Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы: Жазушы, 1993. 7–8-беттер.

² Бұқар жырау толғаулары: Мағауин М. Алдаспан. – Алматы: Атамұра, 2006.

Күнінде біреуге
Тегіннен-тегін олжа болмасқа.
Жетінші тілек тілеңіз –
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа.
Серізінші тілек тілеңіз –
Серіз қыыр шартарап
Жер тұлданып тұрмасқа.
Тоғызынышы тілек тілеңіз –
Төреңіз тақтан таймасқа.
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа.
Оныншы тілек тілеңіз –
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айналған,
Бұлтты күнде толғанған,
Тар құрсағын кеңіткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа.
Он бірінші тілек тілеңіз –
Он бармагы қыналы,
Омырауы жұпарлы,
Иісі жұпар аңқыған,
Даусы қудай саңқыған,
Назыменен күйдірген,
Құлқыменен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешін
Жылай да жесір қалмасқа.



СӨЗДІК

Үшкілсіз көйлек – өлім жазасына кесіліп, басы шабылатын адамға жағасын ойып тұрып, кесіп алып тастап кигізетін көйлек. Үшкіл – оның жағасы.

Жер атауы:

Далба тауы – Орталық Қазақстандағы шағын тау.

Дебиет теориясы

Толғау – жырау мен ақынның белгілі бір оқиғаға немесе біреуге арнап айтатын философиялық, поэзиялық туындысы.



1. Жыраулар поэзиясы дегеніміз не? Бұқар Қалқаманұлын неге жырау дейміз?
2. Жыраулық поэзияның басы мен соңы болып саналатын жырауларды атаңдар.
3. Бұқар жырау өмір сүрген кездегі қазақ елінің тарихи жағдайлары туралы тарих сабағынан алған білімдеріңе сүйеніп, әңгімелеп беріңдер.
4. Бұқар жырау толғауларында қандай әлеуметтік мәселелер көтерілген? Оның осы ойлары бейнеленген толғауларын көрсетіңдер.
5. Бұқар жыраудың өмір жолы мен шығармашылығы туралы мәліметтер жинақтап, топтастырыңдар.



1. Бұқар жырау толғауларының идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтап, кестені толтырыңдар.

Абылай ханға байланысты	Ақыл, насихаттары	Ел бірлігі	Адам ғұмырының кезеңдері	Ер жігіттің мінезі



1. «Тілек» толғауындағы он бір тілектің мән-мағынасын ашып, түсіндіріңдер.
2. Бұқар жыраудың қоғамдық, жыраулық іс-әрекеттерінен қандай қасиеттерін байқадыңдар? Әңгімелеп беріңдер.
3. Бұқар жыраудың толғауларын тақырыптық түрғыда топтастырыңдар.

Ел бірлігі туралы

:
:
:
:
:

Әмір туралы

Абылай хан туралы



4. Бұқар жыраудың Абылай хан туралы толғауларын оқып, сыйбаны толтырыңдар.

Толғаудың аты	Тақырыбы	Идеясы	Құрылышы	Көркемдігі

5. «Еркін жазу» әдісі. «Тілек» толғауының негізінде Бұқар жырау сияқты он бір тілек жазыңдар.



1. Бұқар жырау «Бәйгелі жерде бақ болған, өзіне тұғыр болған төрт терек» деп кімдерді айтқан және олардың қандай іс-әрекеттерін бағалаған?
2. Бұқар жыраудың ақыл-кеңес, насихат сөздерін дәптерлеріңе теріп жазып, жаттап алыңдар.
3. Бұқар толғауларынан тұрақты тіркестерді, мақал-мәтедер мен нақылға айналған сөздерді тауып, бүгінгі күнде қандай мәні бар екенін айтыңдар.



1. Толғауда қандай мәселе көтеріледі? Елін бірлікке, ынтымаққа шақыруының себебі неде? Толғаудағы үрпақтар сабактастығы көрінісін заманауи тұрғыдан салыстырып, жаңашылдығына баға беріңдер.
2. Бұқардың он бір тілегінің сол заманда қаншалықты маңызы болды? Толғаудың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазыңдар.



1. «Сегіз қыыр шартарап Жердің тұлданып тұрмауы», «ардақтаған аяулыңың тегін олжа болмауы», «тоқсандағы қарт бабаңың топқа жаяу бармауы» т.б. тіркестерден қандай ой түюге болады? «Пасық залымның тіліне еріп азғанда», «төрде төсек тартып жатқандағы» адамның хал-жағдайы, көңіл күйі қандай болады? Өзіндік көзқарастарыңды білдіріп, пікір алмасыңдар.

- Төменгі сыйыптарда оқыған жыраулар поэзиясымен Бұқар жырау толғауларын салыстыра талдап, «Елдің бірлігі – халықтың тыныштығы» тақырыбында шағын сын мақала жазындар.
- Толғаудағы он бір тілектің Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы тапсырмалармен сәйкестігін анықтаңдар.

Абылай
хан

Іс-
әрекеттері

Елбасы

АЙ, АБЫЛАЙ, СЕН ОН БІР ЖАСЫҢДА

Ай, Абылай, сен он бір жасыңда
 Әшейін-ақ үл едің.
 Он бес жасқа келгенде,
 Арқада Әбілмәмбет төренің
 Түйесін баққан құл едің.
 Абылай атың жоқ еді,
 Сабалақ атпен жүр едің.
 Оны да қөрген жерім бар,
 Жаныс Қарабайдың қолында
 Түнде туған үл едің.
 Жиырма беске келгенде,
 Бақыт берді басыңа,
 Тақыт берді астыңа;
 Отыз жасқа келгенде,
 Дүниеге кең едің.
 Отыз беске келгенде,
 Қара судың бетінде
 Шайқалып аққан сен едің;
 Қырық жасқа келгенде,
 Алтын тонның жеңі едің,
 Қырық беске келгенде,
 Жақсы-жаман демедің;
 Елу жасқа келгенде,
 Үш жүздің баласының
 Атының басын бір кезеңге тіредің;
 Елу бес жасқа келгенде,

¹ Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989. 94–95-беттер.

Жақсы болсаң, толарсың,
Жаман болсаң,
маужырап барып соларсын;
Алпыс бес жасқа келгенде,
Әрбір атқа қонарсын;
Жұмсасаң, бала тіл алмай,
Әйелің қарсы шауып үялмай,
Әр нешік күнің сол болар,
Еңкейіп орақ орарға,
Тоңқайып масақ терерге.
Жетпіс жасқа келгенде,
Жетпіс деген жел еken,
Шала ауырып пір еken.
Жетпіс бес жасқа келгенде,
Жылуы болмай қойныңың,
Қаруы болмай сойылыңың,
Өлмесең де, жойылдың,
Әр атақта қойылдың.
Сексен деген сор еken,
Шындал үрган пері еken;
Сексен бес жасқа келгенде,
Екі қара көзді алар,
Ауыздағы сөзді алар...
Бетіндегі нұрды алар,
Бойындағы шырды алар,
Аузындағы тісті алар,
Қолындағы істі алар,
Өлмегенде не қалар?!

Тоқсан бес деген тор еken,
Дәйім жаның қор еken,
Карғын десең, екі жағы ор еken;
Найза бойы жар еken,
Түсіп кетсең түбіне,
Түбі жоқ терең көл еken,
Ел қонбайтын шөл еken,
Келмейтүғын неме еken.

АСҚАР ТАУДЫҢ ӨЛГЕНИ

Асқар таудың өлгені –
Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгені –
Аса алмай таудан қалғаны.
Ай мен Құннің өлгені –
Еңкейіп барып батқаны.
Айдын шалқар өлгені –
Мұз болып тастай қатқаны.
Қара жердің өлгені –
Қар астында қалғаны.
Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Фалымның хаты өлмейді.



1. Толғауларды мәнерлеп оқындар.
2. «Ай, Абылай, сен он бір жасында» толғауында Абылай ханның қандай қасиеттері, іс-әрекеттері айтылады?
3. Абылайдың қазақ тарихындағы орны қандай, Бұқар жыраудың Абылайға арнау айтуының себебі неде?



1. Толғауда қандай мәселе көтеріледі?
2. Толғаудағы жыраудың көзқарасын жайлы идеялық-мазмұндық талдау жасап, Абылай ханга сипаттама беріңдер.



1. Толғауда суреттелетін Абылай хан мен Елбасының ел басқарудағы іс-әрекеттерінің маңыздылығын айқындаңдар.
2. Абылай хан мен Бұқар жырауды салыстырыңдар, үқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетіңдер.

Абылай хан

Үқсастығы

Бұқар жырау



- Ел басқару ісінде толғауда суреттегетін Абылай хан мен Елбасы іс-әрекеттерін салыстыра талдандар.
- Автордың «тау мен бұлт та, Ай мен Күн де, көл мен жер де өледі» деген ойына келісесіндер ме? Өз көзқарастарыңды білдіріндер.
- Абылайдың жастиқ шағы мен ел басқаруға дейінгі өмір жолын Бұқардың суреттеуіндегі идеялық-стилистикалық тұтастыруышы ретіндеңгі рөліне талдау жасандар.

Өмір кезеңдері	Бұқар жырауша	Оз пікірің
11 жас	Арқада Әбілмәмбет төренің Түйесін баққан құл едің.	
25 жас	Бақыт берді басыңа, Тақыт берді астыңа.	
30 жас	Дүниеге кең едің,	
35 жас	Қара судың бетінде Шайқалып аққан сең едің.	



- Толғаулардың тақырыбы мен идеясын тауып, қазіргі өмірмен байланыстырындар.
- Бұқар жырау айтқан түйінді пікірді толықтырындар.

Жақсының аты өлмейді, себебі

Фалымның хаты өлмейді, себебі



- Толғаулардың өрбір жолында айтылған ойларды қалай бағалайсындар?
- Р.Бердібайдың: «*Бұқар жыраудың Абылай туралы ойлары мен тұжырымдары «біреуден естіген» әңгіме емес, нақтылы оқиғалардың тікелей әсерінен туган*», – деген пікіріне сүйене отырып, сын мақала жазындар.



Оқу сауаттылығы

- 1) Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Фалымның хаты өлмейді.

Сұрақ: Қалайша жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді?

- a) Бұл мүмкін емес.
 - b) Жақсының аты өлмейді, өйткені халыққа еңбегі сіңген адамды аңыз етіп айтады, сондықтан ұрпақтар оның есімін ұмытпайды. Ғалымның жазған еңбектері ұзаққа сақталады.
 - c) Өдемі ой үшін айтылған болу керек.
 - d) Бұқар жыраудың заманында ғалымдар аз болған болуы мүмкін, сондықтан оларды насихаттау үшін айтуы мүмкін.
- 2) Қайғысыз үйқы үйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай.
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,
Сонда қалар ма екен, қайран жаның-ай! – деген.
- Сұрақ:* Бұқар жырау үш кісіні құрбан етіп, адам жанын алып қалу мүмкін деген ойда болған ба, өлде Абылай ханың қадір-қасиетін бағалап айтқаны ма?
- a) Ежелгі дәүірде және орта ғасырларда адамдар солай ойлаған.
 - b) Құрбан ету керек деген ойда болған.
 - c) Абылай ханды қадірлекені.
 - d) Ойын көркем жеткізу үшін айтқаны.



Оқушы күнделігі

*Бұқар жыраумен кездесу мүмкіндігі болса, оған не айтар едің?
Біздің заманың артықшылығы неде деп ойлайсыңдар? Осы туралы
ойларыңды жазыңдар.*

Дебиест теориясы

Жыраулар – хан сарайындағы көреген саясаткер, ханың ақылгөйі, мемлекеттің бас идеологі, елдің ақылшысы, қолбасы әрі дауылпаз ақын бола білді. Олар Хан кеңесінің белсенді мүшесі болған, мемлекетті басқару ісіне тікелей қатынасып, саяси, өскери, қоғамдық мәселелерді шешуге араласып отырған. Соғыс кезінде жыраулар өскери кеңесте де, ханың жеке өзіне де ойын ашық айтып, ақыл беріп, болжау жасаған. Қиян-кескі ұрысқа түсер алдында жауынгерлерге арнап жыр толғаған, олардың намысын қайрап, рұхын қөтерген.

(Академик С.Қасқабасов)

АЙТЫС

Айтыстың жанрлық ерекшеліктері. Қазақ әдебиетінде ақындар айтысының алатын орны ерекше. Өйткені айтыста суырыпсалма қабілет, тапқырлық, сөзге шешендік, аспапта ойнай білу, мақам – бәрі бар. Сондықтан айтыс синкретті өнер деп бағаланады. Бір өнерпаздың бойынан осынша өнердің табылуды қазақтағы театрлық өнердің сипаты айтыста да бар екенін танытады.

М.Әуезов 1927 жылы «Әдебиет тарихы» атты кітабында айтысты басқа елдердегі оның үқсас түрлеріне салыстыру жасаған. Сол еңбегінде француз әдебиетінде тенсондар болса, арабтарда «Мұғалла хат» дегеннің болғанын жазған. Бірақ бұлар қазақтың суырыпсалма айтысына дәл келмейді.

Қазақ айтысында, ең бастысы, ақындар – суырыпсалма қабілеттің иесі, сондықтан олар тосын сұрақтарға шапшаң жауап қайтара білулері керек, яғни жауап дайындауға, ойланып отыруға уақыт жоқ. Олар осындей сөттерде ұтымды жауап бере алады және жауаптары көркем ойлы болуы шарт.

Айтыс деген сөздің өзі – «айтысу, сөз майданын жасау» деген ұғыммен тең. Ежелгі дәуірде ақындар өз ру-тайпасының намысын қорғады. Кейінгі замандарда ақындар ру шенберінен шығып, үлкен өлеуметтік мәселелерді көтере білді. Айтыста халықтың мұнын айтып, жоғын жоқтаған ақындар әрдайым қадірлі болады. Айтысқа қойылар осы шарттарды білгендейтен, диалог түріне келетін шығармалардың бәрін сыртқы түріне қарап, бағалауға болмайтынын аңғартады. Айтыс тек ақындар арасында болады. Әйтпесе, домбыра мен ақын айтысып, ол жағдайда жеңімпазды анықтау мүмкін емес.

Ақындар айтысы бірнеше түрге жіктеледі. Атап айтқанда, бұрын ру айтысы болатын. Ол өткен дәуірде, рулық қоғамда болған. Айтыстың ерекшелігіне қарай қайым айтыс, түре айтыс, сүре айтыс деп жіктеледі. Қайым айтыс, әдетте, айтысқа немесе өлеңге бейімделіп жүрген

қыз бен жігіт арасында айтылған. Қайым айтыстың ерекшелігі: айтылар бір шумақтың алдыңғы екі жолы екеуіне ортақ болады да, қалған екі жолын әр ақын өздері келістіруі керек. Түре айтыс – шағын, жеңіл айтыс түрі. Мұнда ақындар бір-бір шумақ өлеңмен жауаптасады. Ал сүре айтыс – екі ақынның ұзақ жауаптасып, келелі мәселелерді қозғайтын үлкен айтыстың түрі. Ақындар білім жарыстырып, жұмбақпен де айтысқан.

Бұгінде дәстүрлі өнерді насиҳаттау мақсатында телевизиялық айтыстар ұйымдастырылуда. Қазіргі заманның ақындары мемлекетіміздің тәуелсіздігі баянды болуы үшін ұлттық тарих пен мәдениетімізді құрметтеуге өз үлестерін қосып жүр.

Бұрын дәстүрлі айтыстардың көбі күтпеген жерден, еш дайындықсыз болатын. Сол себепті ол ақындардың сөздері жазылыш алынған жоқ. Бірақ сонда да айтыстың мәтіндері бізге жетті. Айтыста кімнің жеңгенін сол ортада отырған жүрттың өзі-ақ түсінетін. Сондықтан тыңдаушы халық, ақынның өзі, шәкірттері өздері күе болған айтыстың қалай болғанын елге айтып, таратушы болған. Ал ақындар жауапқа сөз таппай қалғандықтан емес, жүйелі ойға тоқтап, жеңілгенін мойындаитын. Айтыстарда екі ақынның бір-біріне нағыз сөз майданын жасағанын көріп, шымбайға батар сөздерді естіген кезде, олардың көңіл құйлерін байқауға болады.

Қазаққа есімдері танымал Біржан мен Сараның айтысы қай жылдары болғанын нақты айту қыын. Сараның енді ұзатылар шағын назарға алыш, шамамен, 1870–1872 жылдар деп болжау жасауға ғана болады. Ол кезде айтысты таспаға жазып алатын құрал жоқ, сол себепті құжатты, деректі түрде айту қыын болғандықтан, ғалымдар, әдебиетшілер арасында «Біржан мен Сара» айтысы шын өмірде болды ма, жоқ па деген мәселе де пікірталас болды. Кейбір зерттеушілер бұл Әріп Тәңірбергенов деген ақынның өзінің жазғаны дегенді де айтты. Бірақ М.Әуезов, т.б. көрнекті ғалымдар бұл айтыстың Әріп Тәңірбергеновкө дейін-ақ болғаны, ал ол өзі ақын болғандықтан, халық арасында тараған нұсқаға өндеулер енгізуі мүмкін деген қорытынды жасады. Сондықтан Әріп Тәңірбергеновті бұл айтыстың авторы ретінде көрсетуге болмайды. Осы күні бұл пікір ғылымда мойындалды.

Алғаш рет бұл айтыс «Кисса Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны» деген атпен 1898 жылы Қазан қаласында басылышп, кейін бірнеше рет қайта жарық көрген.

«Біржан – Сара» айтысының көркемдік ерекшеліктері. Екі ақын – Біржан да, Сара да айтыста көркемдік құралдарды кең пайдаланған. Біржан өзі туралы бірде:

Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын, –

десе, енді бірде:

Ақиық мұзбалақпын жерге түспес,
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес, –

деген. Ал Сара:

Талпынған жас баланың білегіндей,
Сендейге ұстаптаймын білегімді аппақ... –

десе, тағы бір сөзінде:

Иығым тік сандалдың тірегіндей,
Бет алдым қоңыр қаздың кеудесіндей,
Тал бойым жолбарыстың жүргегіндей, –

деген. Осындағанда мен эпитеттердің өзі көз алдымызға әдемі су-реттерді елестете алады. Осылайша ақындардың «Мен» деген авторлық ұстанымы да байқалады. Өзіне сенбеген ақын айтысқа шықпайды. Сара өз тағдырына қарсы ештеңе жасай алмаса да, айтысып тұрған ақынға оны сездіргісі келмейді. Ал Біржан айтысу үшін Сараны әдейі ізденеп келгендейтін, ол туралы барлық шындықты біліп алған. Сондықтан өзі ізденеп келген қыздың теңіне бара алмай, амалсыз көніп отырғанын айтады.

Шынында, Біржан Сараны, қалайда, жену үшін айтса да, оның тағдырын айту арқылы сол кездегі қоғамды, қыздың руластарын сынаған. Ол кезде ру басшылары – байлар өз қарамағындағы адамдардың тағдырына жауапты, сондықтан Сара оларды Біржанның алдында қанша мақтаса да, қарсылас болып тұрған Біржанның сөздері өтімді болды. Сара ақынның жеңілгенін мойында масқа амалы қалмады.

Бұл айтыс жеке бір адамның ғана емес, қоғамдағы үлкен мәселені шешуге де ықпал ете алатынын айқындайды. Біржан мен Сара айтысының көркемдігі де, қоғамдық маңыздылығы да – осында.

Бүгінде айтыс даму үстінде. Өсіресе, қыз бен жігіт айтыстары тартымды өтуде. Айнұр Тұрсынбаева, Жансая Мусина, Сара Тоқтамысова, т.б. айтыскер қыздар – ақын Сараның өнердегі жалғасы.

Әдебиет теориясы

Айтыс – қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі өнердің бір түрі, ақындардың көркем оймен, тапқыр әрі ұтымды сөз жарыстыруы, сөз майданы. Айтыс ұлттық аспаптың сүйемелдеуімен, ақынның өзі тапқан мақамымен айтылады.



Артық болмас білгенің

Біржан Қожағұлұлы (1834, қазіргі Ақмола облысы, Степняк, Жекей көлінің жағасы – 1897, Степняк қаласы, Жармау бөлімшесі, Қожағұл зираты) – қазақ мәдениетінде сал дәстүрін үстанған көрнекті ақын әрі композитор.

1865 жылы Абай Құнанбайұлымен кездескен. Қожағұл – үлкен атасы, өз әкесінің есімі – Тұрлыбай.

Сара Тастанбекқызы (1853/1878, қазіргі Алматы облысы Ақсу ауданы – 1907/1916, Қапал ауданы Қапал ауылы) – Біржанмен айтысқан, Қапал ауданындағы Абай атындағы ауылда Қарашоқы зиратында ескерткіш орнатылған.

«БІРЖАН МЕН САРА» АЙТЫСЫ¹

Кызы еken Тастанбектің – ақын Сара,
Бейгеден күнде келген жалғыз қара.
Кыз да болса, адамның жүйрігі еken,
Көрмедік сөзді адамда ондай дана.

Кызы еken ақын Сара Тастанбектің,
Жақыны Маман, Толқын, Есімбектің.

¹ Қазақ өнерінің антологиясы. Жиырма бес томдық. Айтыстар. Т. I. – Астана: Құлтегін, 2014. – 398 б.

Сауық қып Садыр – Матай жиылсысып,
Аулына алдырыпты Тұрысбектің.

Аулына Тұрысбектің Сара кепті.
Өлеңді жүндей сабап дүрілдettі.
Сол кезде он жетіде ақын Сара
Жел сөзге адам болмас одан еptі.

Сараның атын білер Арғын, Найман,
Жүйрік шыққан аталық Қаптағайдан.
Баласы Қожағұлдың сері Біржан
Сараны іздеп шықты өлдекайдан.

Елі – Керей, ұраны Алтай – Қарпық,
Қызыққа тірлігінде жүрген батып.
Атасы Алтай – Қарпық, елі – Арғын,
Сауықпен жүрген сері дуылдатып.

Сараны есітіпті Біржан анық,
Бұған да жүрген жігіт өнер дарып.
Құдай берген дәuletті аясын ба,
Шығыпты он бір жігіт жолdas алып.

Серілік Құдай салған мұндай өнер,
Пендеге əр не болса, Тәңірі берер.
Мың жарым жылқысы бар атасының,
Уақыты еken отыз сегіз жасқа келер.

Келеді он бір кісі жолdas алып,
Дулатып түрлі түсті əнге салып.
Ат жіберіп, Сараны алдыртартмыз
Аулына Тұрысбектің жетсек барып.

– Сара да болар – дейді, – сөзге мығым.
Айттысып, Сараменен қылсақ шығын.
Найманның асыранды бұлбұл құсы,
Сараның айттырармын барлық шынын.

Баралық Тұрысбектің ордасына,
Сараның қоямын ба болмасына?!

Он бір кісі жолдасым ертең түсте
Біржанның қарық боларсың олжасына.

Арғыннан артық болды салған әнім,
Найманға, Арғын түгіл, болдым мәлім.
Ән салып тоқсан екі түрлендіріп,
Найманның бір жияйын тірі жанын.

Сара да жетік дейді, сөйлер сөзге,
Найманда аты шыққан осы кезде.
Аузын қарсы келсе аштырмаспын.
Адамға мақтанар ол менен өзге.
Бөденедей қырғи алған жұмарлармын
Құдайым қуат берсе енді бізге.

Әлқисса, Жұсіпбек қожага Сара қыздың Біржанмен айтысқанын қызы-
дың өзі осылай деп бастан-аяқ баян қылған.

Сараның сөзі:

Қызы едім Тастанбектің, атым – Сара,
Ішінен ер Қаптағай шықтым дара.
Он үште домбыра алып, сөз сөйлеп ем,
Келемін бір сүрінбей жалғыз қара.

Қолдай гөр, ер Қаптағай, ата-бабам,
Сөзімді тыңда, құрбым, келсе, шамаң.
Ақсүйек пайғамбардың тұқымы деп,
Сөзімді естірткелі келдім саған.

Тақсыр-ау, күні құрсын ұрғашының,
Билігі болмайды екен бір басының.
Тері-терсек берген соң, ит те алады,
Бұлындей берекесіз арбашының.

Әкемнің төрт түлігі бөрі де сай,
Алты ауыл аруақты үш ағам бай.

Бұландаң асау кердей жүрсем-дағы
Тоқтыдай борышқа кеттім, уа, дариға-ай!

Бұйрықсыз нәсіп етпес зарлағанға,
Тұңғиық сезім терең барлағанға.
Тақсыр-ау, он жетіге биыл шықтым,
Сан жүйрік ілесе алмас самғағанда.

Хан, қара шаршы топта сан сөйледім,
Көз көрмей, бәрі бекер нанбағанға.
Арсалан, сал Ниязбек іздеп келіп,
Шошыған жүгірістен танбағанға.

Сөйледім қаз мойынды жарма-жалмен,
Әкеме ұлдай боп ем біткен малмен.
Аулында Тұрысбектің сөз сөйлестім,
Баласы Қожағұлдың Біржан салмен.

Үйінде отыр едім Тұрысбектің,
Бұл үйге Құдай айдал, дұрыс кеппін.
Қасында жеті-сегіз жат кісі бар,
«Сөйлес», – деп даусы шықты Жұнісбектің.

«Бұл үйде кім бар?» – деді келе сала-ақ.
Отыр ем домбырамды қолыма ала-ақ.
Есімбек, Маман – құттым, ер Шерубай,
Қасына еріп келген өңшең манап.

Кісі еken отыз екі жолаушымен,
Ақ үйдің жабығынан көрсем санап.
«Сүйінші, іздеген қызы осында», – деп,
Біреуін тонап жатыр жаудай талап.
Сырлаған домбырасын қолына алып,
Ән шырқап қоя берді жүндей сабап.

Тұрды атын ұстап біреу шаужайынан,
Сөзінің білдім Біржан ыңғайынан.
Толықсып, төңкөріліп, ән шырқап тұр,
Сүйтсе де, шошымадым айғайынан.

Сонда Біржанның қызды шақырып, айтқан сөзі:

Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.
Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,
Ауылында Тұрысбектің өлер жері!

Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,
Арғынның Алтай – Қарпық ақтанкери,
Барабар сөзі теңдес адам болса,
Көңілімнің тарқаушы еді қайғы-шері,
Қырандай аспандағы желді күнгі,
Дауысымның көтерілер шықса тері.

Суырған жер танабын майталманмын,
Жасымнан маған мағлұм қыз не дері.
Алтын менен күмістің нақысындай,
Міні жоқ, бізден шығар сөз бедері.
Шатыр тік көк майсага, бір тайды сой,
Кешікпей, шықсын үйден болса өнері.

Ақиық мұзбалакпын жерге түспес,
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес.
Басайын аптығынды, тез шық, Сара,
Сен түгіл өкендеймен болдым істес.

Бұл үйде Сара бар ма, отыр неғып?
Қарсы ұшпай, тоты құстай қанат қағып.
Желқабыз, жez тағалы еңреумін,
Қара тер шыққан сайын кетем ағып.

Фаламда мәшіүр болдым өлең жаттап,
Қысқартам адымынды бір-ақ аттап.
Көмейден құйылады қайран сөзім,
Айгайлап ұран салсам «Қарқабаттап».

Сараның сөзі:

Көктемде Тұрысбектің ауылында,
Көруші ем істің жеңіл, ауырын да.

Біржанның төңкерілген әніменен,
Ешкіөлмес ел жиылды бауырында.

Арындал дәуірлейді барған сайын,
Екпіні соққан желдей, көрдім жайын.
«Шырағым, Сара, саған не болды?» – деп,
Есімбек кіріп келді, ағатайым.

«Шырағым, Арғынға орай бар ғой Найман,
Бала едің атағыңды жүртқа жайған.
Кең жерде келістіріп душар болмай,
Қапыда қажы үйінде келді қайдан?

Тартынба енді, балам, – деді қажы, –
Адымың аттан артық шықты тайдан.
Сөзі бұлақ антүрган көрінеді,
Бар еді бір кісідей өлеңге айлаң.

Аптыққан қу Арғынды бір дөңгелет,
Ағаңа осы болсын тиген пайдан.
Өнері ұлдан артық, қарағым-ай,
Тұрайын мен де тілеп бір Құдайдан.

Қажының өлгі сөзі болды себеп,
Қолтықтап көтере гөр, аруақ демеп.
Дулат, Сабыр, Қеншімбай, Сұртай, Жылтыр,
Жанузак, қолда! – дедім, – бәрің жебеп!

Аспаннан бойға тұсті ғайып пірім,
Даусыма жаңғырығар тұрған жерім.
Ән шырқап, ақ ордадан шыға келдім,
Көрген соң аттан тұсті Біржан серің.

Қозғадым қырмызыдан сөзді талдал,
Басында баяуладым Біржанды алдал,
Төрт қызы Тұрысбектің қасыма ерді,
Ақ үйден шыға келдім «Найман шалдал».

Таңданып, жиылған жан қарап тұрды,
Қыз да болсам Біржанға балап тұрды.
Кәмшат бөрік, құлдәрі белбеуі бар,
Көк торғын шапанды адам қарсы жүрді.

Тұрінен мен таныдым, осы – Біржан,
Сандалтып Орта жүзді өнмен қырган.
Сары сұр адам екен, тым өнді емес,
Құбылар тоты құстай өлгі антүрган.

Біржан салдың айтқаны:

Осы ма бұл Матайдың бұлбұл құсы?
Көп іздел, бүгін таптым жазы-қысы.
Әуелі қазақшылап көріселік,
Жарқыным, берірек кел, жасың кіші.

Баласың, – деді, – менен жасың кейін,
Көрінді Біржан салдың сөзі бейім.
«Көрісем, бері кел», – деп, сәнсіп тұрды,
Толғанып үнде медім оған шейін.

Қыз көріспеген соң, Біржанның айтқаны:

Мен – Біржан, қызыга барман аяғымнан,
Шын қызсам, дөуірлеймін баяғымнан.
Бері кел, үргашылық қылма, жаным,
Дөнде мем Наймандағы саяғыңнан.

Найманның болады екен қызы надан,
Үлгісіз қалай халық, түрі жаман.
Ағаға іні келер біздің елде,
Көп боп па, сұрасуға есен-аман?

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Сен түгіл, сенен артық құмар маған.
Жалымнан тұтқан қызда арман қалмас,
Жібек жал арғымақпын тұмарлаған.
Еркек тілін алмайтын жының бар ма?
Адам деп сөз айтамын, Сара, саған.



Сөздік

Ақ жамбы – жамбы әртүрлі пішінде (тай, тайынша, қой тұяғындай) құйылған, салмағы әрқалай ақша орнына жүрген таза, сом алтын; ақ жамбы деген қолданыс алтынның ақ түрі болуымен байланысты қолданылған.

Апшымның құрырылып – 1) есін шығару, құтын қашыру; 2) пейілі тарылды; қытымырланды.

Делбе – арба-шанаға жегілген атты жөнге салып отыратын қайыстан жасалған ұзын бау.

Дүрбілжің – белі жоғалып, мықынымен бірігіп кеткен, белі мен кеудесі, кеудесі бөксерімен тұтасқан адамның пішімі.

Жалғыз қараша – қарапайым деген мағынада.

Желқабыз – түйенің жел тиіп ауырғаны. Айтыста метафора ретінде қолданылған.

Мұзбалақ – алғыр қыран, бес жасар бүркіт

Нақыс – 1) әшекейлі ою-өрнек, нақыш; 2) ерекше мәнер, өзіндік бедер; 3) жергілікті сөз: кішкене бел, асу.

Наркескен – болаттан соғылған екі жұзді алмас қылыш.

Өлеңшін – қасқыр мен иттің, жолбарыстың үрғашысы.

Саңлақ – үшқыр, жүйрік; елден ерек, озат; ерекше.

Шаужайы – аттың шылбыры мен тізгінің түйіскен жері.

Рұ аттары:

Арғын – Орта жұз құрамындағы тайпа.

Керей – қазақ халқын құраған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Шежіре деректері бойынша, Орта жұз құрамындағы Керей тайпасы Абақ Керей, Ашамайлы Керей деген екі бөлімге бөлінеді.

Қаракесек – Орта жұздегі Арғын тайпасының «Бес Мейрам» аталатын рулар бірлестігіне кіреді.

Найман – қазақ халқын құраған Орта жұз құрамындағы ежелгі тайпалардың бірі.



Артық болжас білгенің

Сал мен сері – қазақ мәдениетінде Біржан сал, Ақан сері деп бөліп атайды. Олардың екеуі де – ақын, композитор. Тек олардың бір-бірінен айырмашылығы: өздерін ұстасу мен киім ерекшелігінде. Салдың киімдері ерекше қызылды-жасылды, көзге бірден түсетін түстерден тігілген. Өздерін ерке ұстайды, ауыл шетіне келген кезде, жатып алатын болған. Оларды өнері үшін құрметтеп, көтеріп алғып келетін. Осындай «әдетіне» байланысты сал атанған. Ал сері Еуропа халықтарындағы «рыцарь» деген ұғымға келеді, олар киген киіміне үлкен талаппен қараған. Бірнеше өнердің түрін меңгерген, сән-салтанатымен жүретін болған.



1. Айтысқа жанрлық түрғыдан анықтама беріндер. Айтыстың әр түріне сипаттама беріп, өзіндік ерекшелігін көрсетіндер.
2. Ақындар айтысының ерекшелігі қандай? Қандай айтыскер ақындарды білесіндер?
3. «Біржан – Сара» айтысы айтыстың қай түріне жатады? «Біржан – Сара» айтысының қазақ әдебиетінде ең үздік, көркемдігі жоғары айтыс деп бағалануының сырты неде деп ойлайсындар?
4. Біржанның өзіне дейінгі ақындардан өзгешелігі неде?
5. «Біржан – Сара» айтысына сюжеттік-композициялық талдау жасаңдар.



1. «Біржан – Сара» айтысында кездесетін аң-құс атауларын тауып, оларды не себепті өз сөздеріне қосқанын түсіндіріндер.
2. Айтыстан ақындардың бір-біріне берген бағаларын тауып, сыйбаны толтырындар.

Сараның бейнесі

Сараның өз сөзінде	Біржанның сөзінде

Біржанның бейнесі

Біржанның өз сөзінде	Сараның сөзінде



1. Хрестоматиядан «Біржан – Сара» айтысының жалғасын оқындар. Айтыста кімнің жеңгенін және оның жеңуінің себептерін айтындар.
2. «Біржан – Сара» айтысындағы қос ақынның тіл шеберлігі, көркемдігі, тапқырлығы туралы әңгімелендер.
3. Қазақтың өнші-акындарының дәстүрін жалғастырган Біржан Қожағұлұлы не себепті «Біржан сал» деген атқа ие болды?
4. «Біржан – Сара» айтысымен осы күнгі айтыстарды салыстырындар.
5. Жиенқұл айтыста қалай бейнеленген? Қандай көркемдік тәсіл қолданылған?



1. Айтыскер ақындарға тән қасиеттерді көрсетіңдер.



2. Өздеріне мағынасы түсініксіз сөздердің сөздігін құрастырындар.
3. Айтыстың сюжеттік-композициялық құрылымына талдау жасандар.
4. Көркемдегіш құралдарды тауып, кестені толтырындар.

Көркемдегіш құралдар	Мысалдар
Теңеу	
Эпитет	
Метафора	
Ирония	

5. Біржанның өнші-ақын, айтыс ақыны екенін қалай дәлелдейсіңдер?
6. Біржан мен Сараның айтыстағы іс-әрекеттерін, мінез-құлыштарын сипаттап жазындар.



1. Бүгінгі айтыс өнерінің дәрежесі мен деңгейі қандай?
2. Айтыстың болашағы жайлы өз пікірлерінді айтындар.
3. Айтыста көтерілген қоғамдық-әлеуметтік мәселелер нені аңғартады?
Әйел теңсіздігі туралы айтылған жолдарды табындар.
4. Біржан мен Сара бейнесін берудегі ақындық шеберлікке мән беріп, ерекшелігін түсіндіріңдер.
5. Қазіргі айтыстағы қоғамдық-әлеуметтік мәселелердің көтерілуі тура-лы дебат үйімдастырындар.



1. «Айтыстың тәрбиелік мәні» тақырыбында ток-шоу бағдарламасының жоспарын, сұрақтарын құрып, топта талқылап, бағдарламаны жүргізіңдер.
2. Біржанның мақсаты Сараны кемсіту, төмендету ме? Айтыста сол заманың қандай шындығы көрініп түр?
3. «Біржан – Сара» айтысының өзіне тән қандай ерекшеліктері бар?
4. Бұрынғы айтыстар мен қазіргі айтыстарды салыстыра отырып, үқсас-тықтарына және айырмашылықтарына талдау жасандар.

Бұрынғы айтыста

- Ру атынан сөйлейді
- Дене мүшелеріндегі кемістіктерді айта береді

Қазіргі айтыста

-
.....
.....

5. «Айтыс – сөз барымтасы» деген тақырыпта айтыстың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, өдеби эссе жазындар.
6. Қазіргі айтыстағы қоғамдық-әлеуметтік мәселелер туралы дебат үйімдастырындар.

ДӘУЛЕТІМ

Оразалы:

Енді Ораз ақсыншы,
 Ағын судай аға алса.
 Қөрсін мына Дәүлетім,
 Мінімді бүгін таба алса.
 ...Дулат бабамның тойында,
 Мен осылай сөйлеймін.
 Бұлығып босқа тығылмай,
 Сылдыр судай сүйылмай.
 Өйтпесем, мені кешірмес
 Атам Жамбыл, Сүйінбай.
 Құлан аяңға салайын
 Құлмамбеттен қалған құлындей¹.

Сұрақ: Оразалы Досбосынов (1975–2005) – айтыс ақыны. Ол 2003 жылы Дулат Бабатайұлының 200 жылдығына орай өткізілген айтысқа қатысқан. Берілген үзінді арқылы оның қай ақынмен айтысқанын анықтаңдар, оның Дәүлетім дегені қай ақын?

- | | |
|-------------------------|------------------------|
| a) Дидал Қамиев | c) Дәүлеткерей Қәпүұлы |
| b) Серікзат Дүйсенғазин | d) Шынболат Ділдебаев |



Оқушы күнделігі

«Біржан мен Сара» айтысын оқығаннан кейін қандай әсерде болдындар? Осы айтысты бүгінгі заманмен ңидестіру қажет болса, оны қалай өзгертер едіңдер? Ойларың мен цыныстырынды жазындар.

¹ Қазақ өнерінің антологиясы. 25 томдық. Айтыс. Т. VI. Тәуелсіздік кезеңіндегі айтыс. – Астана: Құлтегін, 2014. 99–100-беттер.



Оқу сауаттылығы

1) Қызы екен Тастанбектің ақын Сара,
Бәйгеден күнде келген жалғыз қара.
Қыз да болса, адамның жүйрігі екен,
Көрмедік сөзді адамда ондай дана...

Сұрақ: Адамның жүйрігі деген қолданыс нені білдіреді?

- a) Тез жүретін адамды айтқаны.
- b) Бәйгеден озып келген деген сөз бар, ягни жылдам адамды айтқаны.
- c) Бәйгеден оза шауып келген дегенді айтқаны.
- d) Ақын Сараның жақсы қасиеттері үшін ерекшелеп айтқаны.

2) – Сара да болар – дейді, – сөзге мығын.

Айтысып, Сараменен қылсақ шығын.
Найманның асыранды бұлбұл құсы,
Сараның айттырармын барлық шынын.

Сұрақ: Адам қалайша асыранды бұлбұл болады? Ақынның бұлай айтуының қандай себебі бар?

- a) Бұлбұл сайдайды, ақын Сараны осы құсқа теңегені.
- b) Ақын Сараға жоғары баға бергені.
- c) Сара – Найманның ақыны, сондықтан бүкіл ел-жүртіның аялап, қадірлекен адамы, соны айтқаны.
- d) Қарсылас ақынды бұлбұлдай сайдатармын дегені.

3) – Өнімді жіберейін он екі звод, – делінген.

Сұрақ: Осы қолданыстағы звод сөзі қалай сөзбен байланысты болуы мүмкін?

- a) орыстан енген взвод сөзі, ол мағынасы өскери бөлімше деген мағынаны білдіреді
- b) завод
- c) ақын өз еркімен қолданған
- d) бір буынды сөз керек болған



Фаламтор

Фаламтордан немесе телеарналардан «Біржан сал» фильмін, Сара Тастанбек-қызына арналған хабарларды тамашалаңдар. Сыныпта фильмнен алған әсерлерің туралы пікірлесу үйымдастырыңдар.

I бөлім бойынша

ТЕСТ

1. XI ғасырға дейінгі түркі тілдес халықтардың қоғамдық ой-санасында орын алған рухани құндылықтарды тұтас қамтыған көркем шығарма.
 - a) «Аяз би»
 - b) «Қобыланды батыр»
 - c) «Алып Ер Тұңға»
 - d) «Құтадғу білік»
2. Жүсіп Баласағұнға «Құтты білік» кітабы үшін берілген атақ.
 - a) Ұлы даныштан
 - b) Бас ұстаз
 - c) Хас хажыб
 - d) Мемлекет қайраткери
3. «Біржан мен Сара» айтысынан алынған үзіндідегі көркемдегіш құралды табындар.

Ақиық мұзбалақпын жерге тұспес,
Кең қолтық аргымақпын алқымы іспес.

 - a) Тенеу
 - b) Эпитет
 - c) Метафора
 - d) Қайталау
4. Тұлғаларды өмір сүрген жылдарымен сәйкестендіріндер.

1. Әл-Фараби	1. 1093–1166
2. Ахмет Ясауи	2. 1675–1768
3. Ақтамберді жырау	3. 870–950
4. Міржақып Дулатұлы	4. 1858–1931
5. Шәкірім Құдайбердіұлы	5. 1885–1935

 - a) 1–3, 2–1, 3–2, 4–5, 5–4
 - b) 1–1, 2–2, 3–3, 4–4, 5–5
 - c) 1–2, 2–1, 3–3, 4–4, 5–1
 - d) 1–5, 2–1, 3–2, 4–3, 5–4
5. Сарамен айтысуға арнайы ізден келген кім?
 - a) Төребай
 - b) Біржан
 - c) Ақан
 - d) Шашубай

6. Қазақтың Нострадамусы деп аталған қай би?

- a) Майқы
- b) Мәңке
- c) Әйтеке
- d) Сырым

7. Тұлғалар мен олардың ерекшеліктерін сәйкестендіріндер.

- | | |
|------------------------|--|
| 1) Сырым Датұлы | a) елші, би, шешен |
| 2) Жұсіп Баласағұн | b) жырау, би, шешен, Абылай ханға қамқоршы |
| 3) Мәңке Тілеуұлы | c) батыр, би, шешен |
| 4) Төле Әлібекұлы | d) хас хажыб |
| 5) Қаз дауысты Қазыбек | e) би, шешен, өулие |
- A) 1a, 2e, 3c, 4d, 5b
B) 1e, 2c, 3d, 4a, 5b
C) 1c, 2d. 3e. 4b. 5a
D) 1b, 2c, 3e, 4d, 5a
E) 1d, 2a, 3c, 4,b 5e

8. Ежелгі және орта ғасыр мұраларын тарихи дәүірлер бойынша сәйкестендіріндер.

- | | |
|------------------------|---|
| 1. «Диуани хикмет» | a) Қараханид дәүірі |
| 2. «Күлтегін» | b) Ислам діні енген кездегі орта ғасырлар
(VIII–X) |
| 3. «Алып Ер Тұңға» | c) Көне түркі дәүірі (VII–VIII) |
| 4. «Құтадғу білік» | d) Б.з.б. VIII–III ғғ. |
| 5. «Қорқыт ата кітабы» | e) Ислам дінін енген орта ғасыр (XII) |
- A) 1a, 2b, 3c, 4d, 5e
B) 1e, 2c, 3d, 4a, 5b
C) 1c, 2a, 3d, 4e, 5b
D) 1d, 2e, 3c, 4d, 5a
E) 1a, 2d, 3c, 4e, 5b

9. Әнет баба қай жылдары өмір сүрген?

- a) 1894–1938 жылдары
- b) 1628–1723 жылдары
- c) 1845–1904 жылдары
- d) 1682–1766 жылдары

10. Тәуке ханының шақыруымен «Жеті жарғыны» жасауға атсалысқан билердің толық тізбесін белгілендер.

- a) Майқы, Әнет, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Мәңке
- b) Әнет, Әйтеке, Төле, Қазыбек
- c) Әйтеке, Төле, Қазыбек
- d) Төле, Әйтеке, Қазыбек, Сырым

II бөлім

ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

Шындық – ақиқат, дұрыстық деген үғымдармен сабактас. Ал ол өмірде орын алған оқиғалармен байланысты айтылғанда, тарихи шындық деңгейіне көтеріледі, сондықтан маңызы жоғары. Ақындар мен жазушылар жеке өздерінің көңіл күйлерін жырлаумен шектелмейді, олар қоғам қайраткерлері ретінде халықтың басынан өткен тарихи оқиғаларды жазады, солайша өздерінің азаматтық үндерін қосады. Тарихи шындықтың үрпақ санасында мәңгілікке сінуін ойлайды, осы мақсатты орындау үшін көркемдікке жүргінеді. Тарихи оқиғаны шынайы жеткізуде шындықты айта отырып, сонымен бірге суреттеулерде жазушылық көркем ойлар да орын алады. Көркем ойлар өр жазушыда өзінше көрінеді. Шығармалар сонысымен дараланады.

НЫСАНБАЙ ЖЫРАУ (1822–1883)

Кенесары – Наурызбай жорығы туралы кейінгі талай ақын түрлі өлең шығарса да, дәл Нысанбай жеткен өріске жеткен емес. Нысанбай жырында оқушының көз алдында ағып отырған қандай қызулы, жанды шындық бар.

(Мұхтар Әуезов)

Нысанбай Жаманқұлұлы – ақын, жырау. Ол қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісте бастан-аяқ болған. Оны жырауларға қосатын екі сипат бар: бірі – ханының қасында жүріп, қажет кезде ақылын да, сынын да айта білуі. Екіншіден, ол – Кенесары ханының кол астындағы жауынгөр. Бірақ сонда да қазақтың көрнекті жазушысы Мұхтар Әуезов Нысанбай мен Бұқар жырауды салыстырып, Бұқар жырау

туралы: «...жырау көбінese кісілігі мол, ойшыл болған. Өрттей өлеңді сөзімен Абылайдың ақылшысы болыш кеткен. Соңдықтан ол әңгімелі өлеңді бойына лайық көрмей, көбінese өсиет есебінде толғау айтып, соны дағды қылған. Бұл жағына келгенде, өз міндегін өбден түсініп, кейінгіге қызықты белгі тастаған Нысанбай», – деген. М.Әуезовтің бұл сөзінде Бұқар жырауға келетін кемдік жоқ, ғалым Нысанбай ақынның жырында тарихи жағдайлардың шынайы баяндалғанын айтқан.

«Кенесары – Наурызбай» жырында Кенесары ханның қазақ халқының тәуелсіздігі үшін отаршыл орыс патша саясатына қарсы шыққаны айтылады, осы мақсатқа жету жолында ол көрші қырғыз халқының да өзіне қосылғанын қалаған. Өз дегені болмай жатқан соң, оларға күш те қолданғаны белгілі. Осындай жағдайды көріп жүрген Нысанбай қазақ жағында болса да, біржақты пікір айтпаған, екі халыққа тең ақын ретінде сейлекен. Қырғызды орынсыз кінөламаған.

Нысанбай жырау жырлаған «Кенесары – Наурызбай» жырының көркемдігі туралы кезінде М.Әуезов, Х.Досмұхамедов, т.б. жазған. М.Әуезов: «Өлендері – ерекше отты келетін соғыс суреттері мен айтыс, талас сөздер», – деп, ерекше мән берген.

Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай» жырынан басқа «Черніевтің Ташкентті алуы», «Құнімжанның оралуы», «Наурызбайдың сауалына жауап» деген толғаулары, Сайдақ қожамен айтысы, т.б. шығармалары бар.

«Кенесары – Наурызбай» жыры туралы. Бұл жыр алғаш рет 1875 жылы С.Жантөрин мен Т.Сейдалиннің аудармасымен «Записки Оренбургского географического общества» журналының 3-бөлімінде басылды. Қазақ тілінде 1912 жылы Қазан қаласындағы университет баспаханасында Жұсіпбек Шайхысламұлы жарыққа шығарған «Қисса-Наурызбай тере Қасымұғлы Қасым Абылайханов» деген атпен жарық көрді. 1923 жылы Халел Досмұхамедұлы Ә.Диваевқа Жұсіпбек Басығарин берген «Кенесары – Наурызбай» нұсқасын Ташкент қаласынан жариялатқан. Халел Досмұхамедұлы осы жырды жарияламас бұрын өбден зерттеген, соңдықтан жырдағы әр кейіпкерге, әр жер-су атауына, оқиғаларға түсінік жазған. Осы нұсқа кейін, яғни 1924 жылы Мәскеуден Нәзір Төреқұловтың алғы сөзімен жарық көрген.

Бұл жыр 1938 жылы торғайлық Қашқынбай Қараевтан да жазып алынды. Жыр Кенесары – Наурызбай көтерілісінің шырқау биігіне жетіп, әлсіреген кезінде, Кенесарының патша әскеріне тойтарыс бере алмай жатқан сәтті суреттеген.

Жыр кейінгі үрпаққа ауызша тараған, сондықтан Жұсіпбек Шайхысламұлы мен Жұсіпбек Басығарин екеуінің жеткізуінде айырмашылық бар. Жұсіпбек Басығарин Кенесары көтерілісіндегі жағдайларға қатысты өз ойын қосқаны байқалады.

Жыр тарихи оқигаға арналған және жырау оны реалистікпен баяндаған. Жанр бойынша, бұл – тарихи жыр. Шығармада соғыстың болған жерлері, Кенесарыны қолдаған, оған ерген батырлар, жағдай – бәрі шынайы суреттелген.

Мұнда батырлық жырдың да өсері байқалады, алайда одан айырмашылығы бар. Батырлық жырға тән сарындар, атап айтқанда, ата-ананың перзентсіздік зарын тартқаны, болашақ батырдың дүниеге келуіне ғажайып күштердің араласуы, оның ерекше өсіп-жетілуі, өскен соң, өзіне қалыңдық іздеуі, алдын ала құда тұсу сарындары «Кенесары – Наурызбайда» жоқ. Бұл тарихи жыр болғандықтан, кейіпкерге көмектесетін ғажайып көмекшілер де жоқ.

Сондай-ақ батырлық жырларда гипербола жиі қолданылды. Ал тарихи жырда ол бәсек.

«Кенесары – Наурызбай» жыры лирикалық сипатта жырланған, яғни кейіпкерлердің көңіл күйін жеткізуде ерекшелік бар. Кенесары хан мен оның бауыры, әрі жауынгері, ең сенімді адамы Наурызбайдың сын сағаттағы көңіл күйін жеткізуі шебер.

Жырдағы тарихи шындық пен көркемдік шешімнің байланысы. Бұл поэма Кенесарының соңғы жорығын шынайы суреттеуімен құнды. Жырдың көркемдік шешімі кейіпкерлердің қалай сомдалуымен байланысты, яғни сол арқылы автордың көзқарасы танылады. Ал бұл шығармада халық батырларының образдары толық сомдалған. Автор қазақ пен қыргызға тең ақын болып сөйлесе де, Кенесары мен Наурызбайдың да бейнелеріне көлеңке түсірмеген, яғни олардың қадір-қасиетін кеміту жоқ. Мәселен,

Наурызбай кірді қамалға
Жанған оттай бүркүлдап.
Көк дөнен ат астында
Ор қояндаі бұлтылдап;
Батырлардың наизасы
Найзагайдай жалтылдап.
Мұнан кірген батырлар
Онан шықты алқындал, –

деп, оны қас батыр кейіпінде суреттелген.

Автор Кенесары мен Наурызбайды айтқан кезде «Бұл сапарда жар болды Хан Абылай бабасы» деп те айтады. Сонымен бірге Наурызбайдың ерлігін көрсетеуде батырлық жырга тән тізбектеліп суреттелген көріністер бар. Бидар өледі. Ал оның баласы Ораздың әйелі Наурызбайдың қолына түсті, осыны кек қылған соң, екі арада тағы соғыс болады. Мұнда да Наурызбай женеді. «Наурызбайдың ерлігін қырғызы, қазақ сөкпеді» дедінген. Демек, осындай көріністерді суреттеуінен шығарманың көркемдік шешімі танылады.

Әдебиет теориясы

Автор (лат. Autor – жаратушы, негізін қалаушы) – өнер туындысын жасаушы, қаламгер. Ол – өзінің туындысы арқылы дара көркемдік тұлғасын танытатын шығармашылық иесі. **Автор бейнесі** шығармада тікелей көрінбейді. Бірақ ол ұсынып отырған көркем туындыдан автор бейнесі сезіліп отырады. Өйткені оның шығармасы өң, мазмұн дарытуда идея мен тілдік-стилистикалық қолданыстары ерекшелейді. Осылайша автор бейнесі шығармада идеялық-стилистикалық тұтас-тандырушы болып шығады. Оның өмірге, қоғамға деген көзқарасы оқырман жүргегіне жетеді.

Авторлық стиль – әр ақын-жазушының ешкімге үқсамайтын, өзін өзгелерден даралайтын көркем шығарма жазудағы ерекшелігі. Стиль – жазушыны басқа қаламгерлерден ерекшелейтін суреткерлік ерекшелігі, тақырып таңдауы, образ сомдауы мен сюжеттерді шебер жымдастыра білуімен дараланады.

Кейіпкер – көркем шығармада суреттелетін оқигаға қатысушы. Оның іс-әрекетінде ол өмір сүретін дәуірдің ерекшеліктері, сипаты жинақты түрде шоғырланады және жеке адам ретінде өзін даралайтын әрекеттері де болады.

Образ – көркем бейне. Образ жанр сипаты мен көркемдік әдістердің таңдалуына қарай сомдалады. Сондықтан жырларда эпикалық образ, лирикалық шығармаларда лирикалық образ, сатиравылық шығармаларда сатиравылық образ, сондай-ақ, көркемдік әдіс бойынша реалистік образ және романтикалық образ деп, т.т. жіктеледі. Образ кейіпкерлерге жүктелген міндет арқылы көрінеді. Демек, образ шығарманың жанрына байланысты және ол кейіпкерлерге жүктелген міндет арқылы көрінеді.



Әртүр қолыас білгенің

Кенесары Қасымұлы (1802, Қекшетау өнірі – 1847, Қырғызстан, Жетіжал жо-
тасының оңтүстік алабындағы Кекілік-Сенгір аңғары) – мемлекет қайраткері, әс-
кері қолбасшы, қазақ халқының 1837–1847 жылдардағы үлт-азаттық қозғалы-
сының көсемі, қазақтың соңғы ханы. Шыңғыс ханның 27-үрпағы, Абылай ханның
немересі.

Ол қазақ халқының Абылай хан заманында қалыптасқан мемлекеттілігін қал-
пына келтіруді мақсат еткен. XIX ғасырдағы Орта Азия халықтарының зердесінде
мәңгі өшпейтін із қалдырды. Оны кенже інісі Наурызбай мен қарындасы Бопай
қолдады. 1847 жылы ол қырғыз жеріне жетіп, өзін Абылай сияқты хан ретінде
тануды талап етті.

Кенесары Қасымұлы қазақ елінің тәуелсіздігі жолында ұлы құрескөр болған.

КЕНЕСАРЫ – НАУРЫЗБАЙ

Дүрі жауһар данасы,
Әркімнің Алла панаы.
Жан біткенге несібе –
Дарияның аққан саласы.
Үйсіздерге үй болған,
Би – отанның ханасы.
Кенесары, Наурызбай –
Абылай хан-ды бабасы,
Әуелгі мекен-тұрағы –
Кекшетаудың даласы.
Жазғы жайлау қонысы –
Ұлытаудың саласы.
Өте залым болмаңыз,
Мұсылманның баласы.
Ақырында олардың
Қырғыздан болды қазасы.

Кенесары ер болды,
Ел ішінде бір болды.

Қашқан, босқын жиылышып,
Өз алдына қол болды.
Жұртқа тиіп кесірі,
Әркімдерге сор болды.
Қарсы келген адамның
Көзінің жасы көл болды.
Ақылменен іс қылмай,
Ақырында қор болды.
Қырғызға барып қырылыш,
Ит пен құсқа жем болды.
Абылай ханның баласы
Асып туған Қасым-ды.
Арғы тегін сұрасаң,
Шынжыр қатар асыл-ды.

Саржан атқа мінген соң,
Төренің бағы ашылды.
Қарсы келген егесіп
Дүшпанның көңілі басылды.

¹ Қазақтың 100 поэмасы. – Алматы: Жазушы, 2013. Т. 1. 25–66-беттер.

Жалғыз Саржан не болар,
Есенгелді қосылды.
Кімге апарып теңейміз
Наурызбай сынды жасынды?!
Кенесары, Наурызбай
Атағы шықты аңқылдал.
Жауды үркітіп, қашырды.

Ақ алмастай жарқылдал,
Зәресін алды дұспанның,
Найзағайдай шартылдал.
Қасына ерген төлеңгіт
Олжаға батты қарқылдал.
Кенесары, Наурызбай
Мұсылманға жан тартты.
Ерегескен дұшпанның
Жылқысын алып, зарлатты.
Азырақ күн бақыты
Жанған оттай қаулапты.
Бір күндері болғанда
Тортөбел атын үрлатты.
Бас себебі сол болып,
Қырғызға қарай жол тартты.
Іргелі жүртқа кез болып,
Батырларды қан тартты.

Көзімен көріп, бұл сөзді
Нысанбай еді жырлаған.
Бар күнәсі қырғыздың –
Жалғыз атты үрлаған.
Атын алған қырғызға
Хан үйінде жынданған.
Ерегеспен бұздырды
Қанайдың тамын сырлаған.
Күмісті садақ, алтын оқ
Кенекең жауға жолықты.
Ақ білегін сыбанған
Балуанды тойға жолықты.

Алыстан тоят көздеген
Ақ сұнқарға жолықты.
Айшылықты бір басқан
Хас тұлпарға жолықты.
Асқындаған пейілінен
Кенекем зорға жолықты.
Некерімен теп-тегіс
Бір ажалға молықты.

Ұсталар алар қолына
Қышқашы мен балғаны.
Тасқан нәрсе төгілер,
Бұл сөздің бар ма жалғаны?
Қырғыздан қорлық көрген соң,
Кененің көп-ті арманы.
Іледен өтіп жөнелді,
Өр Дулатқа барғалы.
Сол Дулатпен қосылып,
Қырғыздан кегін алғалы.
Барып еді, өр Дулат
Барғанын қабыл алмады.
Кене ханның сөзіне
Құлағын да салмады.
Асаулар үзді шідерді,
Сыйламай Дулат жіберді,
Сиынып барған елінен
Кене хан үзді күдерді.
Дегені болмай қалған соң,
Қабағы ханның түнерді.
Күздің күні болған соң,
Қырғызға қарап үдерді.
Қазан айы болғанда
Қатуланды, қаттанды.
Ірікеп алған ерлермен
Хан қамаудан аттанды,
Құз асып қалың Шөңгірден,
Қосшы деген ел жатты.
Қоқилатып қырғыздар,

Қос-қосқа бөліп таратты.
Қалшаны ұстап байлатты,
Хан болып халқын меңгерген.
Қарадан шыққан хан еді
Нашарды зорға теңгерген.
Қалшаға қырғыз баласы
Жалынып қана күн көрген.
Тартуына іркілмей
Отаулатып қызы берген.
Қисайған жыға түзеліп,
Кенениң ісі жөндөлген.
Қоқаннан ауган көп
Дулат, Қарағаштай ел келген.
Мәмбеттің ұлы Байұзақ,
Балқожа, Медеу ер келген.
«Жауың қайда? Мен – жолдас», –
Хан Кенеге дем берген.

Сол елменен күшейіп,
Төрелер жайды қанатты.
Қарағаштай көп жүртты
Хан аузына қаратты.
Аттансын деп көп қосын,
Жүртқа салды санатты.
Сайлап алды ақ алмас,
Тастан қайтпас болатты.
Сегіз мындан кісі боп,
Өңшең байыр манапты.
Бұл сапарда Наурызбай
Таудан үлкен талапты.

Үш қамалды бір бұзып,
Қырғызды жаман талатты.
Қырғыздан түскен олжага
Бір төлеңгіт бармады.
Бұл сапарда қазактан
Біреу олжа алмады.
Көп Дулатты хан Кене

Ақылменен алдады.
«Қызыл тұмсық болсын», – деп,
Олжамен аузын қандады.
Екіншіләй аттанды,
Естіген Дулат қалмады.
Олжаға мырза дегеннен,
Жалғызы қалмай, андады.
Тау суындаи сарқырап,
Байұзақ келді төменнен.
Көңілі бітті айқасып,
Кенесары зеренмен,
Телімдес болып олжага
Наурызбай – асыл беренмен.
Он екі мың өскермен
Тағы аттанды кемерден.
Зенбірегін асырды
Абылай аспас кезеңнен.
Құлақ шындал, көз тұнды,
Ақыл, айла, өнермен
Кенесары, Наурызбай
Атадан асты дегенмен.
Абылай аспас асудан
Асамын деп өрледі.
Оңайлықпен қазақقا
Асуды қырғыз бермеді.
Әр жерлерден құралып,
Қырғыздың қолы кернеді.
Бесінге дейін атысып,
Қазақтың әлі келмеді.

Қарабалта, Соқылық
Аңғарынан шаң асты.
Қырғыз-қазақ екі жар,
Ескі жолға таласты.
Сол уақытта хан Кене
Амалынан адасты.
Қырғызды айдал шыға алмай,
Батырлар сонда бір састы.

Үйінде еркек қалдырмай,
Қырғыз да шыққан айдатып.
Соғысты қылды қазақпен,
Төсkeletalде атты ойнатып.
Қызықсын деп асуға,
Қазына төкті жайнатып.
Асуға текті тайғақ қып,
Қазанға суды қайнатып.
Абылай аспас асудан
Асамын деп өктеді.
Асуын тастап қырғыз да,
Бас қамын қып кетпеді.
Ойдан атқан зеңбірек
Тау басына жетпеді.
Жесір менен мал алып,
Бұл сапар олжа етпеді.

Сол уақытта хан Қене
Жар етті Жаппар иені.
Аза болып сол жерде,
Алдырды екі түйені.
Шөгеріп салып, түйеге
Зеңбірегін сүйеді.
Тұрғызып қойып атса да,
Сонда да тауға тимеді.

Атасы өткен Абылай,
Тілеуді берген бір Құдай.
Былтырдан алған басшысы –
Шапырашты Бұғыбай.
«Бұғыбай басшы қайда?» – деп,
Шақырып алды Наурызбай!
– Өй, Бұғыбай, Бұғыбай,
Корлық болды бұ қалай?
Жол таба алмай қамалдық,
Амал тапшы бұған-ай!
Былтыр өзің келгеннен
Ханның алдың жарлығын.
Тар жол, тайғақ кешуде

Қолдың алдың жабдығын.
Бір ізінен жүргіздің
Үш алаштың барлығын.
Жалғыз жолдан аса алмай,
Тастың тарттым зарлығын.
Бұл сапар алдым ашылмас,
Дүниенің шектім тарлығын.
Сасқан жерде жол тауып,
Білінуші еді нарлығын.
Осы бүгін, Бұғыбай,
Қырғыздың көрдім қорлығын,
Алатаудан аса алмай,
Қазақ жолы байланды,
Бес күн ұдай атысып,
Түгесіп келдім айламды.
Осындайда болмаса,
Көремін қашан пайданды?
Осы бүгін күн батпай,
Көрсетші қанат жайғанды.
Тау басында қырғызға
Бір тигізші наизамды.
Айналайын Бұғыбай,
Аралатшы майданды!

Бұғыбай сонда сейлейді:
– Қысылып тұр-ау жанымыз,
Тау басына жете алмай,
Болмады, сірә, сөніміз.
Жауынды шаншып беруге
Келмейді, Науан, өліміз.
«Жол тап» – деген сөзінен
Төгіле қалмас арымыз.
Көп кешікпей, Науанжан,
Ханға таман барыңыз.
Баруға көңілің тілесе,
Ханнан жарлық алыңыз.
Томагамды сыпырып,
Қамау тасқа салыңыз.

Мұны естіп Наурызбай,
Алдына барды Қененің –
Түсі суық тартқанда
Төрт қырланған жебенің,
Ажал оғы келгенде
Қорғаны болмас көбенің.
Қолына толды қырғыздың
Басы тау мен төбенің.
Рұқсат берсең, Қенеке,
Барайын соған деп едім.
Салатұғын алдыма
Бұғыбай басшы ер еді.
Әдіре қалғыр Алатау,
Асуға қыын жер еді.
Қамалын барып бұзайын,
Кенеке, жауап бер, – дейді, –
Отыз жігіт сайланып,
Қасыма менің ер, – дейді, –
Тау басына барған соң,
Ойынымды көр, – дейді.
Кене хан сонда сөйлейді: –
Дүшпаннан бітсін ар, – дейді. –
Қолдағы өңшең батырдан
Іріктең бөрін ал, – дейді. –
Қөнілің шапса, Науанжан,
Ертерек сонда бар, – дейді. –
Екі-үш жүздей кісімен
Ойынды барып сал, – дейді.

Наурызбай тағы сөйледі:
– Алладан жәрдем күтейін,
Ата-бабам жар болса,
Бір мұратқа жетейін.
Былтырғы қылған азасын
Қырғыздың бүгін етейін.
Екі-үш жұз кісі көбірек,
Онша алып, тақсыр, не етейін.
Әскерден отыз батырды

Іріктең алып кетейін.
Тәңірі қосса, қырғызға
Бір тамаша етейін.
Қиын жерде хандарға
Болады сүйеу қараши.
Қысылған жерде әркімнің
Тәңірім болсын панасы.
Көп кісі қаптай шабуга
Арқаның бар ма даласы?!

– Мақұл, – дейді хан Кене
Наурызбайдың сезіне.
Сол уақытта Науанның
Жан көрінбес көзіне.
Иесі тілек қылған сон,
Береді рұқсат өзіне.
Қайтармады меселін
Үмтұлып тұрған кезіне.
Қауырсынды, қанатты,
Таудан үлкен талапты,
Ер көнілді, қалма! – деп,
Жұртқа салды санатты.
Қалың қолдан саралап,
Алады өңкей манапты,
Ерегескен соғыста
Тастан қайтпас болатты.
Тауға қарсы түйлікті,
Сұңқардай жиып қанатты
Отыз жігіт жөнелді –
Тәмам қолдың беглері.
Бұғыбайды басшы ғып,
Қиын жолды көргелі;
Тау басында қырғыздың
Жазасын барып бергелі;
Қамалын бұзып, жол салып
Бейітін ашып келгелі.
Жаз жайлауы сары дала,

Қыс қыстауы Қарғалы.
Наурызбай кетті бөлініп,
Тау басына барғалы;
Қамалып түрган қырғызға
Бір бұлікті салғалы.
Кенесары бастығы,
Төменде тұрып қалғаны.
Талап етіп ұрынды
Жаңадан бір жол салғалы.
Сауысқанның аласы,
Ағынан көп қарасы.
Кене хан сонда сөйлейді
Абылай ханның баласы:
– Қол көрінбес шаң болды
Алатаудың арасы.
Қарағаштай көп қазақ,
Ханға болдың қарашы.
Ойда қоқан, қырда орыс,
Хакім болды қаласы.
Кімнен таяқ жегендей
Біздің қазақ баласы!
Алдырып жүрген дүшпанға
Ауызының аласы.
Дін мұсылман әлеумет
Бірге мінсе кемеге,
Үш алаштың баласы
Тізгінің берсе Кенеге,
Ер басына аяқтай
Тас көтерсек жебеге,
Тау басына шығатын
Жол салмасқа немене?!

Байұзақ датқа түйсініп,
Бұл жауаптың тегіне,
Айтайын деп бір сөзді,
Жетіп барды қөбіне.
Ханның көңілі соғады
Таудан бір жол саларға.
Бір талапқа бет қойды

Тау басына баралға,
Бекініп жатқан қырғызың
Қамалың бұзып аларға.
Ұят шығар төреден
Бөлініп біздер қаларға.

«Әйтелік» деп Байұзақ,
Қамшы басты бекерге.
Таудан жолды салайық,
Жабыл! – деді нөкерге.
Аттан түсіп алдымен,
Өзі бір тасты көтерді.
Басшы болды Байұзақ
Бір қайратты етерге.
Байұзақ аттан түскен соң,
Қасына түсті ханымыз.
Ханымыз аттан түскен соң,
Төгілер болды арымыз.
Бұзбасақ та ол тауды,
Түсе қалдық бәріміз.
Жабырласып қол қойдық
Жасымыз бер көріміз.
Сол уақытта қарасақ,
Тау басынан шу шықты.
Қаптаған қара тұмандай
Мұнарланып бу шықты.
Бу десек, – мылтық түтіні,
Отыз көкжал бәрімен
Наурызбай төре сол шықты.
Бір кезеңге таластық,
Жау жоғары, біз тәмен.
Жеткен екен қамалға
Наурызбай атты сүр берен.
Қарқарадай астында
Байұзақ берген көк дөнен.
Құн шығыс жаудың шетінен
Қамалға кірді көлденең.
Ор қояндай бұлтиған
Көк дөнен ат астында.

Камзол ішік құнтиған,
Ақ орамал басында.
Көрүгліға бергісіз
Отыз көкжал қасында.
Сол уақытта Наурызбай
Жиырма бес жасында.
Хан Қене мұны көрген соң,

Қалмады сабыр, қарапы.
Қыын болды батырға
Таудан шығып барапы.
Наурызбайды көрген соң,
Өлімнен кетті хабары
Түтеген мылтық ішіне
Көзінің кірді жанары...



СӘЗДІК

Абылай аспас асу – бұл тіркестің шығуы туралы бірнеше болжам бар. Абылай хан аспайтын асу, баспайтын бел, алмайтын қамал, жеңбейтін жау жоқ дегеннің кері мағынадағы метафоралық баламасы. Яғни оның қазақтың даңқты ханы болғандығын білдіретін аллегориялық формула іспеттес ұғым. Фольклорлық дәстурде хан Абылайдың жорықтарда талай тайғақ асудан төте жол тапқан, асау өзеннен көпір салғызып, ауыр қол өткізіп, жауды ту сыртынан тұтқылдан соғып, жеңіске жеткені айтылады. Сонда «Абылай аспас сары бел» (немесе «Абылай аспас асу») адам баласының құдіреті де, әлеуеті де, мүмкіншілігі де жетпейтін тіршіліктері небір қыыншылықтың ең жоғарғы шегі бар екендігін айғақтайтын метафора болып шығады.

Сондай-ақ, Мәшіүр Жұсіп Көпейұлының қолжазбаларында «Абылай аспас сары бел» туралы аңыздың бірнеше нұсқасы бар.

Жыға – патшалар мен хандардың соғыста киетін баскиімі.

Зерен – 1) қымыз құятын сәнді, сырлы тостаған; 2) таулы жерде болатын киік тектес аң.

Көбе – 1) тырнақтың айналасындағы жиек еті; 2) бүкіл кеудені қорғау үшін тырнақ көбесіне ұқсас қола не мыс, кейде алтын мен күміс табақшаларды қатпарлап тізіп немесе металл шынжыларды біріктіріп, көйлек тәріздес етіп жасаған қорғаныш киім.

Кіреуке – жаугершілкте жорыққа киетін жейде түрінде дөңгелек шығыршықтары өрілген торлы темір сауыт.

Томаға – 1) қыран құсттың басына көзін бастыра кигізіп қоятын былғары қап; 2) тұйық, көп сейлемейтін адам.

Адам аттары:

Абылай, шын есімі – Әбілмансұр (1711–1781) – Қазақ хандығының 18-ханы. Ол 1771 жылы Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи зиратының басында дәстүр бойынша хан болып сайланды.

Ағыбай – Шұбыртпалы Ағыбай (1802, Ұлытау өнірі – 1885, Балқаш көлінің жағасы, Тасарал қамалы) – Кенесары Қасымұлының Ресей отаршылдығына қарсы көтеріліс басшыларының бірі, қолбасшы. Жорықта жолы болғыштығы үшін оны «Ақжолтай батыр» деп атаған.

Ержан – Саржанның інісі, яғни Абылай ханның баласы Қасым сұлтанның ұлы.

Көрүғұлы – түркі халықтарына ортақ образ, «Көрүғұлы» жырының бас кейіпкері.

Наурызбай (1822, Қекшетау өнірі – 1847, Қырғызстан, Кекілік тауы, Майтөбе мекені) – Қасым сұлтанның екінші әйелінен туған. Абылай ханның немересі, Кенесарының туған інісі. 1847 жылдың ағасы Кенесары тұтқынға түскенде, қасына өз еркімен барып, қырғыз манаптарының қолынан қаза тапқан. Оның көркем бейнесі Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай» жырында, М.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасында сомдалған.

Саржан Қасымұлы (туған жылдың белгісіз – 1836) – қазақ халқының 1825–1836 жылдары болған ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі, Абылай ханның немересі. Орта жүзде хандық биліктің жойылуына (1822) тақ мұрагері Ғұбайдолла Уәлиұлы және әкесі Қасым сұлтанмен бірге қарсылық танытып, Ресей өкіметі тарапынан ашылған округтерді жойып, хандық билікті қалпына келтіруді талап етті. 1836 жылдың жазында Қоқан билеушілері Саржанды інілері Ержан, Есенгелділермен бірге зұлымдықпен өлтірді. Оның бастаған ісін інісі Кенесары жалғастырды.

Ру аттары:

Дулат, Шапырашты – Ұлы жұз құрамындағы ру аттары.



- Нысанбай жыраудың қазақ әдебиетіндегі орны туралы не айта аласындар?
- Нысанбай жыраудың әдебиет тарихына қандай мұраларымен енгенін айтындар.
- Кенесары мен Наурызбайдың қазақ тарихындағы орны қандай?
- Жыр неге «Кенесары – Наурызбай» деп аталады?
- Нысанбай жырау көтеріліске қатысқан ба?
- Жырдың композициялық жүйесіне талдау жасандар.

Оқиғаның басталуы	Оқиғаның дамуы	Оқиғаның шиеленісуі	Оқиғаның шарықтау шегі	Оқиғаның шешімі



- Тарихи жырлардың ерекшелігіне сипаттама беріңдер.
- «Кенесары – Наурызбай» жырының тарихи жыр екенін дәлелдендер.
- «Кенесары – Наурызбай» жырындағы батырлар бейнесі туралы жыр мәтініне сүйене отырып мазмұндаңдар.
- Жыраудың бұл жырды айтудағы мақсаты қандай?
- «СӘӘТ» өдісі бойынша жырдан сол қылыш замандағы халықтың халахуалына байланысты жағдайларды үш сөйлемнен жазып көрсетіңдер.

Саяси	Экономикалық
1. _____	1. _____
2. _____	2. _____
3. _____	3. _____
Өлеуметтік	Технологиялық
1. _____	1. _____
2. _____	2. _____
3. _____	3. _____



- Хрестоматиядан «Кенесары – Наурызбай» жырының жалғасын оқып, жырдың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтаңдар.
- Жырда қазақ қоғамындағы өлеуметтік қайшылықтар қандай мысалдардан көрінеді? Жырдағы Наурызбайдың жеке ерліктерін жыр шумактарынан тауып оқындар.
- Жырда кездесетін көнерген сөздердің (дүрі, қышқашы, берен, санатты, манатты, т.б.) мағынасын түсіндірме сөздіктен тауып, зерттеу жұмысымен айналысындар.
- Жырдан Кенесары мен Наурызбайдың ел қоргаудағы өкініші, мұны, ерлік істері суретtelінетін көріністерді тауып, сызбаны толтырындар.

Ерлік істері	Женілістері	Мұң мен зары	Өксігі мен өкініші






- Жырдағы композициялық амалдарға талдау жасаңдар.

Композициялық жоспар	Жанрлық ерекшелігі	Суреттеу тәсілі
1.	1.	1.
2.	2.	2.
3.	3.	3.

2. Жырдың басты мәселелерін «Қашан? Қайда? Қандай?» деген сұрақтар бойынша сыйбаны толтырындар.

Жырдағы оқиға қашан болды?	
Оқиға қай жерлерде болды?	
Жырда қандай мәселелер көтеріліп, сонымен аяқталды?	

3. Жырдың көркемдік ерекшеліктері құбылту мен айшықтаудың түрлеріне және жыр құрылышына (үйқас, буын, ыргак, шумак) талдау жасап, автор стиліне баға беріндер.
4. Жырдағы адам есімдеріне, ру атауларына, жер-су атауларына талдау жасаңдар.
5. Жырдағы басты кейіпкерлер Қенесары мен Наурызбай образдарына сипаттама беріндер.



1. Жырдан жыраудың өділ де ащы шындықты айтқан сөздерін тауып, олардың мағынасын түсіндіріндер.
2. Жырдағы Қенесары көтерілісінің соңғы кезеңдерін тарихи негізге сүйене отырып, дәлелдендер.

3. *Өтө залым болмаңыз,
Мұсылмандың баласы.
Ақырында олардың,
Қыргыздан болды қазасы, – деген жолдардан реалистік шындық қалай көрінеді? Жыраудың тарихи оқиғаларға көзқарасын заманауи түрғыдан салыстырып, жаңашылдығына баға беріндер.*
4. Батырлық жырлар мен тарихи жырларды салыстырындар.

Жанрлар	Үқастықтары	Айырмашылықтары
Батырлық жырлар		
Тарихи жырлар		



1. Жырдың идеясын ғаламдық түрғыдан талдап, «Кенесары мен Наурызбай» жырының қазақ тарихындағы орны» тақырыбында әдеби эссе жазындар.
2. Жырау қазақтың соңғы ханын немесе жеңіліс тапқан көтерілісті жырлағысы келді ме? Осы сұрақтар жөнінде жырды қазақ әдебиетіндегі Кенесары бейнесі суретtelген шығармалармен және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазындар.

3. *Кене ханның тұсында
Қарт бурадай жарадық,
Жауган қардай борадық.
Абылайлап ат қойып,
Дүшпаның алдын орадық.
Кене хан жазым болған соң,
Бет-бетімен тарадық, –*

дегендегі жыраудың негізгі айтар ойы не? Пікірлерінді дәптерлерінде жазындар.

4. Салыстырындар:

Қандай? Не істеді?	<ul style="list-style-type: none"> • Тарихтағы Кенесары хан
Қандай? Не істеді?	<ul style="list-style-type: none"> • Көркем шығармадағы Кенесары хан



Артық бөлімас білгенің

«Хан Кене» – Мұхтар Әуезовтің пьесасы. Қазақ халқының күрделі де, қын трагедиялық кезеңін суреттеген шығармада 22 кейіпкер ғана бар. Пьеса бес перделі, қырық жеті көріністен тұрады. Драма композицияға, характерге, психологиязмге толы.

«Хан Кене» пьесасы 1920 жылдың соңына қарай жазылды, көп қындықпен 1934 жылы сахнаға шыққанымен, бірден тыйым салынды. Тек 1981 жылы жарық көрді.



Оқу сауаттылығы

1) «Кенесары – Наурызбай» жырында:

Шақырып алды Наурызбай!

– Әй, Бұғыбай, Бұғыбай,

Қорлық болды бұ қалай?

Жол таба алмай қамалдық,

Амал тапшы бұған-ай!

Былтыр өзің келгеннен

Ханның алдың жарлығын.

Тар жол, тайғақ кешуде

Қолдың алдың жабдығын.

Бір ізіңнен жүргіздің

Үш алаштың барлығын.

Жалғыз жолдан аса алмай,

Сұрақ: Үзіндіде айтылған «Тар жол, тайғақ кешу» деген не?

a) Тура мағынада айтылған

b) Қын кезеңді айту

c) Дыбыс ұндастігін пайдаланған

d) Жол жүру қын дегені сөз

2) Жеткен екен қамалға

Наурызбай атты сұр берен.

Қарқарадай астында

Байұзақ берген көк дөнен.

Сұрақ: Қарқарадай дөнен ат деген қандай сипатты білдіреді?

a) Қарқарадай деген сөз теңеу, сондықтан қарқарага теңеген, яғни жас өйелдердің, қыздардың тәбесі биік, шошақтау келген бас киіміне теңеген.

- b) Қоқиған деген мағынада айтылған.
c) Қөрер көзге көрнекті, еңсесі биік төрт жасар атты айтқаны.
d) Дөнен деген төрт жастағы мал, сондықтан ол кішкене денелі болуы керек.
- 3) Он екі самқал, жұз мылтық,
Кенекем келген секілді.
Кенекем келіп қосылды,
Кім тұрар оның бетінде?!
- Сұрақ:* Кенесары ханның алып келген он екі самқалы нені білдіреді?
- a) Жауынгер болуы мүмкін
b) Ат алып келуі мүмкін
c) Жұз мылтық деген сөзге мән бергенде, самқалдың қару екені белгілі болады. Самқал – алысқа ататын ауыр мылтықтың түрі.
d) Тұтқын алып келуі мүмкін.



Оқушы қынделігі

Нысанбай жыраумен кездесу мүмкіндігі болса, оған қандай сұрақ қояр едіңдер? Бұғаңға үрпақ үшін «Кенесары – Наурызбай» жырының маңызы қандаі? Өз ойларынды жазыңдар.



Фаламтор

Фаламтордан «Skif» студиясы түсірген «Kenesary Khan» («Кенесары хан») атты фильмді тауып, қараңдар.

КЕНЕСАРЫ ХАН БЕЙНЕСІ ХАЛЫҚ ЖАДЫНДА

Жазушы, драматург Думан Рамазанның «Кенесары – Құнімжан» пьесасында Кенесары бейнесінде – Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музикалық драма театрының актері, ҚР еңбек сінірген қайраткері Сырым Қашқабаев. Қоюшы режиссері: Болат Ұзақов





МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ (1804–1846)

Махамбет – халық көтерілісін бастаушы ғана емес, өзінің өткір сөз, жалынды жырымен қалың көпшілікке рух себуші, ерлік құрескеге үндеуші ақын.

(Академик Қажым Жұмалиев)

Махамбет Өтемісұлы – қазақтың көрнекті ақыны, Исатай Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті үйымдастырушылардың бірі. Ол – бұқара халықты Ресей патша өкіметіне, оның жергілікті өкілдері – хан-сұлтандарға ашық қарсы қуреске шақырган алғашқы қазақ ақыны. Өзі Исатай батырмен үзенгілес, идеялас болған соң, батырдың бейнесін шынайы суреттеген. Оның адамшылығы, тапқырлығы, қайсаrlығы сипатталған.

Махамбет Өтемісұлының поэзиясындағы ерекшелік – лирика. Ал жанрлық түрғыдан алғанда, ақынның шығармалары – негізінен, толғаулар мен термелер. Оның өлеңдерінде отаншылдық, оптимизм басым. Ал серігі Исатай шейіт болғанда, жоқтау шығарған. Осыдан кейінгі өлеңдеріне элегиялыш сарын енді. «Абайламай, айырылдым», «Нарын», т.б. өлеңдерінде осы сипат бар.

Әйткені:

Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде,
Еңіреп жүрген ер едім..
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім.
Қай қазақтан кем едім,
Бір қазақпен тең едім, –

деп, Исатаймен достығының қадірін жеткізген.

Махамбеттің тағдыры Бұқар жыраудан басқаша. Дегенмен, Махамбетте – жырау. Бұқар жырауды Абылай хан қасына ақылшы ретінде ұстап, оны бағаласа, Махамбеттің Жәңгір хан мен Баймағамбет сұлтанға қарсы-

лығы ашық көтеріліске ұласты. Қеңес кезінде Жәңгір хан тере түқымы ретінде біржақты түрде жағымсыз сипатта насихатталды. Ал Махамбет ақынның өлеңдері сол замандағы патшалық Ресейдің қазаққа жасаған қысымшылығына және патшалыққа қызмет еткендерге, соның ішінде Жәңгір хан мен оның айналасындағыларға да қарсылық деп бағаланады. Сондықтан Махамбет – ақын, бірақ жыраулықтың белгілері де бар. Бұл оның көтеріліс басшысы болуымен байланысты.

Махамбет поэзиясын оқи отырып, оның өміріндегі елеулі әр жағдайдан хабар алуға болады. Жәңгір ханға, кейін Баймағамбетке айтқаны, өздеріне ерген қолды рухтандырғаны, Исадайдан айырылғаннан кейінгі өлеңі – бәрінің шығу тарихы бар.

Махамбет Өтемісұлы шығармаларының жариялануы. Ақынның өлеңі алғаш 1908 жылы Қазан қаласынан «Мұрат ақынның Fұмарқазы оғлына айтқаны» деп аталған жинақта жарық көрген. Сонын 1910–1912 жылдары Орынборда «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары» деген жинақта «Исадайдың үндесі Махамбет жыраудың сөзі» деп берілген. Содан кейінгі жарық көруі 1925 жыл, оны Халел Досмұхамедұлы Ташкент қаласынан «Исадай – Махамбет» деген атпен жинақ түрінде жариялады. Халел Досмұхамедұлы – Махамбеттің өмір жолы мен шығармашылығын алғаш зерттеген ғалым. Халел Досмұхамедұлы бұл көтерілістің маңызын түсінгендейктен, Ығылман Шөрекұлына «Исадай – Махамбет» атты поэма жаздырып, жарыққа шығарды. Осылайша махамбеттану саласы басталған.

Махамбет Өтемісұлының күйлері де бар. Бұғінгі күнде оның он күйі белгілі. Атап айтқанда, «Шілтерлі терезе», «Исадайдың актабаны-ай», «Жайық асу», «Қыыл қырғыны», «Жұмыр, Қылыш», «Қайран, Нарын», «Өкініш», «Жауға шапқан», «Арысымнан айрылдым», «Жорық». Бұл күйлердің атауларының өзі жорыққа қатысты екенін айғақтайты. Ал «Жұмыр, Қылыш» деген күй Жұмыр және Қылыш есімді батырларға арналған. Демек, Махамбеттің бүкіл шығармашылығы өздері бастаған күрестің тарихын жеткізуге, түсінуге көмектеседі.

Махамбет Өтемісұлының поэзиясындағы көркемдік ерекшеліктер. Ақынның өлеңдерінен, ең алдымен, оның өзінің бейнесін және Исадай батырдың өршіл рухын көре аламыз.

Ақынға шұбыртпалы үйқас тиімді болған. Үйқастың бұл түрінде өлеңнің барлық жолы дерлік үйқасады, тек бір-екі жолы ғана бұдан сырт қалуы мүмкін. Мысалы:

Ереулі атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,

Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебіңгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып, жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық, шөл көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Тұн қатып жүріп, тұс қашпай,
Тебіңгі теріс тағынбай,
Темірқазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?!

«Осы үзіндіде 19 жол бар, бәрі бір-ақ шумак. Соның ішінде үйқассызы тек екі-ақ жол. Басқаларының үйқастары бірдей болып келген», – деп жазған академик Қажым Жұмалиев.

Еспе қайталаудың көрнекті үлгісі ретінде ғалым:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Ел қорыған мен едім,
Мен де айырылдым елімнен,
Көл қорыған сен едің,
Сен де айырылдың көліңнен, –

деген өлеңін алға тартқан. Ал:

Мұнар да, мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн,
Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атан шөккен күн,
Бұлықсып жүрген ерлерден
Бұрынғы бақыт тайған күн, –

деген өлеңі эпифораның нақты мысалы бола алады.

Эпифора дегеніміз – өлеңнің әсерін күшейту үшін белгілі бір сөздің, сөз тіркесінің жолдың тармақ соңында қайталануы.

Орай да, борай қар жауса,
Қалыңға боран борар ма?
Қаптай соққан боранда
Қаптама киген тоңар ма?.. –

дегені риторикалық сұраудың үлгісі. Риторикалық сұрау жауапты керек етпейді, яғни Махамбет ақын ешкімнің жауабын қутіп тұрған жоқ, оның сөзі тыңдаған адамға да, мұны оқыған адамға да түсінікті болып тұрады.

«Орай да борай қар жауса,
Қалыңға боран борар ма?» – Борамайды.
«Қаптай соққан боранда
Қаптама киген тоңар ма?» – Тоңбайды. Осылайша Махамбет өз ойын кім-кімге де жеткізе біледі.

Ассонанс та ұтымды қолданылған. Мысалы:

Елбең-елбең жұғірген,
Ебелек отқа семірген,
Арғымақтан туған асылды
Баптап мінер күн қайда?!

Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен,
Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен,
Атқанда қардай боратқан,
Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан!

Арыстан еді-ау, Исадай!
Бұл пәнидің жүзінде
Арыстан одан кім өткен?!

Ал осы үзіндінің соңғы жеті жолында кейіптеудің барлық түрі – метафора, метонимия, теңеу, эпитет – бәрі араласып, бір-бірімен байланысқа-нын көрге болады.

Таудай болған талаптың
Назары қайтқан күн болған...
Телегей-теніз шалқыған

Қоғалы көлдер суалып
Тізеге жетер-жетпес күн болған.
Жапанға біткен бәйтерек
Жапырағынан айырылып,
Қу түбір болған күн болған...
Исатайдан айырылып,
Алқалай келген кеңесте
Дем құрыған күн болды, –

дегенінде литота, көтерілісшілер тап болған жағдайды суреттеуде өмірде кездесетін өр нәрсені кішірейтіп көрсету өдісі қолданылған. Өйткені Исатай шейіт болған соң, айналадағының бәрі өз деңгейінде болмай қалды. Ақын соны бейнелі түрде жеткізген.

Исатайдан айырылған соң, Махамбет өлеңдерінде әлегиялық сипат пайда болды. Ол сары уайымға салынған жоқ. Қайраткерлік танытып, алға үмтүлүшүшілік – Махамбет өлеңіне тән қасиет. Сондықтан оның өлеңдерінде прогрессивті романтизм басым.

МАХАМБЕТТІҢ БАЙМАҒАМБЕТ СҮЛТАНҒА АЙТҚАНЫ¹

I

Алайма, сұлтан, алайма,
Астыма мінген арғымақ
Аяңдай түсіп марай ма?
Арғымақ дейтін жығылғыр
Найза бойы жар келсе,
Жабыдайын жалтаңдал,
Түсер жерін қарай ма?!

Арғымақ атқа алтыннан таға қақтырса,
Кілегей қатқан көкше мұз
Ол көкше мұздан таяр ма?!

Атанаң ұлы асылға,
Малыңды бер де, басын қос,
Басыңа тарлық іс түссе,
Ол ардақтаған өділ жаннан аяр ма?!

¹ Отемісұлы Махамбет. Шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. 1-том. Өлеңдері мен қүйлөрі / Құраст.: Ахметов З., Егеубаев А., Раев К. – Алматы: «Фылым» ғылыми баспа орталығы, 2003, 96–103-беттер. Толғау 14 тараудан тұрады.

II

Мен бір енеден бір едім,
Күндердің күні болғанда,
Бір енеден екі едім.
Екеуіміз бірге жүргенде,
Үәдеге берік едім.
Бір енеден үш едік,
Үшеуіміз жүргенде,
Толып жатқан күш едік.
Бір енеден бес едік,
Бесеуіміз жүргенде,
Алашқа болман деуші едік.
Өтемістен туған он едік,
Онымыз атқа мінгенде,
Жер қайысқан қол едік.

III

Еділді көріп еңсеген,
Жайықты көріп жемсеген,
Таудағы тарлан шұбар біз едік.
Исатайдың барында,
Қара қазан, сары бала
Қамы үшін қылыш сермедік.
Шабыттымыз келгенде,
Аузы түкті көуірдің,
Шетінен сүйреп жеп едік.
Баста дәурен тұрғанда,
Біздер-дағы, Байеке,
Оза көшіп, кең жайлап,
Еркіннен еркін жатқан ел едік.

IV

Еділ үшін егестік,
Жайық үшін жандастық,
Қигаш үшін қырылдық,



Тептер үшін тебістік.
Тендікті, малды бермедік,
Тендіксіз малға көнбедік.
Со секілді асқан қайраттан
Ойлаши, көні, не таптық?!

V

Ханның кірген ақ орда,
Бұзын ойлап кеңестік.
Аламанға жел бердік,
Аса жұртты менгердік.
Қара қазақ баласын
Хан ұлына теңгердік.
Өздеріңдей хандарды
Қабыргасын сөгілтіп,
Қабыргадан аққан қан
Ат бауырына төгілтіп,
Фәділ жаннан түңілтіп,
Ат артына өңгердік.
Құндердің күні болғанда,
Со секілді қайраттан,
Ойласандар, не көрдің?!

VI

Кешегі Исатайдың барында,
Алақандай Нарында,
Бастаушы едім құлаштай.
Жәбір беріп, жала етсең,
Былғанған басым ыласқа-ай,
Мен бір шарға ұстаған
Қара балта едім,
Шабуын таппай кетілдім,
Қайраса, тағы жетілдім.
Көрмес, келмес деп едім,
Өз еркімен бетімді-ай,
Есігіңнің алдына

Үрмай-соқпай келтірген,
Арманың бар ма Құдайға
Мынау Махамбет сынды жетімді-ай!!!

VII

Ханнан кегім ала алмай,
Арқаның алпыс екі саласына барғанда,
Айдаһардай арбадың,
Арбадың да қалмадың.
Қайрат қылар ерің біз болсақ,
Заманымда болған, сұлтаным,
Бізді жіпсіз байладың.

VIII

Еділ мен Жайық жер еді-ау,
Мекен еткен шаруаға,
Жағасы қорған жай еді-ау.
Жай қоныстан айрылып,
Мен бір қаңғырып жүрген қарашың,
Қайта-қайта шақыртып,
Менде қандай ауыр ақың бар еді-ау?
Қаңғырған емей немене,
Қара баста сенім жоқ.
Қаттылық емей немене,
Ханның бетін көру жоқ.
Көрің қатты, хан ие,
Қанша қаттылық етсең де,
Ажалдан бұрын өлім жоқ.

IX

Мен ақ сұңқар құстың сойымын,
Шамдансым, тақсыр, кетермін.
Кетпей де нешік етермін?
Бұл барғаннан баармын,
Киядан орын алармын.

Өтініп алып, от жақпан,
Дүшпанға қылыш шабармын.
Тілекті Тәңір оңғарса,
Бөліне көшкен елінді
Үріккен қойдай қылармын.
Жарыла көшкен елінді,
Жаралы қудай қылармын.
Мен кеткенмен, тек кетпен,
Сізден артық табармын.
Ашуыма көп тисең,
Өзекті жанға бір өлім,
Ордаңды талқан қылыш шабармын.

X

Беркініп садақ асынған,
Біріндең дауды қашырган.
Құйқылжыған құла жирен ат мінген,
Құйрық-жалаң шарт түйген,
Мен кескекті ердің сойымын,
Кескілеспей бір басылман.
Алдыңа келіп тұрмын деп,
Ар, намысымды қашырман.
Сүйегім тұтам қалғанша,
Тартынбай сөйлер асылмын.
Ай, тақсыр-ай, ай, тақсыр,
Бойың жетпес биікпін,
Бұлтқа жетпей, шарт сынбан.
Айта келген сөзім бар,
Не қылсаң да, жасырман.
Шамдансан, жығар асаумын,
Шамырқансам, сынап болатпын,
Көр қылар деп, тақсыр-ау,
Аяғыңа бас үрман.
Байеке, сұлтан, ақсүйек,
Қыларың болса, қылыш қал,
Құндердің күні болғанда,
Бас кесерім жасырман!

XI

Ақсүйек, сұлтан, Байеке,
Әкім болған сен едің.
Алдыңа келіп, арыз айтар.
Қас қараашың мен едім.
Іштегі толған шерімді
Бір толғасам деп едім.
Алдыңа отырып, Байеке,
Арызыымды айтып толғадым,
Іштегі түйін шешілді.
Айтып-айтпай немене,
Ер тілегі кесілді.
Мінгенде аттың тұяғы
Таға салмай, тесілді.

XII

Ай, тақсыр-ау, ай, тақсыр,
Боз орданы тіктім деп,
Боз ағашты жықтым деп,
«Ханым, ханым» дегенге,
Көтере берме бұтынды,
Көптіре берме үртынды.
Құндердің күні болғанда,
Өзіңнен мықты жолықса,
Ту сыртынан жармай алар өтінді...



Әртүр ғұлмақ білгеннің

Атырау облысы Индер (Дендер) ауданының орталығынан 44–45 км жерде Махамбет батырдың зираты бар, сол жерде ескерткіш орнатылған.

Исатай мен Махамбеттің заманында фотоға түсіру болмаған. Сондықтан Махамбет батырдың бас сүйегінің қаңқасын пайдаланып, ғалым-антрополог Ноэль Жұмабайұлы Шаяхметов Махамбеттің бет-бейнесін жасады.

Ал Исатайдың бейнесін суретшілер ақыздар бойынша салған.



1. Махамбет Өтемісұлының өмірі туралы не білесіндер? Өлеңдерінен мысал келтіріңдер.
2. Махамбет өлеңдері қазақ тарихындағы қандай оқиғаға арналған? «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңі не туралы?
3. Махамбет пен Исадай екеуінің халықты көтеріліске бастауының мақсаты не еді? Ол туралы Махамбеттің өзі не деді?
4. «Өтемістен туған он едік...» деген жолдардан ақынның өмірбаянынан қандай мәлімет алуға болады?
5. Нарын, Еділ, Жайық жерінің географиялық орнын картадан анықтаңдар.
6. Ресей мен Қазақстан мемлекеттері бейнеленген картадан Еділ, Жайық өзендерін назарға ала отырып, Нарын құмының орналасқан жерін табыңдар.





1. Махамбеттің ақындық өнері мен батырлығының қайнар көзі туралы мысал келтіре отырып, ақын өлеңдеріндегі психологизмді анықтаңдар.
2. Ер деп қандай адамды, ерлік деп қандай іс-әрекетті айтады? Бұлар жайында ақынның қандай өлеңдерінде және қалай айтылған? Ақын өлеңдерінің идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтаңдар.
3. Махамбет поэзиясының реалистік және романтикалық сипаттары туралы айта отырып, ақынға арнау жазындар.



1. Махамбет не себепті Баймагамбетке тісін қайраган зілді өлеңдерін арнады?
2. Ақынның «Баймагамбет сұлтанға айтқаны» өлеңіне сюжеттік-композициялық талдау жасаңдар.
3. *Байеке, сұлтан, ақсүйек,*
Қыларың болса, қылып қал,
Күндердің күні болғанда,
Бас кесермін, жасырман! – деген жолдарды қалай түсінесіндер?
4. *Қара қазан, сары бала*
Қамы үшін қылыш сермедік, – деген жолдардағы ақынның түйінді ойы қандай?
5. *Қылыштай қигыр алмас ем,*
Шарға шауып мүқалдым, – деген сөзінде ақын өкінішінің астарында қандай арман бар?
6. Ақын өлеңдеріндегі өз бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастыруши ретіндегі рөліне талдау жасаңдар.



1. Махамбеттің гуманистік, демократиялық көзқарасын білдіретін жолдарды мысалға алып, олардың философиялық мәні туралы айтындар.
2. Махамбет не себепті өз өлеңдерін ауыз әдебиеті, батырлық жырының, жыраулар поэзиясының үлгісінде шығарды?
3. Өлеңнен ақынның өз бейнесі көрінетін жолдарды тауып, сызбаны толтырындар.

Өлеңнің шумақтары	Ақын бейнесі	Ақын арманы

4. Махамбет өлеңдерінің құрылышы мен тілдік ерекшеліктеріне тоқталаудар. Өлеңнен құбылту мен айшықтауды білдіретін сөздерді тауып, автор стиліне баға беріңдер. Сызбаны толтырыңдар.

Құбылту мен айшықтау түрлері	Өлең жолдарынан мысалдар
Тенеу	
Метафора	
Эпитет	
Қайталау	
Ассонанс	
Аллитерация	

5. «Махамбетше жырлаймын» тақырыбында өлең жазып көріндер.



1. Махамбеттің өлеңдерін Желтоқсан құрбандары мен Ұлы Отан соғысы батырларына арналған өлеңдермен салыстырып, жаңашылдығына баға беріңдер.
2. Махамбет поэзиясындағы жауынгерлік рух, патриотизм тағылымы туралы ой қозғандар.
3. «Ақылдың алты қалпағы» өдісі бойынша:
 «Ақ қалпақ» – өлең жолдары бойынша тағы да қандай қажетті ақпаратты айта аласыңдар?
 «Сары қалпақ» – Махамбет өлеңінен қандай үлгі-өнеге ала аламыз?
 «Қара қалпақ» – Махамбеттің Баймағамбеттің кемшіліктерін бетінен айтуы мен қазіргі кездегі билік өкілдеріне сынни пікірлер айтуы жағында салыстыра айтыңдар.
 «Қызыл қалпақ» – ақынның бұл өлеңді айтудағы қажеттілік туралы әңгімелендер.
 «Жасыл қалпақ» – өлең жолдарынан өмір шындығының әлеуметтік мәселелері жайында өз көзқарастарыңды білдіріңдер.
 «Көк қалпақ» – өлеңнің өмірлік мәні мен маңызы жайында сараптама жасандар.



1. «Ақын өлеңдері кейінгі үрпақ үшін қаншалықты маңызды?» деген тақырыпта ойталқы (дебат) үйымдастырыңдар.
2. «Егер мен Махамбеттің жолын қуып ақын болсам, ...», «Егер мен көтеріліс басшыларының бірі болсам, ...», «Ұлттық рух», «Патриоттық сезім» деген тақырыптар бойынша ой толғандар.
3. «Махамбет патриотизмі – үрпаққа үлгі» тақырыбында эссе жазыңдар.



МЕН, МЕН ЕДІМ, МЕН ЕДІМ¹

Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде,
Еңіреп жүрген ер едім.
Ерегіскен дүшпанға
Қызыл сырлы жебе едім.
Жақсыларға еп едім,
Жамандарға көп едім.
Ерегіскен дүшпанның
Екіталай болғанда,
Азыққа етін жеп едім.
Ежелден табан аңдысқан
Хан баласы ақсүйек,
Ата дүшпан сен едің,
Аңдыған жауың мен едім.
Ежелгі дүшпан ел болмас,
Етектен кесіп жең болмас.
Хан баласы ақсүйек,
Байеке, сұлтан сен болып,
Сендей нарқоспақтың баласы,
Қайсы бір жерде жолықсан,
Қайраңнан алған шабақтай
Қия бір соғып ас етсем,
Тамагыма қылқаның кетер демес ем.

* * *

Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде,
Еңіреп жүрген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім.
Қай қазақтан кем едім?
Бір қазақпен тең едім.
Өздеріндей хандардың,
Қарны жуан билердің,

¹ «Махамбеттің Баймагамбет сұлтанға айтқаны» толғауының XIII–XIV бөлімдері.

Атандай даусын ақыртып,
Луәзін көкке шақыртып,
Олжа қылсам деп едім.
Еділдің бойы ен тоғай
Ел қондырсам деп едім.
Еңсесі биік ақ орда,
Еріксіз кірсем деп едім.
Еділде жатқан көп елге
Мал толтырсам деп едім.
Керегесін қиратып,
Отын етсем деп едім.
Тұырлығын қескілеп,
Тоқым етсем деп едім.
Хан сарқыты – сары бал,
Сұраусыз ішсем деп едім.
Ханның киген кіреуке
Қараңғыда шештіріп,
Үстіме кисем деп едім.
Қанікейдей көріктінді
Қараңғыда қармалап,
Қалыңсыз құшсам деп едім.
Тілекті Тәңірі бермеді,
Өздеріңдей хандарды
Осындаі бір қылсам деп едім.

БАҒАНАЛЫ ТЕРЕК

Баганалы терек жарылса,
Бақыраш жамап болар ма?!

Қарағайға қарсы бұтақ біткенше,
Еменге иір бұтақ бітсейші,
Қыранға тұғыр қыларға.
Ханнан қырық туғанша,
Қарадан бір-ақ тусайшы,
Халықтың кегін қусайшы,
Артымыздан біздердің
Ақырып теңдік сұрапға.



СӘЗДІК

Бірсіндең – бірте-бірте, біртіндеп.

Қаптама – сүйкіта киетін сырты тысталған қалың киім, тон, шекпен.

Луәзін – үнін көкке жеткізу, зарлату.

Малта – тек қойдың сүтінен жасалатын қазақтың ұлттық тағамы құрттың бір түрі.

Басқа мал сүті жарамайды. Себебі қой сүті құнарлы келеді. Ол – жортуылда, жаугершілкте жүрген адамға әрі тамақ, әрі сусын.

Тебінгі – салт атты адамның балтыры мен тақымын қажамау әрі шалбардың ба-лағын аттың терінен сақтау үшін тоқымға тігілген немесе ерге жалғастырыла салынған жалпақ былғары.

Терлік – терді бойына сіңіріп тұру үшін тоқымның астына салынатын жұмсақ жа-бағы.

Толағай – 1) толассыз соққан жел аты; 2) түгі жоқ, тап-тақыр, жалаңаш; 3) алып, зор. **Құ толағай бастанбай, ерлердің ісі бітер ме?** – бас тігіп, басшылық жаса-май, зор қызмет бітер ме деген мағынасы анықталады.

Тұл – 1) отасқан ері қайтыс болған, баласы жоқ жесір әйел; 2) бас иесіз; бекер, жалғыз.

Әдебиет теориясы

Терме – ақындардың ақыл-насихатын жеткізудегі поэзиялық-музыкалық жанрдың бір түрі. Негізінде термелеп айту деген ой бар, өзіндік мақаммен айтылады.

Романтизм («роман» деген сөзден шыққан, яғни түпкі мағынасы өмірді кітаптағыдай, ой-қиялмен үштастырып суреттеу) – әдебиеттегі, көркем өнердегі жарқын, жағымды жақтарын көбірек алып, көтере суреттейтін көркемдік әдіс. Махамбет поэзиясында өз кезіндегі қоғамдық тәртіпті қабылдамай, наразылық білдіру, жеңіліске мойымау арқылы байқалады. Ал психологизм, яғни кейіпкердің көңіл күйін жеткізудегі көркемдік әдістер түрғысынан алғанда да, Абай Құнанбайұлының шығармаларында реалистік психологизм көрінсе, Махамбет Өтемісұлының толғауларында романтикалық психологизм айрықша байқалады.

Элегия (гректің elegia – аянышты жыр) – мұңды лирикалық өлең. Тұнғиық ойға шому, қамығу, жабығу сарындары басым болып келеді. Бұл Махамбеттің Исатайдан айырылғаннан кейінгі өлең, толғауларында кездеседі.



1. Өлеңдерді мәнерлеп оқындар.
2. Махамбеттің әлегияға жататын өлеңдерін табындар.



1. Махамбет өлеңдерінде Исатай бейнесі қалай суреттелген?
2. Өлеңде Махамбеттің көңіл күйі, сезімі, өкініш-күйініші қалай көрінеді?
3. Өлеңдегі *жабыдаіын*, *нарқоспақ*, *туырлық*, *ителгі*, т.б. сөздердің мағынасын анықтап, қолдану ерекшелігін көрсетіңдер.



1. Махамбет туындыларында ақынның ел мен жерге деген сүйіспеншілігі бейнеленген өлеңдерін атаңдар, олардан алған әсерлерің туралы айтып беріңдер.
2. «Мен, мен едім, мен едім» өлеңінде Махамбеттің қандай болмысы, іс-әрекеті көрінеді? Өлеңнің идеясы қандай?



1. Махамбеттің Исатай туралы өлеңдерінен көз алдарыңа қандай адам елестейді? Оны «Исатай деген ағам бар» және тағы басқа өлеңдеріне талдау жасай отырып, дәлелдендер.
2. Исатайдан айырылған кездегі Махамбеттің жан күйзелісін өлеңде қандай сөздері айқын көрсетеді? Өлеңде ақын қандай жаңа бейнелі сөздер мен суреттеу тәсілдерін қолданған?
3. «*Баганалы терек жарылса,*
Бақыраш жамал болар ма?!
Қарагайга қарсы бұтақ біткенише,
Еменге шір бұтақ бітсейші!» деген жолдардағы астарлы ойды анықтап, автор стиліне баға беріңдер.
4. «Мен Махамбет рухымен айтамын» деген тақырыпта «Мен, мен едім, мен едім» өлеңнің ізімен өлең жазындар.



1. «Махамбет поэзиясында оның өз бейнесі жан-жақты жасалған» деген пікірге келісесіндер ме? Ақын жырларындағы «Мен» деген лирикалық кейіпкер қалай суреттеледі? Мысал келтіріндер.
2. Жырауға да, ақынға да тән қасиеттер Махамбет шығармашылығынан табыла ма? Венн диаграммасын толтырындар.

Ақын

Ортақ
белгілері

Жырау



1. Истай мен Махамбет батырлардың арасындағы достық пен бір-біріне деген адалдықтарын бейнелейтін жолдарды тауып, заманауи тұрғыдан салыстырып, жаңашылдығына баға беріңдер.
2. «Мен, мен едім, мен едім» өлеңінің идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазыңдар.
3. Махамбет туралы ақын-жазушылардың шығармаларын оқып, Махамбет өлеңдерімен салыстыра отырып, шағын сын мақала жазыңдар.



Оқу сауаттылығы

- 1) Алайма, сұлтан, алайма,
Астыма мінген арғымақ
Аяңдай түсіп, марай ма?

Сұрақ: «Марай ма» сөзі батырдың мінген аты қандай күйде екенін сездіреді?

- a) Алайма сөзіне үйқас ретінде алынған болуы керек, мағынасы жоқ.
- b) «Марай ма» деген сөз жайдары, жадыраңқы, яғни батырдың аты ештеңеден қорықпай тұрғанын айтқаны.
- c) Аяңдай түсіп деген сөзбен алып қарағанда, жүгіруге дайын тұрған ат.
- d) Мар ұлken деген мағына береді, яғни батыр атының ұлкендігін айтқаны болуы керек.

2) Ханның кірген ақ орда,
Бұзының ойлап кеңестік.
Аламанға жел бердік,
Аса жұртты менгердік.
Бұлтқа жетпей, шарт сынбан.
Айта келген сөзім бар,
Не қылсаң да, жасырман.

Сұрақ: «Аламанға жел бердік» деген тіркесте нені айтқан?

- a) Аламан – қаруы топ.
- b) Аламан – үлкен жарыс, бәйге.
- c) Қарқынды, қаһарлы.
- d) Қөпшілікке, бұқараға ой салдық деген мағынада айттылған.

3) Байеке, сұлтан сен болып,
Сендей нарқоспақтың баласы,
Қайсы бір жерде жолықсаң,
Қайраңнан алған шабақтай.
Қия бір соғып ас етсем,
Тамағыма қылқаның кетер демес ем.

Сұрақ: Баймағамбет сұлтанға «Сендей нарқоспақтың баласы» дегенді қай мағынада айтқан?

- a) Нар – жалғыз өркешті, асыл тұқымды түйе, ал қоспақ сөзі түсініксіз.
- b) Нарқоспақ – аруана мен бураның буданы, сұлтанға қолданудың мағынасы жоқ.
- c) Баймағамбет сұлтанға наразы болғандықтан, Махамбет батыр оны түйенің жақсы түріне теңеуі мүмкін емес. Демек нарқоспақ мықты түйенің түріне жатпайды.
- d) Наркескен – алмас қылыш, Баймағамбет сұлтан болғандықтан, нарқоспақ деп сондай оймен айтқаны болуы мүмкін.



Оқушы күнделігі

Махамбет Өтемісұлының өмірімен танысып, шыгармаларын оқығаннан кейін қандай әсерде болдыңдар? Оған хат жазу арқылы қандай ойларынмен бөлісер едіңдер?



Ғаламтордан Махамбет Өтемісұлының күйлерін тауып, тыңдаңдар. Күйлердің әуендей мазмұнына мән беріңдер. Не байқадыңдар, сол туралы сыныпта пікірлесу үйімдастырыңдар.



Артық болмас білеңің

ЮНЕСКО (United Nations Educational Scientific and Cultural Organization – UNESCO) – Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі үйімі. Ұйым 1945 жылы 16 қарашада құрылды, штаб-пәтері Францияның Париж қаласында орналасқан.


Ұйым құрамына әлемнің түкпір-түкпірінде орналасқан 67 бюро мен бөлімшелер кіреді.

Бұл халықаралық үйімнің негізгі мақсаты – бейбітшілік пен қауіпсіздікті жақтайдын елдердің білім, ғылым және мәдениет салаларындағы ынтымақтасығын аттыру.

ЮНЕСКО 1995 жылды Абай Құнанбайұлының, ал 2003 жылды Махамбет Өтемісұлының жылды деп жариялады, соған орай әлемде көптеген мәдени шаралар өткізілді.

Атырау облыстық Махамбет Өтемісұлы атындағы академиялық қазақ драма театры 1938 жылды ашылды. Оның алғашқы қойылымы М.Әуезовтің «Тұнгі сарын» драмасы болды.

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ



Атырау қаласындағы Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлана арналған ескерткіш



ШОҚАН УӘЛИХАНОВ (1835–1865)

Қырғыздар Ш.Уәлихановқа біздің қаһармандық эпосымыз «Манастың» үзіндісін тұңғыш рет жазып алып және орыс тіліне аударғандығы үшін мәңгі разы. Ол қырғыз эпосының тарихын және көркемдік қасиеттерін танып бағалаған, өз заманында оны кең таныту үшін көп еңбек еткен. Сөйтіп, «Манастың» атын дүниеге танытқан.

(Асқар Ақаев)

Шоқан Уәлиханов 1835 жылы қарааша айында қазіргі Қостанай облысы жерінде, Шыңғыс сұлтанның отбасында дүниеге келген. Шын аты – Мұхамед-Қанафия. Ол – қазақтың тұңғыш ғалымы. Ол небәрі отыз-ақ жыл өмір сүрді, алайда ғылымның көп саласы бойынша құнды зерттеулер жазып қалдырды. Еңбектері тарих, шығыстану, этнология, география, фольклортану салалары бойынша құнды. Сурет салумен де айналысқан. Өзі зерттеген, көрген құнды дүниелердің суретін салып, түсінікті болу жағын да ойлаған.

Шоқан Уәлиханов – Абылай ханның ұрпағы. Әжесі Айғанымның тәрбиесін көрген. Құсмұрын деген жердегі мұсылман мектебінде бастауыш білім алды. Осы мектепте оқып жүрген кезінде өлең, жыр, аңыздарды оқуды, қағазға жазып алғанды үннататын. Әкесі Шыңғысқа көмектесе жүріп, қазақтың құнды мұралары – «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» және «Едіге» жырларын жазып алды.

Шоқан Уәлиханов жастайынан көп тіл үйренуге құштар болды. Араб, шағатай, кейін Орта Азиядағы түркі тілдерін меңгерді. 1847 жылы қыркүйек айында Омбы кадет корпусына оқуға түсті, бұл жерде орыс тілін жетік үйреніп шықты. Осы кезде орыс әдебиетінің мұғалімі, шығыстанушы Н.Ф. Костылецкиймен жақсы байланыс орнattы. Осы ұстазы арқылы шығыстанушы И.Н. Березинмен танысып, оның тапсырмасы бойынша Тоқтамыстың «Хан жарлығына» және Қызырғали Жалайыридың «Жамиғат-тауарих» атты шығармасының орыс тіліндегі аудармасына талдау жасады. Бұл Ш.Уәлихановтың алғашқы ғылыми жұмысы болды. Оның білімін, еңбектерін сол кездегі атақты шығыстанушылар жоғары бағала-

ды. 1853 жылды кадет корпусын бітіргеннен кейін атты өскер корнеті дәрежесінде Сібір казак-орыс өскері 6-атты өскер полкінің офицері болып тағайындалды. Кейін оны қазақ даласы мен Орта Азия елдері бойынша айрықша тапсырмаларды орындайтын офицер қызметіне қойды. Осы қызметте жүріп, ол қазақ, қыргыз, жалпы, Орта Азия халықтарының тарихы, тілі, әдебиеті, салты туралы зерттеу жасады. Ресей ғалымдарымен бірге Омбыдан Семей, Аягөз, Қапал арқылы Іле Алатауына дейін, қайтар жолда Жоңғар қақпасына, Алакөл, Тарбағатайға саяхат жасады. Қарқаралы, Баянауыл, Қекшетау арқылы күзде Омбыға оралды. 1856 жылды М.М. Хоментовскийдің Жетісуда жасаған өскери-ғылыми экспедициясына қосылды. Осы кезде қыргыздың «Манас» эпосына көніл аударып, Манас жорық жасады деген қаланың орнын қөрді. Шоқан Үәлиханов – қыргыз халқының мақтанышы «Манас» жырын тұңғыш зерттеуші, оны әлемнің ғалымдарына алғаш танытушы. Іссапар кезінде халықпен тығыз араласып, қыргыз халқының шежіресін, өлең, жыр, аңыздарын жазып алды. Осы 1856–1857 жылғы ғылыми іссапарларының нәтижесі ретінде «Ыстықкөл күнделігі», т.б. еңбектері жазылды.

1858–1859 жылдары Қашқарияға сапары Ш.Үәлихановтың ғылыми қабілеті жоғары екендігін тағы да дәлелдеді. Оның Қашқарға сапары, шын мөнінде, қауіп-қатерге толы еді, өйткені одан екі жыл бұрын неміс саяхатшысы А.Шлагнвейт барғанда, оны өлім жазасына тартқан. Сондықтан Шоқан Үәлиханов мұсылмандар саудагері сияқты жүріп, ақпарат жинады. Осы сапар бойынша жазған «Жоңғар очерктері» атты еңбегі тек сол кездегі орыс ғылымы үшін ғана маңызды болған жоқ, ол неміс, ағылшын тілдеріне де аударылып, әлемге тарады. 1859–1860 жылдары Петербургте өскери және ғылыми мекемелерде еңбек етті.

Шоқан Үәлихановтың қазақ ғылымына сінірген еңбегі. Оның еңбектері тарих, архитектура, этнография, т.б. салалар бойынша құнды. Ал әдебиет саласы бойынша: «Қазақ шежіресі», «Қазақтар туралы жазбалар», «Көне замандағы қазақтың қару-жарак, сауыт-саймандары», «Шона батыр», «Едіге батыр», «Сот реформасы туралы жазбалар», «Қазақтағы шаман дінінің сарқыншактары», т.т. Кадеттегі ұстазы Н.Ф. Костылецкий екеуі қазақ эпосын зерттеп, «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» жырын орыс тіліне аударды. Ол аударма И.Н. Березиннің хрестоматиясына енді. «Қазақтың халық дастандарының үлгілері туралы», «Орта жүз қазақтарының аңыз-әңгімелері», «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар», т.б. еңбектерінен оның терең білім иесі екені көрінеді. Ол еңбектер қазақ ғылымы үшін ешқашан маңызын жоймайды. Өйткені ол біздің тарихымызға қатыс-

ты мәліметтерді жазып алған және оларды білімдарлықпен талдай білген. Ноғайлы заманында туған жырлардың шығу кезеңін, «Ер Көкше» жырын зерттегендегі, Ер Көкше деген тарихта болған адам екенін анықтаған.

Түркі халықтарына ортақ «Едіге батыр» жырын алғаш таныстырудың бірі – әкелі-балалы Шыңғыс пен Шоқан Үәлихановтар. Шоқан әкесі Шыңғыспен бірге жүріп, оны жазып алған. Оны 1905 жылы П.М. Мелиоранский жарыққа шығарды. Кейін түркі жырларын зерттеген көрнекті ғалым В.М. Жирмунский бұл жырдың көркемдігі жоғары және басқалармен салыстырганда неғұрлым толық нұсқа деп бағалаған.

Түркі халықтарының, соның ішінде қазақ фольклорын зерттеуге, жинауға көп еңбек еткен Г.Н. Потанин Шоқан Үәлихановтың білімділігі мен еңбегіне зор баға беріп, оған өзі де көп қарыздар екенін жазған.

Шоқан Үәлиханов – кәсіби суретші. Ол негізінен портрет, пейзаж және халықтың тұрмыс-салтын бейнелеумен айналысқан. Оның 150-дей суреті қалды. Өзі көрген, білетін және ғылыми іссапарда танысқан дүниелердің суреттерін салуы тарих үшін, үрпақ үшін маңызды, құнды.

Ш.Үәлиханов туған халқын екі жақтың қысымынан – патша шенеуніктері мен елдегі келенсіз жағдайлардан қорғағысы келді, сол үшін 1862 жылғы сайлауда Атбасар округінің аға сұлтаны болуға талпынды. Сондағы ойы – досы, орыс халқының мақтандыши, жазушы Ф.Достоевскийге жазған хатында айтылған, яғни «Елдестеріме пайдамды тигізу үшін аға сұлтан болғым келді. Оларды чиновниктен, қазақ байларынан қорғамақ болдым. Сондағы, ең алдымен, көзделгенім – өз басымның мысалы арқылы жерлестеріме оқыған аға сұлтанның пайдалы екенін көрсету еді»¹, – деп жазған. Бірақ ол мақсатына жете алмады, сайлауда аға сұлтандыққа өтпей қалды.

Ол 1865 жылы Алтыннемелде, Қошентогай деген жердегі Тезек төренің ауылында қайтыс болды. Шоқан Үәлихановтың өмірі тым қысқа болды, сондықтан академик Н.И. Веселовский «Шығыстану өлемінде қүйрықты жүлдіздай жарқ етіп шыға келгенде» деген. Ал Г.Н. Потанин «Еуропага ашқан терезе...» деп бағалады. Ф.М. Достоевский мен Ш.Үәлиханов арасындағы сағынышты хаттар да сақталған.

Шоқан Үәлихановтың «Ыстықкөл күнделігінен» оның жазушылық, әдебиеттанушылық, этнографиялық, т.б. салалар бойынша пайымдарын анықтауға болады. «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» эпосын біліп өскен адам болғандықтан, қос ғашықтың күмбезін көруге құмартқан. Дегенмен, күн-

¹ Елтүтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: Оку қуралы / Құраст.: М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек, – Астана: Құлтегін, 2012, 195-б.

деліктегі жазбасына қарағанда, 1856 жылғы ғылыми іссапар кезінде Қозы Қөрпеш – Баян сұлу зиратына жете алмаған сыңайлы. Бірақ кейін көкейіндегі бұл арманын жүзеге асырған. Мұның дәлелі – кейіннен, Істыққөл мен Құлжаға сапары аяқталған соң, осы жерге құзде барып, суреттерін салғаны.

ІСТЫҚҚӨЛ КҮНДЕЛІГІ¹

18 сөуірде біз Семейден Аягөзге бет алдық. Қазақ бекеттері арқылы өтетін жол (олар станция қызметін де атқарады) сусыз сортаң далада жатыр. Біз мұнда бірінші рет көк шөп көрдік. Біз шыққан күні жылы болды, бозторғайлар өздерінің әдеттегі әніне салуда...

...Кешке біз Аягөзді артқа таstadtық, сосын Аягөз өзенінің Тумырза деп аталағын саласынан өтіп, өзеннің оң жақ таулы-тасты жағалауымен өрлей отырып, түнге жақын Қапал жолының бірінші бекеті – Ескі Аягөзге келіп жеттік.

Аягөз өзенінің бойынан біз анағұрлым жанданған табиғатты көрдік. Даala тұтасымен жасыл желеktің ашық түсті кілеміне ораныпты...

Мен Аягөзді өте жақсы көремін және сүйсінемін, Баян Сұлудың алтын айдарлы Қозы Қөрпешке деген махаббаты туралы аңыздың оқиғасы осы жерде өткені де бұған аз себеп болмаса керек.

Сапарымыздың желісін ары қарай тарқатайық. №2 бекетте біз оң жағалауға ауыстық. Бұл кезде түн болатын. 4-ші нөмірге жетпей, 10 шашырымдай жерде қазақтар жырында айттылатын өйгілі Қозы Қөрпештің моласы тұр. Біз поэмалы жақсы зерттегенбіз, сондықтан олардың моласын көргіміз келді. №2 бекеттен шыққан уақыт бойынша Қызылқия бекетінен түнде өтуіміз керек болатын. Бірақ біз таңертең сонда тұрып, молада шай ішкіміз келді: жолда шай ішкен жақсы, өсіреле ескі қирандылар мен молаларда. Өткен туралы ойлайсың, бүгінгінді аялайсың. Осы мақсатпен жәмшікке тек таңертең, күн көтерілген кезде, бозторғай алғашқы әнін шырқап, түн передесі түрілгенде, түнгі бұлттар солтүстікке ауып, батыстан таңғы қызығылт күн көтерілгенде, жарық ағаштардың бұтағына түсіп, су керемет тамаша түске енген кезде, осындай поэтикалық сөтте моланың басында болуды тапсырдық.

Адам жобалайды, бірақ Құдай шешеді. Түні бойы жаңбырдың ірі тамшылары жеңіл арбаның шатырын ұрғылаپ тұрды. Шаршаган аттар, батпақта аяқтарын әзер басып жүріп келеді...

¹ Ұәлиханов Ш. Қөптомдық шығармалар жинағы. – Алматы. Т. 1. 2010.

Нашар тұн болды, сондықтан жұру де қыындады. Жаңбыр ойлаған жоспарымызды бұзбасын деген құдік, алаңдаумен жәмшікке бірнеше рет: «Қалай, аспан ашылмады ма?» – деп сауал таstadtым. Суық сүйегіне дейін өткен делбеші: «Жоқ!» – деп күңкілдей жауап берді де, тағдырга назаланғандай, «Не боп кетті, брр...», – деп, тізесіне жиналған суды төкті. Менің оған жаным ашыды, тезірек жүрсек, ол баяғыда жылы пешке қыздырынып отырап еді. Баян сұлудың естелігін көрмей кету де обал.

Осылайша біз бір сағат жүрдік.

– Мәртебенізге құлдық, – деді жәмшік, – міне, мола!

Мен басымды шығардым. Күннің көзі түнерген бұлттардан шығып келеді, аспанды сүр бұлт басқан, бұрынғысынша жаңбыр жауып тұр, көбіктенген аттар батпақты сортаң жермен өзөр жүріп келеді, өзеннің сол жағында тобылғылардың арасынан моланың үшкір басы көрінді: ол қызыл кірпіштен қаланған болып көрінді. Мұндай ауа райында шай ішіп, қазақтардың ескерткішін тамашалау туралы ойлаудың өзі артық еді.

– Шамасы, өзен де арнасынан шығайын деп тұр, жоғары мәртебелім, – деді жәмшік менің ойымды оқып қойғандай.

– Олай болса, жүре бер, қайтар жолда қарапмыз, – дедім мен, сосын тонға оранып, үйықтап алайын деп, көзімді жұмдым.

Өзагаш бекетінде шай іштім. Өзеннің солтүстік жағалауы жайылған лай су мен сортаң басқан дала. Аягөздің жағалауын бойлаған жолмен өзеннің арнасынан шығуы себепті жұру мүмкін болмады...

Станцияның орта тұсында, Лепсіге тақау, Арғанаты бекетінен Лепсіге қарай жоталар тізбегі басталады, одан әрі жер бедері мұлдем өзгереді. Жоталар тізбегінің оңтүстік жазығында қамыспен көмкерілген көл жатыр. Жазда ол кеуіп кетеді, көктемде Лепсі тасығанда суға толады.

Біз бұл жерге кешке келдік. Қаздардың қиқуы мен бақаның бір ерекше түрінің айғайы жағымсыз болғаны сондай, құлағымызды тығындауға мәжбүр болдық. Өзеннің жағалауында, тау жақта, Лепсінің сағасына қарай қазақ молалары көрінді. Олар сансыз көп. Жолда қыстаулардың жұртты байқалды және біз келгенде ауыл отырды. Молалардан байқалғандай, бұл орындар көшпенді руладың жиналатын жері болса керек. Қазіргі қазақтар Балқаштың қамысын қыстайды, ал жазда тауға көшеді, бұл жерде сөл дамылдалап, міндетті түрде он күндей тынығады. Осы көлден Лепсіге дейін (он шақырымдай жер) бәрі құмфа бөккен. Құмдар сусымалы.

Осында Лепсінің ағысы басталады. Лепсі бастауын Алатаудан алады да, Балқашқа құяды. Оның суы терең. Жағасында біршама қалың орман өседі – тал-терек, жиде, жыңғылдар. Сағасы қалың және биік қамыспен

көмкөрілген. Қамыста түрлі құстар болады және жолбарыс кездеседі. Бірде жолбарыс бекетте түрған қарауылды талаң тастағаны болған...

Тұнде Басқан арқылы өтіп, тек таңға қарай Ақсуға жеттік. Ақсу арқылы Лепсідегі сияқты өткел бар...

Ақсудан біз Алатаудың қарлы шыңдарын көрдік. Бұл таулардың алыс сілемдері көгілдірленіп аспанға ұласып кеткендей көрінді. Кей жерлерде шыңдар бұлттан асып көрінеді. Қөтеріліп келе жатқан күн оларға қызығылт түсті сөule шашады. Фажайып көрініс. Қисықауыз Алатаумен салыстырығанда, жүзжылдық еменнің көлеңкесінде өскен шөп сияқты. Біз жүрген дала тегіс, біреу әдайілеп таптағандай және онда жусаннан басқа ештеңе жоқ. Он және сол жақтан дөңгелек және қамал тәріздес молалар көрінеді, көпшілігі күмбезді. Жолда жылқылардың үйірі мен қойдың отары кездесті, алыстан қазақ үйлер қылаңдады. Бізді көрген қазақтар алысырақ кетуге тырысты, біз сұлтанның қонысы қайда екенін сұрайық деп, малшыны тоқтатқанда, ауылдағы әйелдер шу көтерді. Ауыл шулап кетті. Әйелдер бір үйден екіншісіне жүгіріп, біреудің атын атап шақырды, шамасы, биді болса керек.

15 мамыр. Шелек өзеніндегі тұнемелік. Шелек өзені бастауын Алатау тауының орталық биіктігінен алады, сол жерден Талғар өзені де басталады, сосын таудың ортасын жарып батысқа қарай, Жіңішке өзеніне құлайды; сосын Ілеге құйғанша солтүстік шығысқа қарай агады...

Шелектің жоғарғы ағысы қазақтардың үнемі қыстайтын мекені, ерте кездерде Қарабұлақтан Үшбайсорынга дейін сарыбағыштар мекендерген, қазір онда албандық қызылбәрік руы қоныстанады. Қыс кезінде малды жайып, бағуға өте қолайлы деп Бақалы шатқалы саналады, ол Жіңішке мен Сарыбұлақ өзендерінің ортасында орналасқан. Бақалы – бақаның көп жері деген мағына береді. Сарыбағаш руынан шыққан бір қырғыз мені марап Үмбетөлі сол жерде қыстағанда, бір бастауда қыс бойы бақалар бақылдаған деп сендірді. Оның айтуынша, бақалардың терісі аппақ, ал үлкендерінің жұдырықтай болыпты. Қазақтар да осылай дейді...

Шелек бойындағы Алатау қалың шырша орманына бөккен. Шелектің жағалауындағы алқаптарда мал жейтін шөп жоқ, тек жусан мен қызығалдақ бар, бірақ өзеннің жағасы тал, жиде ағашы, тобылғы, жыңғылға толы. Бұл бұталар өзеннің маңында қалың, жап-жасыл алқап түзеді. Өзен ағысының орта тұсына оны қоршаған талдардан биік орман түзіледі. Қазақтар оны Бауағаш деп атайды...

Қаратұрықтан Шелекке қарай жүретін жолда сол жақта сулы сай бар, ол бір батырдың моласы бойынша Қорам деп аталады. Ол жолмен қатар-

ласа орналасқан. Оның Шелекке жететін аяғы батпаққа айналған, жайылым шебі қөп өседі. Оның екінші жағындағы құрғақ жерде қамалдардың қирандысы, дұрысын айтқанда, қазылған ор орындары жатыр, қасында құдық бар. Қазақтардың аңызы бойынша, мұнда қалмақтардың бекінісі болған және Абылай хан оны қиратып, Шелек алқабын жаудан тазартқан. Шелектің өзінде, Бауағаштан жоғары жерде одан да үлкен қорғанның үйінділері жатыр. Менің өзім алғашқы балшықтан жасалған құман мен қыш құмыра сынықтарын тауып алдым...

16 мамыр. Сөгеті тауы, Қарабұлақ бастауындағы түнмелік.

Шелектен оның ағысын бойлап Сөгеті асуына беттедік. Сөгеті – батыста Сөгеті тауын Бөгетіден бөліп, оның шығыс жағына жапсарласып жатқан шатқал. Сөгеті деген атау қазақтар түсіндіргендей, соқмақ – үйірлеу деген етістікten шыққан. Онда үнемі қатты жел соғады. Бөгеті бұғы деген сөзден шыққан. Онда бұғылар қөп.

Осылайша, біз алдымызда Сөгеті тауы, он жағымызга Сөгетіні Асы мен Сауықандық тауларынан бөлетін Шелек өзені ағатын шатқалды алып, тұра оңтүстікке қарай жүрдік. Тура осы арада Шелекке сол жақтан Асы өзені қосылады, ол Асы тауын Сауықандық тауынан бөліп тұрады. Асы өз бастауын Алатаудың бір сағасының батыс қыратынан алады, оның солтүстік-шығыс жағынан Түрген шығады. Асының жоғарғы жағы таулы қырattan шыққанда, шағын жазық түзеді, ол «Асының жайлауы» немесе Аралтөбе деген атпен танымал... Біз оның оңтүстік баурайында, Қарабұлақ маңында түнедік....

17 мамыр. Торайғыр тауының теріскей жағы. Айыр асуы және сол аттас бұлақ.

Сөгеті тауынан Торайғыр тауына қарай еңкейген үстірт арқылы Айыр асуына шықтық, дәл көтерілер тұста жаңбыр бізді тоқтауга мәжбүр етті... Рауғаштың гүлдеп біткен шағы екен, тіпті, жапырақтары қызыарып кеткен. Он жақта, біздің жолымызben қатар Шелек өзені ағып жатты. Оның ағысы, яғни Сөгеті мен Торайғыр арасындағы ағысты қазақтар Бартогай шатқалы деп атайды, сол жақта біздің жолымызды бойлай, жазықпен Шарын ағып жатты...

Торайғыр – торы тұсті айғыр деген сөз. Қазақтардың аңызы бойынша, олар осы арадан қалмақ жонғарларды қуған кезде, осы таудан торы айғыр тауыпты.

Торайғыр – албандардың тамаша қыстауы. Елдің айтуынша, онда мұлдем қар болмайды, ал болса да, аз жауып, тез еріп кетеді. Ең қатаң қыс пен жұтта мал тек қына жеп күйлі шығады – шөптің күштілігі мен топы-

рақтың құнарлылығы сондай. Сондықтан қазақтар мұны жұғымды жер деп айтады. Мамыр айында біз Құдайдың құдіретімен осы құнарлы жерде қар жатқанын көрдік. Қардың көп болғаны соншалықты, оның мүлдем еріп кетуі үшін үш күн қатарынан күннің көзі шыққаны керек болды, біз үшін уақыт қымбат болды, сондықтан біз келесі таңда аттанып кеттік және [Торайғыр]¹ тауының күнгейіндегі Сұлу Қараشوқы шатқалында сөл дамылдадық.

18 мамыр. Торайғыр тауының күнгей [жағы]. Сұлу Қараشوқы шатқалындағы бұлақ.

Айыр асусы Сөгеті сияқты тік болмағанымен, жолда жатқан дәү тастар оны арба өтуге қолайсыз етеді. Бұл жартастардың негізін құрайтын тастар үсак құмдар, ондай тастармен Финляндияда жолдарды төсейді.

Іргай, аршагұл, арша және өзге тау бұталары көп болды. Мен мұнда бірінші рет қазақтар рауағаш немесе рауғаш деп аттайтын қымыздықтың ерекше түрін кездестірдім. Бұл өсімдіктің кеуек діңіне дәмі жағымды қышқыл шырын тұнады. Оның жапырақтары кәдімгі қымыздықтың жапырақтары тәрізді, бірақ тым үлкен. Дәмі анарга үқсайды...

Біздің тұнемелігіміздің оң жағында Шелек ағып жатты. Оның Алатауды жарып өтетін шатқалы және сол жерде Шелекке құятын Жіңішке өзенінің шатқалы біздің алдымызда жатты. Сол тарапта Шарын, дәлірек айтқанда, Ақтоғай алқабы, ал оның алдында оңтүстік шығыста Құлық пен үш Меркі ағатын қыратпен жалғасатын, Шарынға құятын мүйіс байқалды. Біз осы жазыққа қарай жүрдік. Алқап Меркіге қарай биіктей берді. Оның барлық жерін шөп басқан. Ол шөпті қазақтар шытыр деп атайды...

Қазақтар біrnеше қозықаны ұстап алды, сөйтіп, біздің жорық дастарқанымызда осы жануардың етінен жасалған тағам пайда болды.

19 мамыр. Бірінші Меркі өзені.

Біз Алатау мен Құлық жотасын жалғастыратын қыратқа шыққанда, алдымыздан жартасты сай пайда болды. Оның түбінде жіңішке жіп тәрізді ирелеңдеп Меркі ағып жатты. Биіктен өзен өте әдемі көрінді: жасыл және тегіс сайдың арасынан көгілдірленіп өзен ағуда, оның жағалауы екі жақтан талмен көмкеріліп, тоғай жасап тұр...

Біз Бірінші Меркінің Шарынға құяр тұсына тұнедік.

Меркіде арқар мен тауешкілер өте көп. Мен оларды атып көрмек болдым, бірақ сөті түспеді. Арқарлар ерте қоздайды, Қапалдың өзінде кішкентай төлін көргенмін.

¹ Шоқан Үәлиханов еңбектері орыс тілінде жазылған, қазақ тіліне аударған кезде аудармашылар осында жақша қойып, түсіндіру мақсатында қажет сөздерді жазған.

Ешкілер лақтарын сөуірдің аяғында қалдырады. Жалпы Алатау ешкі, арқар, маралмен аты шыққан. Қарақүйрықтар тек жазықта кездеседі...

20 мамыр. Шырганақ өзеніндегі тұнемелік.

Бірінші Меркіде біз киіз үй тігү үшін қарды тазалауға тиіс болдық. Кешке қарай, аспан бұлттан арылғанымен, солтустік шығыстан қатты жел соғып, салқындан кетті. Таңертең жолға шықтық. Қар бүкіл аймақты ба-сып қалыпты. Құн ашық болып тұрды. Біз қарай алмадық: құн сөулесінің аппак қармен шағылысы көзді шыдатпады... Екінші Меркі құятын жердегі құздар арасындағы Шарынның көрінісі өте тамаша. Құз жартас болып келетін тік жағалау, үшкілденген шыршалар жартас астында да, басында да өскен. Төменде шулап, көбіктеніп, толқынданып Шарын ағып жатыр...

Бұл өзен, тіпті, Бірінші Меркіден терең, сұы көбірек. Оның жағасында өсетін талдар өзгелерге қарағанда қалыңдау. Мұнда жапырағы талға үқсайтын бұта ағаш өседі, бірақ долана сияқты тікенегі бар, қабығы да доланаға үқсайды, бірақ сөл күңгірттеу. Қазақтар оны шырганақ деп атайды. Ағаштың түсі қызығылт, сондықтан қазақтар одан қаруға дүм жасайды. Оның жемісі бүргенге өте үқсас...

Үшінші Меркенің Алатаудан бастау алатын тұстағы өткелі Тобылды Асу деп аталады. ... біз бұғы руы мекендейтін Қарқараға жетуге тиіс болдық. Тобылды Асу, білетіндердің айтуынша, дөңгелекпен жүргүре қолайсыз, жолдың бойында қалың шырша ағашы тұтасып өскен және оларды, әрине, сол кезде қалың қар басып жатқан. Үшінші Меркіге көтерілгеннен кейін, жол жүргүре ыңғайлышы...



Артық болмас білгенің

Шоқантану – Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығына арналған әр алуан тақырыптағы зерттеу еңбектерді қамтиды. Шоқантану 1904 жылы Санкт-Петербургте орыс тілінде басылып шыққан «Сочинения Ч.Ч. Валиханова» деген кітаптан басталады. Бұл кітапта Шоқан Уәлихановтың өмірі мен ғылыми қызметіне қатысты деректер, Н.Веселовский, Г.Н. Потанин, Н.М. Ядринцев, т.б. шығыстанушылардың естеліктері, түйінді ой-пікірлері берілген. Қазақ ғылымында көп жылдар бойы шоқантануға еңбек еткен – академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан. Оның басқаруымен Шоқан Уәлихановтың «Таңдамалы шығармалары», 1961–1972 жылдары бес томдық жинағы басылып шықты.

Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына орай ғалымның бес томдық шығармалар жинағы қайта қаралып, ғылыми түсініктері жөнделіп, 1984–1985 жылдары жаңадан жарық көрді. Басқа да көптеген жаңа зерттеу жалғасып жатыр.



СӘЗДІК

Дұм – мылтықтың иыққа тірейтін жері.

Кадет – революциядан бұрынғы Ресейдегі дворян балаларын офицерлік қызметке даярлайтын жабық орта әскери оқу орны (1732 –1917 жылдары).

Корнет – 1917 жылға дейін Ресей армиясында қолданылған алғашқы офицерлік шен.

Жер-су аттары:

Ыстықкөл – Солтүстік Тянь-Шаньдағы күнгей Алатау мен теріскей Алатау тау жоталарының аралығында, Қырғызстан жерінде орналасқан көл.



1. Шоқан Уәлиханов туралы мағлұмат жинастырындар. Балалық шағы қайда өткен? Қайда оқыған? Шоқан жайында жазылған қандай шығармаларды білесіндер?
2. Шоқан өмірі мен шығармашылығы туралы білетіндерінді жинақтап, топтастырындар.



3. Шоқанның келешегіне жол ашуда кадет корпусының қандай өсері болды? Шоқан қандай қызметтер атқарды?
4. Қашқария жері туралы не білесіндер? Шоқанның Қашқарияға жасаған саяхаты неліктен ерекше деп бағаланды? Шоқанның Қашқария сапарына арналған еңбектерінің маңызы қандай?
5. Шоқан ауыз өдебиетін зерттеуге қандай үлес қосты?
6. Шоқанның география ғылымының дамуына қосқан жаңалықтарын көрсетіндер.



1. Шоқанның «Ыстықкөл күнделігі» шығармасын бөлімдер бойынша топпен бөліп оқындар.
2. Шоқанның «Ыстықкөл күнделігі» шығармасы не туралы жазылған?
3. Шығармадағы оқиға қай кезеңді суреттейді? Шығармада қандай жағдайлар баяндалады? Кімнің атынан баяндалады?



- Хрестоматиядан «Ыстықкөл күнделігінің» жалғасын оқындар.
- Шоқанның білім жолындағы ізденістерін, әдебиет, география, этнография, бейнелеу өнері саласына қандай үлес қосқанын көрсетіндер.
- Шоқан Уәлихановтың өз заманының алдыңғы қатарлы азamatы екен дігін дөлелдендер.
- Шоқан Уәлиханов өміріне қатысты елдер мен қалаларды Еуразия картасы бойынша анықтаңдар. Сондай-ақ Омбы мен Петербург қалалары Ресейдің қай бөлігінде орналасқанын және Қазақстанға қайсысы жақын екенін анықтаңдар.





www.Euro-Map.com

5. Шоқан Уәлихановтың ата тегінің шежіресін түзіңдер.



1. Шоқанның демократтық, гуманистік ой-пікірлерінің қалыптасуына кімдер өсер етті?
2. Өз дәуірінің қандай озық ойлы адамдарымен достық қарым-қатынаста болды?
3. «Ыстықкөл сапарының күнделігі» шығармасындағы аң-құс, өсімдік, жер-су атауларын теріп жазындар.



1. Шығармада баяндалатын жер-су атауларының қазіргі таңда қолданыста бар не жоқ екендігін дәлелдендер.
2. Шығармада көтерілген мәселелер жөнінде өңгімелендер.
3. «Шоқан – халқымыздың жарық жүлдүзі» тақырыбында өдеби эссе жазындар.



1. Шоқанның өңгімені баяндаудағы өз еліне деген көзқарасы туралы пікірлерінді білдіріндер.

2. Шоқан жергілікті халықтардың тарихы, мәдениеті, әдебиеті, әдет-ғұрпы, ел түрмисын қаншалықты зерттей алды, бұл зерттеу қазіргі заманда қаншалықты құнды деп ойлайсыңдар?
3. «*Көшпенди елдерді аң тәрізді жауыз тобыр санап, беталды жүрген тагылар есебінде түсінетін жалған үгым қазірдің өзінде де Еуропада үстем болып келеді. Олар көшпелі моңғол немесе қазақтар дегенді түрпайы, мал тәрізді тагылар деп үгады. Ал, шындығына келгенде, сол тагылардың көбінің жазба түрінде немесе ауыз әдебиеті бар. Өлеңге, әсіресе, сұрыпсалма өлеңге бейімділік барлық көшпелі елдердің өздеріне тән ерекшелігі деуге болады*» деген пайымдауына сендер қандай баға бересіңдер?



Оқу сауаттылығы

- 1) Аягөз өзенінің бойынан біз анағұрлым жанданған табиғатты көрдік. Дала тұтасымен жасыл желеңтің ашық түсті кілеміне ораныпты... Сұрақ: «Жанданған табиғат» деген не?
- a) Жану, яғни өртеніп жатқан деген мағынада айтылған.
 - b) Жан біткен деген мағынада қолданылған.
 - c) Жаны бар деген мәндеге айттылған.
 - d) Жасыл орманды, жайқалып өскен ағаштарды айтқаны.
- 2) Бұл алқапта жайран деп аталатын киіктер көп. Қазақтар бұл жануарды қарақүйрық деп атайды. Қавказ бен Дауриядада оны дайран деп атайды. Қырғыздар және Иле қалмақтары оны жирен деп атайды. Олар мамырда қоздайды. Қазақтар бірнеше қозықаны ұстал алды, сөйтіп, біздің жорық дастарқанымызда осы жануардың етінен жасалған тағам пайда болды.
- Сұрақ: Қозықа деген жануардың түрі бар ма? Бұл сөз нені білдіреді?
- a) Қозықа деген жануардың бір түрі болуы керек.
 - b) Қойдың төлін қозы деп атайды.
 - c) Қозықа арқардың, бекендердің, яғни жабайы жануарлардың төлі, қозысы, яғни жануардың жеке түрі емес.
 - d) Қішкентай тасбақа сияқты нәрсе болуы мүмкін.
- 3) Тұні бойы жанымыздан көш отіп шықты. Таңертең түрғанда, жасанып киінген әйелдер мінген түйелер тізбегі әлі өтіп жатты.

Сұрақ: «Жасанып киінген» деген нені білдіреді? Қазақтар қыстаудан жайлауға қөшкен кезде, мейрам сияқты қабылдаған ба?

- a) Қоюш кезінде әйелдер жастар сияқты киініп жүрген болу керек.
- b) Қоюш кезінде мейрам сияқты болған, сондықтан әйелдер бар жақсы киімдерін киіп шыққан.
- c) Жасарып деген мағынаны білдіруі мүмкін.
- d) Жаңарып деген мағынада болуы мүмкін.



Оқушы күнделігі

Шоқан Уәлиханов – Абылай ханның үрпағы, сендер оған қандай сұрақ қояр едіңдер? Ал оның орнында болсаңдар, сендер қазақ халқы үшін не істер едіңдер?



Артық болнас білгенің

Алматыда Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнография институты бар. Ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне қарайды.

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Ермұхан Бекмаханұлы Бекмаханов (1915–1966) – көрнекті тарихшы, Уәли ханның Тәуке деген баласынан тараған үрпақ, «Қазақстан XIX ғасырдың 20–40-жылдарында» атты монографиялық еңбегі үшін құфындалып, түрмеге қамалған. Кеңестік дәүірде қазақ хандары, соның ішінде Кенесары туралы жазуға тыйым салынған болатын, Е.Бекмаханов шындықты жазғаны үшін құфын көрген. Фалымның бүл еңбегі еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жарық көріп, қазақ тарихына арналған басты еңбектердің біріне айналды.

Шот-Аман Үйдірысұлы Уәлихан (26.04.1932 ж.т.) – қазіргі Солтүстік Қазақстан (бұрынғы Қекшетау) облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылында дүниеге келген. Шоқан Уәлихановтың Мақы деген інісінен тараған үрпақ. Ол – көрнекті сәулетші, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Шығыс елдері халықаралық сәулетшілер академиясының академигі, профессор, халықаралық Абылай хан қорының президенті.

Еліміздегі бірнеше ірі ғимараттың, 20 монумент пен ескерткіштің авторы. Атап айтқанда, Алматыдағы Шоқан Уәлиханов ескерткішінің авторы, Тәуелсіздік монументінің авторлар тобының мүшесі, Астанадағы Кенесары Қасымұлы, Ахмет Байтұрсынұлының, т.б. ескерткіштердің және Тәуелсіз Қазақстан елтаңба-сының (герб) авторы.

Шот-Аман Уәлиханов – бірнеше ғылыми еңбектердің және драмалық шығармалардың авторы.



ФАЛАМТОР

Фаламтордан Шоқан Уәлихановқа қатысты фильм мен хабарларды тауып, көріңдер. Сыныпта алған әсерлерің туралы пікірлесу үйымдастырындар.

ЖАСАМПАЗ ШОҚАН БЕЙНЕСІ



«Шоқан Уәлиханов» фильмі

Саги Асанөліұлы Әшімов (1961–1999) – төрт сериялы «Шоқан Уәлиханов» көркемфильмінің бас кейіпкері Шоқанның рөлін сомдаған актер, Қазақстанның еңбек сіздірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлық (1986) иегері



«Шоқан» драмасы

Астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық Қазақ музыкалық драма театрының актерлері «Шоқан» драмасында: кадет Шоқан рөлінде Жанат Оспанов, ересек кездегі Шоқан – Ержан Нұрымбетов

II бөлім бойынша ТЕСТ

1. Қазақтың соңғы ханымен бірге жорықта болған жырау:

- a) Кенесары
- b) Абылай
- c) Нысанбай
- d) Бұқар

2. «Кенесары – Наурызбай» жыры қай жанрға тиесілі?

- a) аңыз
- b) батырлық жыр
- c) тарихи жыр
- d) хикаят

3. Романтизм дегеніміз ...

- a) ақындардың ақыл-насихатын жеткізудегі поэзиялық музыкалық жанрдың бір түрі
- b) мұнды лирикалық өлең
- c) өдебиеттегі, көркем өнердегі жарқын, жағымды жақтарын көбірек алып, көтере суреттейтін көркемдік әдіс.
- d) табиғат тақырыбы

4. Махамбет өзінің сөздерін қай сұлтанға тұра айтқан?

- a) Исатай
- b) Жәңгір
- c) Баймагамбет
- d) Жұмыр мен Қылыш

5. Шоқан Уәлиханов қай жылдары өмір сүрген?

- a) 1830–1865 жылдары
- b) 1835–1865 жылдары
- c) 1835–1965 жылдары
- d) 1835–1899 жылдары

6. «Ыстықөл күнделігі» кімнің еңбегі?

- a) Махамбет Өтемісұлы
- b) Исатай Тайманұлы

- 
- c) Бұқар жырау
 - d) Шоқан Уәлиханов

**7. «Ыстықкөл күнделігі» қай жылдары болған ғылыми іссапардың не-
гізінде жазылған?**

- a) 1850 жылы
- b) 1855 жылы
- c) 1856–1857 жылдары
- d) 1887 жылы

**8. Махамбет Өтемісұлының Баймағамбет сұлтанға айтқан қанша тол-
ғауы белгілі?**

- a) 10
- b) 12
- c) 14
- d) 15

**9. Махамбет Өтемісұлының шыгармаларында көркемдік өдістің қайсы-
сы басым?**

- a) реализм
- b) романтизм
- c) модернизм
- d) пессимизм

10. Кенесары хан мен Наурызбай батырды жоқтаған жырау кім?

- a) Бұқар жырау
- b) Нысанбай
- c) Доспамбет
- d) Махамбет

III бөлім

АДАМ ЖАНЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ

«Адам жанының құпиясы» деп аталатын үшінші бөлім адами құндылықтарды дәріптейді. Бұл бөлімдегі шығармаларда ақын-жазушылар кейіпкерлер образы арқылы оқырманның жүрек қылын шертеді. Сол кейіпкерлермен бірге оқырман қуанады, солармен бірге мұңаяды. Өйткені кейіпкерлер қиялдан алынбаған, өмірде болған жағдайлардың көркем бейнесі болып сомдалған. Илияс Жансүгіров атақты Ақан серінің тағдырына бейжай қарай алмаған. Сері әдемілікке қызығады, сондықтан Ақан Құлагерді өмірінің мәні мен сәні деп білген. Оған қастандық жасалды. Ақан зарлады. Илияс ақын залымдықты өшкөрелейді, Ақанға да, Құлагерге де поэзия ескерткішін қояды. Осылайша бұл шығарма мәңгілікке оқырманмен бірге жасайтын болады.

Бейімбет Майліннің «Шұғаның белгісі» мен Фабит Мұсіреповтің «Үлпаны» да – қазақ қыздарына арналған мәңгілік ескерткіш. Шұға мен Үлпаның тағдыры бір-біріне үқсамайды, сондықтан образдары ерекше сомдалды. Адам жанын толқытатын керемет өсер бар.

Ал Төлеген Айбергенов пен Фариза Онғарсынованың поэзиясы – адальыққа толы әдемі әлем. Бұл тарау осындай ерекшеліктерімен өсерлі.

ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ
(1894–1938)

Илияс Жансүгіров – қазақ әдебиетіндегі көрнекті тұлға. Ол қазақ кеңес әдебиетінің қалыптасуына, солайша тарихи бір кезеңінде аяnbай еңбек етіп, өз үлесін қосқан. Әдебиеттің бірнеше жанрында жазған көркем мұрасы алтын қорымызға қосылған.



Ілияс Жансұгіров қазіргі Алматы облысы Ақсу ауданында 1894 жылы дүниеге келген. Жастайынан әкесінен хат таныған, ескі кітаптарды қөп оқыған. Араб, парсы тілдеріндегі кітаптарды жинаған. Ауыл молдасынан да дөріс алған.

Оның «Сарыарқа», «Тілек» деген алғашқы өлеңдері 1917 жылы 22 тамызда Семейден шыққан «Сарыарқа» газетінде жарық көрген. Содан бастап «Тілші», «Кедей еркі», «Лениншіл жас» газеттерінде, «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» журналдарында ол жиі көрінді.

1920 жылы Алматы қаласына келіп, үш айлық мұғалімдер институтының жанындағы қысқа мерзімді курста бес-алты ай оқығаннан кейін деңсаулығының нашарлауына байланысты ауылға қайтқан. Кейін Қазақ ағарту институтында, Жетісу облысының Қосшы комитетінде, губерниялық оқу бөлімінде, «Тілші» газетінің редакциясында қызмет еткен. Осы қызметтерді атқара жүріп, ел арасынан фольклор үлгілерін жинап, білімін, ой өрісін кеңейткен. 1923 жылы «Сана» журналында «Мерген Бекен» атты әңгімесі жарық көрді. Білімін шындау үшін 1925 жылы Мәскеудегі Коммунистік журналистика институтына түсken. Оны 1928 жылы бітіріп, «Еңбекші қазақ» газетінің редакциясында қызмет еткен.

1927 жылы «Беташар» атты үгіт өлеңі, 1928 жылы «Сағанақ» атты тұңғыш кітабы жарық көрді. Жалпы, 1927–1937 жылдар арасында поэзия, проза, драма, сын, аударма жанрларында жиырмадан астам кітап шығарды.

Ілияс Жансұгіров өзі өмір сүрген дәуірдің талабына сай өлеңдер жазды. Алғашқы кездегі өлеңдері әлеуметтік мәселелер, надандықты сынау, білімге үндеу тақырыбына арналды. Оның надандықты сынаған «Мақым», «Жыбырлақ», «Жаңылғаным», «Талғамалар» атты өлеңдерінде Абайдың сатирасына еліктеу, үндестік бар. Ол 1923 жылы жазған «Жас жалшыға», «Қойшы ойы» өлеңдерінде шаруа адамының реалистік, яғни шынайы бейнесін жасаған. 1917 жылғы Қазан төңкерісінің жеңісін ақын жүрекпен жырлады, жұмысшы, шаруа, қойшы образдарын өлеңдеріне арқау етіп алып, олардың жарқын болашаққа деген үмітін қолдады.

Ілияс ақын пейзаждың шебері де болды. Оның жарқын бір үлгісі – 1925 жылы жазған «Жетісу суреттері».

Кеңес Одағы кезінде ұлы Отан деп Мәскеуді атағанымыз шындық, сондықтан ақын өзі өмір сүрген заманға сай, сол кездегі саясатқа сеніп, «Шеф Мәскеу», «Октябрь одағы», «Мәскеу – Қазақстан» атты өлеңдерін арнады. Тек бұл тақырыптармен шектелген жоқ.

«Саясат қошқарлары» атты шағын өлеңі 1922 жылы жазылған. Қөлемі шағын болғанымен, ақынның ізденісі оқырманды қызықтырады. Ол сол

кезде Франция, Германия, Америка, Жапония, Түркия елдерінің өзара бақталас болғанын сатира арқылы суреттеп, ойнақы өрі шебер жеткізген.

Не айтар екен «Лұзан»?
Шығар ма екен тозаң?
Мен мойнымды созам...
 Үрит, үрит, үрит!..
Рұрға жасақ барды,
Көмір кенін алды.
«Қошқардың» көзі қызарды,
 Үрит, үрит, үрит!.. –

деп, бастап, ақын соңында:

РСФСР батыр,
Шаруада жатыр,
Дәулерге заманақыр,
 Үрит, үрит, үрит! –

деп, өзі өмір сүріп отырған заманның сөзімен ой түйіндеген.

Ақын қай тақырыпта ой тербесе де, фольклордың әсері сезіледі. Тіпті, саяси лирика жанрындағы («Гималай», «Жиһангер жайлаған шығыс», 1929) өлеңінде де:

Бұырқанып, бұрсанып,
Бұлттанып, құрсанып...

Күнін көміп батырган,
Өзенін тас қатырган.
Құзын, мұзын шеңгелден,
Тегеурінін батырган.
Апшысын аяз қуырып,
Қақалса қан қақырган, –

деген, яғни жыр өлшемін пайдаланғаны анық байқалады. Бұл ақын өмір сүрген кездегі саяси мәселеге үн қату болғандықтан, Гималайды жанды бейнеге – адам сипатында суреттеген. Солайша жанды Гималайдың жағда-йын сұрап, «Неге солай?» деген сауал қоя отырып, өзі оған:

Жерін жайлап у қылған,
Ерін қанап, құл қылған,
Елін талап, еңбегін
Жалмап, теуіп, жүн қылған,
Құлдың жанын құм қылған,
Құлдың қанын қылғыған
Бір бір зәрлі жыландаі...
Сол жыланнан жылжымай,
Қабағы жабық, қаны арық
Гималай сорлы, сор маңдай, –

деп суреттеген. Ал «сорлы, сор маңдай» деу – тек адамға ғана қатысты айтылатын суреттеу. Бірақ ақын өз ойын ашық жеткізу үшін саясатты өшкөрелеу мақсатында көркемдікті пайдаланған.

Ілияс ақын өмір сүрген жылдары ірі байлардың мал-мұлқі төркіленген, бұл ел бойынша үлкен науқан ретінде жүргізілді. Сондықтан ақын асырасілтеушілікті сынап, 1928 жылы «Көмпеске», ұжымдастыру науқанына орай 1929 жылы «Мәйек», 1930 жылы «Жаңа тұган» атты поэмаларын жазған. Сондықтан Ілияс Жансүгіровтің туындыларында қоғамды да, саясатты да сатира арқылы сынай білген шеберлігі байқалады.

«Дала» поэмасы – қазақ халқының 1730 жылдан бастап 1930 жылға дейінгі тарихын қамтыған кең ауқымды шығарма. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған тарихи жағдай белгілі. Жазба өдебиетте осы тақырыпты алғаш қозғаған – Ілияс Жансүгіров.

Ілияс Жансүгіровтің «Күй» (1929), «Күйші» (1934), «Құлагер» (1936) поэмалары, «Жолдастар» атты романы, т.б. туындылары да бар.

1931 жылдан бастап Ілияс Жансүгіров драмалық шығармалар жазуды бастайды. Бұл саладағы алғашқы туындысы «Кек» деп аталған. Ол 1934 жылы Семейде Абай атындағы облыстық театрда сахналанды. Бұдан басқа «Колхоз тойы», «Райхан», «Мін де, шап», «Мектеп», «Исатай – Махамбет» драмалық туындылар жазылды. Жан-жақты дарын иесі осылайша қазақ мәдениетіне үлкен үлес қосты. Оның әр жазғанында кейіпкерлердің тағдырын терең психологияммен суреттеу бар.

Ал көркем аударма саласында А.Пушкин, М.Лермонтов, Н.Некрасов, Г.Гейне, В.Гюго, т.б. шығармаларын қазақ оқырмандарымен қауыштырды.

І.Жансүгіров төл шығармаларын жазумен ғана шектелмеген, ол 1932 жылы Қазақстан Жазушылар одағының үйымдастыру комиссиясында белсене қызмет етті. Кейін ол Жазушылар одағының тұңғыш төрағасы

болып сайланды (1934–1935). 1934 жылы КСРО Жазушылар одағының I құрылтайында сөз сөйлемді.

1935–1937 жылдары «Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасының» поэзия бөлімін басқарды. Халқына адал қызмет еткен көрнекті тұлға 1938 жылы жазықсыз жаламен атылды. Алайда аяулы тұлғаның есімі де, мұралары да елімен мәңгі бірге.

«ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫ ТУРАЛЫ

Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы 1936 жылы жазылған. Бұл шығарманы жазуда ақынның іздениңі, шығармашылық түрғыдан өсуі, керемет суреткерлігі шынайы байқалады.

Поэма «Толғау» атты кіріспеден, «Тұған жер», «Ақан», «Ас», «Құлагер», «Егес», «Көмбे», «Ат айдау», «Балуан бәйге», «Құрес», «Ат қайтқанда», «Ат шаңы», «Жалғыз қазық», «Бай-бай, Құлагерім», «Қара күш», «Аттың азалы өні» деп аталатын тараулардан тұрады. Сюжеттің басталуы асты суреттеумен байланысты берілген.

Поэманың «Толғауында» ақын өзінің мақсаты өткен заманда көрген қорлық-зомбылықтарды айттып, бүгінгі ұрпақтың ойын қозғау екенін айтқан.

Осылайша XIX ғасырда Арқадағы жүрттың бәрі билетін оқиғаны тұтас қазақ еліне таныстырган.

Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы қазақ эпикалық поэзиясында үлкен жаңалық болды. Бұған дейін де поэмалар жазылған, бірақ дәл осындағы кең ауқымды, сан қырлы аса көркем дүние болған жоқ еді. Бұл поэма жанрындағы әбден жетілген әдеби шығарма деңгейінде жазылған. Мұнда композиция, сюжет, образдарды даралау, психологиялық шендестірудер, ішкі тартыс, мінездеу, параллелизм, монолог, диалогтер жай баяндау арқылы емес, шиеленісү арқылы шарықтау шегінен жетіп, шешімін тапқан. Тенеу, құрделі әпитет, метафора, кейіптеу, метонимияның, шендестірудің, шұрайлы тілдің шебер үлгілері осы поэмада кездеседі. Поэма прологі оқырманды Ақан сері өмірі мен өнерін, Құлагер аттың сынын, кербез Қекше көріністерін, Сарыарқаның кең даласын өсем суреттеп бастайды да, өрі қарай оқиғалар тізбегі мен кейіпкерлер жан дүниесінің тереңіне тарта жөнеледі. Бұл, бір қараганда, сері мен тұлпар туралы шығармағана сияқты көрінуі мүмкін, алайда «Құлагер» – XIX ғасырдағы қазақ өмірінің тіршілігін ауқымды суреттеген құнды дүние.

«Құлагер» поэмасының әдеби шығарма ретінде құндылығы – мұнда шиеленісідің ең керемет үлгілері жасалған.

Романтикалық поэмалық өн бойында психологиялық оралымдар шарықтау шегіне жеткенше, қабаттаса өрілген.

Трагедия қараңғы мен жарық, адалдық пен арамдық, кіслік пен пасықтық, ғашықтық пен жауыздықтың бітіспес тартыстарынан туындаиды. Қебінесе басты кейіпкердің ажалымен аяқталады. Илияс Жансүгіров поэмасында Ақан сері тірі қалады. Бірақ поэмалық соңында елден безіп, өлген аттың қу басын құшактап зар жылаған, сақалы мен шашы қудай кісіні көреміз. Ол – кешегі ел еркесі, өн патшасы Ақан сері. Зұлымдықтың озбыр қолы оны осындай халге түсірді.

Ақанның қайғысы залымның қолымен жасалған, сондықтан оны тек табиғат түсініп, бірге қайғырады. Шығармадағы психологизм осылайша оқырманның көңілін тербейді.

«Құлагер» поэмасы кеңестік дәуірде жазылған, бұл кезеңде қазақтың өткен дәуірі, байлар мен молдалар туралы біржақты баға берілетін. Сондықтан мұны ескеру қажет. Бірақ поэмаға арқау болған сюжет – Ақан серінің ардақты Құлагер атының жазықсыз мерт болуы – еш уақытта өз маңызын жоймайды, ол ескірмейді. Өйткені бәйге атын қызғаныштан мерт ету – адамшылыққа жат нәрсе.

«Құлагер» – XIX ғасырдағы қазақ өмірінің тіршілігін ауқымды суреттеген құнды көркем дүние.

ҚҰЛАГЕР¹ (поэма)

Толғану

Тасқында, тау суындаі көңіл жыры,
Қазақтың сусындасын ойы-қыры.
Бұрқырат кер бұланды кең далана,
Бастырмай шөпке-шарға тоқтап құры.

Далаңның той болғанда қиял құсы,
Жүйріктей бабындағы жүгір, міні;
Орай шап алдын, артын жиын жұрттың,
Жыр қыла бүгінгіні, бұрынғыны.

¹ Жансүгіров I. Құлагер. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 360 бет.

Шарықта шартарапқа қиял құсы,
Көнілдің кеп түрғанда күнді алғысы.
Халқындың қуанышын қанат қып қақ,
Қашанда қала берер үяң кісі.

Қашаннан қазақ көшкен тарих көші,
Таланып жаудан, жұттан жеткені осы.
Көсемі көш алдында басшы болып,
Бақыттың жайлалауына қонған тұсы.

Шат көңіл, шадыман жұрт ақынысың,
Жүйріктің жұрт қуантқан жақынысың,
Баласын бақытты елге, тұс майданға,
Халқындың қайратысың, ақылдысың...

Бақ туын түрғанда ұстап бүгін қазақ,
Көнілі судай тасып, оттай маздал.
Ескі күн елім көрген енді ойласам,
Көрінер кейде қорлық, кейде мазақ...

Ақтарып асыл сөздің алтын, жезін
Салатын дүкеніме бар мінезім.
Ақтарған Арқа астын инженермін,
Ал, жұрттың, керегіне тұрса сөзім...

Сапырган сырлы сөзді сар қымыздай,
Заманның отыргам жоқ салтын бұзбай,
Асылын арамынан аршып алдым,
Қашаннан қазынаға халқымыз бай.

Туган жер

Мен өзім тауда туып, тасында өстім,
Жасымнан мұз тәсекіп, қарды кештім,
Асқарда Аршалыға қозы жайып,
Бұлттың аспандағы қасында өстім.

Жөңкенің жоғары ала басында өстім,
Ақ гауһар Ақтастының тасында өстім.
Аспанда ақиығы шаңқылдаған
Құздардың құламалы астында өстім.

Сондықтан бір қазақпын тауды сүйген,
Тасы жоқ, таусыз жерді жерсінбекен.
Алматым Алатаудың бауырында
Аңқылдан жел соққандай ән мен күйден.

Жасымнан жырлап едім тауды талай,
Гималай, Кавказ, Жөңке, Алтай, Алай.
Ордасы ой, көнілімнің ала асқарлар
Жырлатпай жүргімнен жатсын қалай?

Таудағы тасқындаған ағын судай,
Өлеңім басталады таудан ұдай.
Әсемін өңгіменің көп таратқан
Айтылмай қалған екен тау мынадай:

Көк орман, көркем тоғай маужыраған,
Сұлудың көзіндей көл жаудырган.
Малта тас, маржан, ақық, меруерт тас
Төгіліп көл жиекке саудыраған.

Көк кілем, балаусасы балбыраған,
Көк жібек жапырағы жалбыраған.
Ақ қант аспандағы сонда жауып,
Бал бұлақ таудан, тастан орғылаған.

Бұл тауды іздейміз бе біздер шеттен,
Талайы осы таудың бізге біткен.
Мақтауға, мақтануға тұратын жер
Айтамын Көкшетауды даңқы кеткен:

Оқжетпес оқшырайып өрлеп кеткен,
Кеудесін керіп көкке сермеп кеткен.

Қия құз, жақпар сарай, бура тастар
Тәртіппен көлді айнала сөндеп шеккен.

Кавказдай таласпайды аспан-көкпен,
Қанаңлы Хантәңірі емес қар бекіткен,
Алтайдай асу бермес асқар емес,
Жөңкедей жолсыз емес құж-құж біткен.

Көкшетау жер жаннаты жеке біткен
Бір сұлу кең далада бойын күткен.
Жомарт тау дастарқанды, момақан тау,
Шипа тау тазартатын барлық дергіден.

Көкшетау көп жердің бір көркем жері,
Қызы орман Бурабайдың мөлдірлері.
Жамылып жасыл барқыт асыл құндыз
Тұрленген тотықустай тау көркемі...

Қазақтың өсем жері Арқасында.
Арқага жетер Арап, Балқашың ба?
Сырымбет, Зеренді, Иман, Айыртаулар
Арқаның тізілгендей алқасына.

Арқаның алқа қонған даласына,
Ауылдай таулар отыр жарасымда.
Алапқа бетегедей киіз төсеп,
Оранған орманды тау ағашына.

Бұлактың тәттісі де, тазасы да,
Көлдердің кең мөлдірі тап осында.
Айдыны ала шұбар, құс қиқулар.
Ауыл, мал, масаты көл жағасында.

«Ауылы Сырымбеттің саласында.
Ақ сұңқар ғашық болып баласына».
Құмар боп жерден жүйрік, көктен құсқа,
Тұр таулар өн шырқалған арасында.

«Ол күнде осы тауда жалғыз жан жүр,
Дүниеден аулақтанған дабыр-дүбір.
Қара шал қайыңды отыр көлеңкелеп,
Бір құ bas шал үстінде ілулі түр.

Неткен жан, өлде даңғыл, өлде мұңғыл?
Бұл өзі өн күңірентіп айтады жыр». –
Осылай ертегі қып кетуінде
Елдің де ескі ауызында жоқ па екен сыр?

Салғанда шалқып, шырқап әр түрлі өнге,
Осы шал үқтырғандай көп әңгіме.
Жетісу, Ертіс, Арқа жүрген жаттап
Байбайлап салған өнін «Құлагерге».

Кетсе де шалдың өзі көптен көрге,
Жайылған өні, сөзі жалпақ елге.
Елімнің есігінен иттер қуған
Сорлының сүйреген ел басын төрге.

Жақсының жақсылығын жан айтады,
Сондықтан «Құлагерді» бәрі айтады.
Егіліп өндеріне, сөзін тыңдал,
Ерінді ел қиялыш дардайтады.

Қазақта Құлагерді көп айтады,
«Серінің серігі еді» деп айтады.
«Ат сыры иесіне мәлім» деп жүрт,
Тегінде мал көрмесе, неге айтады.

Заманда сонау сарсаң Ақан тұрған,
Ол заман – ерге тұсау, зорға думан.
Жалмап жеп айналасын аш кенедей,
Семірген жүрт қанына нелер жуан...

Барымта – ел шулатып жылқы қуған,
Әупілдек батыр шыққан әр рудан.

Ел құнға жұма сайын бір жығылып,
Қара нар, қалы кілем бітім қылған.

Қанды кек ел арасын ушықтырған,
Қорқауды қол табылмай тұмсыққа үрган.
Асыл ер, арманды жар опық жеген,
Албасты өлсіз жанды тұншықтырған.

Қырдағы қара сойыл бақандаған,
Қалада қара жүрек қаһарланған.
Тұсында сері болсын, пері болсын,
Ұнайды өмірімен Ақан маған...

Тегінде тегін бе екен Ақан сері,
Бұл да бір емес пе екен елдің ері?
Өз ұлы, өз ерлерін ескермесе,
Ел тегі алсын қайдан кеменгірді?

Туганы Арқадағы Арғын елі,
Өскені Көкшетаудың шалғын жері,
Аңы тіл, асау мінез қылышынан
Атанып кетпеді ме «Азғын», «Пері»?

Лақабы – өлде өулие, өлде пері,
Арқаның атақтысы Ақан сері.
Көкшеде сұлу сүйіп, өлең айтқан
Бұландаپ тақымында Құлагері.

Көкшеге жаз көк жібек жапқандайын,
Көкшеге қыс ақ күміс шапқандайын.
Көкше қызы күзде киіп қырау ішік,
Көк айна – көлі қыста қатқандайын.

Жамылған қыста ақ үзік ақ қардайын,
Тәселген жазда кілем мақпалдайын.
Қырдағы ел «Құлагердің» өнін тыңдалап,
Былайша әңгімелер Ақан жайын:

Ақан

Бурабай бір таза жер «пері» жүрген...
Онда жоқ жын мен сайтан өріп жүрген.
Ағашқа атын байлап көлеңкелеп,
Ақан ғой анда-санда келіп жүрген.

Ақандай осы тауда сері жүрген,
Су ішіп, тауда шие теріп жүрген.
Қайындаі мінсіз, таудай таза жігіт,
Көң-қоқыр, былапыттан жеріп жүрген.

Жасынан иеленген баласындаі,
Талпынып Қекшетауға анасындаі.
Көліне бетін жуып, ат суарған
Арқаның бір сиқырлы айнасындаі.

Сұрша тал – сұлу қолдың саласындаі,
Қып-қызыл қайың – қыздың баласындаі.
Жамылған жанат ішік, мәлдір сұлу,
Көзінің Қекшеш көлі шарасындаі.

Ол емес және өзінің малын баққан,
Жалшы емес және байдың отын жаққан.
Кісіні ит етінен жек көретін
Дау қуып, арыз айтып, биге шаққан.

Төренің тұсындағы қасына ерген,
Өзін ел құрмет қылған көрген жерден.
Жерлерді тоқты сойған топыр қылышп,
Сал сүрей, саңлақ мініп, сұлу сүйген.

Жүйрік ат, сонар саят, қызы-қырқынмен
Өмірді өткізген жан өз ырқымен.
Өмірдің аңы емес, тұщысында
Қызықтап жігіт ойын, қызы күлкімен.

Саңлақ ед шыққан мыңнан, озған жүзден,
Көп сұлу көзін сүзген күнді өткізген.

Қызықтың айдынына құлаш ұрып,
Армансыз қаздай қалқып, қудай жүзген.

Солардан келе-келе жаны безген,
Өмірде әлсіздігін әбден сезген.
Сезгір жан, нәзік көңілін азап алып,
Жабырқап, жапан түзді жалғыз кезген.

Бұл өзі ауылында аз оқыған,
Алғыр ой, ақын, әнші – көп тоқыған.
Елді улап, өлім тілеп жалмаң қаққан
Бұл емес, бөлек еді көп сопыдан.

Көрмеген ілімді артық көк тоқтыдан
Не тапсын білгенімен көп соқырдан.
Тәнірісі табынатын табиғат боп,
Мешіт қып мекен алған көк шоқыдан.

Жасынан туып, өсіп мекен қылған
Жерінен патша қуған, қала отырған.
Ел інін суға алдырған суырдай боп,
Жойқын жүт – сұрапылда малын қырған.

Арманды ел ақ патшага арыз қылған,
Арыздан борыш басып, қарыз қуған.
Жер мұңын, елдің шерін өлең қылып,
Ақан да жанның бірі жаны ауырған.

Және де жақыннынан жарды сүйген,
Сол үшін ауыл-аймақ, безген үйден.
«Алам» деп Ақмарқаны алас ұрып,
Ала алмай ақырында жаны күйген.

Сол үшін тау пәлені басына үйген,
Тартқан ол тауқыметті болыс, биден.
Соқпадым онысына осы арада,
Бар ма деп жолдастарым жазып жүрген...

Күйдіріп осындаілар жанын жеген,
Кеңесіп келісе алмай қалың елмен.
Тілімен жырды жаттап, жерді жоқтап,
Ол өзін жазалаған алдыменен...

Сұрама оның бәрін бүгін менен,
Тіршілік болса тағы айтып берем.
Ақанның ең аяулы әңгімесі –
Тек бүгін тарқасалық «Құлагермен».

Арқада Ақанды айтқан әңгіме көп,
Қылады оны өулие әлде не деп.
Әулие болмаса да безеген жан,
Неліктен? Тарихшылар табар себеп.

Мен өзім сері Ақанды көргенім жоқ,
Сөздерін, өнін жаттап, тергенім жоқ.
Ақанның өзін көрген, сөзін терген
Адамдар айтпас мұны өтірік деп.

Серінің сүйген жары – Ақмарқасы,
Көліндей Қекшетаудың жан қалқасы,
Сол ма екен елден айдал өн салдырған,
Жүргегін күнде шауып қыз балтасы.

Асыққа азап болып қызға айқасы,
Қайғымен өртеді ме қыз-қалқасы?
Жұрттан ба, жарынан ба жанын қинаң,
Серіні сыйғызбаған ел ортасы?

Әйтеуір Құлагерді мініп баптап,
Жалғыз жан жапан-түзге кеткен ақтап.
Ақ көңіл, асқар жанын алып қашқан
Арамнан, айналадан, кірден сақтап.

Сондықтан өн шырқаған жырды мақтап,
«Асылым, Ақмарқам» деп атын жаттап.

«Сендерге сүйгеніммен келмедім» деп,
Орманға, құсқа, тасқа қызды мактап.

Жете алмай арманыңа болып қапы,
Күнірентіп өніменен кең аймақты,
Тұлқі үшін тасқа түскен қыран құстай
Болған соң кетті ме екен жаны запы?

Жатталып Ақмарқаның аузында аты,
Телміріп таста отырып жазған хаты.
Жары да, жолдасы да тек біреу-ақ –
Онысы астындағы жалғыз аты...

Ас

Басталды өңгіменің былай басы,
Болды оған жетпіс, сексен жыл шамасы.
Арқада Ерейменді мекен еткен
Керейде Сағынайдың болыпты асы.

Жоқ болмас, бірі ғана құры байдың,
Өзі – нән болса керек, руы – айдың.
Осы астың біз айтпай-ақ өзі айтады
Болғаның өлдекандай сұмырайдың.

Іріңдеп, сығырайып екі көзі,
Болыпты Керейдің бір бұлдысы өзи.
Алдынан дау, аузынан сөз кетпепті,
Айтқанда керейлерше «Дәудің өзі».

Оларша – жердің белі, таудың құзы,
Ата ұлы, арыстандай кер ауызды.
Біздерше – хат білмейтін бір қатты шал,
Жуан ит сүйек бермес, жалмауызы.

Қар кетті, көк жетілді, ағаш мұлғи,
Жетіпти Сағынайдың жылы жылжи.

Қар жұқа, қысы жақсы, жер соны боп,
Сол жылды Арқа елінде болып ед қүй.

Қатарлап қаладайын үйлерді ылғи.
Көше боп көк майсаға тігілген үй.
Айтылған қыстай сауын, ұлы дүбір,
Хат алған неше дуан, болыс пен би.

Әр елдер тұрғы-тұрғы, алыс, жақын
Жаратып келіп жатқан дәмелі атын.
Бас қосқан неше дуан ақтарылды ас,
Жалпақ жүрт түгел естіп жатты даңқын.

Әйтеуір өудім жерге шаба алатын
Бұл астан қалдырған жоқ қазақ атын.
Қалмастан қаладағы биржевойлар,
Саудагер қалдырған жоқ тағалы атын.

Керейдің ас болған соң осы шалы
Ағылды алуан жүйрік қосылғалы.
Қаптасты құмырсқадай қырға қазақ,
Ас емес, шегірткенің жосылғаны.

Қараөткел келіп жатыр, Қарқаралы,
Кереку, Баян, Семей, Торғай – бәрі.
Жетісу осында кеп құйып жатыр,
Арқаға аунап шөкті Қаратаяуы.

Әр жақтың қошқарлары, марқалары,
Әр жерде ауыр қотан, алқалады.
Жиылды Сағынайдың сорпасына,
Асын жеп, атын шауып тарқагалы.

Әр елдің бұқалары, өгіздері,
Қызыл көз, саба құрсақ – семіздері,
Жерлерден жарты ай жүріп келгендер бар,
Келіпті пәленше де дегізгелі.

Дейміз бе осыларды нені іздеді?
Жын қуды астың етін жегізгелі.
Арқаға аударылды ас дегенге
Лақылдаш Балқаш, Арап теңіздері.

Жан-жақтан ағытылды сабаны артып,
Тұсіріп, дүрілдеп жүр табақ тартып.
Кісіге шыпылдады ақ ордалар,
Қалың ат ер-тұрманы етіп жалт-жұлт.

Байланған қыс бордақы домалантып,
Сойылды талай мертік, талай шартық.
Соларға бір сұғынды Сұрпақбайлар,
Мал сойып, табақ тартып, сорпа қалқып.

Арқаның жазы жібек, жері сая;
Қоңыр жаз самал соққан күн жылмая.
Қазақты асқа келген Арқа күтті,
Су беріп бал бұлақтан, кілем жая.

Тәтті жал, қазы, қарта мая-мая,
Дамылсыз дастарқанды жүрген жая
Жігіттер тынымы жоқ, табақ тасып,
Болғансып терлеп-тепшіп, бая-шая.

Шалдар да былш-былш қақырынған.
Сары қымыз салқын үйде сапырылған.
Қалың топ, қара құрық, қамыс кісі
Толықсып, желді күндей жапырылған.

Ақсақал ат әкелген ата ұлынан.
Әр елдің дәріптеген батырынан,
Біреуді білмесе де нән деседі –
Шіреніп насыбайды атуынан...

Жиынға ояз мінген бір арғымақ
Тыншымай мамағашта түр қарғылап.
Тұқымы, тобылғыдай тор қасқаның,
Алынған франсуздан англ-арап.

Бұгіліп бауырынан, жүйрік жарап,
Жан-жақтан келіп жатыр не желді аяқ.
Көл асқа қыр қазагы құстай қаптап,
Топырлап қонып жатыр үйге тараپ...

Ет асып, пышақ қайрап, малды қырған,
Кедейге сонда ырза емес бай антүрган.
Жалғыз-ақ бұл жиында малдылар жоқ,
Аңсаған ас етіне қойшы қырдан...

Сопылар тәсбі тартып, құман ап жүр,
Әр үйге «Аллай хақ» деп дуана жүр.
Кемпірі Сағынайдың опыраңдал,
«Кет-кет!» деп дуананы қуалап жүр.

Қаргалар қызыл көрген анталап жүр,
Май шайнап жамбастарды жаңқалап жүр.
Итініп ет үйлерге ит пен жетім
«Қай жерден қағамыз» деп байқап-ақ жүр.

Мырзалар күміс тұрман шалқалап жүр,
Кедейлер отын шауып арқалап жүр.
Құңғентіп Сағынайдың көр моласын,
Осындай ас боп жатты Арқада бір...

Әдебиет теориясы

Мінездеме – көркем шығармадағы кейіпкерге оған тән мінездерін, ой-пікірін, адамдармен қарым-қатынасын, сөйлеу әдебін, ішкі болмысы мен дүниеге көзқарасын, іс-әрекетін жинақтап айту.

Мінездеу – кейіпкердің мінез бітімі, көркем образдың өзегі, негізгі арқауы. **Тура мінездеу** – бұл автордың мінездемесі. Адамды бір сөзben де мінездеуге болады. Мысалы, сараң болса – Қарабай, аңқау болса – Мырқымбай, өтірікші болса – Судырахмет. **Жанама мінездеу** – кейіпкерге қатысты құбылыстар мен заттарды салыстыру арқылы кейіпкер бейнесін ашып көрсету.



СӘЗДІК

Қылта – бұрылсты, қалтарысты тар жер, шатқал.

Нән – үлкен, дәү.



1. Илияс Жансұгіровтің өмірі мен шығармашылығы туралы тірек сызба құрастырындар.
2. Поэмада не туралы жырланады?
3. Ақан сері туралы естігендерің бар ма? Ақан сері мен Құлагер тұлпардың қандай байланысы бар?
4. Ақан серінің өмір жолы бойынша сызбаны толтырындар.

Ақан сері

Кім болған?	Ол не істеген?	Қандай шығармалар жазды?
-------------	----------------	--------------------------

5. Илиастың өнер тақырыбына жазған шығармаларын атандар.
6. Өн, өнер құдіреті, өнер иелері туралы қандай шығармаларды білесіңдер? Ақынның басқа шығармаларын мысалға ала отырып, ақынның өнер тақырыбын жырлау шеберлігіне тоқталындар.



1. Илиастың табиғат жырлары бойынша үздік лирик ақын екенін дәлелдендер. «Құлагер» поэмасындағы табиғат суретінің кейіпкер бейнесін ашуға қандай қатысы бар?
2. Поэмага сюжеттік-композициялық талдау жасаңдар.
3. «*Не болды-ай, бай-бай саган, Құлагерім?!*

Суалдың, сорлы иеңнің ңұлғасы едің...
Tірекі көңілімнің, бәйтерегім,
Бұл жерге қалайынша құлап едің?!
Бай-бай-ай,
Бай-бай-ай-ай...» – деген жолдардан ақынның зары мен мұңзы, жан күйзелісі, өкініші мен ызасы жайында пікір алмасып, өлеңдегі психологиязды табындар.
- 4. *Тұсында сері болсын, пері болсын,*
Ұнайды өмірімен Ақан маган, – деген жолдардың мағынасын ашып,

Ақан жайлы айтқан Ілияс сөзіне өзіндік көзқарастарыңды білдіріп ойтолғау жазындар.



1. Ақанға тән қасиеттерді топтастыру стратегиясы арқылы көрсетіп, поэмалың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтаңдар.
2. Ас беру дәстүрі туралы не білесіндер? Қазіргі кезде бұл дәстүрдің қалай қолданылып жүргеніне мысал келтіріндер.
3. «Құлагер» поэмасына арқау болған тарихи тұлға мен тарихи оқиға туралы не білесіндер? Олар туралы мәлімет дайындаңдар, қазақ тарихындағы орны туралы ой толғап, пікір алмасындар.



1. «Құлагер» поэмасындағы композициялық амалдардың қолданысын талдаңдар.
2. Өнер және өнерпаздар тағдырын салыстыра отырып, автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасаңдар.
3. Поэмадан көркемдегіш құралдар түрлерін (құбылту мен айшықтау) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беріңдер.
4. Поэмадағы ақын тілі, көркемдік сипаты қалай суреттелген? Поэмалың құрылымына талдау жасаңдар.
5. Поэмалың мазмұнын ашатын мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерге айналған сөздерді тауып, шығармашылық жұмыс жүргізіндер.



1. Абайдың және Қуреңбай сыншының атқа берген сипаттамаларын салыстырындар.

Абай «Аттың сыны»

.....
.....

Қуреңбай сыншы

.....
.....

2. «Құлагер» поэмасының желісі бойынша түсірілген «Құлагер» фильмін және «Біржан сал» фильмін көріп, салыстыра талдау жасаңдар, тарихи және көркемдік құндылықтарына баға беріңдер.
3. «Ілияс – қазақ поэзиясының Құлагері» атты тақырыпта шығарма жазындар.



1. Поэмадағы ақын тағдырының көріністерін қазіргі өмірмен салыстырып, жаңашылдығына баға беріндер.

2. «Бай-бай, Құлагерім!» жоқтауындағы ақын өміріндегі Құлагердің орнын білдіретін өлең жолдарын талдап жазындар.

3. Поэмадағы:

...Зарлатты, аңыратты, жоргалатты,

Күйік ән көкке сермен сорғалатты.

Азалы аңы дауыс зарлаганда,

Жұрт бірге жоқтап жатты өлген атты, – деп аяқталатын Ақан қайғысын қалай түсінесіндер? Шыгарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, өдеби әссе жазындар.

4. Поэмада Ақан сері образын сөз еткенде Құлагер бас кейіпкер бола ала? Поэмада Құлагерге қандай баға берер едіндер?

5. «*Ақан серінің Құлагері туралы және сол Құлагердің өкінішті қазасы жайлы шыгарған әннің хикаясы жөнінде ақынның поэма жазуы – қазақ поэмасының тақырыптық-мазмұндық арнасындағы үлттық ерекшелікті аңғартады. Атқа байланысты оқига жайлы арнайы поэма жазуы ақынның өз халқының ежелден келе жатқан үлттық психологиясымен тығыз байланыстылығын танытады*». Осы сыйни пікірге сүйене отырып, әлем өдебиетінен өздерің оқыған шығармамен салыстыра талдап, сын мақала жазындар.



Оқу сауаттылығы

1) Тәует бас, қамыс құлак, қуарған жақ,
Құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыншак.
Қоян жон, жазық жая, жауырынды,
Құс топшы, қос шынтағы қалқынқырақ...

Сол күні Құлагердің айтар өзі-ак,
Қайтейін онан бері сөзді қозғап.
Қазақы қолдың жүйрік жылқысы осы,
Сау емес танымаған мұны – көзі ак.

Сұрақ: Үзіндідегі көркемдік ерекшеліктерге мән беріп, бұл қай атқа берілген сипаттама және оны кім айтқанын анықтаңдар.

- a) Төует бас – әдемі, тік, сұлу бас. Қектүйғын туралы айтқан Батырштың сөзі.
- b) Төует бас – әдемі, тік, сұлу бас. Бұл Құлагерге байланысты айтқан Ақан серінің сөзі.
- a) Құлагерге Қүренбай сыншының айтқан сыны.
- b) Қектүйғынға Қүреңбай сыншының айтқаны.

2) «Құлагер» поэмасында:

*Айбалта ыргай сапты қойынында,
Сол еді мылтығы да, сойылы да, – делінген.*

Сұрақ: Осында аталған ыргай ненің аты?

- a) құрал
- b) қамшы
- c) ағаш
- d) мата



Оқушы күнделігі

Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын оқығаннан кейін қандай әсерде болдыңдар? Ақан серігеге және Батырашқа не айттар едіңдер? Қиянат жасамау дегенді қалаң түсінесіңдер?

«ҚҰЛАГЕР»

Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы бөлімдердің атаулары бойынша сөзжұмбақты шешіндер.

*	*	*	*	K				*				*	*
*	*	*	K	ұ	л	а	г	е	р	*	*	*	*
*	*			л				*					
*	*	*	*	а		*						*	*
*	*	*		г			*	*	*	*	*	*	*
				е	*	*	*	*	*	*	*	*	*
*	*			р			*	*	*	*	*	*	*



БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН (1894–1938)

Бейімбет Жармұхамедұлы Майлин (шын аты – Бимұхамед) – қазақ өдебиетінің көрнекті тұлғасы. Ол 1894 жылы 15 қарашада қазіргі Қостанай облысы Таран (бүгінде Бейімбет Майлин атындағы) ауданында дүниеге келген. Екі жасында әкесінен айрылған, ал анасы бір байдың сауыншысы болыпты. Бейімбеттің өзі кішкене кезінен сол байдың қозысын, кейін, сөл өсекен.

Ал жас Бейімбеттің өжесі көне жырларды көп білетін, өзі ақынжанды адам болған.

Бейімбет Жармұхамедұлы алғашқы сауатын байдың үйінде тұратын татар Әбдірахман Сатыбалдиннен ашқан. Кейін көрші ауылдағы Әбдірахман Арғынбаев деген молдадан білімін жалғастырған. Содан кейін Қостанайдағы орыс-қазақ мектебінде, Троицк қаласындағы Үәзиға медресесінде, Уфадағы Фалия медресесінде білімін дамытты.

Ол 1914 жылы Уфадағы «Фалия» медресесінде оқып жүрген кезінде, «Садақ» атты қолжазба журналдың әрі редакторы, әрі белсенді авторларының бірі болды. Өзінің «Мұсылмандық белгісі» атты алғашқы өлеңін осы журналға ұсынды. Ал «Шұғаның белгісі» деген тұңғыш прозалық шығармасы басылымның үш санында жарық көрді.

Жастықтың жалынымен шығармашылықта құштар ол осында оқып жүрген кезінде татар халқының белгілі адамдары Фалымжан Ибрагимов, Мәжит Faури, т.б. тұлғалармен байланыста болды.

Бірақ денсаулығына байланысты Уфада көп оқи алмай, Троицкіге қайтып келіп, дәрігерге қаралуды ойлады. Осы жерде ол «Айқап» журналында қызмет істеп жүрген Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхаметжан Сералинмен кездескен, бұл басылымда оның өлеңдері жарияланды. Атап айтқанда, «Мұқтаждық», «Көңіліме» атты өлеңі, «Болған іс» атты өңгімесі «Айқап» журналында жарық көрген.

1916 жылы өзінің ауылына келіп, әрі қаламгерлік, әрі ұстаздықпен айналысады. Бұл қазақ халқы үшін оңай жылдар болмағаны анық. Осы кезеңдегі туған халқының бар ауыртпалығын көзімен көрді. Ал 1917 жылы Қазан революциясынан кейін ол бүкіл еңбегін жаңа қоғамға арнады.

1923 жылды Бейімбет Майлин Қостанай губерниясына келіп, «Ауыл» атты жаңа газет шығарды. Қөптеген өлеңдері мен «Раушан – коммунист» повесі осы газетте жарық көрді. Бұдан кейін, 1925–1928 жылдары «Еңбекші қазақ», 1928–1932 жылдары республикалық «Ауыл тілі», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде қызмет етті. 1934–1937 жылдар аралығында «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы болды.

Негізі, Бейімбет Майлиннің шығармашылығы, ең алдымен, ақындықтан басталды. Оның «Кедейге» (1922), «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз» (1923), «Жазғы жайлалауда» (1926), «Наурыз түлегі» (1927), «Көк сиыр» (1930), «Біздің жастар» (1930), т.б. сол кездегі өмірдің көркем суреттері болды. Ол, сондай-ақ, оннан астам поэма жазды. Атап айтқанда, «Байдың қызы» (1917), «Рөзия қызы» (1919), «Қашқан келіншек», «Зәйкүл» (1921), «Маржан» (1923), т.т.

Бейімбет Майлин қай жанрда жазса да, шығармасындағы негізгі тақырып – қазақ ауылы, тұрмыс-тіршілігі және қазақ кедейінің бейнесі. Ол бейнені ақын Мырқымбай арқылы жасаса да, оны ойлауы, дамуы тоқтап қалған күйде суреттемейді, оның өсуі, дамуы бар. Өйткені ақын қазақ кедейі дегеннің өзінде өз туған халқының мұддесі, арманы жүзеге асуын қалайды. Солайша Бейімбет Майлин Мырқымбай типін сомдау арқылы қарапайым ауыл қазағының типтік бейнесін жасады. Оның «Мырқымбай» (1922), «Кедейдің кейістігі» (1925), «Әйт, шу... ала атым» (1924), «Қарасор» (1925), «Бер, Мырқымбай, қолынды!» (1926), «Әй, Мырқымбай» (1928), т.б. шығармалары осы типтік бейнеге арналған.

Қазақ тарихын кеңес дәүіріне дейін және кейін деп бөліп қарауды Бейімбет Майлин шығармашылығына да қатысты айтуға болады. Алайда, қай кезеңде болса да, жазушының азаматтық ұстанымы айқын – қазақ халқының басынан өткен ауыртпалықтарды шынайы суреттеу. Мысалы, «Құлпаш» атты әңгімесі 1922 жылды жазылған. Мұнда елді қынадай қырған аштық Құлпаштың бейнесі арқылы сомдалған. Баласы мен жолдасын аштықтан құтқару үшін Құлпаш амалсыздан Жұмағазы деген байға қүйеуге тиуге мәжбүр болып, қойнына екі кесек ет тығып алыш келгенінде, жанына жақын екі адамы өліп жатқаны суреттелген.

«Айт құндері» атты әңгімесі де осы тақырыпқа арналған. Оның әр шығармасында сатирадық-юморлық сипаттағы шындық бар. Бұл ретте «Қанды кек» (1916), «Сексен сом» (1918), «Айт құндері» (1922), «Талақ» (1923), «Қара шелек» (1930), т.б. атауға болады. Мұнда жадау тірлік, аштық, адамдардың жан дүниесі... – бәрі көз алдыңа сурет сияқты анық шыға ке-

леді. Бейімбет Майлінді осында керемет суреткерлігі үшін «әңгіме жанрының шебері» деп атайды.

Ол XX ғасырдың 20–30-жылдары байлардың мал-мұлкін тәркілеу кезінде асыра сілтеуге жол берілгенін де жазған. Жазушы «Ақталған еңбек» (1928), «Сары ала тон» (1928), «Шапайдың хаты» (1928), «Арыстанбайдың Мұқышы» (1930), «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» (1930), «Бигайшаның хаты» (1931), т.б. шығармаларында бұл келенсіздікті шеберлікпен суреттеген.

Жазушы сатирадың фельетондарды да өз мақсатына шебер пайдалана білді.

Б.Майлін он беске жуық повесть (хикаят) жазған. Соның бірі – «Шұғаның белгісі» – қазақ өдебиетінде классикалық шығармалардың бірі. Бұдан кейін де қазақ өйелінің тағдырына арнап, «Раушан – коммунист» (1923), т.б. шығармаларын жазды.

Қазақ интеллигентиясы туралы «Азамат Азаматыч» (1934) атты роман жазған. Ал оның «Қызыл жалау» (1931–1936), «Қоңылар» атты романдары аяқталмай қалды.

Бейімбет Майлін драма саласында өнімді қызмет еткен. Ол 25-тей пьеса, либретто, сценарий жазған. Қазақтың ардақты перзенті солақай саясаттың кесірінен жазықсыз 1938 жылы 26 ақпанды атылды.

Бірақ оның есімі де, көркем дүниелері де туған халқы үшін қымбат, мөңгілік мұра ретінде қадірлі.

«ШҰҒАНЫҢ БЕЛГІСІ» ТУРАЛЫ

Шыгарма ерекшелігі. Шыгарма 1914 жылы жазылған, жанры – повесть. Соның өзінде лирикалық сипатта жазылған. Өйткені мұндағы оқиға адамдардың тағдырын суреттеу арқылы дамыған. Тағдырларды суреттеу үшін образдарды толық ашу мақсатында олардың көңіл құйларі сезімталдықпен жеткізілген.

Хикаят I жақтан жазылған. Шағын он үш тараудан тұрады. Екі атты жолда танысады. Лирикалық кейіпкер өуелі жолдасын таныстырады да, сосын оның әңгімесін тыңдайды.

Повесть оқиғасы бойынша кедей жігіт пен байдың қызы бір-біріне ғашық болады, бірақ қосыла алмайды. Бұл – XX ғасырдың бас кезінде жиі кездескен жағдай. Уақыт жағынан алғанда, Міржақып Дулатовтың «Бакытсыз Жамалы» 1910 жылы роман жанрында жазылған, яғни қыздар тағдырын прозамен жеткізуде алғашқы жол салынған. Дегенмен, Бейім-

бет Майлин бұл тақырыпты өзіндік суреткерлікпен, шеберлікпен жеткізе білген.

Шығарма табиғатты суреттеуден басталады. «Біз ауылдан шыққанда, күн де сәскелікке жақындал еді. Ұшпалы сүр бұлттар көшкен керуен сықылды, тіркесіп оңтүстікке қарай жылжып ұшып, күннің көзі біртінде, ашыққа шығып, жылы шырай нұрын шаша бастады», – деп, әдемі суретті көз алдымызға әкеледі. Сосын: «Біз екеу едік», – деп өздеріне тартады. Бұл екеудің бірі – автор, ал екіншісі қасына ерген жолдасы, әңгіме айтушы – Қасымжан. «Шұғаның белгісі» деп аталған обашықты тілге тиек етіп, қасындағы серігінің қызығушылығы артады. Осылайша бірінші тарау пролог болып шыққан. Қасымжанның айтар әңгімесі, яғни Шұғаның тағдыры екінші тараудан басталады. «Бала күнімізде анау көрінген төбенің басында талай асық ойнап едік... Бұл – елдің күзге қарай қонатын жері, жазғытұры барып, тамызға шейін отыратын жайлауымыз, бұл көл де «Шұғаның белгісі» атанды, бұрын «Тарғыл өгіз сойған» деуші едік. Ортан қолдай төрт ұлы болды – шетінен қасқыр. Сол төрт ұлдың ортасында бұландалап өсken Шұға дейтін қызы болады. Шұға десе – Шұға, өй, шіркіннің өзі де келбетті еді-ау...». Бұл – сюжеттің басталуы, яғни экспозициясы. Ал үшінші тарауда оқиғаның сюжеттік байланысы, яғни негізгі тартыстың туу себебі түсіндірлген. Осы тарауда Әbdірахманның Есімбектің ауылына алғаш келуі, Шұғаны тұңғыш рет көруі баяндалады. Осыдан кейінгі IV–XII тарауларда адамдар тағдырлары, кейіпкерлердің қым-қиғаш іс-әрекеттері суреттелген. Айнабай өзінің қызы Құлзипаны Әbdірахманға қосқысы келеді. Жігіттің ойы Шұғада болған соң, Есімбекті айдаған салып, Әbdірахманды істі қылады. Тіпті, «Түріктеге жасырын ақша беріп жур» деп, жала жауып, ақыры, Әbdірахманды қаматады. Оқиға шиеленісті, ұсталып бара жатқан Әbdірахман:

...Жұзі құбыла, сөзі Құран Шұғамның,
Бір Шұға үшін жанды құрбан қыламын.
Кетерімде арманда боп сүйей алмай,
Еңіреп жылап, «Қалқам!» – деді-ау шырағым! –

дейді.

Ақыры, Шұға құса болып, ауру болады, бұл – сюжеттің шарықтау шегі. Енді Есімбек қызы үшін Әbdірахманды тұтқыннан босатуы керек, бірақ бөрі кеш болады. Қыз ауруынан жазылмайды. Оқиғаның шешімі соңғы, яғни он үшінші тарауда белгілі болады.

Шыгармадагы кейіпкерлер жүйесі: Негізгі оқиға Есімбек бай мен оның қызы Шұға жөне мұғалім Әbdірахман арасында өрбіген. Әbdірахманның хатын тасуши – Базарбай, Есімбек үйінің қойын бағушы. Бұлардан басқа Шұғаның жеңгесі Зәйкүл, т.б. бар.

Шұға – Есімбек байдың жалғыз қызы, төрт ұлдың ортасында ерке өскен қыз. Өзі ақылына көркі сай. Елдің бәрі «Шұға десе, Шұға еді-ау» дегізген сұлу қыз.

Шұғаның сыпайылығы Әbdірахманды алғаш көрген кезінде өзін ұстаудынан-ақ байқалады. «Күрметлу мырза Әbdірахманға сәлем соңында айтарымыз: хатыңызды алдық, қазір пәлендей жауап бере алмаймыз, айыпқа бүйірманыз» деген хаты да осы сипатты танытады.

Ал Зәйкүл ажарлы, шырайлы, бірақ өзі ұнатқан адамына бара алмаған. Сондықтан Шұғаның тілеуін тілеген жеңге, өзі қорқақтау.

Әbdірахман – оқыған, көзі ашық жігіт. Ол тек білімімен ғана емес, өзінің бір сөзділігімен де адамгершілігі жоғары екенін танытты. «...Көптен көрші болған ел едік, арамызға салқындық түсірме...», – деп, шалдар үгіттеп, Әbdірахманды ойынан тайдырмақ болды. Әbdірахман бәріне де: «Шұға айныса, амалым жоқ. Егер Шұға сөзінде тұратын болса, не қындық болса да, көрем. Алмай, тынбаймын, – деумен болды». Бұл – жігіт сөзі. Есімбек болыс оны істі қылса да, ғашықтық сезімін жоғалтпаған.

Жазушы Әbdірахманның адалдығын оның халықтың жанашыры болуымен де жеткізген.

Негізі, осы Әbdірахманның прототипі – жазушының өз өміріне тікелей қатысы бар мұғалім. Зерттеушілер Әbdірахмен Арғынбаев деп болжайды.

Айнабай – екі елдің арасына от салып жүретін адам. Ол қызы Күлзипаны Әbdірахманға қосқысы келеді. Оны үй-іші сыртынан күйеубала жасап та қойған. Жеңгелік қызметті Маржанбике атқарады. Алайда Әbdірахман бір сөзді жігіт. Осылайша кейіпкерлер жүйесінде адамдардың түрлі мінездері бар.

Шыгармадагы психологизм кейіпкерлердің тағдырларын суреттеу шеберлігімен өсерлі. Шұғаның алтыбақанда айтқан:

Не мұңдық, бұл дүниеде қыздар мұңдық,
Атадан мұңдық болып неге тудық?
Атадан мұңдық болып тумас едік,
Бұрынғы ата-баба жолын қудық, –

деп, бүкіл тағдырын осы өлеңге сыйдырған.

Әбдірахман мен Шұғаның бір-біріне жазған хаттары да әсерлі. Дегенмен, екі ғашық осындай хаттар жазса да, соңғы күндері кездесе алмады. Шұғаның қайтыс болғанын Әбдірахманға ауыл адамдары естіртті. Шұғаның жазған хатын ол кейін алды. Оны Қасымжан сосын берген, қыздың хатында үш шумақ өлең жазылған. Оның соны:

Хаты деп ақтық жазған ғашық жардың,
Есіце ал, дұғаңда мен ынтызармын.
Қош, сау бол, ойнап-күліп жолығармыз,
Астында ақ туының пайғамбардың!.. –

делінген.

Ақырында, Қасымжанның өңгімесі бүкіл бір ауылдың тағдырын шынашы суреттеп берді, бұл – жазушының шеберлігі, жетістігі.

ШҰҒАНЫҢ БЕЛГІСІ¹ (повесть)

I

Біз елден шыққанда күн де сәскелікке жақындал еді. Үшпалы сүр бұлтар көшкен керуен сықылды, тіркесіп, оңтүстікке қарай жылжып ұшып, күннің көзі біртінде ашыққа шығып, жылды шырай нұрын шаша бастады. Әйткенмен, солдан соққан салқын жел өзінің өткірлігімен жұқа киімнен ызғарын өткізіп, тоңдырып, сентябрь айының жеткендігін жолаушыға еріксіз ойлатарлық еді.

Біз екеу едік.

Менің астында жортақылау тапал торы ат, жүргіштеу. Ер-тоқымым ескілеу, байлардың малға мінетін ер-тоқымы. Үстімде қонған үйімнен сұрап киген шидем күпі. Қолтығымдағы жыртығынан жел өтіп, мазамды алыңқырап келеді. Жолдасым отыз-қырықтардың шамасындағы жер ортасы адам, сиректеу сақал, мұрты бар; қара бұжыр, құлімсіреп, дөңгеленіп тұрган қара көзді, пішініне қарағанда біртүрлі сөйлемпаз адам секілді. Астында қойшылар мінген қара кер бесті, үсті-үстіне ұрып отырмаса, кейін қалып қала береді.

Жел артымыздан еді, ауылдан он-он бес шақырым шықтық. Жаздай жайлап, жердің шаңын шығарып тастаған жайлауын қақ жарып, құбылаға бет алыш келе жатырмыз...

¹ Майлин Б. Ел сыры. – Алматы: Жазушы, 2004.

Жұрген сайын жер өнбегендей, сол ұшы-қиыры жоқ алдында екінші белес. Мен шықтым. Манағыдай емес, атқа жортқан соң, денем жылынып, ештеп маңдайымнан тер де шығайын деді. Жолдасымның басында желпен. Елден шығарда бауын мықтап байлап алған Шабан қара кер үсті-үстіне үрғызған соң, о да бусанайын деді білем, желпенін шешіп алыш, беліне байлады. Милығына түскен бөркін жоғарырақ көтеріп қойып, қара керді бір тебініп, шаужайлап жіберіп, маған қатарласып, «Тым бері бұрыла бер-меніз, күнбатысқа таман жүрейік», – деді.

- Сіз кейін қалған соң, мен алдыңызды орағыта беремін.
- Жамандатқыр мынау бір ит екен, тіпті, жүрмейді, – деп, қамшымен салып-салып жібереді.

Менімен қатарласып алған соң, қара кердегі ашуы біткен тәрізденіп, азырақ жадыранқырап, маған қарады.

– Мынау алдымыздың үлкен көл «Қамысақты» ғой; осының сол жағын ала жүріп, жыбырлай көрінген Обаның белесінен тұра ассак, алдымыздан бір кішкене сүрлеу келеді. Сол сүрлеумен барып, Шұғаның белгісінен қара жолды қиып аламыз, – деді.

Әңгіме азырақ ой бөлейін деді... Жол қысқарту үшін жолдасыммен сөйлесуді мен өзім де тілеп келе жатыр едім. Бірақ бұрын сырлас адамым бол-маған соң, әңгімеге қандай жайының барын анық біле алмай, сөз ашпап едім. Және мениң бір өдетім жол жүріп келе жатқанда, өзім сейлегеннен де, біреуді сөйлетіп, тыңдауды артық көруші едім.

Жолдасым жол әңгімесін бітірсе, «Тағы да бар, тағы да бар» деген кісі тәрізді біртурлі сөз сөйлеуге ыңғайланып тұрды. Мен әңгімені неден баста-рымды білмедім, жол жайын айтып өткенде, «Шұғаның белгісі» дегені бар еді. Одан пәлендей сөз туады деп, дәмеленбесем де, бастауға себеп болсын деп ойлад:

- «Шұғаның белгісі» дегеніңіз не нәрсе, тау ма? – дедім.
- Жоқ, өшейін, бір обашық, – деді. Кейін қалып бара жатқан соң, тағы тебініп, қатарласып:
- Шұғаның белгісін сіз білмейтін шығарсыз-ау, – деді.
- Мен қайдан білейін, бұл жаққа бірінші келуім, – дедім.
- Білмессіз... сіздер жассыздар ғой, – деді. Маған қарағанда, өзі недәуір көпті көрген үлкен адам болып көтеріліп қойды.
- Сіз білмейтін шығарсыз, жассыз ғой. Уақытында Шұғаның әңгімесін бұл өлкенің баласына шейін біліп болып еді... ой, шіркін, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау, – деді.

Жолдасымның бұл сөзінен мен Шұғаға ынтықтым. Анығын сұрап білгім келді.

- Шұғаның әңгімесін айтсаңыз қайтеді, жол қысқарсын, – дедім.
- Айтайын, – деді.

Қаракерді тағы тебініп, қатарласты. Жалпылдаш жайылып келе жатқан етегін жинап, тақымына басып, еріндегі насыбайын тастап, бір-екі түкірініп алыш, ыңғайланып:

- Бұл қызық әңгіме, тыңдаңыз, – деді.

Сөзді бастап та жіберді.

II

...Бұғінгі шыққан ауылыңызды «Ерекең» ауылды дейді. Содан ары қарай өзеннің бойы жалпағынан ел. Бір атаның баласы жұз елу – екі жұз үйлер бар. Қыс қыстаулары басқа болғанмен, жаз көбіне бірігіп отырады. Мынау алдымызда көрінген – «Қамысақты» дейтін көліміз. Осының маңайы жыбырлаған шұқырынды томар. Августан бастап осының басы елмен толады. Әр томарға төрт-бес үйден қонып, бөлек-бөлек отыргандары. Ой, дарига-ай, талай қызықтар өтті гой.

Бала күнімізде анау көрінген төбенің басында талай асық ойнап едік... ол да бір дәурен... иә... бұл елдің күзге қарай қонатын жері, жазғытұрғы барып авгусқа дейін отыратын жайлалауымыз, бұл көл де Шұғаның белгісі атанды, бұрын «Тарғыл өгіз сойған» деуші едік. Үлкен көл, маңайы толған шорқындаған су... ол уақытта жердің берекесі қандай. Өзіміздің ел қашшама... оның үстіне ту Сырдан келіп жаппастар да қонады... кейінгі кездеғана жаппас келуін қойды гой. Біздің Беркімбай дейтін жақын ағаларымыз болады. Бұрын бай еді, болыстыққа таласамын деумен-ақ малын құртып алды. Осы күні кедей. Сол Беркімбайдың әкесінің нағашысы – Жаппас Есімбек дейтін болды. Өзі бай еді, Жаппастың алды деуге боларлық. Беркімбайға арқа сүйеп, Есімбек сол «Өгіз сойғанның» ең шұрайлы жеріне қонушы еді. Өзі де жомарт, қонақпаз еді. Елге жағымды болып тұрды. Мал мен басы бірдей, тілегін берген бір адам: ортан қолдай төрт ұлы болды – шетінен қасқыр. Сол төрт ұлдың ортасында бұландаш өскен Шұға дейтін қызы болды. Шұға десе, Шұға, Шұға, өй, шіркіннің өзі де келбетті еді-ақ... ақ құба, талдырмаш, көзі қап-қара, осы үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, біртүрлі паң еді-ау, шіркін... Бұл күнде ондай қыз қайда?! Ажары төуірлеу біреу болса, соны

көтере алмайтынын да білмейсің, ешкіге құсан шошаңдап, бір соқтығып жүргені. Заман бұзылған ғой... иө...

Осы құнгілердің бір тапқаны қызды оқыту керек дейді. Сол Шұғалар хатты зорға танушы еді. Сонда да осы құнгінің оқыған он қызына бергісіз еді. Айнала айтқанда, Құдай сана берсін десейші...

Ол кезде менің жиырмаса жаңа келген кезім. Есімбектің үйіне көп араласып жүрдім. Менің бір Базарбай дейтін інім сол Есімбектің қойын бақты. Өзі бала құнінде епті-ақ еді, былтыр қайтты. Сол баланың арқасында ерте барам, кеш қайтам. Жаз көбіне сонда болушы едім. Шұғаның сонда он алтыдағы кезі шығар деймін. Елдің бозбалалары ертеңді-кеш қылжақтап сол ауылдан шықпайды. Ептең сөз салдыратыны да болады. Бозбалалардың хатын таситын менің інім, Шұға біреуіне жауап қайырмайды.

Бозбалалар кейіп байдың қызы болған соң іріленгені ғой, тәқаппар десүші еді.

Менімен құрдас біздің ауылда Кәрім деген бар. Сол уақытта да өзі есер-соқтау еді. Біз мазақ қыла беретінбіз. Шұғага қылжақтайтының біреуі – сол. Бір күні бір жазған хаты менің қолыма түсті. Өлең жазған болыпты... немене еді, тәйірі, соның өлеңі...

«...Қаладан алышп қелген боз белбеуім,
Болса да жаман-жаксы өз белбеуім.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің аман-есен, көз көргенім», –

деп жазыпты.

Бозбалаға ермек керек. Мазақ қылу үшін Шұғаның хаты қылышп өлеңмен жазып, Кәрімге тапсырдық. Кәрім ашып оқығанда, төбесі көкке жеткендей болды.

Біздің сонда Шұға болышп жазған өлеңіміз:

...Алаштан асып туған сымбаттым-ай,
Базардың пұлы жетпес қымбаттым-ай,
Арманым бүл жалғанда болмас еді,
Құн болса қосатұғын саған құдай...»

Ой, алдай, қызың заман екен-ая, ө...

Шұғаның өке-шешесінің бір артық жері, он алтыға келгенше, Шұғаны күйеуге бермейді. Осы күні байлар, қызы шырылдан жерге түсісімен, бі-

реудің малын алады ғой... Үақытында талай мырзалар айттырды, бәріне де нәсіп болмады. Ал жетер жердегі бай балалары мүлде түнгіліп болды. «Есімбек қызының бағын байлады. Енді бұған төуір күйеу кездеспейді» деп, жұрт өсек қылыш та жүрді. Ол өшейін бір сөз ғой, Құдайдың жазуынан артық не болмақ...

Артынан есіттік, Есімбектің бермеудегі мәнісі, өзі жас кезінде Қали дейтін құрдасымен серт байласқан болса керек. «Бірімізде ұл, бірімізден қыз туса, екеуіміз құда болайық» деп.

Сол сертін күтеді екен ғой... Иә...

Қамысақтының басына түсіп, азырақ кідіріп, ер-тоқымымызды дұрыстап ерттеп, тағы да жүріп кеттік. Қаракерді бір-екі бауырлап алыш, жолдасым тағы сөзге кірісті.

III

...Ол кезде заман қандай, жер өдемі, мал көп...

Бір жылы 20 майда жайлауға барып қондық. Жаңбыр көп. Шөптің шығысы да жақсы-ақ еді. Бозбаланың басы құралған соң, ертенді-кеш асыр салып ойнау, есі-дертіміз – Жаппас. Есімбектікі қашан келеді?.. Етке қашан тоямыз дейміз...

Бір күні бір қызойнаққа барып, таң ата келе жатсам, үйиқтап қалған екенмін, әжем оятады:

– Жаппас келіп қонып жатыр. Базарбаймен көрісіп, қарағымды сүйіп келдім, – дейді.

Жалма-жан тұра сала, далаға шықсам, сәске түс болып, күн ыси бастаған екен. Қөлдің оң жақ беті жыбырлаған мал: қой, түйе... шоқиып-шоқиып Жаппастың кішкене үйлері тұр. Қөзімді ашып-жұма мен де жөнелдім. Мен келсем, менен әлдеқашан бұрын жұрт жиналыш қалған екен. Тоқты сойылыш, қазан асылып, қайнап та жатыр.

Есімбектің үлкен үйі лық толған адам, қымыз ішіп, әйдәй қызды-қызды болып жатыр екен. Мен тегіс арападым. Бір отауда Шұға кездесті. Көрісіп амандақаннан көзімді ала алмадым. Апырым-ай, адамзатта ондай сұлу болады екен-ау!.. Аққұдың көгілдіріндей осы аппақ. Устінде шетін кестелеген ақ көйлек, омырауын неше тұрлі ілгіштермен безеп тастаған, қызыл пұліш қамзол, басында үкі таққан тұлқі бөрік, өзі сұлу адамды мүлде одан жаман жандырып, құбылдырып тұрды.

Маған қарап Шұға күлді.

— Мезгілімен келіп көрістің-ау, — деді. Мен не айтарымды білмедім. Бұрын өзілдесіп сөйлесе беруші едім, бұл жерде тілім байланды.

— Мынау аттан түсіп жатқан кім? — деді Шұға.

Артыма жалт қарасам, екі жігіт түсіп, аттарын байлап жатыр екен. Біреуі орысшалау киінген.

Тани кеттім.

— Өбдірахман ғой, — дедім.

— Өбдірахманың кім?

— Қазақбайдың баласы.

— Иә, өлгі учитель баласы ма?

— Иә.

— Жап-жас жігіт екен ғой, — деп, бірер қарады да, Шұға отауга кіріп кетті.

Мен Өбдірахманға амандасып, үйге ертіп журдім. Отаудың сықырлауытынан Шұғаның бізге сығалап қарап тұрғандығы білінді.

IV

... — Сіз білмейсіз ғой... — деп, жолдасым қара керді шаужайлап қатарласты.

Сіз білмейсіз ғой... бізben ағайын, жасы менімен түйдей құрдас Өбдірахман деген болды. Жасында болыстың үйінде бұзау бағып өсіпті. Ол уақытта болыстың үйінде ауылнай болатын. Балалармен араласып журір учительден оқып, төрт жылдан соң школды бітіріп шығыпты. Өбдірахман өзі айтатын: күндіз қозы мен бұзау бағам, кешке келгенімде учитель бір шын мұсылман жігіт еді, «Байлардың балаларынан да маған сенің оқығаның керек қой» деп түннің бірталайына дейін оқытушы еді. Ақырында сол учительдің тырысуының арқасында школды бітірдім... Менің учительге өтеп бітіре алмастық борышым бар, — деді.

Өбдірахманың әкесі өте кедей болған адам. Ауылнай школынан шықкан соң да, Өбдірахман малайлықтан құтыла алмады. Ақырында, он екі-он үштегі, шамасы, болса керек, тұрған байынан қашып дуанға барып, бір ногайға жаз қызметке тұрып, қыс оқуға кірді. Бір-екі жылға дейін жаз жалданумен болды. Берірек келген соң жаз байларда орысша бала оқытты. Ақырында, өйтеуір, школды бітіріп шықты.

Өбдірахман школды бітіргенде, дабысы жер жарды. Отес зерек болған ғой, учительдері де мақтаса керек. Даңдағы нәшәндік «тілмаш» бол деп өтінген екен, болмай елге келді. Нәк сол кездे болыстың песірі өліп, песірсіз

тұр еді. Әбдірахманға песір бол деп жабысты, оған да болмады. Жамантік болысындағы бір байдың школына барып бала оқытты. Содан бері қыс сонда бала оқытып, жаз елде болады. Сол жылы үйенниң бас кезінде келіп еді. Содан бері Әбдірахманды қөргенім. Маған: «Маған қөріспейсің бе?» – деп қалжындарды. Әзілдесіп үйге кірдік. Төр алдында Қажыбай әңгімені көслітіп отыр екен, бізді қөрген соң жым болды.

Үй ішімен Әбдірахман тегіс амандасты, Есімбек бай онша жақсы көрмен адамның қалыбын істеді.

Бұрынғы сөздерін тастай беріп «Оқығандар анау, оқығандар мынау» болады деп, шатпа тілге айналды. Мен гажапқа қалдым. Артынан Әбдірахманнан себебін сұрасам, өткен жылы бұрынғы қалыбымен, күзгі астыққа бай киізін сатқанда, Әбдірахман тілін алар адамдардың біріне де алдырмапты: «Әзір асығып екі бағасына алғанша, астықтарыңды жиып алған соң, шалқайып отырып, жарты бағасына аласындар», – деп. Әбдірахманның тілін алғандар бірталай пайда қылыпты. «Мені олжамнан қақты» деп, байдың тырсыып отырғаны осы екен, бір сөзінің ретінде Әбдірахманға:

- Елінді қыстан шығардың ба, бала? – деді бай.
- Шукір, шығардым, – деді Әбдірахман.
- Жарайды, жарайды, ел қамқоры болған соң солай болу керек, – деп сөзін доғарды.

Тұс ауа берген мезгілде ет жеп болып, жұрт бет-бетіне тарай бастады.

V

Мен ауылға қайтқанда, Әбдірахман Есімбектікінде қалып қойып еді. Мениң артымнан іле-шала келіп Беркімбайдың үйіне түсіпті. Қымыз ішкен адам үйіктап қалған екен, екінде әлетінде турып далаға шықсам, ауылдың сыртындағы белесте, ішінде Қажыбай ақсақал бар, бірталай адам сөйлесіп отыр екен. Мен де келдім. Әңгіме Әбдірахман тұрасында екен, жақындаған келгенімде-ақ «Әбдірахманның өзі шынымен бұзылған ғой» деген Қажыбай қарттың сампылдаған даусы құлағыма сап ете қалды. Өзі сөзшең адам бірінен соң бірін тізбектетіп, не бар пәлені Әбдірахманның үстіне үйіп отыр. «Оларды мұсылман деуге болмайды. Айтатыны ылғи құдайға қарсылық сөз. Молдамен, хазіреттермен, ел бастаған басшылармен қас. Құдайдың барлығына шәк қылады. Байға мал жиып беріп отырған Құдай емес, өзіміз дейді. Құдай сақтасын, шын болса, осы өлгі қазақты шоқындыратындардан көп ақша алған дейді ғой. Нәшәндік-

ке тілмәш болмай, болысқа песір болмай, бала оқытуы да сол аздыру ретімен болса керек...

Шалдың сөзін онша ықыласпен тыңдай қойған адам көрінбейді. Жастар бір бөлек өзілдесіп отыр екен, мен де соларға қосылдым. Бәріміздің ермегіміз Кәрім болды.

– Биыл Есімбектікі Қара құмды жайлап қалады деп еді, Кәрім үшін-ақ келген шығар, – деді бір жігіт.

– Сендер байқадыңдар ма, Кәрімді көрген соң, Шұға біртүрлі құбылып кетті-ау, – деді бір қу жігіт.

Бұл екі арада қысты құні Шұғаны сағынып жүргендегі Кәрімнің шығарған өлеңі деп, біреуі өлең айтты:

«...Мінгенім астымдағы қүрең дөнен,
Қашады таудан тұлкі сүмендеген,
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айырылып, қалқам, сенен жүрем деген...»

Жұрт ду күлді. Кәрім ашуланып, кетіп қалды. Мен тұрып, Беркімбайдың үйіне бардым. Әbdірахман шынтақтап, домбыра тартып жатыр екен.

– Жоғары шық, – деді.

Әзілдесіп отырдық. Қөп ұзамай, әңгіме Шұғаға көшті. Әbdірахманның ойын білу үшін, мен Шұға қалай екен, көрдің бе? – дедім. Әbdірахман күлімсіреді.

– Көрейін деп барып едім, көре алмадым, – деді.

– Иә, сен атыңды байлап жатқанда отаудың есігінің алдында тұр еді ғой.

– Сыртынан көрген бола ма, ауызба-ауыз сөйлеспеген соң.

– Ендеше, бүгін алтыбақан құрады. Ауызба-ауыз сөйлесем десең, сонда бар.

– Шын айтасың ба? – деп, Әbdірахман басын көтеріп алды.

– Есімбектің келіндерімен қалжындастып сұрағанымда, кешкे алтыбақан құрамыз десіп еді, – деп анығын айттым.

– Бәтір-еке, барайық, – деді.

Замандастың тілін кім алмайды, мен ертіп бармақ болдым.



СӘЗДІК

Аққудың көгілдірі – аққудың балапаны.

Желпен – жазда ыстықта киетін жеңіл басқиім.

Нәшәндік – начальник (орыс) – бастық.

Песір – писарь (орыс) – кеңсе хатшысы.

Пристоп, пристав (орыс) – патшалық Ресейде, кішігірім әкімшілік ауданда тұратын полиция бастығы.

Пұліш – түкті, бағалы мата.

Саржан – 1) Түрі циркуль тәрізді жер өлшеу құралы; 2) Осы құралмен өлшенетін, арасы үш кезге (2 метр 13 см-ге) тең ұзындық өлшем.

Үйен – июнь.

Шаужайлап – шаужай – 1) аттың шылбыры мен тізгінінің түйіскен тұсы; 2) алқым, омырау.

Шорқындаған – аздаған, шамалаған, болар-болмас, шама-шарқы аз.

Шұқырынды – ойыс, шұқыр.

Рұ аты:

Жаппас – Кіші жүздегі он екі ата Байұлы тобына кіретін рұ.

Әдебиет теориясы

Очерк – болған оқиғаны қысқаша суреттейтін көлемі шағын, әдеби жанр. Бұл жанр бойынша, негізінен, қогамға енбегі сіңген азаматтардың қалыптасу жолы мен оның адамгершілік қасиеттерін насиҳаттау басты мақсат болады.

Повесть дегенді кейде хикаят деп те береді. Оның себебі: романға қарағанда, көлемі шағын. Негізінде, хикаят – фольклорлық жанр, ол кейде ойдан шығарылған немесе діни қітаптардан алғынған сюжеттерді көркем түрде баяндайтын әңгімелер (Қасқабасов С.). Ал қазіргі замандағы повестерді хикаят деу – терминді қазақшаға аудару ниетінен туған қолданыс.

Проза – қара сөзбен жазылған сюжетті көркем шығарма. Ол роман, повесть, әңгіме жанрларына бөлінеді. Бұл үш жанрішілік түрлер шығармаға жүктелген тақырыптық-идеялық міндетке байланысты, соған орай олардағы уақыт пен кеңістік ауқымдылығы, сюжеттің кеңдігі, кейіпкерлердің аз-көптігі де айрықша болады.

Әдебиет теориясы

Пролог (грек. *prologos*) – көркем шығармадағы оқиға мазмұнын, мәнін оқырманға таныстыратын кіріспе бөлімі.

Прототип (грек. *prototypon* – түп, төркін бейне) – әдеби шығармадағы кейіпкердің бейнесін жасауға тірек, негіз болатын өмірде болған адам, яғни өмірде бар бастапқы тұлға. Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» кейіпкерінің прототипі – Қажымұқан Мұнайтпасов, Жұсіпбек Аймауытовтың «Өнші» өңгімесінің түпкі бейнесі – атақты өнші Әмірле Қашаубаев.

Фельетон – өмірде кездесетін кейбір жағымсыз құбылыстарды, жеке адамдардың теріс пигылдарын, қылыштарын өшкөрелейтін газеттік жанр.

Экспозиция (лат. *exposition* – түсіндіру) – көркем шығармада оқиға дамып-өрістейтін орынды, ортаны, ол оқиғага қатысадын кейіпкерлерді сипаттап, оқушыға таныстыру.

Эпилог – көркем шығарманы қорытындылайтын компонент.



Әртүр ғарыштың белгелілігі

«Шұға десе – Шұға еді». Бұл сөз қалай айтылды? Қазақта Жібек, Мақпал, Торғын, Ақұштап есімді қыздар бар. Бұл сөздер, шындығында, маталардың түрі, атаулар. Шұға – майда тұкті, биязы жұн мата. Бағалы маталар жұмсақ, осыны ойлаған ата-ана қыздарының жаны нәзік, өздері салтанатты болсын деген.



1. Бейімбет Майліннің өмірі және оның шығармашылығы жайлы мағлұмат жинастырындар.
2. «Шұғаның белгісі» шығармасы не туралы? Шығармада қай кезеңдегі қандай оқиға баяндалады?
3. «Уақыт тізбегі» әдісі бойынша шығарма сюжетіндегі маңызды оқиғаларды еске түсіріп, кестені толтырындар

«УАҚЫТ ТІЗБЕГІ» ӘДІСІ

Оқиға	→	Оқиға								



1. Шығармада қандай мәселелер айтылады?
2. Шығармада қандай кейіпкерлер бар? Кейіпкерлердің мінезі мен іс-әрекетінің баяндалуы қандай?
3. Шығарманы оқығанда сендерге қандай кейіпкер өсер етті?
4. Шығармадан қандай мінездерді байқадыңдар? Осы сұрақтар бойынша тұра және жанама мінездеулерді тауып, көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтаңдар.
5. Шығармада автордың баяндау ерекшелігі қандай? Автор өңгімені кімнің атынан баянdap, өңгімені қалай қызықтырады?



1. Жазушы өңгімені қандай шеберлікпен қиуластырған?
2. Фашық жүректердің арасындағы жазылған сырлы да мұнды хаттарды оқып, мазмұнына мән беріп, автор суреттеуін түсіндіріндер.
3. Хаттың жазылу стиліне көңіл бөліндер.
4. Шығармадағы оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріндер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелде
1	Оқиғаның басталуы (экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленесі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	

5. Жазушының композиция құру шеберлігі қалай көрінеді? Шығармадағы оқиға желісін, адамдардың арақатынасын, образдар жүйесін қалай қалыптастырған?
6. Шығармадағы оқиға кеңістігі қалай құрылған? Автор оқиғаның баяндалар орны ретінде неге бейіттерге жақын далалы жолды таңдаған?
7. Б.Майлин өзінің шығармасын неліктен «Шұғаның белгісі» деп атап фан? Шығарманың осылай аталуының астарлы мағынасы қандай?



1. Жазушының көркемдегіш тәсілдерді қолдануы бойынша сызба құрасырындар.
2. Өңгіме ішіндегі өңгіме дегенді шығармадан табыңдар, сол бойынша ой өрбітіндер.

3. Шыгарманың образдар жүйесіндегі ерекшелік неде? Шыгармадағы оқиғаның басты кейіпкерлері неге екі-ақ адам: автор және жолаушы?
4. Автор өңгімені неге Қасымжанның айтуы арқылы қызықтыра түседі? Осы сұрақтар төңірегінде өңгімеші Қасымжанға тірек сызба жасаңдар.



5. Кейіпкер әлемін ашуда жазушы қандай көркемдік тәсілдер қолданады? Кейіпкерлерді сомдаудағы суреттеу, монолог, диалог сияқты көркемдік тәсілдердің ерекшелігі неде? Автор жолаушысына қандай баға береді?
6. Автор оқиғаны уақыт түрфысынан қалай байланыстырған? Хикаяттағы негізгі оқиғаның XIX ғасырдың екінші жартысында орын алғаны неліктен?
7. Неге шыгарманың композициялық желісі өткен замандағы оқиғаны еске алу түрфысында берілген?



1. Шыгармадағы кейіпкерлер іс-әрекеттері берілген эпизодтардан шыгарманың өзекті мәселені айтатын негізгі идеясы мен тақырыбын табыңдар.
2. – Әбдірахман гой, – дедім.
– Әбдірахманың кім?
– Әлгі учитель баласы ма?
– Иә.
– Жап-жас жігіт екен гой, – бірер қарады да, Шұға отауга кіріп кетті.

Осы эпизодтағы автор көзқарасына талдау жасаңдар.

3. Автордың стиліне сүйене отырып, сен Шұғаны қалай суреттер едің?
4. «Шұғаның белгісі» шыгармасын «Бақытсыз Жамал» романымен салыстырыңдар. «Шұғаның белгісіндегі» басты жанрлық ерекшелік қандай?
5. Шұға, Жамал бейнелері және Әбдірахман, Фали бейнелерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстырыңдар.
6. Шыгармада автор пейзажды қай оқиғамен байланыстырып қолданады? Автор пейзажды неге шыгарманың кіріспесіндеғанда қолданады?

7. Бейімбет Майлин осы шығарманы қандай мақсатта жазды, оқырманға қандай ойын жеткізгісі келді?



1. «Сендердің махаббаттарың мәңгі» тақырыбында Шұға мен Әbdірахманға хат жазындар.
2. Шығарма желісі бойынша кейіпкерлердің іс-әрекеттерін қазіргі жастар бейнесімен салыстыра талдап, өз бағаларынды беріндер.
3. «Ажары тәуірлеу біреу болса, соны көтере алмайтынын да білмейсін, ешкіге құсан шошаңдан, бір соқтығып жүргені. Заман бұзылған гой... иә... Осы құнғілердің бір тапқаны қызды оқыту керек дейді. Сол Шұғалар хатты зорга танушы еді. Сонда да осы құнғінің оқыған он қызына бергісіз еді. Айнала айтқанда, Құдай сана берсін десейші...» Қасымжанның бұл сөзінен қандай ой түюге болады? Бұл монолог кейіпкердің қандай ішкі қасиеттерін ашады?
4. «Қазақтың көркем прозасы әлі қалыптасып үлгермеген уақытта, жаңа, еуропалық үлгідегі проза жанрын салған жерден мұндай үлкен көркемдік деңгейде көрсету тек Бейімбет сынды хас таланттың гана қолынан келеді. Мұнда кейіпкер образдары біртіндең, оқига желісі бойынша, басынан өткен істердің арқасында анықталып, көрініп отырады. Махаббатқа деген адалдық, ақылдылық, сезімнің нәзік тұстары қазақ жастарына тән әдел пен иба салт-дәстүрге сіңірле отырып баяндалған», – деген Дүкен Мәсімханұлының пікірін өлем әдебиетіндегі өздерің оқыған шығармалармен салыстыра талдап, шағын сын-мақала жазындар.
5. Егер автор болсаңдар, шығарманы қалай аяқтар едіндер?



Оқу сауаттылығы

- 1) «Құрматлу мырза Әbdірахманға сөлем сонында айтарымыз: хатыңзды алдық, қазір пәлендей жауап бере алмаймыз, айыпқа бүйірмалыз. Жазушы Шұға».

Сұрақ: Үзіндіде Шұғаның қандай қасиеті суреттелген?

- a) әлсіздігі
- b) қорқақтығы
- c) инабаттылығы
- d) парасаттылығы

2) Менің астымда жортақылау тапал торы ат; жүргіштеу. Ер-тоқымым ескілеу, байлардың малға мінетін ер-тоқымы.

Сұрақ: Жортақылау ат деген қандай мағынада қолданылған?

- a) Жорта, яғни өдейі, қасақана деген сөзі, сондықтан бұл қу деген сөзben байланысты болуы мүмкін.
- b) «Жортқанда жолың болсын» деген сөз бар, олжа әкелетін ат.
- c) Жортаққа салу аттың бүлкіл жүрісін білдіреді.
- d) Қыындау ат дегені

3) «Мениң өжем Өбдірахман үшін ботадай боздал жылап жүргенде, айызы қанған адамша табалап, насаттанып тұрғандары болды... Есімді білген соң, Өбдірахманға біраз жолдас болым ғой, Құдай біледі, қазак баласына инедей қиянаты жоқ еді. Қадір білетін жүрт қайда?»

Сұрақ: Осы үзіндіде «Инедей қиянаты жоқ» деген нені білдіреді?

- a) Қиянат пен ине деген сөздердің байланысы жоқ сияқты.
- b) Инедей деген сөз теңеу, сондықтан инедей, яғни ешқандай жамандығы жоқ дегенді білдіреді.
- c) «Қадір білетін жүрт жоқ» делінген, сондықтан бағасын білмеді деген сөз болуы мүмкін.
- d) Қиянат – зорлық-зомбылық, Өбдірахман қазаққа үлкен зиян жаса-мағаны айтылған.



Оқушы күнделігі

«Шығаның белгісі» әңгімесі бүгінгі жастар үшін несімен маңызды деп ойлайсыңдар? Қазіргі заманың қыздары мен жігіттері қандай болулары керек? Жазушы Бейімбет Майлиннің осы шыгарманы жазғандагы мақсаты қандай? Осы туралы өз пікірлеріңді жазыңдар.



ФАБИТ МУСІРЕПОВ (1902–1985)

Мұсірепов туралы мың сөзден «Мұсірепов» деген бір сөздің мағынасы әлдеқайда терең, мазмұны бай. Мұсіреповті мақтаудың керегі жоқ, Мұсіреповпен мақтану керек.

(Зейнолла Қабдолов)

Фабит Махмұтұлы Мұсірепов 1902 жылы 22 наурызда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданында дүниеге келген. Ол – Қазақстан Фылым академиясының академигі, Социалистік Еңбек Ери, Қазақстанның халық жазушысы. 1908–1910 жылдары ауыл мектебінде дәріс алғып, сауатын ашқан. Кейін 1916–1918 жылдары Қостанай уезінің Обаған болысындағы екі сыныптық орыс мектебінде оқуын жалғастырған. 1921 жылы Пресногорьков жоғары бастауыш мектебінде оқыған. Фабит Мұсіреповтің әдебиетке қызығуына ауыл мектебінде әдебиет пәнінен дәріс берген Бекет Оттетілеуов әсер еткен. 1923–1926 жылдары Орынбордағы жұмысшы факультетінде Сәбит Мұқановпен бірге оқыды. Онда Сәкен Сейфуллинмен танысты. Қазақ мемлекеттік баспасының бас редакторы (1928–1932), Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты өнер секторының менгерушісі (1933), «Қазақ әдебиеті» газетінің (1934), қазіргі «Егемен Қазақстан» ол кезде «Социалистік Қазақстан» газетінің (1935), 1956–1957 жылдары «Ара-Шмелъ» сатираптық журналының бас редакторы қызметтерін атқарды. 1956–1961 және 1964–1966 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 1-хатшысы, 1959–1985 жылдары Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) Жазушылар одағы басқармасының хатшысы қызметтерін атқарды.

Жазушының «Тулаған толқында» және «Американ бидайығы» атты еңбектері – түңгыш повестерінің қатарында. Олар 1928 жылы Қызылорда қаласында жарық көрді. «Қос шалқар» (1928), «Көк үйден көршілер» (1929), «Өмір ертегісі» (1930), «Алғашқы адымдар» (1932), «Шұғыла» (1934), т.б. әңгімелерінен-ақ жазуға, юморға, диалог жасауға икемі, суреткерлік қабілеті бар екенін танытты.

Фабит Мұсірепов ана тақырыбына көп жазды. Әйел-Ана тұлғаларының галереясын жасады. Атап айтқанда, 1933 жылы «Ананың анасы», «Өлімді жеңген ана», ал 1934 жылы «Ашынған ана», «Ананың арашасы», 1942 жылы «Ер ана», 1944 жылы «Ақлима», т.б. шығармалар арнады.

F.Мұсіреповтің алғашқы романы – «Қазақ солдаты». Әуелі 1945 жылы «Қазақ батыры» деген атпен повесть жанрындағы туындысын жазушы толықтырып, 1950 жылы қайта жариялады. Бұл шығарма қазақ әдебиетінде проза саласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбына арналған тұңғыш әрі таңдаулы шығарма болып бағаланады. Романның бас кейіпкери – Қайрош Сарталиев, ал оның прототипі – Қайыргали Смағұлов 1941–1945 жылдардағы соғысқа бастан-аяқ қатысып, Қеңес Одағының батыры атағына ие болған адам.

1966 жылы «Кездеспей кеткен бір бейне» атты поэмасы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Ал «Ұлпан» романы 1974 жылы жарық көрді. «Менің ойымда Ұлпан 40 жыл бірге жасасып жүрді. Мен ол бейнені өр қырынан көрсетуге тырыстым – ойы, сезімі, сырт суреті, жас кезі, есейген кезі, мінезі, мейірімі, т.т.», – деп жазды. Шығармадағы Есеней мен Ұлпан – ойдан шығарылған образдар емес, тарихта болған адамдар. Романға XIX ғасырдың 2-жартысындағы қазақ халқының тарихындағы әлеуметтік жағдайлар іріктеліп алынған.

F.Мұсірепов драматургия саласында да өнімді еңбек еткен. «Қызы Жібек» (1934), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (1939), «Ақан сері – Ақтоқты» (1941) пьесаларының негізіне қазақ ауыз әдебиетінің үлгісі пайдаланылған.

Фабит Мұсірепов өз халқына шын жанашыр азamat екенін сын сағаттарда талай танытты. Ол – 1932 жылы 4 шілдеде республикадағы танымал адамдармен бірлесе отырып, халықтың басына төңген аштық нөубеті жайында басшылыққа «Бесеудің хаты» деп хат жазғандардың бірі.

Жазушының есімі Алматыдағы Қазақ мемлекеттік Балалар мен жастағылар театрына берілді. Осы театр 1990 жылы «Бесеудің хатын» сахналады.

Ал 1937 жылы Қазақстан Жазушылар одағында Бейімбет Майлиннің тағдыры талқыға түсіп, жазықсыз жаламен халық жауы деген атақта қалып, ұсталатын болып жатқанда, қаймықпай: «Бейімбет жау болса, мен де жаумын», – деген. Б.Майлинге араша болғаны үшін Фабит Мұсірепов коммунистік партия қатарынан шығарылды.

«ҮЛПАН» РОМАНЫ ТУРАЛЫ

Романның идеясы. Фабит Мұсірепов – аналар тақырыбына көп жазған жазушы. Сол шығармашылық еңбегінің заңды жалғасы, шыңы ретінде «Үлпан» романы дүниеге келді. Сондықтан бұл туындының негізгі идеясы – Үлпан образы арқылы қазақ әйелдерінің парасаттылығын, ақылдылығын, ел басқара алатындығын, халыққа сыйлы бола алатынын айту, аналарды дәріптеу.

Үлпан мен Есенейдің жас айырмасы қырық жылдай болса да, қазақ әйелі отбасын қадірлеп, жолдасын «Жолбарысым» деп қадірлегені де көркем жеткізілген.

Шығарма үш бөлімнен тұрады, оның өзі жиырма төрт тарауға бөлінген.

Жазушының бұл еңбегі кеңестік дәуірде жазылған. Сондықтан сол дәуірдің ықпалымен Кенесарыға біржакты баға берілген және ол кезде билер мен байларды да жақсы деп айту мүмкін болмаған. Дегенмен, Фабит Мұсірепов Есенейді қatal bi десе де, оны соншалықты төмендетпейді. Оны әділ би болған деп жеткізген.

Шығармадағы кейіпкерлер жүйесі. Романда қырыққа жуық кейіпкер бар. Шығармадағы бүкіл оқиға Есеней мен Үлпанға қатысты өріледі. Есеней – сұлтан Шыңғыс Ұәлихановтың аға билерінің бірі, атақты байлардың бірі. Ал Үлпан – Есеней қолында жауынгерлік еткен, артық мал-мұлік жинамаған Артықбай батырдың қызы. Есеней Үлпанның әкесі Артықбайға қияметтік қарыз. Кейіпкерлердің осындай ерекше жағдайдығы байланыстылығы шығарманың тартымдылығын арттырады.

Басты кейіпкерлер Есеней мен Үлпан айналасы дос-жарандары арқылы таныстырылған. Осы таныстыруды жазушы егіздеу арқылы жүзеге асырған, яғни екі Мұсіреп бар, олардың бірін – «турікпен» Мұсіреп, екіншісін аңшы Мұсіреп деген. Бұлар да бір-біріне керегар сипатта көрінеді. Есеней «турікпен» Мұсірептің ақылдылығын бағалайды, сондықтан оған өмірінің жауапты сәттерінде сенім артады. Ал аңшы Мұсірептің айтқанына сеніп қалған кездерінде Есеней ұятты болып қалғаны бар. Осылайша аттас болса да, екеуіне екі түрлі кейіпкерлік міндет жүктелген.

Ағалы-інілі Әсіреп пен Мұсіреп арасында да кейіпкерлерді сомдауда егіздеу тәсілі бар. Бұл тәсіл кейіпкерлерді, образдарды даралау мақсатында қолданған. Осы романның екінші бөліміндегі 11-тарауда:

«Көүкер – Бикен.

Мұстапа – Кенжетай.

Кенжетай – Бикен.

Мұстапа – Каукер. – Тойларың тойға ұлассын! – Ұлпан» деп қана жазған. 11-тараудың бары – осы. Жазушының өзі бұған «Дүниедегі ең қысқа өңгіме Индия топырағында туыпты. Не бары мынау ғана: «Екі жолбарыс, бір адам. Бір жолбарыс, бір адам. Бір жолбарыс» – Түсінікті емес пе?

Осылан еліктең бір тарау өңгімені мен де қысқа жаздым. Түсініксіз болып шықса, ол менің олақтығым» деп ескерту жазған. Автордың кейіпкерлерді егіздеуі осылайша оқырманды ойландырып, оқиғага араластырып, қызықтыра түскен.

Шыгармадағы психологиязм. Романды оқыған адам Есеней, Ұлпан, Артықбай, Несібелі, т.б. кейіпкерлермен бірге мұңдайып, бірге қайғырады, бірге қуанады.

Роман Есенейдің көшін таныстырудан басталған. Осы көшті қондырар жолда жігіт киіміндегі Ұлпан кездеседі. Ал ол қыз Артықбай батырдың қызы болып шығады. Осы арада Есенейдің бүкіл жан дүниесі аударылып-төңкөрілгендей күйде болғаны суреттелген. Өйткені Артықбай Есенейді бір рет намыс өлімінен айырып қалса, екінші рет өлімнің өзінен айырып алған көрі жолдасы еді. Содан бері Артықбайдың үйде төсекке таңылғанына он үш жыл өтіпті. Ұлпанды таныған бойда Есенейдің тұла бойында Артықбайдың алдындағы қияметтік қарызы еске түсті және сондай адамның қызын ұнатып, оны алмақшы ойы бар. Осының бәрі шығармадағы психологиязмді арттырады.

Ұлпан мен Есенейдің жалғыз қызы – Біжікен, шын аты – Бибіжинан. Есенейдің көңілін, жан дүниесін толқытқан – өз үрпағының алдындағы мұсәпірлік жағдайы. Өйткені ол бай болса да, би болса да, адам ретінде оның жан қайғысы бар. Ол екі ұлынан айырылған, сондықтан Ұлпанды кішкентай қыз кезінде көргенінен-ақ, оны еркелетіп, бар «бүйрықтарын» орындаиды. Солайша кішкентай Ұлпанды ойнатып, өзінің жаралы жанын да тербеген.

Психологиязм кейіпкерлердің жас шамаларына қатысты да сезіліп тұрады. Шығарманың басталуында Есенейдің жасы алпысқа жақындаған қалғаны, ал Ұлпанның жиырмаға толмаған кезі деп айтылады. Шығарманың сонына қарай Есенейдің селкілдек ауруына ұшырап, тоғыз жыл төсекке таңылғаны айтылады, сонда Есеней, шамамен, жетпіс жылдай өмір сүрген. Бұл шындыққа сай, ал жас айырмасы қырық жылдай болған соң, Есенейдің үрпак туралы ойлауы шынайы шыққан.

Он-он бес жылдың ішінде Ұлпан елге қадірлі адамға айналды, екінші Есеней атанды. Елге жасаған жақсылығы ұшан-теңіз. Бүкіл елінің тұрмысын жақсартуына, медресе ашып, балалардың білім алуларына жағ-

дай жасады. Бірақ жеке тағдыры, ақырында, аянышты болды. Үлпан қызының бақытты болғанын қоруі керек еді, алайда қүйеубаласы Торсан үмітті ақтамады. Торсан ел қадірлеген ананы қорлады. Ақырында, Үлпан ана жаны қиналғаннан оны қарғауға мәжбүр болды. Қарғыс – батаның теріс түрі. Ал Құдайдан жақсылық тілеу – оң бата. Сондықтан Үлпан ананың қарғысы бекер кетпеді, Торсанның өз шаңырағы ортасына түсті. Бұл да шығармадағы психологизмді күшетеді. Нәтижесінде шын болған оқиғаны білген жазушы ананы қадірлей білуге үндейтін «Үлпан» романын жазды.

Оқыманға ой салатын көрнекті шығарма 1974 жылы, кеңестік дәуірде жазылған, сондықтан романдағы Қенесарыға қатысты ой түсіністікпен қабылдануы тиіс. Қазақтың соңғы ханы кейбір қателіктерге жол берсе де, жалпы мақсаты – ұлттың азаттығы үшін құрескені белгілі. «Үлпан» кеңес кезінде жазылғандықтан, жазушының саясатқа тәуелді болып, қосқандары, өзгерктендері де бар. Оған қоса Сәбит Мұқанов «Өмір мектебі» кітабында Есеней мен Үлпан тақырыбына өз білгенінше жазған. Сондықтан әр шығарманың тарихи құндылығын ескеріп, әр жазушы ұсынған көркемдік шешімді жеке зерттеу қажет. Анығы сол – Фабит Мұсіреповтің «Үлпан» романы – XIX ғасырдағы тарихи оқиғаларды арқау еткен, жүз жылдық уақытты қамтыған, құндылығын жоғалтпайтын көркем мұра.

Тарихи ақалдағар

Есеней Естемесұлы (1798, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы – 1870/1871, сонда) – аға сұлтан, би. Орта жүз құрамындағы керей руынан шыққан. Жастайынан ел ісіне араласып, шешендігімен, әділдігімен көзге түскен Есенейді Батыс Сібір губернаторының басқармасы Керей-Сыбай ауылдарының биі, старшина етіп тағайындаған. 1832 жылы 10 желтоқсанда Батыс Сібір губернаторының басқармасына арыз жолдаған, ол хатта казак-орыстардың жергілікті қазаққа қысым жасап отырғаны, бұған тыйым салу керектігін, қазақтарға қалааралық базарлар мен жәрмеңкелерде сауда-саттық жасауға рұқсат беруін талап етті.

Есеней мен Үлпанның бейіті Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Жаңағожол ауданынан солтүстікке қарай төрт шаңырым жердегі Бай ауылы аталатын Есенейдің өз қыстауында.



СӨЗДІК

Ұшықтау – ерте кездері ауруды аластау үшін жасалған ем-дом түрі.

Қарғыс – ежелгі дәүірде адамдар сөз киелі деп ойлаған, сондықтан қуанса, шын көнілімен бата, алғыс айтқан, ал ренжіген, көнілі қалған кездері қарғыс айтқан. Шын қуанып айтылғаны ақ бата, ал қарғыс теріс бата деп аталған. Айтылған сөздің орындалатынына сенген.



Әртүр ғолмас білгеңің

Есеке – Есенейге құрметпен айтылған қаратпа сөз. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Еңлік – Кебек» поэмасында Кеңгіrbай биді Қабеке деген екен. Жалпы, сыйлы адамдарға айтылатын сөз ыңғайы осылай жасалған. Негізі, ұлken кісінің атын тұра айту дұрыс емес деп, өз туыстарына «көке», «апа», т.б. қолданыстар енген. Сондай-ақ, жастардың «Апай», «Ағай» сөздері қолданыста ізгіліктің белгісі ретінде қабылданады.

Ал тарихтың тереңіне бойласақ, ежелгі заманда баланың, жалпы, адамдардың аттарын тұра айтпаған. Өйткені зиянкес күштер адамның атын біліп алса, оны атымен атап шақырып, қауіпті жағдайларға қалдырады, ауру қылады деген ой болған. Баланың да, малдың да санын нақты айтпай, шамамен айтуы содан.

ҮЛПАН

(Романның бірінші бөлімі. Ікешамдалған)¹

1

Есенейдің төрт қос жылқысы Қаршығалы шұбарына жақындаш келіп, қапталдай төніп қалып еді. Тақырланып қалған жазғы жайлаудан келе жатқан жылқы қарауытқан қалың орманды, өзекті-шілікті өңірге тұяғы тиген соң-ақ, ұстарадай өткір тістерін жерге қадай бастады.

Қазақ байлығы – жылқысында. Қысқа қарай жылқы малын ықтасыны бар қара отты шұбарға жақын ұстамасаң, «Байлық – бір жұттық, батыр – бір оқтық», кейде тақыр-таза жаяу да қаласың. Жаяу қалған адам несімен адам?.. Несімен қазақ?..

Есеней қазір қаптап-қапталдап, жер түгін тістелей жылжып келе жатқан байлығының алдында едәуір жерде, биіктеу жотаның қырқасында ат

¹ Мұсірепов Ф. Таңдамалы. Үш томдық. – Алматы: Жазушы, 1980. Т. 3.

үстінде тұр. Көз жетпес көкжиекке дейін созылып-керіліп жатқан кең алқап шын-ақ мақтағандай екен. Жота-жота қалың ормандар. Өзекті-шілікті, тұяқ тимеген қара отты кең шиыр. Ат шашасынан аз-ақ асатын алғашқы жауған ақша қар жердің шөбін өлі жасыра алмапты. Сондай жерге ертерек келіп, ірге тепкеніне байдың көңілі өбден тояттағандай.

Есенейдің қасында төрт адам жолдастары бар еді: ең сенімді серігі – жамағайын «түрікпен» Мұсіреп, Алдай елінен аңшы Мұсіреп, руы басқа болса да, Есенейдің қоныстасы Бекентай батыр және Есенейдің қосалқы атын жетелеп жүретін жас жігіт, түрікпен Мұсірептің туған інісі Кенжетай.

«Түрікпен» Мұсіреп аздап сыйбызыңы тартады. «Бозінген», «Бозмұнай», «Сүйір батыр», «Алқакөл», «Алғашқым» деген құйлери бар. Одан соңғы құмары – бір жақсы ат, қонымды киім, серілеу адам. Қалталарында қалампыр жүреді... Әлі ақ кірмеген сақал-мұртын жарасымды қырқып үстайды.

Алдай Мұсіреп – аңшы адам. Балдаққа сүйеген оң қолында «тұлкі перісі» атанған томағалы қара бүркіт, арқасында жалғыз оқ, ширақты шиті мылтық. Азырақ асыға сәйлейтін, азырақ асыра сәйлейтін адам...

Осынау кең қорықты Есенейдің есіне алғаш салған аңшы Мұсіреп еді. Сонысын тағы бір ескертіп қалғысы келіп, Есенейге қарай еңсеріле бұрылып:

– Аға сұлтан пірім-ау! Айтпап па едім? Қысқа қарай жылқы баласына бұдан артық жер болмайды, иесіз жатқан жер! Бір қыс жайладың – болды, аға сұлтанның шұбары атанады да, балаңның баласына дейін кете барады! – деді.

Есеней оның сөзін аяқтатпай, екінші Мұсірепке қарады. Осы бір «аға сұлтан», «баладның баласына» деген сөздер Есенейге шаншудай қадалатынын ақкөңіл аңшы аңдамай-ақ қойды. Аға сұлтан болғысы келіп, бола алмай қалған адамға, екі ұлы бір күнде өліп, содан бері жиырма жыл бойында әйелі бала көтермей қойған адамға жаңағы сөздер мазақтаумен, қорлаумен тең екенін жарамсақ аңшы түсінбесе керек...

– Жазы-күзі мал тұяғы тимеген шүйгін екені көрініп-ақ тұр. Бірақ осы күні иесіз жер бар ма, бір иесі бар шығар, – деп «түрікпен» Мұсіреп аз кідіріп қалып еді, аңшы Мұсіреп тағы киіп кетті:

– Жоқ, жоқ! Иесіз демедім бе? Бұл өңірде мен білмейтін жер бар ма, тәңірі! Қасқыры мен тұлкісінің ен-таңбасына дейін білемін...

Кенжетай ағасына қарап, ну орманның орта тұсын көзімен нұсқады. Мұсіреп інісінің нұсқаған жағына қарап:

– Сонау қалыңың орта тұсында үш жерден тұтін көріне ме деймін, – деді Есенейге бұрылып. – Әне бір салт аттылар да көрінді.

Үш салт атты қатты жүріп келеді. Біреуі алдарап, екеуі кейінірек. Алдыңғының аты не жорға, не қу тірсек желісті болу керек. Кейінгі екеуі ара-тұра шауып алыш ілесіп келеді.

Алдыңғы жігіт ағызған бойы жотаның қырқасында тұрған топтың алдына жақындан келіп, сөйлеп кетті:

– Армысыздар, ағалар!.. «Қаршығалы» шұбарын паналап қонып қалған үш ауыл кірме Құрлеуіттің арызын айта келдік... Биыл қыс осында жан сақтаймыз ба деп, жаз бойы қорып келген жеріміз еді. Жетісіп отырған ел емеспіз... Сорлының зары арлыға кездескей деп жіберіп еді... айтар арызымызға құлақ ассаңыздар екен...

Аңшы Мұсіреп Есенейге жарамсақтанып, жігіттің арызын аяқтапай, киіп кетті:

– Тоқта деген соң сүйрендемей тоқта, бала! Аулыңа сөлем айт: Есеней аға сұлтанның ат тұмсығын тіреген жеріне таласып, әуре болмасын! – деді.

Жігіт те іркілген жоқ:

– Есенейі жоқ елді де ел екен, жұрт екен десеніздер, қара өрттей қаптап келе жатқан жылқысының бетін кейін бұрсаңыздар екен. Осы арызымыз...

– Мына көргенсіз кімнің атын атап тұр өзі! Құйрығынды түріп тастап, дүрелеп алсын деп тұрмысың? – деп, анайы аңшы атын тебініп-тебініп қалды. Есеней қолын сермен тоқтатпағанда, өлденеге ұрынып қалатын жайы бар.

Жас жігіт бұл жолы сөз қайтарған жоқ. Басын төмен иіп, арызына жауап күтіп қалды.

Осындай өжет жастарды Есеней қатты ұнататын еді. Жиырмаға келмеген бала жігіттің сөзінде нәр де, зәр де бар екен. Осылай өсірермін деп үміт еткен екі ұлы қара шешектен бір күнде қайтыс болғалы осындай уытты жасқа қызыға қарап қалушы еді. Өзімен рулас он ауыл Сибанның ішінде үміт етер өреннің бәрін де сыртынан бақылай жүретін. Бала жігітке қызыға тұрып, «тұрікпен» Мұсірепке қарады – жылы жауап бер дегендей еді.

«Тұрікпен» Мұсіреп жас жігіттің сөз саптауынан ашынғандық лебін өзі де танып тұрған. «Кірме Құрлеуіт» дегенине қарағанда, арыз айта жіберіп отырған қай бір бай ауыл дейсің. Сөз білер ақсақалы да болмаған-ау.

– Шырағым, арызың аяқсыз қалмас, – деді ол, – аяқсыз қалдыратын арыз сияқты емес. Ауылдарыңа осыны айта баарсың. Түсі игіден түңілме дегендей, көргенсіз деуге ішім қимай тұр. Әттең, ашынғандықтан болса да, азды-көпті асқақтай сөйлегенің де болды. Аулыңа мұны да айта баарсың.

Бала жігіт бұл жолы да тез жауап қайырды:

– Арызымызды айтып кел деген жүрт асқақтай сейле деп тапсырған жоқ еді, ағалар. Солай болып шықса, айып өзімде. Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар деген бар ғой. Міне, айыбым! – деп, атынан түсе қалып, ұзын шылбырын Кенжетайға қарай серпіп жіберді. – Әйтеуір, ат жетелеп жүр екенсің, мынаны да жетелей жүр.

Содан соң екі жолдасының бірін түсіріп, соның атына мініп алды да, жөнеле берді.

– Кешіре көріңіздер, ағалар...

Жолдастары бір атқа мінгесіп кетті.

Есеней ұзай берген бала жігітке ұзак қарап қалды. Бір сөтке баласыздығы бойын билеп, бар ойы сол бала жігіттің соңынан кетіп бара жатқандай еді.

– Қап, құйрығын түріп жіберіп, дүрелеп алу керек еді өзін! – деді аңшы Мұсіреп, қайта қызына бастап. «Құйрығын түріп» дегенді тауып айттым деп, тағы қайталады.

– Апыр-ау, бұл кімнің қызы болды екен! – деп, «турікпен» Мұсіреп Есенейге қарады.

– Қыз? – Құні бойы Есенейдің аузынан шыққан екінші сөзі осы еді.

– Ие, қыз!.. «Міне, айыбым!» дегенде, көз құйрығымен өзінді бір шарпыш өткенде, неғып байқамадың? Шарпыш емес-ау, көз қығын серпе тастап қарайтыны бар екен де!..

Аңшы Мұсіреп шошып кетті.

– Қыз болса, мені Құдай үрды төбемнен! – деді. – Мен масқара болдым. Бұл – Артықбай батырдың қызы Ұлпан. Үйіне қонып кеткеніме ай толған жоқ. Ең болмаса, қара жорғасын танымай қалғанымды қарашы!.. Қаралым-ай, енді сенің бетіңе қалай қарапмын!..

– Артықбай батырдың қызы деймісің? – деді Есеней...

Қыздың бір-ақ рет көз қығын Есенейге серпе тастап қараганын «турікпен» Мұсірептен басқа ешкім аңдамай қалған екен. Кешкірген бұлыңғыр күн, қапалақтаған қар... арыз айтуға қыз келер деп кім ойлаған! Келген бетінде кие сөйлеп, бәрінің көңілін сөзіне аударып өкеткен Ұлпан қыз екендігін аңдатпауға тырысып еді. Солай бола тұрса да, қыздың аты қыз ғой, атақты батыр, аты шулы әділ би атанған Есенейге қыз көзімен бір қарап қалғанын өзі де сезбеген.

Қыр жайлаулардан құлап келе жатқан Есенейдің жылқысы екенін аулы біліп отырған. Қалың қара шұға жалбағай бет-аузын жауып кеткенімен, атандай қара кер аттың үстіндегі зор денелі адамның Есеней екенін Ұлпан

да ішінен таныған. Бес жасар кезінде көргені де, қорқатыны да есіне тұс-кен. Бірақ өзін танытпай кетті.

Есеней тобы аңырып қалды. Не істеу керек? Қара жорғаны қыздың айыбы деп, қалай алып қалар? Сүңғыла қыз бұларға бір ұяларлық үпай салып кетті емес пе! Ие, «Малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы» дейтін елдің нақылын еске алсаң, лайықты жұмыс болмапты. Есеней жолдастарына қарады – «Не істеу керек?».

– Артықбай батырға тізе көрсеткендей болып келгеніміздің өзі қандай айып! Қызының атын айыпқа алып қалғанымыз – екінші айып. Арыз айта келген қыздың атын айыпқа алып қалғанымыз айып біткеннің ішінде ел естімегені болар! – деп «түрікпен» Мұсіреп Есенейдің қара шешектен қара шұбар болып қалған бетіне тұра қарады.

Есеней өмірінде айып тартып көрмеген адам айып-жазасы болған адамдарға қатал жаза кесуді жақтایтын би еді. Болмашыдан сүрінгеніне әрі күлкісі келеді, әрі шешімін таба алмай тұрғаны анық. Артықбай оны бір рет намыс өлімінен айырып алған, екінші рет өлімнің өзінен айырып алған көрі жолдасы, батыр адам.

– Қара жорғаның мойнына ат қосақтап қайтарған дұрыс болар! – деді «түрікпен» Мұсіреп.

– Айналайын адасым-ай, таптың, таптың! Менің көрі бозымды бірге қосақтап жібер! – деді ақ көңіл аңшы.

Есеней «Жөнел!» деген бүйрығын Кенжетайға иегімен нұсқады.

– Артекене сөлем айт, ертең сөлем беріп қайтармын!

Өзі жетелеп жүрген Есенейдің «Мұзбел» дейтін торы төбел атын қара жорғамен бірге жетелеп алып, Кенжетай жөнеліп кетті.

Есеней жолдастарына ендігі байламын айтты:

– Осы жоннан әрі бір жылқы түяқ салмасын!.. Серіктері Есенейдің бүйрығын орындауға тарасып кетті, Есеней өз қосын тіктіруге қөлге қарай жалғыз бұрылды.

«Бұдан он жыл бұрын жер астындағының дыбысы елден бұрын маған жетуші еді, Артықбай батырға үрынып қалғаным қартая бастағаным-ау! – деп ойлады Есеней. – Өлде қадірім түсе бастағаны ма еken? Аңшының көпіртпесіне еріп кете бергенім қалай? Бұрын фой, ондайды өзім анықтап алушы едім!».

Жаңағы аз оқиға Есенейдің көз алдына бұдан он бес жыл бұрын өткен оқиғаларды өкелді. Артықбай батырдың ерекше бір ерліктерін еске түсірді. Ол бейбіт елді қайта-қайта шауып, қайта-қайта талан-таражға салған Кенесары төренің лаңы болатын.

Кенесары орыс шегарасынан шеткей отырған Керей – Уақ елдерін еki рет шауып өкетті.

– Кенесарыны хан сайлауга риза болса, ақ сақал, қара сақал билері тез жетсін! – деп шапқыншы жібереді де, үш күн ішінде хабар болмаса, шауып өкетеді...

Осыны ойлаған Есеней Кенесарыға қарсылық туын көтерді. Керей – Уақ деп аталатын бес болыс ел Есенейдің айналасына жинала берді, жинала берді.

2

...Кенесары қалың қолын Керей – Уақтың өкпе тұсына, Есіл бойына топтап, Есенейге қарсы үлкен жорыққа өзірленіп жатқаны байқалған. Есеней... жинаған қолын әр елдің батырларына, сенімді ақсақалдарына тапсырып, өзі қасына қырық адам ертіп, дуан басы аға сұлтан Шыңғысқа тағы бір жолығып қайтуға жүріп кетті.

Аманқарағай дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Ұәлиханов деген төре еді. Ол адам Кенесары қозғалысына қосылған да жоқ, қарсылық та көрсетпей келеді... Есеней аға сұлтанмен арасын біржола ашып алуға кетіп еді.

Есеней – аға сұлтан кенесінің ең беделді биі. Әділ де қатал би атанған адам. Ұзақ ойланады, байламын бір-ақ кесіп айтады. Ұры-қарыға, шылық-былыққа қатал адам. Қасында қарулы қырық жігіті бар дуан орталығына келді. Аға сұлтан ордасына сенімді серігі «түрікпен» Мұсіреппен бірге Артықбай, Сәдір дейтін еki батырын ала кірді.

Шыңғыс Есенейге тұра келіп амандасты:

– Есеке, қош келіпсіз. Төрлетіңіз...

...Есеней сөзін Шыңғысқа бұрыла қарап отырып бастады:

– Ашына келсем, себебім болды, аға сұлтан. Онымды ауыр алма! Тай жүздеген қара саба, тайқазан дегендер ендігі заманда бос сөздер. Нанмен ойнамайық. Нан әр қазактың күн көрісіне айналды. Қара сабасы бар, тайқазаны бар хандар қай қазақты асырап еді? Ханның қазанын да, сабасын да қара қазақ толтырып отыратын. Қазір де солай. Қалқайтып хан сайлаған хандығын қай жерге құрмак? Бетпақтың шөліне ме?.. – деп тоқтады...

...Шыңғыс қатты қысылып қалды. Түптеп келгенде, Есенейдің не айтарын Шыңғыс ертеден сезінетін. Бұл жолғысы не қосыл, не бөлін, бойынды көрсет дегені еді. Ертең өзі басқарып отырған дуаның қақ жартысындей қалың бір жері шабылып қалса, Есеней ол жайды Сібір губернаторына шағым етпей қалар ма? Қазір жүқалап аңдатып отырса, губернаторға турасы-

нан басады. Омбыда алты дуан үстінен бақылайтын Тұрлыбек отыр. Ол – Есенейдің туысканы, қарын бөлесі. Шағымның бірінші жолдары «Шабуыл алдында аға сұлтанға өзім барып хабарлап едім, құлақ аспады» деген сөздерден басталатын болады да... Жауығып алған екі жақтың менің алдымда кездесіп қалғанын қайтерсің. Осы бір қолма-қол жанжалға айналуға бет алған кездесуді ебін тауып ыдыратып жіберетін не шара табылар екен?

Осы тұста неміс пе, швед пе, ел қазағы Берсен деп кеткен шикіл-сары майор Бергсен келіп:

– Аға сұлтан мырза, ат ойындары өзірленді. Мергендер де өзір. Қабыл етіңіз, – деді. Шыңғыс қуанып кетті.

– Қадірлі билер, енді сөз жарыстырып ушықтыра бергеніміз лайықсыз болар. Екі жақтың да түтіні танылды. Даала шығып, әскери ойындарды көрсек қайтер? – деп, орнынан тұрды. Қонақтары да соңынан еріп, бәрі даала шықты.

«Қауіпті кезде керегі болар» деп Сібір губернаторы аға сұлтан Шыңғыс-қа қырық адам қарулы казак-орыс беріп қойған еді. Олары өрі аға сұлтанды қорғаушы, өрі тырп еткізбейтін бақылаушы болатын...

... – Есеке, менің қиналышым қандай екенін сіз жақсы білсеңіз керек еді, – деп бастады Шыңғыс. – Екі оттың ортасында қалмадым ба!.. Қазақы адам Есеней турасынан бір басып қалды:

– Қысқасы, дуаныңың қақ жартысы шабылғалы отырғанда дуан басыдан қайыр күтпейміз ғой! – деді...

Кешке қарай Есеней өз еліне жүріп кетті. Шыңғыстан біржола үміт үзіп, не көрсे де, Керей – Уақ өз бетімен оңаша көрерін біліп кетті.

3

Дуан орталығы Аманқарағайдан кештетіп шыққан Есеней тобы таң құланиекте келгенде, Обаган өзенінің жалғасы «Кіші теңізде» отырған Жазы бидің ауылына жетіп еді...

Қосалқы сәйгүлік аттармен жедел жүріп, ел шетіне жақындаған сайын Қенесары қолының Керей – Уақтың ауылдарына әр тұстан тақап, таянып қалғаны анықтала берді...

Осы кезде Есенейдің өзі жараланып қалды. Садақ оғы екі жауырынның орта тұсынан келіп қадалыпты. Қашуға бет алған бір топ жауынгерді қуа жөнеліп еді, қылша мойнынан оқ тиіп, Есенейдің аты омақата құлады... Қосалқы атты жетелеп жүрген Бекентай ауыздығымен алысып қызып алған тың атты тоса берді. Есеней сол аяғын үзенгіге салып, көтеріле бер-

генде, садақ оғы келіп қадалды. Есеней ат жалын құшып қозғала алмай қалды.

Есенеймен үзеңгілес жүрген Сәдір, Мұсіреп, Артықбай батырлар Есенейді қоршап тұрып, ем-домдарын жасады. Әуелі Есенейдің арқасында әлі шаншылып тұрған оқты жұлып алыш, қан сорғалай жөнелген жарасын сол оқпен ұшықтады.

– Ұшық, ұшық, ұшық!
Дауасын бере гөр, пайғамбар Жұсіп.
Ұшық, ұшық, ұшық,
Ұшықтаған біз емес,
Алдай қара бақсы пұшық...
Ұшық, ұшық, ұшық!
Ұшық, ұшық, ұшық!

– Ал енді елге қарай, Стаптағы доқтырға қарай! Бекентай, бидің атын жетекке ал!

Мұсіреп пен Сәдір екеуді Есенейді екі жағынан сүйемелден алды да, Артықбай батыр арт жағынан қорғап, Есеней тобы қозғалып кетті...

Осы кезде Стаптан жіберілген казак-орыс жүздігі де келіп қалып еді. Қылыштары жарқылдап, найзалары арандай тікірейіп шошындыра келе жатыр. Жау жалт беріп, кейін бұрылды. Арт жақтан тақап қалғандары асығыс болса да, он шақты оқ боздатып барып бұрылды. Сол он шақты оқтың бірі Есенейді арт жағынан қорғап келе жатқан Артықбай батырдың белдемесінен қадалып еді...

Бұдан әрі түйеге теңделіп келіп, Стаптың әскерлік емханасында бір ай жатып, Есеней ауылына салт атқа мініп қайтты. Артықбай батыр алты ай жатып шанаға түсіп қайтты. Содан бері ол шойырылған шойнақ. Екі аяғы сал болып қалған, жансыз. Есенейге тиер екінші оққа өзі араға түсті де, оны аман алыш қалды, өз міндеті кісіде, мүгедек.

...Бұл оқиғалар өткелі, міне, он бес жыл!..

...Артықбай батыр шойырылып қалғаннан кейін Есеней оның көңілін сұрауға барып еді. Оған міне, он үш жыл. Есеней сәлем беріп үйге кіріп келгенде, төрт-бес жасар қызы бала зәресі ұшып, үйден шыға қашқан болатын. Сол бала үш күн бойы өз үйіне кірмей қойған. Босағадан сығалайтын да, қаша жөнелетін.

Ол Есенейдің Ірбіт базарынан қайтқаннан кейін досының үйіне артынып-тартынып келген жолы еді. Бір ат, екі құлынды бие жетелеп, бір нар түйеге шай, қант, өрік-мейіз, киім-кешек, үй ішілік өртүрлі жиназ арттырып әкелген.

Сол өрік-мейіз, тана-моншақ арқылы бала қызы Үлпан Есенейге бір жетіден кейін әрең үйірілген...

Екі ұлы бір күнде қайтыс болғалы Есеней өз үйінде жас баланың даусын естіген емес, жас баланың иісі қандай боларын ұмытып қалды, жас баланың былдырлап сөйлеп, болмашыға қуанып, болмашыдан ренжіп қаларын түсінбей келген екен.

Үлпан кеш оянағы. Жұынады. Тамағын ішіп болады да, Есенейге:

– Ата, намаз оқы! – дейді.

Есеней таң намазын өлдекашан оқып қойса да, намазға қайта тұрады...

Есенейдің бүгінгі көрген бойжеткен қызы сол – Үлпан...

Шешесі Несібелі сұлу да сүйкімді кісі еді, соған тартқан ғой. Мінезі де шешесіне тартса, ақжарқын, ашық, ақкөңіл болар. Ол бір таптырмайтын мінез ғой. Өзіне сөукеле қандай жарасар еді!..

5

Ертеңіне жылқыларын жан-жаққа таратып жіберді де, Есеней кешке қарай Артықбай батырдың үйіне келді. Қасында «түрікпен» Мұсіреп, Сәдір найзагер, қосалқы атын жетелеп жүретін Кенжетай. Аңшы Мұсірепті ертпей кетті...

Артықбай батыр қонақтарын бар бейіл-ықыласымен қуана қарсы алды.

– Арыстаным-ай, ақ бейілім-ай, шойырылып қалған ағаң қалай есіңе түсті? Келші бері! – деп, қуанышын да, өкпе-назын да бірге бір-ақ айтып тастады. Есенейдің таяқтай-таяқтай қара шұбар саусақтарын ұзақ қысып отырып, сүйіп алып босатты.

– Түрікпенімбісің, қысылмасым, саспасымбысың! – деп, Мұсірептің қолын да ұзақ қысып отырып, көзіне жас алды.

– Жұрт Есенейдің жанын алып қалған Артықбай десе, мен Артықбайдың жанын алып қалған сен деймін, ақжолтайым.

Қарт батыр Стап дәрігерханасында жатқан алты айдың ішінде Мұсірептен көрген аз-маз қайырымдылықты есіне алып отыр. Ұмыта алмаған екен. Стапқа ауылды жақын Мұсіреп Артықбайға жетісінде бір рет ас-су жіберіп тұрып еді... Ақкөңіл батыр сонда айтқан алғысын қайталап жатыр.

Артекең Сәдір батырмен ерекше сағынышты амандасты.

— Батырым-ай, оқ өтпесім-ай, найзагерім-ай, сені де көретін күн бар екен-ау!..

Қонақтар... шешесінің қасында тұрған Үлпанды көздерімен ғана жанап етті. Қыз балаға одан артық көңіл аудару ерсілік болатын. Қыз да бұлардың әрқайсысына көз қының серпе тастап, көзімен ғана амандасты. Сол қарасының өзінде сирек кездесетін сұлулық барын қонақтар түгел сезінді. Қара биесі жоқ үй – қымызы жоқ үй, сары биесіне – самауырға ұмтылады. Үлпан сары жез самауырды көтеріп, далаға шығып кетті.

Амандық-саулықтан кейін Есеней өз кінөсін тезірек жуып тастағысы келіп сөз бастады.

— Артеке, сіздің бұл араны мекендей бастағаныңды білмей келіп, ұятқа ұрындық. Бұрынғы мекеніңіз бұл жерден көп жоғары болушы еді ғой.

— Ие... «Ақсуат» еді ғой. Биыл осылай қарай ауыстық. Жата-жастана естірсің, «Құдышқа құлан құласа, құрбақа құлағында ойнар» дегендегі бір жайымыз болды.

— Иесіз жатқан жер дегеннен кейін қалың шұбарға қызығып келіп қалып едік, сіздің мекендеріңіздең отырғаныңды естіген соң, малдың жарым-жартысын Құсмұрынға қарай жарым-жартысын ішке қарай аудартып жібердім.

— Бекер-ақ болған екен. Қөңіл сыйысса, көлдің суы жететін еді ғой.

— Жоқ, жоқ, Артеке! Есеней бір кезде жанын алып қалған батырының жерін тартып алышты деген атаққа қалғым келмейді.

— Есеней бір қыс қонақтап шығуға көңіл етіп келген екен, көрі шойнақ от басынан орын бермепті деген атаққа мен қалып жүрсем, қалай болар?

— Сізге сөз келтірмеймін ғой, Артеке...

— Тым болмаса, бір қыс дәмдес болып, бой жазып қалсын десен, шойнақ ағанды шанаға салып алып, қасқыр құғаныңды көрсет. Мен үйкүшік болып қалып, дала көрмегелі он бес жыл... Қосынды өкеліп, үйдің қасына тіктір.

Осымен екі жағы да бірін-бірі үғынысып болды. Жер жайында енді ора-ла қалса, екі жағына да ұят болар еді. Бір қос жылқының осы арада қыстап шығарына Есенейдің көзі жетті. Есеней қосы қасында болса, тоқшылық боларына Артықбайдың көзі жетті.

— Артеке, садақ-найзаларыңды өзірлей беріңіз. Қыс бойы қасқыр қуармыз. Есікті ашып қойып, садақ тартып, нысана атады екен деп естідім. Құдай бүйірса, қарауылыңызға қасқыр да бір ілінер, – деді.

— Есеней-ау, басқа ермегім қалды ма менің? Найзаларымды қайрап, оқ жонып, ермек етем. Маңайда жан жоқта нысана атам. Кейде оғым нысанаға дәл тиеді, кейде жосып, айдалаға кетеді.

- Биыл қыс баяғыны тағы бір қайталармыз, ендеше.
- Алда разы болсын!

Қонақтар келіп түскен бетінде аттарын кез келген ағашқа байлай салып еді. Сол есіне түсіп, Қенжетай далаға шықты. Аттарды ықтасынға апа-рып байлағысы келді. Екінші бір үйден қайнаған самауырды қөтеріп әкеле жатқан Үлпанды қөріп:

- Самауырды жерге қоя тұршы, қарағым. Үйге мен қөтеріп апарайын, – деді қызыға тым тез жақындей беріп.

Үлпан самауырды жерге қойды да:

– Жігітім, сен маған қарағым деп сейлеспейтін бол. Менің Үлпан деген атым бар. Қазір шай ішіп болған соң, анау бір қалыңдың ар жағындағы алаңда арқандаулы кешегі күнге дейін өзің жетелеп жүрген торы ат тұр, соны әкеліп, ертеп қой. Ер өне жатыр. Енді самауырды үйге алыш кір... – деді. Қенжетайды ықтата-ығыстыра айтты... Қенжетай қызы бүйрығын орындауға шайға қарамастан, қайта шығып кетті.

– Аттарды бір ықтасынға жайғастырып келейін...

– Есеней мырза, азғана сауын бие ағытылғаннан кейін, мына самауыр деген пысылдақ сарыға қарап қалғамыз. Жарықтық, ертелі-кеш иіжді де тұрады... – деді Артықбай... Есеней: «Шыдай тұр, шалым, қыс бойы қымыз ішкізермін» деп қала жаздады да, сөздің бетін шайға бұрып кетті:

– Е, шайға үйреніп болдық қой. Бұл құрғырды қанып ішпесең, тіпті, басың ауыратын болды. Бермесеніз, сұрап ішетін едік. Несібелі жеңгеміздің ыстық бауырсағын сағынғанымыз да рас, – деп Есеней кеңкілдей құлді... Шайды іше отырып, қанша қарамайын десе де, Есеней көзін қыздан аудара алмай қойды. Басында қүрең барқытпен тыстаған қара елтірі бөрік, үстінде сол қүрең барқытпен тыстаған жеңіл пүшпақ ішік, қүрең барқыт шалбар, белінде күміс жапқан қаптырмалы бұлғары белдік. Аяғында биік өкшелі шоқайма етік – «қосай қалош», бәрі де сандық түбінде жататын «бір киер» екені танылып тұр. Бәрі де шеше қолынан өткен...

Шай қүйіп отырған қыздың он саусағы мен беті ғана қөрінеді. Сұлулығын да, балғындығын да паш етпей тежеп ұстайтын қызы болу керек, әлде сұңғыла қызы жасыра ұстаған сұлулықтың өлтіре қызықтыратынын біле ме екен?.. Үлбіреген ақ саусақ емес, әрі іске үйреніскең қолдары сенімді де онтайлы қимылдайды.

...Шай ішіліп болған соң, самауырды орнына қойды да, Үлпан шығып кетті.

...Осы тұста ...даладан қатты шапқан ат дүбірі естілді. Үйдегілер елеңдесіп, біріне-бірі қарады. ...Алдымен үйге Үлпан жүгіре кірді. Үялғандай

кулімсіреп, әкесінің бас жағына барып, керегеге соғылып тоқтады. Оның артынан іле-шала үш ерек кірді. Алдымен кірген тұлкі тымақты мысық мұрт жалынымен шаңырақты жалағысы келгендей, лапылдан жанып тұрған отқа соғылардай болып аптығып тоқтады да, артында келе жатқан екеуіне:

- Сүйреп әкетіндер! Өне тұр! – деп Үлпанды нұсқады.
- Әй, сен кебіс ауыз, кімді сүйреп әкетесің? Қөзіңе қараши! – дегенде, Сәдірдің найзасы мысық мұрттың иегіне тақалып та қалып еді. Қайрап қойған найза ұшы аузынан кіріп, желкесінен шыққалы тұрғандай екен! Жігіт қақалып қалғандай, сейлей алмай қалды.
- Отыр!..

Үлпанға қарай ұмтылған екі жігіт те қызға қол тигізбей тоқтады. Сәдір ол екеуін де найзасының ұшымен нұсқап, алғашқының қасына отырғызды. Даладан тағы екі жігіт кірді. Жалғыз Сәдір найзасын жарқылдата сілтей тұрып, бес жігітті түгел от басына ііріп тастады. Біреуіне де найзасын тигізген жоқ.

Көптен батырлық жыны қорланып жүрген Сәдір Несібеліге қарап:

- Қөген өкел! – деді.

Кедейдің бар байлышы үйінің айналасында ғой. Несібелі жүгіре шықты да, көгенді жылдам алып келді.

Сәдір жігіттердің бас киімдерін лақтырып-лақтырып жіберіп, шетінен көгендей бастады...

Найзасына сүйеніп, қозыдай көгенделгендерге жоғарыдан қарап тұр.

- Енді Есеней бидің кесімін естисіндер!

Жігіттер төрде отырған дәу қара шұбардың Есеней би екенін енді біліп, майлы қасықпен төбеге үрған мысықтай жым болды.

Жаугершіліктен, ұрлықтан қолға түскен адамдарды өуелі көгенден алып қорлау – қорлаудың да ауыр түрі. Бұл – кезде қалып бара жатқан ескілік. «Көгенге түсіп» қайтқан жігітте қадір-қасиет қалмайды. Сәдір мына жігіттерге сол қорлықты көрсетіп жатыр...

- Бұларың кім өзі? Танисыз ба? – деді Есеней Артықбайға қарап.
- Кім болсын, құдаларым болады, – деді Артықбай. – Біздің үйдегі «Сұлушашты» айттырған құдаларым, – деп қызына бір қарап қойды. – ...Шойнақ шалды басынып, алып қашуға келгендерін көрмейсің бе! – Артықбай тағы да ауыр күрсініп тоқтады.

– Болды, Артеке, болды. Ар жағын айтпай-ак қойыңыз. Қөріп отырмыз. Сәдір, сен мына құдаларды қосыңа апарып қондырып шығарарсың...

Ұлпанды айттырған күйеуі Түлениң баласы Мырзаш деген жігіт алдыңғы жылы бір келіп кеткен. Дағаның жұпар ісі аңқыған жазғытурым еді. Ұлпан Құдайдың жазғанына мойын ұсынып, ойында жақсы көру – жек көруден еш нәрсе жоқ, күйеудің көруге ғана ынтығып, шымылдыққа кірді де, қашып шықты. Қызы мұрнына келіп көрмеген жиіркеніш иістен жүрегі айнып кетті. Женгелері өуелі қашанғы дәстүр бойынша, күйеу мен қыздың қолдарын ұстаттыра беріп еді, Ұлпанның алақанына өмір бойы жусаң да, кепес бір майлы жылбысқы жабысқандай болды. Сол жабысқақ қызы алақанының есінде өлі бар, Ұлпан өлі жиіркенеді. Есіне түсіп кетсе, қолдарын сабынды көпіртіп тағы бір жуып алады.

Содан кейін құдалардың арасы шалғайлана берді. Саудагер қу ұл баласы жоқ шойнақ шалды басынып, өуелі қалыңға берген бес құлдыңды биенді қайырып бер деді. Артықбай онысын дұрыс көріп, көніп еді, бес биенің он жылдан бергі өсімін сұрады. Оның өзі Артықбайдың маңдайына бітіп көрмеген көп жылқы болып шығады екен. Артықбай қалыңмалға алған бес құлдыңды биені қайырды да, өсім дауынан өлі құтыла алған жоқ. Аяғында алысырақ жерге көшіп кетіп құтылам ба деп еді, Түлен қуаяқ қыздың өзін тартып әкетуге жігіттерін жіберіпті...

Бұл жанжалдың үстінен шыққанына Есеней қуанып отыр. Ұлпанның басы бос екен! Ертең айып-қызыбын табандата салып, бет бақтырмайтын кесім айтады да, құдаларды айдалап тастайды. Қөнбей көрсін! Ол аз болса, бір қос жылқысын сол Түлен құдың жеріне апарып қыстаратады!..

Ұлпан, басында кешегі тымағы, үстінде жеңіл ішіктің сыртынан киген түйе жүн шекпен, орнынан қозгала алмайтын әкесіне қорғалаған қүйінде ұзақ тұрып қалды. Қорыққаннан қуаң тартқан, қорыққанына үялғанынан құлімсіреген қалпы бар. Құндегі өдеті бойынша, іңір кезінде аз ғана жылқысын шарбаққа өкеліп қамап, таң ата өргізіп жіберуші еді. Қенжетайға ат ерттеуді тапсырғандағы себебі сол болатын...

Сәдір жігіттерді айдалап әкеткен соң, Ұлпан әкесінің қасына отыра кетті де, жылай бастады. Қонақтарына арызын айтқандай, өксіп жылап отыр. Не деген қорлық! Бұл күнге дейін ешкім бетіне қарсы келіп көрмеген, ерке өсken Ұлпан малға сатылып кете беретін көп қыздың бірі екен-ау! Үйде қонақтар болмаса ғой, әлгі жігіттер мұны байладап-матап алады да, кетеді. Апарады да, сасық Мырзаштың қойына салады. Содан соң жата бер іріп-шіріп... көне бер, еле бер... Ұлпанның тұла бойы тітіркеніп кетті... бала мінезді болушы еді, қатты қорыққан екен, жас балаша жылады. Ерке болса да, ер мінезді болушы еді, қорланып жылады. Үйіне қадірлі қонақтар келген күні үятқа ұшырап қалдым-ау деп, үялғанынан жылады.

Есеней Мұсірепке қарады. Бірдеме айтып уатсаңшы дегендей еді. Мұсіреп бірдеме айтуға өзі де асығып, Есенейдің иек көтеруін қүтіп отыр екен, сөзін тез бастап кетті:

– Қарағым Ұлпанжан, басыңа түскен бір бөледен құтылдың. Енді біржола құтылдың. Жылама! Бұл үйге деген ниетіміз таза екен, қорлық-зорлықтың үстіне кездестік. Енді ол бөле сенің басыңа қайтып оралмайды. Артекем мен Несібелі женгемізден туған жалғыз асыл перзентін қайда жүрсек те, қорғай жүрерміз. Ешкімнің тісі бата алмас бұл үйге. Бағың ашылар, қарағым. Теңіце кездесерсің өлі, жылама...

– Бұл арада қырық үйге жақын Құрлеуіт бармыз... – деді Артықбай. – ...Бүгін сендер келмегендеге, күніміз қараң еді. Есеней, сен жылқыңды ешқайда аударма... Өз қосынды қасыма өкеліп қондыр...

– Артеке, сіз нені қаласаңыз да, қолыңызды қақпаспын. Бірақ енді құдаңнан қауіп етпей-ақ қойыңыз. Мен қосымды сол құдаңның ауылына жақындастып апарып, қондырсам қалай болар деп ойладап отырмын.

– Ойбай-ау, онда саудагер сұмды біржола тұралатып кетесің ғой!..

– Тұраласа жатсын!.. Лұқсат етсеңіз, Сәдірдің қосын осы маңайға көшірер едім... Жылқыңызды Сәдірдің қосына қосып жіберсеңіз, Ұлпанжан да қысқы суықта тұнделетіп шапқылап жүрмес еді.

– Болды, Есенейжан, болды. Маған Сәдірден артық жолдастың керегі жоқ!

Ұлпан осы арада ғана езу тартты. Қонақтар кешкі тамақтан кейін аттапын кетті...

6

...Ұлпанды кіші баласы Мырзашқа айттырып қойған Тұленнің әкесінің әкесі Тілепбайдың шешесінің сіңлісі Ақбайпақтан туған Қарайбайдың Қаяыргелдісінің жиені Игенбердінің немере қызын алып отырған Үрымбек үйінде екен...

Артықбайдың үйі оңаша жерде екенін, қызының іңір кезінде өрістегі жылқыны шарбаққа өкеліп қамайтынын Тұленнің үйіне жеткізіп отыратын сол Үрымбек еді. Ұлпанды алып қашу – қаздың балапанын ұстап алудан да оңай деген.

Кеше кешкі Үрымбек қызы алып қаша келген жігіттерді өзі бастап келіп, Артықбайдың бір үйір ғана жылқысының маңайына, ағаш ішінін жасырып кеткен. Жігіттер қызды қуа жөнелгенде, ол үйіне қарай тартып отырған. Одан бергі хабар барлық «Қаршығалыға» тарап кетті де, Үрымбекте үрей қалған жоқ. Үрымбек үйінен шыға келді де:

– Ойбай, міне, тоқты, міне, қазаным... алындар да, жөнеліндер. Мен енді құрыдым! – деді. Жігіттер де айнала беруге қорқып, Үримбектің бергендерін алып кетіп қалды. Мырзагелді жай кеткен жоқ, боктап кетті.

– Көзінді үрайын, шошқа көз, Артықбайдың үйіне Есенейдің келіп жатқанын неғып білмедің?

– Өке құлдық, жөнел енді! – деді Үримбек.

Үримбектің сонша сасқалақтағаны да жай емес еді. Өткен түні Артықбай шалдың үйінде болған оқиға таң атқанша «Қаршығалыны» қыстап отырған қырық үйлі Құрлеуітке түгел тарағ болған. Бұгін шалдың ағайын-туысқандары бәрі сонда...

Жұрттың естіген-білгендерін сауысқан шықылданап, қарға қарқылданап өсіріп-өрбітіп өкеткен.

– Есеней қызы алып қашуға келгендерге қырық қамшыдан дүре соқтырыпты...

– Есеней шалдың үйін бір қыс күзетіп шығуға Сәдір деген батырын қалдырып кететін болыпты...

Сәдір қосын Артықбайдың үйіне жақын тігіп жатқаны да рас еді... Енді Артықбай шал ешкімнен де қорықпайтын болды.

Есеней өз қосын орнынан қозғаған жоқ. Бір сәтке Үлпанға көз тігуім обал ғой деп те ойлады. Мен жетпіске таянғанда, ол әрен-әрен отызға келеді. Сонда күнім не болар деп те қауіптенді. Үлпан басқа қыздардай: Құдай қосты – мен көндім, мәңгі мойын ұсынып, мәңгі үн шығармай отырып қалатын жанға үқсамайды. Бұл адад ойы, шыны еді.

...Жоқ, мен осылай ойланып отыра берсем, жынданып кететін шығармын. Аңшы Мұсірепке еріп, тұлкі аулап қайтайын...

...Бұгін «түрікпен» Мұсіреп үйіне қайтқалы жатыр...

Есеней еліне қайтқалы жатқан Мұсірепті шақырып алды.

– Бір қыс бірге болайық деп едім, көнбедің, сүр бойдақ... Себебі бар шығар, сұрамаймын. Тек, менің соңғы бір қолқамды орындал бер. Бір күн аялда.

– Жарайды, аялдайын.

– Аялдасаң, қазір аттан. Артықбайға құда түсіп қайт. Неге шошып кеттің?.. Үлпанға Есенейдің көнілі ауып жүр де. Мендей шалдардың талағы-ақ тоқал алады. Мен де өзіңдей сүр бойдақ. Алпысқа келгенім жоқ. Ке-

регі болып қалса, қыздың өзіне де сөйлесе кел. Сенің «Алғашқым» деген күйің болса, менің «Соңғым» дейтін күйім осы қыз – Үлпан...

- Жарайды, барып қайтайын.
- Барып қайтпа, бітіріп қайт. Сибан деген бір рулы елдің ордасы бір күні біржола жабылып қалсын демесен, көндіріп қайт!

Есенейдің соңғы сөзі Мұсірепке ауыр тиді. Сибан деген жалғыз Есенейі болмаса, ағаш-ағаштың қойнауын паналап бытырап кеткен әлсіз ел еді. Есеней көтерілгелі не бары он ауыл Сибан ел қатарына қосылды. Сол Есеней үрпақсыз. Тұған-тысқандарында мұның орнын басар ешкім жоқ. Ондай адам жалпы Сибандада жоқ. Оның өзге жағын былай қойғанда, екі ұлы қайтыс болғаннан кейін біржола үрпақсыз қалғаны да Мұсірепке қатты бататын еді. О да адам фой! Ішінен Үлпанды да аяды. Есеней қанша ағайыны болғанымен, құрығын Үлпаннан басқа біреуге салса да, болар еді фой! Онда ше? Ол қызға обал болмас па еді?.. Іштей Есенейді де аяп, Үлпанды да аяп, Мұсіреп Артықбайдың үйіне келіп тұсті.

Үлпан үйінде жоқ екен. Соны пайдаланып, Мұсіреп келген жұмысын созбаққа салмай, қыздың әке-шешесіне бірден айтып тастады. Есенейдің сәлемін тұра жеткізді. Бояған да жоқ, бұрмалаған да жоқ. Артекең ұн-демей тұнжырап отырып қалды да, қыз шешесі Несібелі жылап, үйден шығып кетті.

- Осы, Артеке, келген жұмысым. Не жауап қайырасыз?
- Ойбой, Мұсіреп-ай!.. Есеней қадалса, алмай тынатын ба еді! Үлпанымды мен бермеймін десем, Есеней көнеді деп отырмысың? Айтты, алдыннан өтті, болды емес пе, алмай тынбайды ол!

- Олай болғанда, сізді риза дейін бе?
- Қайдағы риза?
- Енді сіз не айтты деп қайтам?

– Үлпанның еркі өзінде. Өзімен сөйлесе берсін деп айтты де. Ал «Әке, батаңды бер» деген күні, жетпей жатқаны бата болса, бере салу қын емес қой...

– Мұсіреп, мен сені жиырма жылдан бері білемін. Адалдығынан басқа сырынды көрген емен. Үлпанмен өзің де сөйлес. Адал ақылынды айт. Әлгі мылжынбай адасың таң атпай келіп, Үлпанжанды тұлқі аулауға ертіп әкетті. Барамыз деген жері Тұздықөл... Осы үйдің есігі қай жаққа қарап тұрса, сол бетте. Мұсіреп атына мінді де, Артықбай шалдың сілтеген жағына қарай жүріп кетті. Ақырын жүріп келеді. Ие, бұл бір абыройсыз елшілік болғалы тұр. Есенейге екі нәрсе өтпейді: оқ өтпейді, сөз өтпейді.

... Үлпан маралдың ізіне түсіп келе жатыр еді, «турікпен» Мұсірепті сонадайдан таныды... Үлпан қатты шауып келген бойы:

- 
- Мұсіреп аға, қасқырға тым кеш шығыпсыз ғой? – деді.
 - Қасқырға емес, саған амандаса кетейін деп келе жатырмын, қарағым.

Ертең елге қайтатын едім.

- Елге? Бізді осылай тастап кетесіз бе?
- Тастан дегенің не, айналайын-ау... Сені кім қиып тастап кетер! Ұзамай қайтып келемін.
- Бәрібір, бүтін біздің үйде боласыз...
- Ұлпан! – деді Мұсіреп Ұлпанның көзіне тұра қарап, – Ұлпан, сен мен қазір не айтсам да, түгел тыңда, ойланы тыңда. Жақсын, жақпасын, түгел тыңда ал! Бір ауыз сөз қоспай тыңда!..

Содан кейін өзінің Есеней жіберген елшілігін айтты. Даусында не жаңын салғандық, не жаны ашығандық жоқ, бірқалыпты қоңыр үнмен сөйлеп келеді... Ұлпанға сол бейжайдың өзі қанжардай қадалды. Есенейдің көз айырмай қарайтынын білетін... Ұлпанның өзі білетін дүниенің бірінші адамы атақты би Есеней... кем болса, қырық жас үлкен адам. Үрпақсыз қалыпты... Есенейден арашалап алыш қалар адам жоқ. Айтты – болды. Басың болса, ие бер, тізен болса, бүге бер...

Ұлпан бір түсініксіз күлкімен күле бастады. Тоқтай алмай күлді. Қуаныш күлкісі, ойын-қалжың күлкісі бұлай болмайды. Бұлай күлгенінен де жылағаны жақсы болар еді...

- Мұсіреп аға, күлгенимі өкпелей көрменең, күлкім келіп күлгенім жоқ. Енді Есеней ағаңа қайтаратын жауабымды айтайын: Есенейдің құрығы мойныма түсе қалса, оны алыш кететін күш біздің азгана ауыл кірме Құрлеуітте жоқ. Құдай салды, біз қөндік. Бірақ ағаңың есінде болсын – Ұлпан – аразанға түспейтін қызы.

- Болды, айналайын, болды. Қалғаның өзіне айтарсың, – деді Мұсіреп.
- «Болды, болды» дегені несі екен? – деп ойлады Ұлпан. – Есенейдің айттырғанына қуаныш кетті деп ойлап қалды ма? Жоқ, олай ойламаса керек. Үлкендердің бір-бір ауыз сөзбен түсінісіп қалатын салттары болушы еді, сол шығар...

- Қарағым қайным, Ұлпанымның жалғыз жақын ағасы сен болып қалдың. Көз қырынды сала жүр, – деді Несібелі. Бұл – мана ескерткен сөзі. Есенейдің айтқанына мойынсұндық, қөндік дегені еді.

...Мұсіреп кіріп келгенде, Есеней қатты тұнжырап отыр екен.

- Қандай қырсыққа ұшырап бөгелдің? – деді Мұсірепке.
- Қүйеужан, тым қатты кетпенең... себебі болған шығар... Қылауы түспеген құданы кім тез жібере қоюшы еді! – деп, Мұсіреп Есенейдің күткен жауабына қалжыңын да қосақтап жіберді.

«Күйеужан, құда» деген сөздер Есенейдің бар қудігін бір-ақ сыпрызып тастағандай, көрі бура жадырап сала берді.

– Бір ғана ескертетінім бар: Үлпан арзанға түспейтін қыз. Барлық жайды өзімен сөйлесесің. Өке-шешесінде сөз жоқ.

– Арзанға түспесе мейлі, Есенейдің малы жетер! – деді Есеней.

Арзан-қымбаттылық дегеннің мәні басқада екенін түсіндіргісі келіп бір отырды да, Мұсіреп онысын іркіп қалды. Үлпан өзі де жеткізіп айтар...

(*Жалгасы бар*)



1. F.Мұсірепов туралы не білесіндер? Жазушының қандай шығармалары бар? Қазақ өдебиетінде F.Мұсіреповке берілген «Сөз зергері» деген атаудың мәні неде?
2. «Үлпан» романында қандай оқығалар болды?
3. Романың прологы мен эпилогын тауып, сюжеттік-композициялық талдау жасаңдар.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Жоспары
1	Оқығаның басталуы	
2	Оқығаның байланысы	
3	Оқығаның дамуы	
4	Оқығаның шиеленісі	
5	Оқығаның шарықтау шегі	
6	Оқығаның шешімі	



1. «Үлпан» романындағы кейіпкерлердің ішкі сезімі, ақыл-парасаты, іс-әрекеттері суреттелетін эпизодтарды табындар.
2. «Үлпан бір түсініксіз құлкімен құле бастады. Тоқтай алмай құлді. Қуаныш құлкісі, ойын-қалжың құлкісі бұлай болмайды. Бұлай құл генмен де жылаганы жақсы болар еді...» – дейтін оқыға шығарманың қай жерінде айтылады? Бұл үзіндіден қандай психологиялық көңіл құйді аңғардындар? Романдағы психологиялардың анықтаңдар.



1. Роман кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.



- 
2. «Ұлпан – арзанга тұспейтін қызы» деген сөздің мағынасын түсіндіріп, романның идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтандар.
 3. Романдағы Есеней мен Ұлпанның диалогіне мән беріп, «Тағдыр қосқан жандар» тақырыбына ойтолғау жазындар.



1. Есеней қандай жан? Ұлпанға өз билігін беруі орынды ма?
2. Романдағы «турікпен» Мұсірептің авторға қандай қатысы бар?
3. Он бес жылдың ішінде Ұлпан елге қадірлі адамға айналып, «екінші Есеней» аталды. Ұлпан мен Есенейді егіздей суреттеудегі автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастыруыш ретіндегі рөліне талдау жасаңдар.
4. «Ұлпан» романын F. Мұсіреповтің ана туралы өңгімелерімен салыстырындар. «Ұлпан» романындағы Есеней мен Ұлпан бейнелерінің тарихи және көркемдік құндылығы бар ма? Бұл шығарманың тарихпен қаншалықты қатысы бар? Осы сұрақтар төнірегінде пікір алмасындар.



1. Есеней мен Мұсіреп, Ұлпан мен Шынар іс-әрекеттерін көрсетуде автордың қолданған егіздеу өдісін романнан тауып, талдау жасаңдар.
2. Романдағы құбылту мен айшықтаудың түрлеріне талдау жасап, автордың суреттеу ерекшелігіне баға беріңдер.
3. Автордың стиліне сүйене отырып, өз таңдауларынмен Ана бейнесін ашатын өңгіме жазындар немесе «Ұлпан – ел анасы» тақырыбында өдеби эссе жазындар.
4. Ұлпанның өзінен үлкен Есенейге тұрмысқа шығуы заманға байланысты десек, қазіргі таңда осындағы қыздардың тұрмысқа шығуын немен байланыстыруға болады? Осы тақырыптар жөнінде дебат үйымдастырындар.



1. Романдағы Ұлпан тағдыры қалай аяқталды? Егер сен автор болсаң, шығарманы қалай аяқтар едің?
2. Романдағы негізгі эпизодтардан, Есеней мен Ұлпан сүйіспеншілігінен нені аңғаруға болады? Өз көзқарастарынды білдіріңдер.
3. Біз Ұлпаннан қандай өнеге аламыз? Қазіргі таңда Ұлпандай қазақ қыздары кездесе ме? Пікірлерінде айтындар.

4. Қазақтың соңғы ханы Қенесары туралы не білесіндер?

Қандай? Не істеді?	• Тарихтағы Қенесары
Қандай? Не істеді?	• «Ұлпан» романындағы Қенесары
Қандай? Не істеді?	• Нысанбай жырау «Қенесары – Наурызбай» жырындағы Қенесары

5. Қенесары бейнесі тағы қандай шығармаларда суреттелген?

6. Әлем әдебиетінде әйел тағдырын бейнелейтін шығармаларды оқып, оны «Ұлпан» романымен салыстыра талдап, шағын сынни мақала жазындар.



Оқу сауаттылығы

1) Қалың қара шұға жалбағай бет-аузын жауып кеткенімен, атандай қара кер аттың үстіндегі зор денелі адамның Есеней екенін Ұлпан да ішінен таныған.

Сұрақ: Жалбағай дегеннің не екенін қай сөзге қарап аңғаруға болады?

- a) Қалың қара деген сөзben байланыстырғанда, Есенейді сақалынан таныған болу керек.
- b) Бетті жауып кеткен орамал болуы мүмкін.
- c) Шұға – матаның бір түрі, сондықтан жалбағай басқиім екені белгілі болады.
- d) Желбекей деген киімнің түрі бар, жалбағай сол сияқты киімнің түрі болуы керек.

2) Мына көк бестінің түқымы кезінде ұлы нағашымыздың жылқысынан ауысқан екен бізге. Бұл да атақоныс жер-суы тартып келіп тұр. Қасиетті кісені басқа малмен әкелуді лайықсыз көрдік, ата,

Сұрақ: Ұлпан Есенейдің нағашы жұртына қандай нәрселерді алып келді?

- a) Кісені алып келді.
- b) Көк бестіні алып келді.
- c) Қасиетті кісені алып келген.
- d) Көк бесті – бес жасар жылқы, кісені сол жылқымен бірге алып келген.

3) «...сенің көлеңкең күндік жерге түсетін бәйтерексің. Мен сенің саяңда шырылдаған бозторғаймын. Менің Құдайдан бірінші тілегім сенің амандығың!»

Сұрақ: Бұл сөздерді қай кейіпкер кімге айтуы мүмкін?

- a) Шынар Мұсірепке айтуы мүмкін
- b) Ұлпанның Есенейге айтқаны
- a) Еменалының Ұлпанға айтқаны
- b) Жанишаның Шынарға айтқаны

Оқушы күнделігі

Фабит Мұсірепов – кеңес дәуірінде өмір сүрген жазушы. Оның шыгармаларында кеңес заманының ықпалы бар. Бұл туралы сендер не ойлайсыңдар?

Фаламтор

Фаламтордан Фабит Мұсіреповке арналған хабарларды тауып, тыңдаңдар. Сыныпта алған әсерлерің туралы пікірлесу үйымдастырыңдар.

ЖАЗУШЫНЫҢ ФУМЫРЫ МӘҢГІЛК



Алматы қаласындағы Фабит Мұсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры



ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ (1937–1967)

Оның өмірді білуі, адамды білуі, табиғатты білуі неткен терең! Бұл жерде өмірді білу, адамды білу деп, өмір мен адам жайлы фактілер мен факторларды көп білуді айтып отырган жоқсыз, кез келген жас адамның ой ауқымы, сезім қарымы жете бермейтін адам қадірін, өмір қадірін, туған ел, туған жер қадірін, ағаның қадірін, інінің қадірін, өнер қадірін қалай түңғиық түсінгенін айтып отырмыз.

*(Қазақстанның халық жазушысы
Әбіш Кекілбайұлы)*

Төлеген Айбергенов – қазақ әдебиетінде өзіндік ерекшелігімен орын алатын көрнекті ақын. Ол 1937 жылы 8 наурызда Қарақалпақстан жерінде Қоңырат ауданында дүниеге келген. 1959 жылы Ташкенттегі Низами атындағы педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіріп, туған ауылында еңбек еткен. Кейін, 1962–1965 жылдары, Шымкент облысының Сарыагаш ауданындағы кешкі жастар мектебінде директор болған. 1965 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы әдебиетті насихаттау бюросында қызмет еткен.

Оның өлеңдері республикалық баспасөзде 1957 жылдан бастап жарық көрсе, бір топ өлеңі алғаш рет 1961 жылы «Жас дәурен» атты жинақта жарияланды.

Төлеген Айбергеновтің «Арман сапары» (1963), «Өмірге саяхат» (1965), «Құмдағы мұнаралар» (1968), «Мен саған ғашық едім» (1970), «Аманат» (1975), «Бір тойым бар» (1981), балаларға арналған «Бақшага саяхат» сурет-кітапшасы (1985) жарық көрді.

Сондай-ақ, орыс тілінде «Мир созвездья» (1987) деген атпен таңдамалы өлеңдері аударылып басылды.

Төлеген Айбергеновтің «Ақ ерке, Ақ жайық», «Жаңғырған Маңғыстау», «Қазақстан», «Сені ойладым», «Мені ойла», «Ақ қайыңдар», «Бір тойым бар», т.б. өлеңдеріне жазылған өндер ел арасына кеңінен тарады.

Ол Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1974, қайтыс болғаннан кейін) атанған.

Төлеген Айбергенов поэзиясындағы ерекшеліктер. Ақынның өлеңдеріндегі ортақ арна – қуана білу, сағыныш. Дегенмен, оның сағынышы адам қиялды жетпейтін көкжиектермен алдамайды, ақын сыршылдығымен, шынайылығымен көңіл тербейді. Мәселен, оның сағынышы «Апала-рым»¹ атты өлеңінде тұнып тұр.

Мен үл ем. Сендер ең үш тамаша елік,
Төртеуіміз бір өкенің баласы едік.
Төрт тағдыр қайғысы мен қуанышын
Өстік біз бір омыраудан таласа еміп...

Кеттіңдер біздің үйден үзатылып,
Қатыгез қимастықты қыз аты қып.
Сан тұндер сағынышым көз ілдірмей,
Жүгіріп сыртқа шықтым жүз атылып... –

деген өлең жолдарында апаларына деген інілік ілтипат пен бауырмалдық сезімі астасып жатады.

Ақын отбасында – жалғыз үл, сондықтан ол:

Бар болған кездеріңе сүйінемін,
Жоқ болған күндеріңе күйінемін.
Мен жалпы ақ перзенті болсам керек,
Үміті үзілмейтін дүниенің, –

деп, ата-анасының арқа сүйері, үміті, шаңырақтың жалғасы екенін сезім қылын тербей отырып жеткізеді.

Төлеген Айбергенов лирик ақын дегенмен, оның азаматтық мықтылығы да айқын. Бұл, өсіреле, оның:

Бір жетсе менің ажалым жетеді,
Найзағай оттарынан,
Сатқындар оқтарынан,
Өйткені мен теңіз боп ақтарылам.

Бір жетсе менің ажалым жетеді,
Адам қолы жасаған үяттардан,
Қалыңдығы осынау сияқты орман.

¹ Еліміздің онтүстік өңірінде өпкө деген сөздің орнына батыс аймақтарда апа (апалы-сіңлілі, апа-жезде) деп айту қалыптасқан.

Әйтпесе пысықтыққа пысқырмайды
Мендеңі қуатты арман, –

деп өз ұстанымын жайып салады. Сосын:

Өле берсін күншілдер күйігінде
Өз ғасырым өзімнің іінімде.
Ақ жанбырлар тоздырган тау сияқты
Мен өлемін өзімнің биігімде, –

деп, нық сөйлеп өз бағасын білген ақын.

Сондай-ақ, ақынның «Аруана – бауыр дүние», «Бір тойым бар», т.б. өлеңдері өмірге деген құштарлыққа толы. Ақынның лирикалық кейіп-керін оқырман көңіл көзімен көреді. Оның керемет жақсы адам екеніне көміл сенеді, сезінеді.

Оқырман оның ақеділ көңіліне сүйсінеді. Оны оқыған адам да сондай мейірімді, ақкөңіл болғысы келеді. Өзгелердің бойынан да осындай тамаша қасиеттерді іздей бастайды.

Төлеген Айбергенов шығармашылығы туралы айтылғанда, «Сағыныш» топтама өлеңдері деген қолданыс бар. Ал топтама өлеңдер бір тақырыпқа арналып, бірнеше жеке өлеңдерден құралған өлеңдер жүйесі жыр топтамасы деп аталады. Кейде оны циклді өлеңдер деп те атайды. Т.Айбергеновтің осы топтамасында төрт жеке өлең бар. Олардың бәрінің басын біріктіріп тұрған ортақ тақырып – сағыныш.

Осы топтамада тағы бір жаңалық бар. Ол – қазақ поэзиясында кездеспеген не мүлде сирек ұшырасқан он алты-он жеті буынды өлеңді оқырманға бұрыннан таныс, ежелден белгілі түр секілді етene жақын етіп жеткізе білуі. Расында, бұл әр жолы жеті-сегіз буыннан тұратын, екі бунақты ежелгі қара өлеңнің екі тармағын бір жолға тізіп беру ғана емес, шын мәніндегі, түр жағынан үлкен өзгеріс болды. Нәтижесінде төрт бунақты, бір ырақты тармақ жасалды. Кейін Фариза Оңғарсынова, Мендеңекеш Сатыбалдиев, т.б. ақындар бұл тұрді одан әрі дамытып, қазақ өлеңінде тұрақтады.

Бір өкініштің, ақынның өмірі қысқа болды. Ол 1967 жылы 29 тамызда дүниеден өтті. Зираты Қарақалпақстан астанасы Нұкіс қаласында.

Уақыт керуені жылдар мен ғасырларды тізбегімен жылжыта береді, бірақ Төлеген Айбергенов есімі мәңгілік қадірлі. Өйткені оның поэзиясынан үрпақтар өмірге деген құштарлықты, аяулы сағынышты, көңіл тазалығын тауып, рухани сусындайтын болады.

Төлеген Айбергеновтің үрпақтары бүгінде өз елімізде тұрады.

САҒЫНЫШ¹
(Мұхтар Шахановқа)

I

Сағындым, жаным, мен сені!
Көркінді жүрген қуаныш қылыш,
Мендей ме екен бар ағаң,
Шын інім болсаң, бас бүрма, жаным, өсек-гайбатқа бораған,
Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек десек те,
Адамның заңғар ұлылығын сен сағынышымен есепте.
Онсыз сен, тіпті, тұлпар да болсаң, қосыла алмайсың қатарға,
Әуелі әбден сағынып алмай шығушы болма сапарға.
Сағынбай барсаң, теңіз де сенің тебіренбес жастық шағындарай,
Бұлбұлдың даусын есіте алмайсың бауларға кірсең сағынбай,
Сағынбай барсаң, таулар да сенің алдыңнан шықпас асқақтап,
Ойлауың мүмкін дүниені мынау кеткен екен деп тас қаптап...
Үмітке толы, арманға толы әр жерде бір түп қарағай,
Сағынбай жүрсе, қалуы мүмкін жамырасуға да жарамай.
Биіктे тұрған таулар да мынау нұрына таңың боялған,
Сені мен менің ғасырлап күткен сағынышынан оянған.
Бабалар бізді сағынған, жаным, арманның аңсап биігін,
Әжелер бізді сағынған, жаным, талдырып асқар иығын.
Кекірегінде сағыныш барда мұрат та сенде бар, жаным,
Алдыңда тұрған қыраттың саған көрінбей жатқан ар жағын.
Жазира белдер қуанышынды болмасын мәңгі шектемек,
Алдыңнан орман кес-кестеп шықса, сағынышыңмен көктеп өт!
Мен бұны саған жазып отырмын, арманымды орап сезімге,
Жан-жақтан түскен шұғыланың бәрін сағынып жүрген кезімде.

II

Сағыныш жайлы қайтадан толғау болар да, бәлкім, қолайсыз,
Дегенмен, жаным, көгілдір дүние сағынбағандарын арайсыз.
Өмірде мынау сағынбағандар – бақытсыз, бақсыз, талайсыз,
Қазақтың жыры Абайсыз!

¹ Айбергенов Төлеген. Шығармалары. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013, 16–21-беттер.

Откелі қыруар жолдарда жанға батқан да шығар сан ызгар,
Бір қасық суды аңсатқан шығар сан тарам – сарша тамыздар,
Бірақ та, жаным, өледі қыран қияға самғап баратып,
Болғасын бейбақ өз жүргегінің сағынышына қарыздар.
О, шіркін, менің сағынышымдай көлемі шексіз болса аудан,
Ондағы жандар көз ашпас еді-ау қуану менен шаршаудан.
Сүйем мен сені, сүйем мен сені кекірегі ыстық дүние,
Тұратын түгел сағыну менен аңсаудан!
Сағыныш деген – молшылық қазына, бола да берер артық-кем,
Ал нағыз асқақ сағыныштарда араның балы бар, тіптен.
Мен мынау ыстық жүргегіммен қара тасты да сағынам,
Қаланып қалса тәртіппен!
Сағыныш деген алдында тұрған ақ ала басты көк заңғар,
Бақытың сенің – бағытын солай бара жатса алып пәк жандар.
Заманым менің жанарымда алып сағыныш болып жарқылдап,
Агады тынбай құңғреніп-сыңсып аэропорттар мен вокзалдар.
Сағыныш шалғай сапарларыма жасаған шақта иелік,
Кеудеме менің сан рет кеткен табан астынан күй еніп.
Қойнымда менің қалғиды бүгін ақ жұпар өлем қыз-өмір,
Сол сағыныштың кірпіктеріне сүйеніп...
Мен бүгін сонау көгілдір көлге сағынып үшіп барамын,
Бірге қақ қанат қасымнан қалмай, сағынып көрген, қарағым,
Жалғасын сен айт бұл асқақ өннің, жабылып кетсем егер мен
Фұлама жылдар судырлатқанда парагын.
Қараңғы түнде қамығып жүрсөң, қанатына алып қаусырапар,
Бұл өзі, жаным, өйбат-ақ дүние, күні жоқ, тіпті, таусылар.
Сағыныштар да тәбенен өтер түйдек те түйдек көш болып,
Көктемдегі барлық тырнаның онда даусы бар!
Зулайды ол бүгін – тұсымда менің жаңғырып барлық ендікпен,
Сұрша құмдарға, құм шағылдарға тандайы кеуіп, сел күткен,
Егер сен жарық жанарынды алсаң қайғы мен мұңға қаптатып,
Сағынып жүрмегендіктен!
Сағыныш деп үқ жүйткісе поезд босағасына әнді іліп,
Сағыныш деп үқ далалар жатса, қалалар жатса жанғырып.
О, сөлем саған, шартарап қырға жұлдыз боп ағып баратқан,
Өз жүргегімнің түкпіріндегі түңғиық, тұпсіз мәңгілік!

III

Ей, адамдар!
Айналайын туғандар,
Жалғыз минут тыңдаңдар!
Мен сендерге көп болды сыр шертпедім,
Қазір түгел көкірегім өрт менің!
Шартарапқа жүргеніммен жұз аттап,
Бұрын мұндай көрмеп едім ұзақтап.
Бір сағыныш мәңгі-баки дос еткен,
Қазір мені жұлып алды төсектен.
Жатыр екем оянсам,
Кекірегімде астан-кестен басталып,
Жастығыма жас тамып!
Шырт үйқымнан жұлмалап,
Сағындырып оятты үш нәрестем.
Иә, кәдімгі ұшан-теңіз арманың
Ұшындағы үш-ақ түйір тал өскен.
Басқа дүние шығып кеткен бәрі естен.
Ұзак жолдан шаршап келгем,
Жыр жазатын халде емен,
Жынданым ба өлде мен?!

Мұндай түстер бұрын маған енбеген,
Онсыз да мен сағыныштан кенде емен.
Мұндай халді шерткен бір кез өртене,
Жұмағали жырына да сенбегем.
Саясында болым мен сан шынардың,
Мен жұз қызға ғашық болған шығармын.
Адаммын ғой, шын сағыныш тән маған,
Бірақ менің тамды бүгін көз жасым,
Сол қыздардың біріне де тамбаған.
Қазір менің ессіз шөлім басталды,
Еш қайнардан қанбаған...

Ей, адамдар!
Айналайын жыр кені,
Менің осы қайнарымнан қанып іш!
Әкем өлген кезінде де бұл мені
Өртемеген сағыныш!

Мен сағынбас адамдармен дос емен,
Сан ағынға келдім толған кесемен.
Жүрмін қазір көрінгеннің баласын
Үстап сүйіп көшеден.
Мен осынау азын-аулақ жасымда,
Сан заңгарлар төсінен
Сан дария кешіп ем.
Құштарлығым бермегесін, тіпті, бой,
Бәрі бұдан терең болмай шықты гой.
Ешқашан да менің мынау қеудемде
Ешбір теніз мұншалықты тасқан жоқ.
Мен бармаған аспан жоқ,
Бәрі мұның биігінен асқан жоқ.
Мен осынау азын-аулақ жасымда,
Жүргегімнің лапылдаған отымен,
Сан жолдардан өтіп ем.
Сан орманның ұшар басын идіріп,
Сан тұлпардың құйрығын шарт түйдіріп,
Сан жарыққа өз шұғыласын сүйдіріп.
Бірақ менің мына мәлдір өз дертім,
Бара жатыр тиген жерін күйдіріп...

IV

Сағыныш!
Көбірек жүріп кеттім-ау деймін көшеңнен,
Жиірек тартып кеттім-ау деймін кесеңнен.
Артық та болар ма екен-ау осынау зымыран жылдар ішінде,
Күн сайын сені жұз рет көрдім десем мен!
Көріндің маған тұнекте – жарық, өкпе түс болып түстіктен,
Сейлейді сенің тілінде барлық құс біткен.
Махаббатымсың сен менің
Сан рет лаулап күйдіріп ала жаздаған
Жүргегімдегі ыстықпен.
Жолықтың ару армандар болып алысқа тартқан жолда кең,
Босатып қайта қоя да бергем, қондырып алып қолға өрең.
Орамал сыйлап Оралда қалдың, қара бұрымды қыз болып,

Сағынып кеткем сонда мен.
Кірпігімді ілмей қарадым саған, найзагай болып көк тілсен,
Жұлдызды күндер, басымнан талай өттің сен!..
Болдың сен маған күндерде қыын дос сенген
Сен барда, жаным, еш сөнбен.
Жердегі барлық арбалар,
Вагондар, платформалар
Тарта алармысың жабылып
Осынау байтақ Сағынышыммен көшсем мен?!
Осылай да бір өсsem мен!
Қарар еді онда өлем де маған көз қанбай,
Сағыныштардың керуеніндегі саз қандай!
Көшер еді онда дүние түгел, Жер түгел,
Ормандар, таулар жұпар иісімен қозгалмай...
Соңғы бір жылдар есімнен кетпей, түсіме сен ең көп енген,
Ағып та жұрсің ракеталар керуені болып төбемнен.
Жолдарың сенің осал да маған соққан жоқ,
Сағынып өттім дегенмен!

V

Бұрқырап сол бір сағыныш жүр-ау деп ағын қанында,
Аға деп бір хат салмадың, осы да сағынғаның ба!
Інілер деген ағаның ізіне басқан сұрау сап,
Жортпаушы ма еді таң алды тырнакөз көлдер қырау шақ?
Арқамдағы асқар тауым деп таулардан іздеуші еді ғой,
Кеудесіндегі күдігін жаулардан үзбеуші еді ғой.
Төбеден бұлттар көшкенде шатырлап аспан жай теңдеп,
Жазықтан іздеуші еді ғой жазым боп кетсе қайтем деп?
Сағыныш деген қашан да қарамаушы еді көп-азға,
Сен болсаң мені сағынбай, зар қылдың бір бет қағазға.
Жұз әріп жұмысбасты боп жазылмай жүрсе жай тегі,
Алматыға ағам қайды деп звондай салсаң қайтеді!
Сұраусыз кетіп барады мерекелер де нелер көп,
Күтіп ем сені гүл басқан 1-інші майда келер деп.
Кірпігімді ілмей тосып ем отызға толған күнімде,
Қарақшы көрген киіктей ғайып болды ол да бүгінде.



СӘЗДІК

Ақеділ – асып-тасқан, көл-көсір ақ көңіл.



1. Төлеген Айбергенов туралы не білесіндер? Ақынның қандай шығармаларын атап бере аласындар?
2. Төлеген Айбергеновтің қазақ поэзиясына енгізген жаңалықтары қандай?



1. Ақынның өлеңдері неге ерекше?
2. «Бір тойым бар», «Арман сапары» жыр жинақтарының атауына мән беріңдер.
3. «Сағыныш» өлецинде Төлегеннің қандай болмысы, сезімі, жан дүниесі көрінеді?
4. Өлеңде ақын психологиясы қалай көрінеді?



1. Ақын өлеңінің идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтаңдар.
2. Ақын өлеңдерінің құрылышына талдау жасап, ой екпіні мен ішкі өуезділігіне мән беріңдер.
3. Өлеңнен алған әсерлерінді бөлісіндер. Ақыл-кеңестеріне назар аударыңдар.
4. «Сағыныш» өлеңінің өр бөліміне ат қойындар.




1. Өлеңге кешенді талдау жүргізіндер.
2. Өлеңнің «Кірпігім ілмей тосып ем, отызға толған құнімде» деген жолдарында қолданылған сан есімге байланысты не ойлайсындар? Өлеңдегі автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастыруышы ретіндегі рөліне талдау жасаңдар.
3. Өлең жолдарынан мысалдар келтіріп, сызбаны толықтырындар.

Сағынып барсан,


Сағынбай барсаң,



1. Ақын өлеңдеріндегі құбылту мен айшықтаудың түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беріңдер.
2. Автор стиліне сүйене отырып, туған жерге деген немесе басқа да сағыныштарыңды өлеңмен және қара сөзben жазып көріңдер.
3. Ақынның өлеңдерін басқа ақындардың өлеңдерімен салыстырыңдар.
4. «Дара диаграмма» әдісі бойынша автордың «Сағыныш деген не?» сұрағына өлең жолдарынан өз жауаптарыңды диаграммада түсіріңдер.



1. «Үш таған» әдісімен өлеңдегі сағынышты Төлегеннің Мұхтарға деген сағынышы мен жазушы Бауыржан Момышұлының «Үшқан ұя» повесіндегі туыстарына байланысты сезімдерін салыстырып, диаграммада түсіріңдер.



2. Ақынның туған еліне, жеріне деген сағынышын басқа шығармалармен заманауи түрғыда салыстыра отырып, жаңашылдығына баға беріңдер.
3. Өлеңнің соңғы тарауында ақын інісіне деген сағынышы, өкпе-назы қалай суреттелген? Жыр сюжетіндегі Төлегеннің Мұхтар інісіне де-

ген сағынышты сезімінен қандай ой түюге болады? Өлеңнің идеясын ғаламдық түрғыдан талдаң, әдеби әссе жазындар.

4. «Сағыныш» өлеңі сендерге қалай өсер етті? Өлеңді өлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, шағын сынни мақала жазындар.



Оқу сауаттылығы

1) «Бірге қақ қанат қасымнан қалмай, сағыныш көрген, қарағым, Жалғасын сен айт, бұл асқақ өннің, жабылып кетсем егер мен Фұлама жылдар судырлатқанда парагын».

Сұрақ: Ақын «...жабылып кетсем ... Фұлама жылдар судырлатқанда па- парагын» дегенде, нені айтқысы келді?

- a) Айтар өнім таусылғанда
- b) Өмірден өткенімде
- c) Жазар өлеңім таусылғанда
- d) Атымды өшірме

2) «Сағынбай барсаң, теңіз де сенің тебіренбес жастық шағындей, Бұлбұлдың даусын есіте алмайсың бауларға кірсөң сағынбай. Сағынбай барсаң, таулар да сенің алдыңнан шықпас асқақтап, Ойлауың мүмкін дүниені мынау кеткен екен деп тас қаптап».

Сұрақ: Дүниені тас қаптауы мүмкін бе? Ақын нені айтқысы келді?

- a) Мүмкін шығар.
- b) Ертегілерде тасқа айналған қалалар туралы айттылады, сондықтан мүмкін.
- c) Қеудесінде сағыныш сезімі бар адам жаны нәзік адам, егер сағынышты жоғалтса, дүниенің бәрі көңілсіз, тас сияқты өсерсіз болады дегенді айтқаны.
- d) Ақынның өз қиялышынан туған ой.

3) Көкірегінде сағыныш барда мұрат та сенде бар, жаным, Алдыңда тұрган қыраттың саған көрінбей жатқан ар жағын. Жазира белдер қуанышыңды болмасын мәңгі шектемек, Алдыңнан орман кес-кестеп шықса, сағынышыңмен көктеп өт! Мен мұны саған жазып отырмын арманымды орап сезімге.

Сұрақ: «Мен мұны саған жазып отырмын арманымды орап сезімге» дегендеге ақын нені айтқысы келді?

- a) «Сагынышыңмен көктеп өт» дегенде өсімдікті орауды айтқаны.
- b) Арманды сезімге орау деген шын ниетпен айтатын жақсы тілегі.
- c) Ақын өзінің арманын айтқаны.
- d) Өдемі ой үшін айтқаны.



Оқушы құнделігі

Төлеген Айбергеновтің «Сагыныши» және «Бір тойым бар» өлеңдерін оқығаннан кейін ақынга қандай сипаттама беруге болады деп ойлайсыңдар? Өз ойларыңды жазыңдар.



Фаламтор

Фаламтордан Төлеген Айбергеновке арналған хабарларды тауып, тыңдаңдар. Сыныпта алған әсерлерің туралы пікірлесу үйымдастырыңдар.



Саймалқы

ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВТІҢ РУХЫНА БАС ИЮ

Жақында, 2018 жылғы маусым айында, Ақтөбе облысының өкімі Бердібек Сапарбаев пен Қазақстанның Өзбекстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Ерік Өтембаев Сорша қорымында жерленген қазақ ақыны Төлеген Айбергеновтің басына зиярат етті.

Егер ақынның құрметіне сендер баратын болсаңдар, Қазақстанның қай облысы арқылы шыққан дұрыс болады? Картаның көмегімен көрнекті ақын Төлеген Айбергеновтің зиратына баратын жолды анықтаңдар.

- a) Алматы – Астана – Нұкіс
- b) Алматы – Нұкіс; Атырау – Нұкіс; Ақтөбе – Нұкіс; Ақтау – Нұкіс
- c) Астана – Сарыагаш – Нұкіс
- d) Өздерің тұрған мекен – Мәскеу – Ташкент – Нұкіс



ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА (1939–2014)

Фариза Оңғарсынқызы – қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның халық жазушысы, 1996–2004 жылдар аралығында ҚР Мәжіліс депутаты болған. Ол 1939 жылғы 25 желтоқсанда Атырау облысы Исатай ауданы Манаш ауылында өмірге келген. Атырау педагогикалық институтын бітіргеннен кейін еңбек жолын орта мектепте мұғалім болудан бастады. Шығармашылық еңбегі бағаланып, сол кезде «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің батыс өндірі бойынша меншікті тілшісі, кейін «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінің, «Пионер» (қазіргі «Ақ желкен») журналының бас редакторы қызметтерін атқарды.

Фариза Оңғарсынованың алғашқы кітабы «Сандуғаш» деген атпен 1966 жылы жарық көрген. Кейін «Маңғыстау маржандары» (1966), «Мазасыз шақ» (1972), «Асау толқын» (1973), «Мен сенің жүргегіндемін» (1975), «Шілде» (1978), «Сенің махаббатың» (1979), «Сұхбат» (1983), «Дая» (1985), т.б. кітаптары жарық көрді. Сондай-ақ Махамбет Өтемісұлы туралы «Алмас қылыш», «Қасірет пен елдік», «Дала тағдыры», «Ақбөбек жырлары», «Жантолының монологы», «Қырдағы айқас», т.б. күрделі шығармалар жазған.

Фариза Оңғарсынова қазақтың өнерлі қыздары туралы поэмалар жазды. Мәселен, Сара туралы «Сайраған Жетісудің бүлбүлымын», композитор Фазиза Жұбановаға арнап «Дыбыстар әлемі», күйші Дина Нұрпейісоваға, сондай-ақ Бибігүл Төлегеноваға «Бибігүл – ән», батыр қыздар Әлия Молдагұлова мен Мәншүк Мәметоваға арнап «Тыңдандар, тірі адамдар!», т.б. жырлары жазылған.

Прозалық шығармалары «Біздің Қемшат» (1966), «Шашы агарған қыз» (1990), т.б. жарық көрді.

1984 жылы «Үйім – менің Отаным», «Маңғыстау монологтары», «Революция және мен» атты өлеңдер топтамалары үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы берілді. Ақынның біршама өлеңдеріне ән де жазылды.

Сондай-ақ, орта ғасырдағы әдеби ескерткіш «Алып Ер Тұңға» жыры мен Махмұт Қашқаридің «Түркі сөздігіне» өз аудармасын ұсынды.

Әлем әдебиетіндегі көрнекті ақындардың шығармаларын қазақ тілінде сөйледті.

ӨЛЕҢ, МЕН СЕНИ АЯЛАП ӨТЕМ¹

Дара күндерімнің,
Нала тұндерімнің
Серігі болғаның үшін,
Сенімі болғаның үшін,
Мен сені аялаймын.

Біреудің пасықтығынан,
Біреудің жасып мұңынан,
Жүрегім сыздаған кезде,
Жаным мұздыған кезде,
Мен сені аялаймын.

Біреудің күлкісін көріп,
Бақыттының түр-түсін көріп,
Шаттанып қалған шағымда,
Жеткендей арман-сағымға,
Куаныштан дірілдеп денем,
Алдыңа күлімдеп келем.

Ажалмен айқасқан сәтте
Қыршын жас көз ілгенін көріп,
Откінші сезімдерді көріп,
Кешегі «доспын» дегеннің,
Минутта жерінгенін көріп,
Кімнен өшімді аларымды білмей,
Кімдерге кінә тағарымды білмей,
Алдыңа лапылдан келем,
Жарылуға жақындан келем.

Өмірдің өткелдерінен
Қындық көп көргеніммен,

¹ Оңғарсынова Ф. Үш томдық шығармалары жинағы. III том. – Астана: Елорда, 2004, 250–251-беттер.

Ортеніп от басқаныммен,
Өзіңмен қоштаспадым мен.
Күлкімді, жайлы күнімді,
Азапты, қайғы-мұқымды,
Өзіммен бөліскенің үшін,
Қатем мен жеңістерім үшін,
Менің мынау қыындау тағдырым болып
О баста көріскенің үшін
Өлең, мен сені аялап өтем!



1. Фариза Оңгарсынова туралы осы кезге дейін не білетін едіндер?
2. Ақынның өмірі, шығармашылығы өздеріңде таныс па?
3. Қазақ әдебиетіндегі әйел ақындардан кімдерді білесіндер?



1. Фариза Оңгарсынова өлеңдеріндегі басты тақырып қандай?
2. Фариза Оңгарсынова орта ғасырдағы әдеби ескерткіштер – «Алып Ер Тұңға» жыры мен Махмұт Қашқаридің «Түркі сөздерінің жинағын» қазіргі қазақ тіліне аударды. Орта ғасырдағы шығармаларды қазақ тіліне аударудың себебі неде деп ойлайсындар?



1. Хрестоматиядан Фариза Оңгарсынованың «Жақсылық туралы жыр», «Үйім – менің Отаным» өлеңдерін және Мұқагали Мақатаевтың «Фаризага» атты шығармасын оқындар.
2. Ақын өлеңдері бойынша мәнерлеп оқу сайысын өткізіндер. Өздеріңе ұнаған өлеңдерін жаттаап алындар.
3. Ақынның «Өлең, мен сені аялап өтем» өлецине өздерің тағы қандай сырынды арнар едіндер? Сыныпта пікірлесу үйимдастырындар.
4. Фариза Оңгарсынованың «Үйім – менің Отаным» атты өлеңі бойынша «Отан отбасынан басталады», «Қазіргі замандағы көршілер және мен» атты тақырыпта ой бөлісіндер.
5. Фариза Оңгарсынованың жарық көрген кітаптары мен шығармаларының аттары бойынша сөзжұмбақ құрастырындар.



- Ақын жөне өлең деген екі кейіпкер ретінде образдық талдау жасаңдар.
- Ақын өлеңнің құдіретіне деген сезімін қандай көркемдегіш құралдар арқылы бейнелеген?
- Өлеңнің құрылышына кешенді талдау жасаңдар. Өлеңнен көркемдегіш құралдарды тауып, қолданылу ерекшелігін анықтаңдар.



- Фариза Оңгарсынованың ақындығы туралы айтылған пікірлерді жинақтап, шағын жазба дайындаңдар.
- Сыныпта Фариза Оңгарсынованың өздерің осы кезге дейін білген шығармаларын талдап, ақынның даралығын анықтаңдар.
- Ақын өлеңді не үшін аялайды?



- «Фариза Оңгарсынова – поэзия падишасы» деген тақырыпта өдеби эссе жазыңдар.
- «Фариза Оңгарсынова – XX ғасырдағы әйел ақындардың көшбасшысы» деген пікірге сенің көзқарасың қандай?
- Ақын өлеңіндегі ойдың Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», М.Мақатаевтың «Поэзия, менімен егіз бе едің?» өлеңдерінде айтылған ойлармен қандай үндестігі бар?
- Ақын шығармаларын өлем өдебиетіндегі әйел ақындардың шығармаларымен салыстырып көріңдер.
- Менің мынау қыындау тағдырым болып
О баста көріскенің үшін
Өлең, мен сені аялап өтем!* – деген өлең жолдарынан нені байқадыңдар?



Оқу сауаттылығы

- 1) Біреудің пасықтығынан,
Біреудің жасып мұзынан
Жүрегім сыздаған кезде,
Жаным мұздаған кезде
Мен сені аялаймын.

Сурақ: Жүректің сыздауы, адам жанының мұзга айналуы мүмкін бе?
Ақын нені айтқысы келді?

- a) Адамдарда жүрек аурулары болғанда мүмкін.
b) Жүрек те еттен жарапан, сондықтан мүмкін.
c) Мүмкін емес.
d) Кейбіреулердің жаман қылықтарын көргенде, адамның жүрегі мен жаны ауырады, ақын осының айтқан.

2) Ажалмен айқасқан сөтте

Қыршын жас көз ілгенін көріп,
Өткінші сезімді көріп,
Кешегі «доспын» дегеннің
Минутта жерінгенін көріп,
Кімнен өшімді аларымды білмей,
Кімдерге кінә тағарымды білмей,
Алдыңа лапылдан келем,
Жарылуға жақындан келем.

Сурақ: «Қыршын жас көз ілгенін көріп» дегенде ақын нені айтқысы келді?

- a) Қыршын кетті деген мезгілсіз қайтыс болғанда айттылады.
b) Қыршын жас көз ілгенін көріп дегенде, көз ілгені – қайтыс болғаны, қыршын деген сөз оның жас екенін білдіреді, яғни ақын жас адамның өлімін көргенде, қайтыланады.
c) Ақын өзінің қызын кездерін айтқаны.
d) Ренішті сөттерін еске алғаны.



Оқушы күнделігі

Мұқагали Мақатаев Фариза ақынның қандай қасиеттерін бағалаған деп ойлайсындар? Екі ақынга хат жазу мүмкіндігі болса, не туралы жазар едіңдер? Өз ойларынды жазындар.



Falamtor

1. Ғаламтордан Фариза Оңғарсыноваға арналған хабарларды тауып, тыңдаңдар. Сыныпта алған әсерлерің туралы пікірлесу үйымдастырындар.
2. Фариза Оңғарсынованың өлеңдеріне жазылған әндерді тыңдаңдар.

III бөлім бойынша ТЕСТ

1. «Құлагер» поэмасында суреттелетін оқига қай өңірде болған?
 - a) Атырауда
 - b) Баянауылда
 - c) Қекшетауда
 - d) Шығыс Қазақстанда
2. Шығармаларды жанрлар бойынша сәйкестендіріндер.

1) «Бақытсыз Жамал»	1) повесть
2) «Құлагер»	2) поэма
3) «Жұсан іісі»	3) роман
4) «Қобыланды батыр»	4) жыр
5) «Шәкірт ойы»	5) өлең

 - a) 1-1; 2-2; 3-3 4-4; 5-5
 - b) 1-3; 2-2; 3-1; 4-4; 5-5
 - c) 1-2; 2-3; 3-1; 4-5; 5-4
 - d) 1-2; 2-2; 3-3; 4-1; 5-5
 - e) 1-2; 2-4; 3-3; 4-1; 5-5
3. «Өгіз сойған» деген жер атауы қай шығармада аталған?
 - a) «Құлагер» шығармасында
 - b) «Шұғаның белгісі» шығармасында
 - c) «Құтты білік» шығармасында
 - d) Махамбет толғауларында
4. «Шұғаның белгісі» хикаятында Шұғаның әкесінің аты кім?
 - a) Әбдірахмен
 - b) Есімбек
 - c) Есімбай
 - d) Айнабай
5. «Кездеспей кеткен бір бейне» шығармасының авторы кім?
 - a) Фабиден Мұстафин
 - b) Фабит Мұсірепов
 - c) Илияс Жансүгіров
 - d) Бейімбет Майлін
6. «Ұлпан» романында Ұлпан кімнің қызы деп аталған?
 - a) Шақшаш Құнанбектің
 - b) Есенейдің

- c) Артықбай батырдың
d) «Түрікпен» Мұсірептің
- 7. Тұлғаларды өмір сүрген жылдарымен сәйкестендіріндер.**
- | | |
|-----------------------|-------------------|
| 1) Илияс Жансугиров | 1) 1020–1074/1075 |
| 2) Төлеген Айбергенов | 2) 1902–1985 |
| 3) Жұсіп Баласағұн | 3) 1804–1846 |
| 4) Габит Мұсірепов | 4) 1894–1938 |
| 5) Махамбет Өтемісұлы | 5) 1937–1967 |
- a) 1–2, 2–3, 3–4, 4–1, 5–5
b) 1–3, 2–2, 3–4, 4–5, 5–1
c) 1–4, 2–5, 3–1, 4–2, 5 –3
d) 1–5, 2–3, 3–1, 4–4, 5–2
e) 1–2, 2–4, 3–3, 4–5, 5–1
- 8. Ақындар мен олардың шығармалардың атауларын сәйкестендіріндер.**
- | | |
|-----------------------|---|
| 1) Фариза Оңғарсынова | a) «Күйші» поэмасы, «Исатай–Махамбет» драмасы |
| 2) Төлеген Айбергенов | b) «Қара сор», «Мырқымбайға», «Құлпаш», «Сексен сом» |
| 3) Илияс Жансугиров | c) «Ақ ерке, ақ Жайық», «Бір тойым бар», «Сағыныш» |
| 4) Бейімбет Майлин | d) «Маңғыстау монологтары», «Алмас қылыш», «Сандуғаш» |
- A) 1a, 2c, 3d, 4b
B) 1c, 2d, 3a, 4b
C) 1d, 2a, 3b, 4c
D) 1d, 2c, 3a, 4b
- 9. Есенейді бір рет намыс өлімінен айырып алған, екінші рет өлімнің өзінен аман алып қалып, ақырында, өзі сал ауруына ұшыраған кім?**
- a) Түрікпен Мұсіреп
b) Сәдір
c) Аңшы Мұсіреп
d) Артықбай
- 10. Есеней мен Ұлпанның қызының аты кім?**
- a) Шынар
b) Ақнар
c) Біжікен – Бибіжиан
d) Жаниба

IV бөлім

МӘҢГІЛІК ЕЛ – МӘҢГІЛІК МҰРАТ

Мәңгілік ел. Әр елдің, мемлекеттің жергілікті тұрғыны бар екені шындық. Қазақ елінде жергілікті ұлт – қазақ. Бүгінде тәуелсіз Қазақстанның бақыты үшін, жарқын болашағы үшін туған халқымыз көп еңбек етіп келеді. Ең бастысы, достық, татулық, бейбітшілікті сақтау жолын таңдаған. Сондықтан қазақ елінде жергілікті ұлт – халықтар достығына үйіткүй болушы, мемлекетті тұтастандырушы. Осы қағиданы есте сақтай отырып, ата-бабаларымыздың аманатын да ешқашан ұмытпаймыз. Ол – Мәңгілік ел болу. Тасқа қашап жазып кеткен бабаларымыздың аманаты – бұл! Біз, XXI ғасыр үрпағы, бұл аманатқа адаммыз!



НЕСІПБЕК АЙТҰЛЫ
(1950 жылы туған)

Несіпбек Айтұлы 1950 жылы 22 қыркүйекте Қытайдағы Тарбағатай аймағы Шәуешек ауданына қарасты Теректі аулының Апиындыбұлақ деген жерінде дүниеге келген. 1962 жылы әкешешесімен бірге атамекенге оралып, орта мектепті бұрынғы Семей облысындағы Шұбартау ауданындағы Баршатас ауылында бітірген. Еңбек жолын сол аудандағы «Жаңа өмір» газетінің редакциясында бастаған. Оның «Балалық» деп аталған алғашқы өлеңдер топтамасы 1972 жылы

Мұқағали Мақатаевтың сөт сапар тілеуімен «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде жарық көрді.

1974 жылы Алматындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Осы жылы ақынның «Қозықөш» атты кітабы

жарық көрді. Несілбек Айтұлының кейінгі еңбек жолының бәрі шығармашылықпен тығыз байланысты. Ол «Балдырган» журналында, «Жалын» баспасында, Қазақстан Жазушылар одағында, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз» журналының редакцияларында, т.б. қызмет етті.

Несілбек Айтұлы – көптеген кітаптардың авторы. Атап айтқанда, «Жүректегі жаңғырықтар», «Өкі туралы сыр», «Жаңбыр өні», «Тұнделеп ұшқан тырналар», «Рухымның падишасы», «Қартаймайды күн неге?», т.б. кітаптары бар.

Ақын аударма саласында да еңбек етуде. Ол Әлішер Науайдың «Ескендір қорғаны», орыс халқының «Игорь полкі туралы жыры», түрік халқының ұлы ақыны Жұніс Еміренің, қытайдың көне дәуірдегі ақыны Бо Цызюдың, итальян ақыны Дж. Родаридің, т.б. өлеңдерін қазақ тілінде сөйletткен.

Несілбек Айтұлы Қазақстан Жазушылар одағының Мұқағали Мақатаев және халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтардың лауреаты, «Парасат» орденінің иегері. Оған әдебиет пен өнер саласы бойынша 2012 жылы Мемлекеттік сыйлық берілді.

Ақынның «Бәйтерек» поэмасын: «Поэма Елбасына арналғанымен, ақын Президент өмірін бастан-аяқ тәптіштеп отырмайды. Оның қадауқадау тұстарын ғана алып, көркем сөзben кестелейді. Кесте арқылы кесек-кесек картиналар жасайды», – деп бағалаған Қазақстанның Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов.

Поэмалың «Бәйтерек» атану себебі бекер емес. Қазақ ертегілерінде иен даладағы жалғыз ағаш бәйтерек болып, оған жеткен адаптацияларынан қызындықтан құтылады. Сондықтан астана «Бәйтерек» монументі арқылы төуелсіз Қазақстанның еш қызындыққа мойынсұнбай, алға дамитын ел екенін паш етеді. Несілбек Айтұлының бұл поэмасы еліміздің жарқын болашағын танытуға арналған.



Артық болмас білгенің

Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласын

Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы деп қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы» 1993 жылғы 8 жетекшілік мүдделі молдағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы деп қайта аталын.
2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ. Тоқаев

Ақорда, 2019 жылғы 23 наурыз, №6

БӘЙТЕРЕК¹

I

Тұбіне тіршіліктің тағдыр ие,
Тәңірдің ғұзырында бар дүние.
Қызыл тіл қара тасты балқытады,
Келгенде қыл қобыздай зар күйіне.

Сүрінбес, су төгілмес тілім жорға,
Атасы ақпа жырдың, пірім, қолда!
Шақырып аруағынды, атынды атап,
Өзіңе сиынбаған күнім бар ма?!

Өлеңнің ақтангері – арғы бабам,
Басынан ешкім асып, қарғымаған.
Түсімде Тәуелсіздік Падишасы
Ақ қағаз, алтын қалам берді маған!

Сенемін асыл сөздің тозбасына,
Жетеді өз бақыттың өз басыма.
Құбірлеп құлағыма жеті түнде,
Қоймады осы жырды жазбасыма!..

Қолында жүйрік қалам жарқылдаса,
Сөзінді, арманың не, ел тыңдаса!
Кеудемде көз бар шығар қайнап жатқан,
Тамшысы таңдайымның сарқылмаса!

II

Жаныма жақындасан, мұндастыңмын,
Келмейді енді ешкімнен сыр жасырғым.
Не пайда дүниенің кеңдігінен,
Болмаса бостандығы бір басыңнын.

¹ Айтұлы Несілбек. Шығармалары. 7 томдық. – Астана: Фолиант, 2014. Т. 2. Өлендер мен поэмалар. – 336 б.

Шүкірлік жарылқаған Аллаға мың,
Маңдайы жарқырады кең даланың.
Тәуелсіз атқан таң мен шыққан күннің
Керемет құдіретіне таңғаламын.

Айығып ой тұманнын, сана бұлттан,
Жазылды ескі жара жан ауыртқан.
Азаттық аясында қандай бақыт,
Тәуелсіз тыныс алып, ауа жұтқан.

Тарихты қазып қайтем сан айтылған,
Ақ сарай талай қирап, талай тұрган.
Түгендеп алар өзі керек қылса,
Асықпай артық-кемін санайтын жан.

Халқымның сан ғасырлық ғұмыры да,
Уақыттың жүқ болмапты жұмырына.
Армысың, Азаттығым, қыран қанат.
Қалықтап қайта қонған тұғырына.

Қаймықпай тас қамалдан, мұз бөгеттен,
Жарқ етіп түскендейсің бізге көктен.
Жолында жорық салып бабаларым,
Арыстар аласұрып ізден өткен.

Аруақтар аунап түсті тебіренген,
Сақтасын жатқа қайта телігеннен.
Алмастай жарқылдаған ақ жүзінді,
Адамда арман болмас көріп өлген!

Тағдырын тәлкек қылып айлалыға,
Талайлар тура жолдан таймады ма?
Шынжырда шыр айналып тұрса-дағы,
Ит қана семіреді тойғанына.

Қайратың қара тасқа қайралғандай,
Қай кезде төрт құбылаң сай болғандай,

Құлқынның құлдарына қарағанда,
Пақырдың парасаты пайғамбардай.

Туған ел, жаралғалы не көрмедің,
Көрейін көсегенің көгергенін.
Қырыда қыршындарың қалды қанша,
Бүйірмай бір жапырақ сенен кебін.

Көзіндей бабалардың, бағзы мекен,
Бас иіп тау-тасыңа тағзым етем.
Шиыры озбырлықтың шым-шытырық,
Соқпағы әділдіктің жалғыз екен...

III

Жеткізбес Құдай сүйсе, баққа кімді,
Қарыны ақ түйенің ақтарылды.
Ат шаптыр, аруақ шақыр, тойла, қазак,
Тәуелсіз Президентің атқа мінді.

Ошақтың үш бұтындей үшкіл, қазак,
Ел болып еңсе көтер, күш қыл, қазак.
Сиырдың бүйрекіндей быттырасаң,
Қашанда көрер күнің мұшкіл, қазак!

Тажалдың тамағы боп игілігің,
Заманның көрдің салған қиғылығын.
Еркінде қалай бұрсаң аттың басын,
Өзіңе өз тізгінің тиді бүгін!

Жұнделеген жуанды да, жуасты да,
Бодандық батты мәңгі су астына.
Ұлт болсаң ұятың бар, иманың бар,
Ал енді жиналышындар, Ту астына!

Бір Алла тілегінді етсе қабыл,
Бітеді қораңа мал, бақшаңа гүл.

Төріңе түгел шығып қасқа-жайсан,
Кенелсін абыройға патшаң әділ!

Қолдаса игі жақсы ел ағасы,
Патшаның халықта тең дара басы.
Қырағы көптің көзін байлай алмас,
Тағдырдың тұмшалаған томағасы.

Биліктің жалына кім жармаспаған,
Серкелер сүрінбесін ел бастаған.
Періште алтын көрсе, жолдан тайып,
Тонаса өзін-өзі оңбас қоғам.

Ежелгі жұрт едік қой дүркіреген,
Хандары күн астында құркіреген.
Қетеріп төбесіне сыйласқанын,
Тулақтай егескенін сілкілеген.

Жасайды өз дегенін озған заман,
Құбылып, қылаң ұрып көзді алдаған.
Тау құлап, орман қурап, теңіз көшер,
Тағынан Төңір ғана қозғалмаған.

Келмейді адамзатқа қайғы алыстан,
Соны айтып қамықпады қай данышпан?
Елдігін сақтай алмас енжар халық,
Құлықпен, сүмдықпенен айналысқан.

Арасын бақ пен сордың көрді көзің,
Арындал асқақтайтын келді кезің.
Көлденең көк аттылар басынбай ма,
Тарпаңдай танытпаса ел мінезін?

Кең ашып берекеге есігінді,
Түзетіп, тербете біл бесігінді.
Сан ғасыр бүршақ салып мойыныңа,
Құдайдан тілеп едің осы күнді!

Бұгіліп тізе бұкті белдескенің,
Өлгенің қайта туып, жанды өшкенің.
Бұлқынған қасіретті қынабында,
Суырдың намысыңың наркескенін.

Томирис, Еділ патша, Елтеріс хан,
Аңсаумен еркін өмір арпалысқан.
Жете алмай жерүйікқа Асан қайғы,
Желдіртіп жемлясын жер тауысқан.

Жерүйік іздемесең, таптыра ма?
Бұйырап бір түп жусан тоқтыға да.
Қызырды кіріп келген танымасан,
Басыңа байырқалап, бақ тұрар ма?

Бұтағы бойламаса күнге қарай,
Халық бір қаусап біткен қу қарағай.
Қандағы қасиеттен айырылсан,
Қалмайды құған қырсық құлғанадай.

Тірісің – туған ана тілің барда,
Өлісің – түп тамырың жұлынғанда.
Қуатты күннің нұры құтқармай ма,
Жас өркен үскірікке ұрынғанда.

Жоғалса қыздан иба, ұлдан – иман,
Кең далаң кімге керек құр далиған?
Жолында Бостандықтың төгілген қан,
Кетеді судай зая құмға құйған.

Кезенде қиқу салып жау қаптаған,
Тұлпар жоқ омырауын шаң қаппаған.
Ешқашан еңкеймейді елдің туы,
Ерлері бірін-бірі ардақтаған!

Адамға түсірмесе адам жарық,
Тірлікті түнек басар қараң қалып.

Қақ жарған қара қылды билік барда,
Қашанда патшасына адал халық!

Өмірдің ажыратпай ақ-қарасын,
Шарадай шайқаған көп шақша басын.
Әлек боп ел басқару әркімге оңай,
Халыққа Қөсем болу патшаға – сын!

IV

Қисыны келелі істің дер шағында,
Күш-қуат келіде емес, келсабында.
Сөйлейді Назарбаев Нұрсұлтан боп,
Көк тұлы Қазақстан жер шарында.

Шарпысып жаңа дәуір ескіменен,
Көз көрді хикметті естімеген.
Елбасы шарқ ұрады шартарапқа,
Қырандай балапаны кеш түлеген.

Аңдиды қырдан қатер, ойдан қырсық,
Суырмай саясат жоқ майдан қылышық.
Қазақты кім сүйемек қолтығынан,
Тобықтан дүшпан қағып, тайғанда ұршық.

Ұрынса ұлан-асыр ғазауатқа,
Жанады жалғыз қалып қазақ отқа.
Шақ туды шамырқанып, шамданатын.
Ойлаған елдің қамын азаматқа.

Әр күні, әр сағаты толғаныста,
Түсіп тұр ауыр салмақ ар-намысқа.
Азуы алты қарыс алпауыттар,
Үқсайды талап жейтін жолбарысқа.

Сабаздар саясаттың майын ішкен,
Арбайды құлық торын жайып іштен.

Келеді қанжығаға бөктергісі,
Шықпаса оларынан ойың үстем.

Алдаудан жатса-тұрса жазбайды олар,
Тұмсығы олжа тапса, тез майланар.
Көліне көлкіп жатқан байлығыңың,
Шақырсан қатар-қатар қаздай қонған.

Жебемей асыл мақсат, асқақ арман,
Жетер ме мұратына тосқан алдан.
Аруагы бабалардың кешірер ме,
Бақыттан айырылса басқа қонған?

Жаңылса жаразтықтың жулгесінен,
Өрт қояр өшіккендер іргесінен.
Көңілінен адамзаттың шыға алар ма,
Көрінбей парасаттың мінбесінен?

Зулаған зымыран оғы заманада,
Зорлығы зұлымдықтың жоғала ма?
Қарудан ядролық бас тартпаса,
Маза жок мұңға батқан Жер-анаға.

Қараса Қазақстан алабына,
Құрамы қырық құрау – ала-құла.
Оп-оңай орта жолда арба сынар,
Тас тисе дәңгелектің шабағына.

Жұрт тыныш, пәле-жала зораймаса,
Ызадан қаны қайнап қараймаса?
Қауқарсыз қаңбақ емес халық деген,
Жөңкіле жосылатын жел айдаса.

Шаң тұрса шындық атты шарайнаға,
Көреді өз келбетін қалай ғана?
Таба алмай ақиқаттың алтын кілтін,
Өкініп өткен жок па талай дана?

Тұсіп тұр азаматтың бағы сынға,
Тірліктің толқын атқан ағысында.
Айнымай әділеттің ақ жолынан,
Топ жарды ғасырлардың тоғысында.

Көненің қалып қоймай шиырында,
Жол тапты асуладың қынында.
Жұртының аманаты жүргегінде,
Дәуірдің ауыр жүгі иығында!

V

Соққанда замананың көк дауылы,
Ел түгіл солқылдайды жер бауыры.
Көппенен бірге көрер не көрсе де,
Құдайдың қатардағы ол да құлыш.

Халықтың қарқ болса қағанағы,
Керілер керегенің сағанағы.
Ауылдан ала қашар түк таппаса,
Құ басты қасқыр мүжір даладағы.

Ошақтың оты шалқып қазан асқан,
Ондалар шалыс қадам жаза басқан.
Тәндірді қара аспанды әлдекімдер,
Қырыла қалатындей қазақ аштан.

Көп үшін кім болғаны күйінбесе,
Үршықтай қыындықты үйірмесе,
Сапырған қара бұлтты қанатымен,
Дауылға дауылпаздай шүйілмесе?..

Қамалдың қабырғасы құламаса,
Тағанын дей алады кім аласа?
Қираған құм шөлмектей қоғам кейпі,
Қиуын қайта тауып құрамаса.

Мұндайда содырлар мен сумақайлар
Тайраңдап, ел үстінде күнде тойлар.

Сұнқардың желкесіне сұқсыр мініп,
Құланның құлағында құrbaka ойнар.

Мыңқ етпес мәңгүрт пенен маубас қана,
Сұр жылан іштен шықса – сол масқара.
Жармасса жау жағаға, бөрі етекке,
Жер үсті, аспан асты болмас пана.

Арсызға берсең – жақсы, алсаң – жаман,
Алдына арамдықтан жан салмаған.
Көршінің қолтығына су бүркеді
Атақаз атамандар алшаңдаған.

Тату жұрт бірі – шекер, бірі – балдай,
Жарылып жауласатын түрі бардай.
Қызызы Оңтүстіктің өрге шауып,
Солтүстік сіреседі сүрі қардай.

Болысса иілместі Тәңір иер,
Таланса тар ноқтаны тағы киер.
Көсеудің екі басы бірдей ыстық,
Қай ұшын ұстаса да, қолы күйер.

Бермесе пендесіне Алла сабыр,
Бөрі де арпалыстың далбаса құр.
Топалаң тыйылмайды тентектерді
Келтіріп тәубесіне алмаса бір.

Адалдық арамдықтың қолын қағар,
Құн келер күткен үміт орындалар.
Ұлтының табанынан ызғар өтсе,
Ұлтарақ, ұлтаны да болуға бар!

VI

Дүние келе бермес шыр айналып,
Бел буды тәуекелге мың ойланып.

Алдында болашақтың беті жарық,
Еңбегі еліне – аян, Құдайға анық.

Шайқасып ата жаумен сан кезенген,
Бабалар кешіп өткен қанды өзеннен.
Байқаса, шығатүғын жол біреу-ақ,
Бұралан тайғақ кешу, тар кезеңнен.

Фасырда көтерілген намыс тудай,
Алаштың бағы жанбас арыс тумай.
Орнықпас ел іргесі, астананы
Байтақтың ортасына ауыстырмай.

Мақсаттан көзі жеткен тартына ма,
Біледі түсетінін талқыға да.
Басқалар түсінбесе, түсінбесін,
Түбінде түсінетін халқы ғана.

Көңілі тебіренсе домбырадай,
Төгілмес құлақ күйін оң бұрамай.
Атадан арыстан бол туғанменен,
Тұтқасын ұстата ма тағдыр оңай?

Кең дала қан жылаған қасіреттен,
Қазақтың қашан көзден жасы кепкен?
Байланып Бостандықтың қол-аяғы,
Кенениң қанжығада басы кеткен.

Ту тігіп Абылай аспас сары белге,
Кек қайтып, бастар ма екен елін өрге?
Сарыарқа – айқастардың сахнасы,
Сенделтіп салған талай әбігерге.

Алышса ауыздықпен арда көңіл,
Тартуға қайғы деген арба женіл.
Қобызға үнін қосып құніренеді,
Ежелгі Қазтуғаннан қалған Еділ.

Созылып сор өзені содан бері,
Арнасы аққан сайын терендеді,
Ойласа Орынборды опынатын,
Алаштың арысы мен кемеңгері.

Жер қайда қиып алып қылғытпаса,
Шындыққа шара бар ма шыр жүқпаса?
Қазақтың астанасын аярлықпен,
Ақмешіт, Алматыға сырғытпаса?

Жендеттер жаралғалы кімді аяпты,
Көгендер көрі-жасты бірдей атты.
Кәмпеске, ашаршылық, отыз жеті –
Кінәсіз халық қаны судай ақты.

Қорқаудың қиянаты ел есінде,
Ойнаған төрт аяғы төбесінде.
Аштық пен оқтан қалған ақ сүйектер,
Фасырдың көлденең тұр өңешінде.

Не керек қайран елін еңіретті,
Өлгеннің орнына өкеп егін екті.
Қараса, тарих беті таңдақ-таңдақ,
Түскендей жазылмайтын теміреткі...

VII

Саңқ етті Алатаудың мұзбалағы,
Жаңғырып жартас біткен, құз қарады.
Шарықтап шырқау көкте жүрді-дағы,
Бетке алы тартып кетті тұз даланы.

Тұр, міне, Үшқоңырда – өзі шында,
Ақиық барады ағып көз үшында.
Қыранды құс патшасы деп атайдын,
Айналды бұрынғының сөзі шынға.

Ақиық Алатаудың иесі ме,
Көк аспан соган ғана тиесі ме?

Сияқты Абылайдың ақ бурасы
Көрінген өлде өзінің киесі ме?

Аспанда атқан оқтай құс ағады,
Еске сап қасиетті нысананы.
Қанатын сол қыранмен бірге қағып,
Қиялыштарға үшады ары.

Кеткендей елес беріп өлгі қыран,
Қайыспас қайсар ердің тағдырынан.
Шыққан күн көкке өрмелеп бара жатты,
Әлемнің алтын зерлі сандығынан.

Суырмай бұлттар бүгін алдаспанын,
Шыңдар да құра қапты малдастарын.
Қаз-қатар қолын жайып, бата беріп,
Тілеуін тілегендей марғасқаның.

Көз тікті көк тіреген Талғар шыңға,
Асқар жоқ одан асқан алды-артында.
Биікке бір шықпаған бейшаралар,
Тәкаппар таудың сырын аңгарсын ба?

Шығатын ең шыңына шыдағандар,
Арманның шырқауындай мына заңғар.
Біржола құз түбінде қалады екен,
Биіктен басы айналып құлағандар.

Тимеген сауырына пенде аяғы,
Орнында Хантәңірі сол баяғы.
Тәнірдің тақытындей аспандағы
Асқақтап тұрған шығар тау нояны.

Жұлдыздай жарқырамай бір кемерден,
Жалғанның қызығына кім кенелген?
Жорып тұр жақсылықтың нышанына,
Фажапты түсіндегі тұнде көрген.

Тұрі бар «Қарасайлап!» қонған атқа,
Ешкім жоқ оң қанатта, сол қанатта.
Түседі көктің нұры шағылышып,
Қолында жарқылдаған шарболатқа.

Тұлпардың тұяғынан жер сөгіліп,
Алдынан жау қашады төңкеріліп,
Үн қосып ұрандаған дауысына
Жан-жақтан құйылады ел төгіліп.

Бір сәтте күн күркіреп, жел шақырды,
Айдаһар ыскырынған қарсы атылды.
Қылышпен кере тартып қалғанында,
Көмейі кесепаттың қан сапырды.

Құтылып жаландаған жау – жаладан,
Еседі салқын самал кең даладан.
Басына Хантауының алып шықты,
Қалың ел хан көтеріп қаумалаған.

Ажалға қарсы шауып жанға төнген,
Қазағы аман қапты сан қатерден.
Ескі жұрт екен дейді сол баяғы
Керей мен Жәнібекті хан көтерген.

Жар болып Жаратушы Алла бұлай,
Аруағы бабалардың қолдауын-ай!
Хан келіп алтын тәжді тіл қатады,
Құлтегін, өз Жәнібек, өлде Абылай:

– Ал, балам, бекем ұста ел тұтқасын,
Тағынды Тәңір сенің толқытпасын!
Оралып шалғайыңа бақ пен дәulet,
Қысылсаң, Қызыр келіп қолтықтасын!

Бөгде жұрт басынуды жол тұтпасын,
Ұстасын өз атының тартып басын.

Кеткендер шыға бере сырт айналып,
Келгендер қоржыныңа қол сұқпасын!

Ер жігіт туғаннан соң елге – қанат,
Өзіңе байтақ дала енді аманат!
Тасыған дариядан өте алмассың,
Іздесең, таяз өткел жар жағалап!

Атаның ақ жолынан айнымастан,
Арыстар арпалысқан айбыны асқан.
Нағыз ер намысы бар халқын ойлар,
Кіргенше қара жерге қойнын ашқан!

Ұшпаққа кім шығарап берді хан бабасы,
Жұмбагын біле бермес жан баласы.
Керуені көп заманның көлбең қағып,
Көшеді көз алдынан тау-даласы.

Құркіреп жауар күндей қанша қаған,
Өздерін Тәңірімен тең санаған.
Халқының қотыр тайын жегізбеген,
Қасқырдай көп дүшпанға анталаган.

Естеми, Бумын, Білге, Құлтегінге,
Жетеді адамзатта кім тегінде?!

Тасқа ойып жазып кеткен өсиеті,
Қасқайып қара жердің тұр төрінде!

Арт жақта үрпақ бар деп жоқтап алар,
Айтарын түгел айтып кеткен олар.
Тәндері топырақта жатқанменен,
Жандары жайсандардың көкте болар.

Уақыттың кім батпаған тереңіне,
Елім деп еңірепті ер Едіге.
Жұртының жел жағына жанын тосып,
Солардай бола алмаса, керегі не?!

Ерліктің өшкен еді салты қашан,
Өмірі қаһарманның халқына тән.
Тұбіне солардың да жеткен жоқ па,
Айыр тіл, алауыздық алтыбақан?

Откеннің өкініші өткір қандай,
Мәңгілік есте сақта деп тұрғандай.
Бес күндік берекесіз бок дүние,
Дариға, кімдерге опа таптырғандай.

Мойнында мұскіндердің талай күнө,
Төндірген соқыр тұман арайлыға.
Арс етіп, ала түссе, таң қалмайды,
Қапқандар Абылайды, Абайды да.

Көп болса сөз батады жалқы жанға,
Қызығаныш қызыл өрті шарпығанда.
Шаң жұғып шашасына көрген емес,
Артында асқар таудай халқы барда!

Иілмес батса-дағы басы қанға,
Қашанда батыр халық жасыған ба?
Жағаны жуып-шайып кетпес пе еді,
Арындал асаяу өзен тасығанда.

Жұртының жеткізбесе баққа қолын,
Не керек иеленіп тақтан орын?
Патша аз ба пәтуасыз ғұмыр кешкен,
Кім іздер құнсыз басын жоқтап оның?

Көк семсер жарқылдамас жүз болмаса,
Көсемнің несі көсем із қалмаса?
Сірессе тағдыр деген сұық мұхит,
Кемедей күтірлетіп мұз жармаса?

Көсем бе көптің сөзін айта алмаса,
Тұскенде ауыр салмақ қайқаңдаса?

Тұгендең төңіректің төрт бұрышын
Есесін елдің кеткен қайтармаса?

Қалады көпке берген анты қайда,
Тұрмаса ел парызы әр күн ойда?!
Гауһардай тұңғиықтан табылмаса,
Көбіктей су бетінде қалқымай ма?

Патшасы болғанменен қанша дана,
Қадірлі ел бақыты жанса ғана.
Ұлтының ұл қаша ма азабынан
Емес пе қазағынан жан садаға!

Бекітсе астананың ірге тасын,
Көрсетер күдірейтіп кім жотасын?
Құніреткен қаралы күн қайтып келмес,
Қазақтың көрде жатқан күллі атасын!

Біреулер өурешілік дер де мұны,
Көшіріп босағаға төрдегіні.
Қияға қиял жетпес құлаш ұрды,
Қайтпаған таудан-тастан өр көңілі.

Жәрдемін аямаса Хақ тағала,
Пәрмені Президенттің тоқтала ма?
Жарлыққа қолын қойды нық сеніммен
Астана ауыссын деп Ақмолаға!

Сарыарқа сайын дала – жер кіндігі,
Баянды байтағымен елдің күні.
Қазағым, көш көлікті болсын енді,
Көтерген жолда қалмас Нардың жүргі!

VIII

Аршында, шығар қазак, үніңді асқақ,
Кім сені тоқтатады бүгін жасқап?!

Астана Ақмолаға келе жатыр,
Айбынды Нұрсұлтандай ұлың бастап!

Желбіреп көштің алды жалаулайды,
Арқаға аққан судай ел аунайды.
Тапсыр да тағдырынды, ер соңынан,
Ер туып, екі қайта жаралмайды.

Арқаның асау желі борандайды,
Бірақ та көшке бөгет бола алмайды.
Ақтүтек қайта айналып соққанменен,
Ақсүйек заман жұты оралмайды.

Бір жерді бабаң қорғап жат қолынан,
Тұспеген күндіз-түні ат жалынан.
Асыңа қылаяғы шыбын қожа,
Айырылсаң қара қазан қақпағынан.

Қайтқаны осы емес пе кеткен есек,
Бірінді-бірің қағып шеттемесек.
Япыр-ау, не қыл дейсің бұдан артық,
Үстінен қыл көпірдің өт демесек!

Салған соң кең толғанып қөпке кенес,
Аяулы Алматысы өкпелемес.
Алдымен Елбасының жүрегінде,
Астана жерде де емес, көкте де емес!

Ағайын, артық сөйлеп құлаштама,
Тұнғынын туған елдің ыластама!
Жалпының қамын жеген жалғыз басы,
Көсемнің өзі емес пе шын Астана!

Тағдырдың талқандатып тас қамалы,
Талайдың төңкерілді тостағаны.
Құлағы қияппаттың көрінгені –
Карбалас ауыстырса астананы.

Көсемге көштің түсер салмағы бар,
Көк толқын кеме жүзсе, қақ жарылар.
Көреген, қол бастаған дара батыр,
Көкжадай мұз төсөніп, қар жамылар.

Отырсақ өзге жүрттан аса қарап,
Қонғаны бақ пен дәулет қоса қабат.
Ерлігі Елбасының жарқырап түр,
Бұлт қалай құннің көзін тасаламақ?!

Көрейін көштің көркін көлденендең,
Төгейін сүйіншігे сөзден өрнек.
Бір құннің біте қалар жұмысы емес,
Мың құнгі меҳнатпен келген еңбек.

Саңлақтың салған жолы жатыр дара,
Ақ таяқ ұстатқандай соқырға да.
Бұл көштің абыройы халыққа ортақ,
Шығармас бір адамның атын ғана.

Жаңарып Қаратрудың ескі өлеңі,
Бауырынан Алатаудың көш келеді.
Сыртынан қарап түрған дос сүйініп,
Дүшпанның сұқты көзі сескенеді.

Көрмедім ұлы көшті басқа мұндай,
Бүгінгі батырлыштың дастанындей.
Келеді тәуекелдің тауын асып,
Аскардан бабалардың асқанындей!

Келеді халқын бастап қазынаға,
Ақ боран, алдын орап азынама.
Қуанып қалың елі жатқан шығар,
Алайда шын қуанған өзі ғана...

Заманның зуылдайды күш-көлігі,
Шалқиды алып-ұшып құс-көңілі.

Шығармас сыртқа сырын патша-жүрек,
Кім танышп-біліп жатыр іштегіні?

Сарыарқа – сан ғасырдан қалған мұра,
Риза бақтына жанған мына.
Құтіп тұр салтанатты көштің алдын,
Қолында Ақмоланың ақ домбыра.

Арда едің, асау едің Арқа неткен,
Төсінде небір бағлан дарқан өткен.
Ақмола осы еді ғой Қенесары
Бөрінің бекінісін талқан еткен!

Айналым аруағынан, ер Қенекем,
Тәңірі тілегінді берген екен.
Тентіреп жердің түбін жеті айналып,
Қазақтың құты қайтып келген екен!

Жетерлік көріп келген көрешегі,
Болса екен мәңгі жарқын келешегі.
Ту ұстап, тұлпарына қайта қонған,
Халқының айдарынан жел еседі.

Қалың ел қазағына бесік болған,
Бұл жүртта ошақ қанша өшіп қалған.
Есілім осы еді ғой ер Қабанбай,
Ен жайлап, жағасында көшіп-қонған.

Дұшпанның аян бізді шақырмасы,
Қасықтай қара суын татырмасы.
Не ізден жүрсің деме бұл арадан,
Бабамның арыстандай жатыр басы!

Жөңкілген Бостандықтың көші қандай,
Сарқылған құрдым қайта тасығандай!
Көзінен келгендердің қымсынады,
Жыртығын жүдеу қала жасыра алмай.

Уақа емес, жалт қаратып дүниені,
Астана шыттай жаңа киінеді.
Қазақтың Қөсемінің алдына кеп,
Тәкаппар талай бастар иіледі!

IX

Ақмола – кеше ғана басқа қала,
Айналды Бәйтеректі Астанаға!
Еміреніп өз анасы емізбесе,
Сәбиге шайнап берген ас бола ма?

Бақытым басымда тұр талай күткен,
Сеземін келмегенін оқайлықпен.
Үзіле жаздаپ еді өндіршегім,
Өзекке тепкілеген өгейліктен.

Көңілге сәуле құяр Сарай нұры,
Астана – ел тірері, ел айбыны!
Кемері шалқып жатқан Қазақстан –
Мұхиттың аласұрған көк айдыны.

Тіршілік түзегенде көркін жаңа,
Сұрапыл соқпаса еken толқын жара.
Армысың, Азаттықтың астанасы –
Талпынған арманына еркін қала!

Жаһаннның жанарында жаңа қала,
Жұлдыздай туа қалған өліарада.
Бес жылда бой көтерген ғимараттар,
Жайнап тұр шомылғандай самалаға!

Жырламас ғажайыпты кім мұндағы,
Жеткенше сөздің дәмі, тілдің нәрі.
Алғысын жаудырады Елбасыға,
Бақытты бұл шаһардың тұрғындары.

Қарашы, шаңырағы жас қаланың
Аспанның бұлтын серпіп тастағанын.

Бұғіннен басталатын шежіресі,
Авторы Назарбаев Астананың!

Көрем де Астананың келешегін,
Елдермен алыс-жақын тенесемін.
Сырлассын Невасымен ұлы Пушкин,
Мен, міне, Есіліммен кеңесемін.

Бірінші Петр патша орыстағы
Айбатын ақылымен тең үстады.
Қайтсем де Ресейді ел етем деп,
Белгілі арпалысып алысқаны.

Жағадан астана сап алыстағы
Батысқа, шығысқа да қарыштады.
Қазақтың Нұрсұлтаны сондай десем,
Өлеумет айтты демес мен үшқары.

Аспанда мұнарасы дамылдаған,
Мен-дағы Астананың шамын жағам.
Әйгілі қалалардың жер бетінде,
Бір күнде ешқайсысы салынбаған.

Батырдай тынбай жортқан жорықтарда,
Тұлпарын ауыстырган талыққанда –
Фасырлар өткелінде бізден басқа,
Көшірген астанасын халық бар ма?!

Бәйгеге кеш қосылып, армандамыз,
Құтеміз аламанды алдан нағыз.
Құні ертең ерке Есілдің жағасына
Париж кеп орнай қалса, таң қалмаңыз!

X

Мінеки, мойындасты кемелдігін,
Пайымдал әулиедей келер күнін.

Көшіне астананың үркे қарап,
Сан-саққа жүгірткендер не дер бүгін?

Ағайын, адаспаңыз, енді жетер,
Араздық, бақталастық ел жүдeter.
Ес жиып, етегінді жаба алмасаң,
Бодандық туын қайта желбіретер.

Сақтамай өкпе-наздың бұрынғысын,
Ер болсаң, ақтар ішек қырындысын.
Көзіне жылы ұшырап көрінгенмен,
Кісінің кім танымас жырындысын?

Ақыны көп сөйлемек ерікті елдің,
Мен-дағы өзімше бір көріпкелмін.
Тағым ет Күлтегіннің Қектасына,
Әйтпесе Астанаға не ғып келдің?

Татулық тамшысына қatalаған,
Оқып көр не дегенін ата-бabaң.
Сөз үқпас саңылаусыз болмасаңыз,
Жас келер жанарыңа боталаған.

Қоңырауын керуен-құндер құмбірлеткен,
Есіце өмір түсер мың жылғы өткен.
Заманды қолды-аяққа түрғызбаған,
Жалғанның жал-құйрығы тұлдыр неткен?

Жым-жылас қашшама жұрт жерге сіңді,
Ұмытпа кетсең қайтып келмесінді.
Алланың ашып-жұмған алақаны
Сыйғызар уысына көл-көсірді.

Кім келіп, кім кетпеген даламызға,
Жырлайды құлақ түрсөң әр аңызға.
Арбасқан, аласұрған бір тіршілік,
Алмасқан бабамыздан баламызға.

Жаһаннан жоғалмаса адам аты,
Естілер арттағы ғаламаты.
Қаһары қара жерді қалтыратқан,
Қайда сол Көктүріктер қағанаты?

Шайқасып үдей соққан дауылменен,
Құлаған Дешті-Қыпшақ дәуірлеген.
Ұлдарын ұлы дала ұмытқан жоқ,
Қырқысқан бірге туған бауырменен.

Ақтарсам ішімдегі шер-шеменді,
Түспесін есекіреп еңсөң енді.
Үш жаққа бұра тартса үш туысқан,
Үшпаққа кім шығарар ертең елді?..

Нұрсұлтан – арқа тірек, алтын діңгек,
Алыптың халқы ғана нарқын білмек.
Қарғаның қарқылдайтын өдеті ғой,
Қыранның аспандағы даңқын күнде...

Ту болып тігілгендей елдігіңе,
Жасына пайғамбардың келді, міне!
Халқының баласы еді бұған дейін,
Жарасқан бес қаруы белдігіне.

Әрқашан орны бөлек, даңқы дара.
Ол – енді қамқор әке, халқы – бала.
Әкесі өз парызын өтемесе,
Сәбидей шырылдамай ел тұра ма?

Ясауи Қожа Ахмет бұл жасында,
Күн кешкен қылууеттегі құжырасында.
Өмірдің мақсат-мәні жер бетінде,
Жақсының жүртқа шашқан шұғыласында.

Сүйреткен көне тарих көн шарығын,
Түбінде сықсияды қол шамының.

Тасыған мейманасы бұл ғасырда,
Тағдыры қыл үстінде жер шарының.

Беті аулақ соғыс деген пәтшагардың,
Тажалдың асау басын ноқталар кім?
Тайғанақ тақтасында саясаттың
Ойлары шайқасуда патшалардың...

Шұлғытып ұлығын да, ұлысын да,
Баурады батысын да, шығысын да.
Оның да жүрегінің лұпілі бар,
Әлемнің әрбір алған тынысында!

Асылдың жарқылдамас бар ма күні,
Әуелден түскен оған Алла нұры.
Сондықтан Нұрсұлтан деп атын қойған,
Ата-ана болжагандай алдағыны.

Тіл-көзден аман қылсын Тәңір оны,
Бесік боп берекеге қалың елі.
Арқасы ерендік пен кемелдіктің,
Тынысы Бостандықтың кеңігені.

Әткендер оба-қазық орнатып па,
Шегараң анық еді қай уақытта?
Бекітіп ұлан-ғайыр айналасын,
Бүгінде болып отыр елге тұтқа.

Ойланшы, кеше, қазақ, кім едің сен,
Құлпырып бүгін қайта түледің сен!
Ортаға Астанаңды орнатқаның –
Ғасырдың оқиғасы біле білсең.

Бүтінге сызат түссе, сынады оңай,
Бірінді-бірің сыйла ғұламадай.
Бұйырды өз төрлерің өздеріңе,
Баспалап босағадан сығаламай.

Салынып жатқан шаһар кең далана,
Сыйласын асыл мұрат әр балаңа.
Азаттық астанасы аталады,
Қазақтың астанасы сонда ғана!

Бәйтерек – Астананың төріндегі
Өреспі биіктіктің өмірдегі.
Аялы алақаны Елбасының
Секілді өшпейтүғын сенім мәрі.

Самсаған қара орманым – байтақ елім,
Сынға сап, сан жақсыны байқап едің.
Еңсесін елдігіңің биіктеткен,
Ортанда бойлап өскен Бәйтерегің!

Өтінде арпалысқан өмір – майдан,
Жайқалсын болашағың тамыр жайған.
Бәйтерек – Елбасының әр түлғасы,
Әкеліп өз қолымен Елім қойған!

Туындағанат керген желді күнгі,
Танытты кең әлемге тенденгінді.
Тұрғанда Бәйтерегің көкке шырқап,
Ұстай біл, асқақтатып Елдігінді!..



Артық болмас білгенің

Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының үлымыз.

Бәріміздің де туған жеріміз біреу: ол – қасиетті қазақ даласы.

Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан.

Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық...

Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас үрпақтың жа-
сампаздығы арасында сабактастық болса ғана біз «Мәңгілік Ел» боламыз.

(Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасы
Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы:
қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты
Қазақстан халқына Жолдауынан
14 желтоқсан 2012 жыл)



СӘЗДІК

Ақтандер – жылқыдағы ақшыл белгімен байланысты қалыптасқан тұс.

Арда – 1) ерке өскен; 2) тағы, асаяу.

Байырқалау – тыным табу, байыздау.

Бұршақ салып мойыныңа – бұршақ – өсімдіктің дәні, сондықтан батырлық жырларда, ертегілерде ұзақ үақыт бала күткен әке-шеше мойындарына бұршақ салып, әулие-әнбиelerді аралайды деп айттылады, демек, өсіп-өнүмен байланысты ырым. Қазіргі заман ақыны еліміздің тәуелсіз атануы халқымыздың аңсан күткен тарихи оқиға екенін бейнелі түрде жеткізгені деп қабылданады.

Ғазауат – дін жолындағы соғыс.

Жұлғе – тау аңғары, алқап; жазық дала, тегістік.

Көрешек – бастан өткізер іс-әрекет; мұнда: әлі талайды көресің деген мағынада.

Күш-құят келіде емес, келсабында – келі – дәнді-дақылдарды түйіп ұнтақтау үшін ішін құыстап жасаған ағаш құрал; келсап – келіге салған дәнді түйгіштеп уататын түйгіш.

Құлғана – қауіпті жара түрінде білінетін жүқпалы аурудың аты.

Мехнат – ауыр азап, бейнет, қыншылық.

Наркескен – болаттан соғылған екі жүзді алмас қылыш.

Өліара – ескі ай мен жаңа айдың аралығындағы мерзім, үақыт; бұл жерде: ескі мен жаңаңың ауысып жатқан, не болары әлі түсініксіздеу кезең.

Өндіршек – жұтқыншақтан басталатын өңештің бойы, алқым.

Сағанақ – керегелік желінің ең қысқа ағашы.

Теміреткі – саңырауқұлақтар тұдыратын дәңгеленіп бөртіп шығатын қышымалы, жүқпалы ауру аты.

Үақа емес – оқасы жоқ, ештеңе етпейді.




1. Несілбек Айтұлы туралы не білесіндер?

2. Бәйтерек туралы қандай азыздарды білесіндер?



1. Поэманның идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтаңдар. Поэманның кейіпкерлері деп кімдерді айта аламыз?

2. «Балық қаңқасы» әдісімен «Поэмани оқығанда, біздің өмірімізге қажетті мағлұматтар ала алдық па?» деген сұраққа топтық жұмыс жүргізіп, үзінділер бойынша сыйбаға түсіріндер.



3. Өдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасап, сызба бойынша жұмыс жүргізіндер.

Поэма бойынша түсінік	Түйінді ой	Өз пікірің



1. «Тәуелсіздік» немесе «Бәйтерек» сөзіне сызба сыйындар.
2. *Туындағы қанат керген желді құнгі,
Танытты кең әлемге кеңдігінде.
Тұрганда Бәйтерегің көкке шырқап,
Ұстай біл асқақтатып Елдігінде!*
Берілген үзіндідегі буын, бунақ, тармақ санын ажыратып, үйқас түрін көрсетіндер.
3. Елбасы қандай адам? Елбасы мәртебесі қашан тағайындалды? Осы туралы өз ойларыңды айтыңдар.
4. Қазақ елін және Елбасын мақтаныш ете жырлайтын қандай шығармаларды білесіндер?
5. Поэмадағы бас кейіпкерлерді Тарих, Халық, Елбасы деп алсақ, автор оны қалай суреттеген?
6. «СӘТ» әдісі бойынша тәмендегі кестеге Елбасының арман-тілегінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық пайымдауларын үш сөйлемнен жазыңдар.

Саяси 1. _____ 2. _____ 3. _____	Экономикалық 1. _____ 2. _____ 3. _____
Әлеуметтік 1. _____ 2. _____ 3. _____	Технологиялық 1. _____ 2. _____ 3. _____



1. Елбасының астананы Ақмолаға көшірудегі мақсатын айқындаپ, Елбасының бейнесін сомдаңдар.
2. Шығармадағы көркемдегіш құралдарға мысалдар тауып, қолдану ерекшелігін анықтаңдар.
3. Поэмадағы символдық образды анықтаңдар.
4. Шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мұдде түрғысынан талдаңдар.
5. Ақынның:

*Томирис, Еділ патша, Елтеріс хан
Аңсаумен еркін өмір арпалысқан.
Жете алмай жерційыққа Асанқайғы,
Желдіртіп желмаясын жер тауысқан, – деген жолдар қандай мағынаны, қандай ойды аңғартады?*



1. Поэмадағы тарихи құндылықтарды нақтылаңдар және сызба түрінде көрсетіңдер.
2. Автор жырлап отырған Бәйтерекке сипаттама беріңдер. Оның астанадағы «Бәйтерек» монументімен мазмұндық байланысы бар ма?
3. Қазақ халқының тәуелсіздік алғаннан кейінгі ел өмірінің хал-жағдайы және ақынның Отанға деген сүйіспеншілігі поэмада қалай көрінеді?
4. «Егер мен Елбасы болсам...» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.



1. «Астана – Тәуелсіздіктің жемісі» немесе «Тұрганда Бәйтерегің көкке шырқап, Үстай біл, асқақтатып Елдігіңді!» деген тақырыптардың біріне әдеби эссе жазыңдар.
2. Қазақстанның әр жылдардағы астаналарын атап, сол кезеңдегі тарихи жағдайларға сипаттама беріңдер.
3. Тәуелсіздік пен бодандық ұғымдарын салыстырып, талдау жасаңдар.
4. Елбасының арман, тілегі мен халықтың арман, тілегінің тұтастығы туралы пікір алмасындар.
5. Қазақ елінің болашагына көз жіберіп, «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру жолдарын көрсетіңдер.



Оқу сауаттылығы

1) Тұбіне тіршіліктің тағдыр ие,

Тәңірдің ғұзырында бар дүние.

Қызыл тіл қара тасты балқытады,

Келгенде қылқобыздан зар күйіне.

Сұрақ: Қызыл тіл деген не?

a) Адам тілінің табиғи сипатын айтқаны.

b) Тілде қан тамыры көп, сондықтан ол қызыл болатынын айтқаны.

c) Қылқобызды айтқандықтан, музыка тілін айтқаны болуы мүмкін.

d) Шешендікті айтқаны, тіл өнерлі деген мағынада айтқаны, ол небір қызын жағдайда да алып шығатынын айтқаны.

2) Қолында жүйрік қалам жарқылдаса,

Сөзінді, арманың не, ел тыңдаса!

Кеудемде көз бар шығар қайнап жатқан,

Тамшысы таңдайымның сарқылмаса!

Сұрақ: Қалам қандай жағдайда жарқылдайды? Кеудедегі көз деген не?

a) Жақсы жазылатын қаламдар болады, соны айтқаны, ал кеудедегі көз деген ақын бойындағы дарынды айтқаны.

b) Өдемі қаламдар бар, соны айтқаны. Кеудедегі көз ақынның көңіл күйі дегенді білдіретін сияқты.

c) Қаламның жарқылдауы мүмкін емес. Кеудеде көз болмайды.

d) Ақын шабыттанғанда, өлеңі тез жазылады, соны айтқаны; ал кеудедегі көз деген ақын бойындағы дарынды айтқаны.

3) Ақын: «Сүрінбес, су төгілмес тілім жорға», – деген.

Сұрақ: «Сүрінбес, су төгілмес жорға» деген сөздер қай көркемдік құралдың қызметін атқарып тұр?

a) Тенеу

b) Метафора

c) Эпитет

d) Метонимия



ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ БӘЙТЕРЕК

1) «...Тай екі аяғымен шауып бара жатып, жолында бір бәйтерекке кез болады. ...Терек жанына бара бергенде, бала тайынан секіріп түсіп, бәйтеректің басына шығып кетеді. Жалмауыз кемпір бәйтеректің түбін кешке дейін қазады. Бір кезде бір қызыл түлкі келеді де, кемпірге:

– Шеше, шаршаған екенсің, мен қаза тұрайын, сен үйықтап, дем ал, – дейді.

Кемпір жатады. Тұлкі тісті суға атады да, қазған шұқырды қайта бітеп, өзі кетіп қалады...».

2) «Дәу қара құс суылдаған бетімен бәйтерекке келіп қонғанда, бәйтерек майысып, сынып қала жаздайды. Бұл дәу қара құс Самұрық екен. Самұрықтың ұлкендігі сондай, жайып жібергенде бір қанатының өзі бір айлық жерді алып кетеді екен. Қонысымен Самұрық бәйтеректің түбіндегі ...ті бүруге тап береді, бірақ балапандары шыр-шыр еткен соң, тоқтайды. Алып қара құс ...пен дос болған соң: «Не қалайсың?» – деп сұрайды. ... басынан кешкен әңгімесінің бәрін айта келіп, адасып жүргенін, енді жер үстіне шыққысы келетінін айтады. Алып қара құс ...ті қанатына мінгізіп, ұшып, тар тесіктен өткізіп, жер үстіне шығарады.

Тапсырма. Екі ертеғінің атаяны тауып, екінші кейіпкерін анықтаңдар.

- a) «Алтын жүзікті қыз», «Хан Шалқан»; Шалқан.
- b) «Күн астындағы Күнікей қыз», «Атымтай Жомарт»; Күнікей.
- c) «Тұлкі», «Ер Төстік»; Ер Төстік.
- d) «Боран батыр», «Керқұла атты Кендебай; Кендебай.
- e) «Алтын сақа», «Ер Төстік»; Ер Төстік.



Несілбек Айтұлының сөзіне жазылған әндерді тауып, тыңданадар.



Несілбек Айтұлының «Бәйтерек» поэмасын оқығаннан кейін қандай әсер алдынадар? Автормен кездесу мүмкіндігі болса, оған қандай сұрақтар қоятын едіңдер? Астананыңabyroйын асқақтату үшін не істей аласынадар?



ҚАЖЫГАЛИ МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ (1942 жылы туған)

Қажыгали Мұханбетқалиұлы 1942 жылы Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қемерши ауылында дүниеге келген. Ол 1965 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін үздік бітіріп, еңбек жолын туған жерінде бастады. Алғашқыда жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында, кейін Алматы мен Астана қалаларында шығармашылық қызметтер атқарды.

Қажыгали Мұханбетқалиұлы – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының (2014), халықаралық «ПЕН»-клубы (2016) және Ма-

хамбет атындағы сыйлықтардың (2019) лауреаты, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткери» (2003), Байғанин ауданының құрметті азаматы. 2013 жылы «Құрмет» орденімен марапатталған.

Шығармалары. «Жұлдызы тұндер» (1972), «Тогай сыйбыры» (1974), «Жаңғырық» (1978), «Қайдасың сен, махабbat» (1984), «Сынық терезе» (2003), «Жалғыз жиен» (2005), «Алабұға, аққайран» (2008) атты кітаптары жарық көрді.

Жазушы Қажыгали Мұханбетқалиұлының аударма саласындағы еңбегі де көп. Атап айтқанда, жапон жазушысы Р.Акутагава, британдық С.Моэм, француз жазушылары – П.Мэриме, Ги де Мопассан, т.б. қазақ оқырмандарына таныстырған.

Жазушы 25 жыл бойы Сырым Датұлының өмірі мен құрескерлік жолын, ұлт-азаттық көтерілістің тарихын зерттеумен айналысқан. Қазақтың бостандығы үшін құрескен тұлғаның өміріне қатысты мәліметтерді толық жинау мақсатында еліміздегі және Орта Азия, Ресей архивтерінде болған.

Алғашқыда Сырым Датұлына қатысты зерттеу мақалалары жарық көріп, кейін ол іргелі еңбекке айналды. Осы еңбегі арқылы Қажыгали Мұханбетқалиұлы еліміздің батыс аймағында ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Сырым Датұлын өзге халықтарға да танытуда еңбегі бағаланды.

«Тар кезең» романы туралы. Бұл шығарманың басты кейіпкери Сырым Датұлы болғанымен, автор оның жеке тұлғасын таныстырумен

шектелмейді. «Тар кезең» арқылы оқырмандарға қазақ халқының азаттығын, тәуелсіздігін аңсаған елдік рухы жеткізілген. Қазақ қай дәуірде де ел бірлігін ойлаған, ейткені ел ешқашан басшысыз қалған жоқ, ал ол кездегі басшылар – билер, ақсақалды даналар. Батыр бір өзінің білек күшімен ешкімді де жеңбейді, халқының қамын ойлаған тұлға билермен, елдіңabyroйлы ақсақалдарымен ақылдаса отырып, көзденген мақсатына қадам жасауды ойлады. Роман бойынша айтқанда, қазақтың парасатты халық екенін отарлаушы елдің адамы О.А. Игельстром да мойындайды. Әрине, О.А. Игельстром қазақты парасатты деп қабылдап, отарлаушылық саясатты тоқтатқан жоқ, бірақ жазушы осындай көркемдік тәсіл арқылы өзгелерді де мойындастып, туған халқымыздыңabyroйын бағалай білу үшін ой салады. Әдемі пайымды көркем жеткізе білген. Қазақтың мәңгілік ел болуы парасатты пайымда, бірлікте екенін үғындырады.

ТАР КЕЗЕҢ¹

(*Тарихи роман. Басы*)

I тарау

– Барон мырза, сізді генерал-фельдмаршал шақырады!

Генерал-фельдмаршалдың лауазымы естілер-естілместен-ақ тұла бойы дір етіп орнынан атып тұрған барон Игельстром (өзі бағанадан бері осы бір ауыз сөзді ғана күтіп отырған Игельстром), бүкіл өмірі әскерде өтіп келе жатқан адамдарға тән әбжілдікпен сымдай тартылыш тұра қалды да, «Шақырып жатыр» деген сөздің мағынасы санасына жеткенде, паркет еденді етігінің темір нәлімен тесіп жіберердей тақ-тақ басып барып, қаусырмалы биік есіктің алтындаған тұтқасынан қалай үстай алғанын андаған да жоқ.

Бір есікten соң бір есік... Осип Андреевич мұнда бұрын да болған.... Ұлы Россияның бүгінгі құдірет-күші қайда екенін басқа жерде білмесең, тап осы арада сезесің; ... таяуда ғана генерал-фельдмаршал атағы беріліп, енді осы жерге қызметке келіп отырған Григорий Александрович Потемкиннің қабылханасы еді.

¹ Мұханбетқалиұлы Қ. Шығармалары: 4 томдық. – Алматы: Қазақ әнциклопедиясы, Т. 3. Тар кезең. – 2015. – 400 бет.

Игельстром сол қабылханадағы ұзыннан-ұзак жолкілемнің үстімен жүріп келеді, жүріп келді... Жүрісін жылдамдата түсіп келіп:

- Шапағатты князь... – деп аузын ашқанша болған жоқ.
- Ө, генерал... Келіңіз, келіңіз! – деп, кең бөлмені жаңғырықтыра жарқын үн қатқан үстел иесінің өзі де орнынан тұра келіп, мұнымен қолдасып амандасты...
- Сіз бен біз бүгін бір-бірімізге сыпайылық көрсетіп, сызылып отыруға шақыргам жоқ. Іс бар. Шынын айтсам, сіздің қызметке деген ыждағаттылығыңыз, сіздің жұртқа ұсап кеуде соқпай-ақ, өзіңізге тапсырылған жұмыстың үндемей тындыратындығыңыз маған көптен мәлім... – ...Сізді босағалы тұрған бір жауапты да, жаманаты да көп орынға ұсынуға мені мәжбүр етіп отыр.

- Құзырыңызға құлдық, шапағатты князь!..
- ...Граф Безбородко оншақты жылдан бері ұлы мәртебелі патшайымыныздың хатшысы екенін білетін шығарсыз?! Иә-ә... патшайым анамыздың оған шексіз сенетіндігі соншалық, граф Безбородко қызметке ұсынған адам өтпей қалған емес... Бүгінше жақсылап тынығыңыз, жолдан шаршап келген боларсыз. ...графқа жолығып, не болып, не қойғанынан хабар берепсіз...

* * *

...Игельстром басқа ойдың бәрін ысырып тастанап, тас түйін жинақыла-нып алды да, қазір граф Безбородконың қабылдауына кіргенде, өзін қалай ұстаяу керектігін, не айтып, не қоятынын көңілінде жүптай бастады...

* * *

– Ваше превосходительство, егер мен қателесспесем, сіз мынау бұратана жүрттардың жерінде бұрын болдыңыз гой дейім. Солай ма? – деді, граф қысқа қайырым амандықтан соң, әңгіменің төтесіне көшіп.

- Игельстром...: –Иә-иә... –деп қалды сасқалақтап...
- Барон мырза, – деді, кенет граф тесірейген шүңірек көзін мұның көзіне түп-тура қадап, – шынымды айтсам, ...документтермен таныса келе, бағы Орынбор өлкесінен шыққан бүліншілікті басуға араласқаныңызды көріп, қатты қуанғанымды өзіңізден жасырмай-ақ қояйын. Неге дейсіз гой? Ертең күн сәулетті, нұр сипатты патшайымыныздың алдына сіздің

документтеріңізді апарғанда, ...тілге тиек етерлік бір дәлелдер керек емес пе... Сол табылғандай көрінді. Орынбор өлкесінің өзінде болмасаңыз да, оған шектес жатқан жерлерде болдыңыз гой. Солай емес пе?

...Бұратана жұрттардың жай-жағдайын көрдіңіз гой? Көрдіңіз... Одан беріде Орынбор өлкесінде пәлендей өзгеріс болып жарытқан жоқ десем, артық айтқандық емес шығар деймін. Өйткені өлі күнге Жайықтан, кешірепсіз... ім-м, Уралдан өрі бір қадам аттап баса алмай отырмыз. Оны былай қойғанда, қолымыз жеткен шегара шептерінің өзінде бір күн тыныштық жоқ. Мұнда келіп түсіп жатқан хат-хабарларды қарап отырсаңыз, бірдеңе ұғу деген мұлде мұмкін емес – ылғи бір шым-шытырық, қарама-қайшы пікірлер. Дау-дамай!.. бірінің үстінен бірі жазған арыздар, шағымдар. Бірақ, іс жоқ. Түсінесіз бе, іс-с-с жоқ!

...Берідегі бодан жұрттардың бас асаулығы біраз бастыққандай болған соң, осыдан екі жылдай бұрын, орталығын Орынбор етіп, Уфа және Симбирск өкімшілік аймағын қайта құрганбыз. ...Бірақ аймақтың өкімі, генерал-поручик Аким Иванович Апухтин бұл істі реттей алмай-ақ қойды мұлде... Әлгі айтқан қырғыз-қайсақ жұртымен жай-жағдайды біршама реттеу үшін енді сол өкімшілік аймаққа генерал-губернатор етіп сізді... иә, Ваше превосходительство, мына сізді тағайындасан деген ойымыз бар.

– Честь имею, Ваше сиятельство! Сіздің мұндай өкелік қамқорлығыныңға әрқашан қарыздармын деп білемін...

– Жақсы, жақсы-ее, барон... Ал, онда... біздің Коллегиядағы Уфа және Симбирск өкімшілік аймағына, оның ішінде әсіресе, Орынбор өлкесіне... қайталап айтайын, әсіресе Орынбор өлкесіне қатысты материалдармен ертеңнен бастап-ақ таныса беруге қалайсыз? ...ұш айдан артық ешкімге де мәulet бере алмаймын. Иә, уақыттыңыз! ...соған байланысты өзіңіздің ой-пікірлеріңізді хатқа түсіріп, менің қолымға табыс етуіңіз керек...

* * *

...Барон Игельстром мынау жаңа жұмысына жас кезіндегідей өлдекандай бір қызы құлшыныспен, жалындаған жігермен кірісті де кетті.

...Күнде таңтертең сағат жетіде Сыртқы істер коллегиясының архив белімі алдында сыйып кеп тұрғаны...

Күнде кешкісін төрт ат жеккен жеңіл күймесімен қаланың шет жағында тұратын қарындастының үйіне қарай кетіп бара жатқаны...

Күнде осы... Күнде осы...

— ...Сіз барғалы отырған шегара шептерінде де шатақ аз емес, — десті Сыртқы істер коллегиясындағылар. — ...Егжей-тегжейін білгіңіз келсе, сол Коллегияға барып өзіңіз сөйлесіп шығыңыз...

Мұнсыз да князьдің астанаға келгенін өлгінде естігеннен бері Осип Андреевич онымен көрікенше асығып еді; аяқ астынан қосымша себеп табылған соң, қайткенде де, қазір кіріп шығуды жөн көріп, сол бойда Өскери коллегия кеңсесіне қарай тартты.

Григорий Александрович кабинетінде екен...

— Құттықтаймын, барон... құттықтаймын! Жаңа қызметіңізben, жаңа шеніңізben, Осип Андреевич! Ал, құлағым Сізде...

— Сөйтіп, ел тізгінін уыста ұстаудың ең басты екі өдісі: телі-тентектерді тез арада жөнге салып отыру және бізге бүйрекі бұратындарды ара-тұра болса да арқадан қағып, қолпаشتап-қолдан отыру саясатының біріншісі ғана қолданылған да, екіншісі мұлде ұмыт қалдырылған. Соның салдарынан бодан жұрттымыздың жадында ылғи жоғарғы жақтан жасалған зәбіржапа қалған да, оны ұмыттырлық бірде-бір жақсылық жасалмаған. Құн өткен сайын қордалана берген бұл қолайсыз әрекеттің, ақыры, ашынған халықтың айқай-шуын, атыс-шабысын туғызған секілді. Қазір Урал шегара шептерінде шапқыншылық қүшейіп кеткенінің бір себебін, Григорий Александрович, мен осыдан ба деп ойлаймын...

— ...Дәлеліңіз бар ма бұған?..

— Рұқсат болса, ондай дәлелдерді документті түрде дәл оқып берсем деп едім, — деді, кішілік мезіретін жасап.

— Оқыңыз, оқыңыз...

(Барон былғары папкасын ашқан бойда ішінен өлдебір қағазды тез тауып алды да, іле сөзін байыппен жалғап әкетті).

— Алдымен Сыртқы істер коллегиясының Орынбордағы шегара экспедициясына жолдаған Указдарына қарайық...

...1749 жылдың 6 ноябрінде мынадай жарлық берілген: «Қырғыз-қайсақтар тарапынан өлдекәндай бір тентектік шыға қалса, айталық: мал айдалып, бірлі-жарым адам байланып әкетілсе немесе өлдекім тоналса, яки Россия жақтан олардың ұлыстарына қашып барғандарға қамқорлық көрсетілер болса, дереу ханға хат жазып, ондайлардың тез арада қайтарылуын қатаң талап ету керек... Ханмен хабарласуға жер мойны қашықтық етсе, тіпті, оның келісімінсіз-ақ барымтаға шыға беріңдер».

1760 жылдың 18 июлінде мынадай жарлық берілген: «Біз жақ бетке өткен қырғыз-қайсақтар тентектік жасай қалса, ондай басыбұзықтар жаза-

ланусыз қалмауы үшін, малын айдалап, адамдарын байлап өкету керек; егер олар, қырғыздар, қарулы қарсылық көрсете болса, сол жерде қолма-қол ұрысқа кіріп, тас-талқанын шығарыңдар»...

1779 жылдың 4 октябрінде, тіпті, былайша бүйрек берілген: «Барымтаға шығып жүрген қырғыз-қайсақтарға тиісті соққы беріліп, қуғын үйимдастырылуы аз; сонымен бірге жапа шеккендердің шығынын орнына салғанша, қолға түспей жүрген кінәлілердің орнына түк кінәсі жоқтарын-ақ ұстап алыңдар да, қамап қойыңдар».

Ал, 1783 жылдың 3 июлінде: «...қырғыз-қайсақтарға репрессалия жасалсын; адамдары байланып, малдары айдалып алынсын; ол үшін турақты өскер күші де, казактар да, башқұрттар да – бар-бәрі пайдаланылсын» – дедінген...

– ... Қоріп отырсыз, князь, ылғи «айда!» «байла!» «қама!», тіпті, болмаса «тас-талқанын шығар!» Бірақ бірде-бір рет «тілін тап», «ділін байқа», «тамырын басып көр» деген сөз айтылмаған...

Осип Андреевич князьдің жүзіне көз қығын салған; Григорий Александрович қатты ойланып қалғанда... Осы сәтті пайдаланып қалмақ болған барон Игельстром өзінің ойына оның да көзін жеткізе түсін кідірместен:

– ... оның үстіне, – деді даусын сәл көтеріп, – ...алдияр анамыздың мен барғалы отырған өлкे наместниктеріне жолдаған нұсқау хаттарында да бодан жүрттарымызға ылғи жәбір-жапа көрсете бермей, ара-тұра арқадан қағып қою саясатын ұстауга кеңес берген кездері де бар екен. Мен осыны хош көріп отырмын...

– О-о-о, Осип Андреевич, Сіздің, тіпті, тым алысқа сілтейтін түріңіз барғой. Жарайды, жарайды... Иә! Айтпақшы, жақында Сарайда салтанатты кеш болмақ. сіз шақырылып па едіңіз?.. Қатысыңыз...

– Премного благодарен, Ваша светлость! Бұл қамқорлығыңыз үшін Сіздің шапағатты құзырыңызға тағы да бір құлдық ұруға рұқсат етіңіз, – деді барон басын іп...

* * *

Сарыла күткен сөт те келді-ау, ақыры.

Императрица бұларды Петр ағзамының аруағына бағышталған өйгілі қызылқурең залда қабылдайтын болған екен. Барон мұны іштей ырым ғып, жақсылыққа жорыды...

...Императрица жүзін Игельстромға қарай бұрып алған.

– Иә, генерал... – деді енді оған еркетотай әйелдің шолжың үнімен. – ...өзіңіз бұрын болған өлгі өлкелердің жай-жағдайын реттеу перспектива-сы қандай екен қазір? Рапортыңыздың нобайымен таныс болсақ та, негізгі ойларыңызды өз аузыңыздан естігіміз келеді...

...Осип Андреевич ойындағысын іріккісі келген жоқ...

Императрица мұның пікіріне ризалығын ашық білдіріп: – Тек сәтімен болғай... жоспарларыңызды жүзеге асыру үшін... Қандай қолқаңыз бар...

– Алдияр тақсыр, көрсеткен сенімің үшін өле-өлгенше өзіңіздің алдыңызда қарыздар боп өтемін! – деді Игельстром басын бір иіп қойып. – Әйтсе де, сіздің аса мәртебелі алдиярлық тараҧыңыдан берілген нұсқаулар мен тапсырмаларды бұлжытпай орындау үшін біз секілді пендептіңдеңіздің барлық күш-жігерін аямай жұмсауы аз; сонымен бірге оның сол жердегі өкілетті правосын сөл де болса, бұрынғыдан кеңейте түспей болмайтындығын айтпай кетсем, адалдық болмас еді.

– Барон мырза, жергілікті жерлердегі бар билік онсыз да наместниктерге біржола берілген... Жолыңыз болсын, генерал! – дегенін ғана құлағы шалды. Аудиенцияның аяқталғанын да сонда ғана ұқты.

* * *

Бір ауыр жүкті иығынан сыптырып тастағандай болған барон Игельстром Сарайдан Безбородкомен бірге шыққан...

Безбородко кенет...:

– Осип Андреевич, өзіңізге өлгінде айттым ғой... бодан жұрттарымызды бүкіл Ресейге ортақ Заңға бейімдеу туралы батыл ойларыңыз маған үнады деп. Иә, үнады! – деді граф бұлар кабинетке келіп жайғасқан соң, үзіліп қалған өңгімені өзі жалғап... – Сіздің басты шаруаңыз – шегара тыныштығы мен шептің екі бетінде бірдей көшіп жүрген бұратана жұрттардың бейілін бағу. Әсіресе, бұл күнге дейін құлқы беймөлімдеу қалып отырған қырғыз-қайсақпен қарым-қатынасқа қатты көңіл бөлгейсіз. Екі көзіңіз де, қос құлағыңыз да Орынбор бетте болсын, Осип Андреевич... О-рын-бор-р бетте...

– Құзырыңызға құлдық, Ваше сиятельство! Честь имею!

– Ал ендеше жолыңыз болсын! Барған жеріңізде басшылыққа алар Ұлы мәртебелімнің ұлығ фәрмандары мен біздің Коллегияның арнайы нұсқау жарлықтарын канцелярия әлдеқашан даярлап қойған. Оң сапар, Осип Андреевич!

– Көріскенше, Ваше сиятельство!..

II тарау

Көлденең жатқан Жайықтың күншығыс бетіндегі маң даланы малына еріс, жанына қоныс етіп, қыыр жайлап, шет қонып жүрген көшпенді елге бір ұзынқұлақ хабардың тараганына көп болған-ды...

— Орынбордағы үлкен ұлық орнынан түсіп, Петерборга біржола кетіпті! Енді жаңа жандарал келгенше, казак-орыстар қазақты тағы бір шауып қалу керек деп қапылып жатқан көрінеді, — деп, жүрт гу-гу етіспін жүрген.

...Сөйтіп жүргенде, жекелеген жортусылшылармен қақтығыс аз болғандай, Қаратон дейтін атаман әдейі келіп, қарулы қалың қол жайына отырған жазықсыз ауылдарды қан қақсатқан! Көп ұзамай, Құлініп дейтін атаманы тағы келіп, көшпелі елдің құлін көкке ұшырып ол кетті. ...Шағанақ дейтін атаманы тағы шығып, шегараға таяу отырған талай ауылды бұл ойрандасын... қыза-қыза келгенде, тіпті, хан көшіне тиіспін, тәменгі Топайлының тубіне кеп қонып жатқан Нұралының бір аулын шапқаны...

Ары аяққа басылған Нұралы хан не ойлаганын өзі біледі... Ал намысқа буынып өле жаздаған елдің ер-азаматтары шұғыл жиылып, басы — Байбақты Сырым, — мың қаралы адам, ал кеп қусын жауды! ...Өзі ызалы Сырым, өзі сол күні арқаланып отырған Сырым: «Бұл ит, кісі қорлағанның қандай болатынын көрсін, бәлем...» — деп, оны сол кеште-ақ осы жаққа сауда-саттықпен келіп жүрген Хиуаның бір сартына әдейі құлдыққа сатты да жіберді.

Арада аз уақыт өткен... Атаман Чагановтың алыс жерге құлдыққа сатылып кеткенін естіген Жайықтың казак-орыстары енді күні-түні Сырымды андып, соның соңына түссін! ...Ақыры, олар да батырды қолға түсіріп тынды!

Сол ұсталғаннан Байбақты Сырым Текенің тас түрмесінде, терезесі темірмен шілтерленген қараңғы үйде, табандатқан тәрт ай жатқан. Бұдан да әрі жата берер ме еді. ...қалың Байбақтының ызғарынан қаймығып әрі жақын мен жатқа жақсы атты көрінгісі келген хан Текеге өз аяғымен барып, атаман Акутин мен оның орынбасары, өскери ағаман Даниил Донсковқа жетпіс жылқы, үш жұз елу сом ақша беріп, тарығып жатқан ерді тар қапастан шығарып алған-ды.

Көкек туа елге оралған Сырым екі-үш апта ешкіммен тілдеспей, үйінде тым-тырыс жатып алыш-ақ еді.... Ертелі-кеш еңіреп келіп арыз айтқан ағайын-туғанның, ел-жүртттың көз жасына шыдай алмады. Ең алдымен істегені — ...жөн-жосықсыз тізе батырып, өркімдерге зәбірі өбден өтіп кеткен Есім сұлтанды... хан баласы Есім төрені ел ішінен айдал тастаган. Көктем

әбден шығып, жер аяғы кеңісімен, қысастығы кеңірдектен келген Жайықтың казак-орыстарына қарсы қайтадан атқа мінді.

...Казак-орыстар пәлен ауылды шауып кеткен екен десе, Сырым барып олардың күтірлерін шапты...

* * *

Сонымен... көрі тарихтың тағы бір жылы көлденең жатқан Жайықтың Бұхар бетін жайланаған көшпенді ел үшін тағы да үркіншілікпен басталды.

Осындаидың боларын ағайынға ашып айта алмағанмен, Орынбордағы астыртын хабарласып отырған адамдары – Мінәнайдың ақ базарындағы делдал Шүкіралы бай мен сондағы мешіттің мәзіні Шәпи молданың соңғы кездері қайта-қайта қауіп айтып, сақтандыруынан бір бөлениң үштығын анық сезген Байбақты Сырым би биыл қазан туысымен қарауындағы елді... Қарақамыстың қойнына әкеп қондырған. Жөне осы жолы Байұлының бір жуан бұтағына айналған өзінің Байбақтыларын ғана емес, мынадай алмағайып кезде ағайынмен бірге боламыз деген Сұлтансиықтың басқа аталарынан да ешкімді тастамай... ала келген. Осындаидың боларын ағайынға ашып айта алмағанмен, Орынбордағы астыртын хабарласып отырған адамдары – Мінәнайдың ақ базарындағы делдал Шүкіралы бай мен сондағы мешіттің мәзіні Шәпи молданың соңғы кездері қайта-қайта қауіп айтып, сақтандыруынан бір бөлениң үштығын анық сезген Байбақты Сырым би, биыл қазан туысымен қарауындағы елді Қырмызы мен Қособадан, Мақарша мен Қарағустан, Қосагаш, Қекайыл, Бөлекқұмақтан түгел көшіріп, тіпті шаруа баққан кісінің көзі қимайтын қайран Жетікөл мен Тұздықөлге де көп кідіртпей, қарашаның алғашқы қары төпеп жауып тұрғанда, түу Қалдығайтының сыртындағы Қарақамыстың қойнына әкеп қондырған. Жөне осы жолы Байұлының бір жуан бұтағына айналған өзінің Байбақтыларын ғана емес, мынадай алмағайып кезде ағайынмен бірге боламыз деген Сұлтансиықтың басқа аталарынан да ешкімді тастамай, Алаша мен Масқардың бұларға бүйрегі бұрган біраз ауылын, Жанбай батырға тәбия Қызылқұрттарды, сондай-ақ әрідегі Жосалы мен Қоңырда, Талдыбұлақ пен Тасқұдықта отырған Таналарды да ала келген. Олардың бәрін қарағаштай қалың Байбақтының өзі әзер сиярлық Қарақамысқа әкеп тықпаламай-ақ, ықтасыны еш жерден кем емес, әрі көп жылдардан бері көшкен елдің аяғы тимей соны тұрған Қөшекбасар мен Шиқымбайға, енді бірқатарын Жібек пен Сұлукөлге орналастырып еді.

Соншама сүйт жүріспен үдерे көшіп келсе де, Қарақамыстың қалың қамысы мен ну қопасына жеткен соң, жұрт апа-сапа болып, мал да, жан да тынышталып, арада тағы біраз уақыт өткенде ел баяғы бейғам тірлігіне қайта бейімделе берген.

...Әлгі бір сүйк хабар бұларды осы кезде қуып жетті: «Орынбор мен Текенің казак-орысы қосылып, қазақты шаппақ!».

«Апрай, ойна не келсе –соны қылып, әбден жаман үйренген бұл атана нағылет көуірдің астамшылығына не рауа?! Қайтпек керек?!» – деп, Сырым би сазарып отырып қалды. Сапырылысқан сан-сапалақ ойдың қайсысының ұштығынан ұстарын білмей дағдарғанда, есіне ең бірінші түскені – Қөшекбасар мен Шиқымбайдарғы Таналарға, сонда отырған бес Сұлтансиқтың бұз күндегі ақылшы ағасы әрі қадірменді қарты Малайсары биге ат шаптыру болған. Іле Жібекте отырған Масқардың Дөнен батырына, Қызылқұрт Жанбай батырға шұғыл шапқыншы жөнелтті.

...Аяқастынан жаманат хабарды құлақтары шалып қалған мұндағы қалың Байбақты толқынды да кетті...

– Ау, енді неғып отырмыз?! Атаңа нәлет көуірдің албастыдай басып қалғанын тосып отырмыз ба? – деп даурығысып, өсіресе, осы жүрттың төбелесін тайлыш-биеге сатып алғып жүретін, бидің туған інісі Жандыбай сақау бастаған тентектер тап қазір барып, орыстың күтірлеріне ойран салып қайтатындақ-одыраңдақ бастаған еді. Сегіз қанат қараша үйдің киіз есігін қатты серпи ашып, сыртқа шыға келген Сырым би:

– Бұз не шу? Тоқтатындар қане! Не істеп, не қоятындарыңды бүгін кеште осында бас қосатын елдің игі жақсылары шешеді! – деп, бәрін бір ауыз сөзбен, шүкір, басып таstadtы.

...Ет пісірім шамасында көш соңы қыр асуы мұң екен, кеше ғана үпіршүпір болып, ызғындаі ел әрең сыйып отырған Қарақамыстың қалың қопасы әп-сәтте мың сан құсы дүрк көтеріліп ұшып кеткен айдын көлге үқсан, иесіз қаңырады да қалды.

Бұл кезде Сырым би бастаған Байбақтының басты кісілері, іштерінде бес Сұлтансиқтың белгілі адамдарынан: барша қазаққа танымал Қараман Тана Малайсары би бар, Алашадан Өтеулі, Сапар, Азамат билер, Масқардан Дөнен батыр, Қызылқұрт Жанбай батыр, Сырымның өз бауырларынан – ағасы Атантай батыр, інілери Жандыбай, Барлыбай, Қалдыбайлар бар, – біраз адам Қарақамыстың батыс бетіндегі биік қабакқа шығып, сол жерден о шеті мен бұз шетіне көз жеткізгісіз қорыс қопа, ну қамысты қыстап отырған елдің енді шығысқа – Жем, Сағыздың жоғарғы жағына қарай шұғыл аттанған көш-қолацын таң алакөбенен бері көзбен бақылап, ұзатып салып тұрган... Сырым би өлі үнсіз...

Дәл қазір бидің көзі де, көнілі де – мына қаңырап қалған Қарақамыста-тұғын. Соның қойын-қолтығын ойша шарлап тұрган... Сөйтсе, – ой, Алла-ай! – оның бәрі – осынау құтты мекеннің қойны мыңғырған мал мен қыбырлаған жанға толы кезде ғана солай екен ғой. Ал қазір... қай жағына көз жіберсе де: ойраны шығып жапырылған қоға... жайпалған шөп... жығылған, қираған нар қамыстар... басқа ештеңе көре алмай түр.

Төңірек тегіс мұнарланып, бір марғау тыныштық орнаған. Дүние жымжырт. Қарсы алдында кәдуілгі көшкен елдің орнында қалар айра-жайра жүрт қана.

Дөң үстінен соны шолып тұрып, кешегі ит тұмсығы батпас ну жыныстың ту-талақайы шыққанына, әрлі-берлі шұбырған мал мен адам ізінен оның бетіне өрмекшінің торынданай айқыш-үйқыш мың-сан сүрлеу-соқпақ түскеніне, ал топ-топ ауылдар отырған орындар, құдды, ойма таздың басындаі ойдым-ойдым боп, алаңқайларға айналғанына, айтып-айтпай не керек, жарықтық, Қарақамыстың аз ғана уақыт ішінде тұяқкешті болып өбден тапталып, тозғындалп, берекесі кеткені аздай-ақ, енді егесіз қалып бара жатқан мына жетім күйіне өз көңілінің де құлазуы қосылып, кенет бидің іші өлденеге ұлып қоя берді.

«Неге өйтті?! Қараптан-қарап тұрып көңілі сабындаі бұзылғаны несі?!!» – өзі де түкке түсінген жоқ. Тек өуелі жан түкпірінен Айрауықтың ацы қүйіндей аңыраған бір азалы сарын бас көтеріп келе жатқанын ғана байқаған. Сөлден кейін сол бір өзегін өртеп, өн бойын шымырлатқан азалы сарын тұрлаусыз мына жалғаның опасыздығын паш етіп, бастарынан кешкенді қара қобызбен кейінгіге күнірене толғаған бағзыдағы ба-балардың өксік пен өкінішке толы жыры мен зарына айналып, оқыстан «А-а-ай-и-и-и»-лап, ышқынып, мұның көкірегінен ал кеп ақтарылсын-ай... тоқтаусыз боздасын-ай!!!

—...А-а-ай-и-и-и!!!

Бұ қоныс – жеті жүрттап қалған қоныс,
Нофайдың көшіп талақ салған қоныс.

Қазтуған, Асан қайғы, Орақ, Мамай,
Біз түгіл, солардан да қалған қоныс.

Бұ қоныс – жеті жүрттың кеткен қоныс
Нофайдың көшіп талақ еткен қоныс.

Көмелсіз қонған елін көп тоздырған –
Қайырсыз осы секілді неткен қоныс?!

Бидің алқымына өлдене кептеліп қалғандай, лықсыған өксігін өзі өзертежеп тұр. (Ішіндегі қара қобыз қылғына қиқылдайды... ыңыранады ышқынып!).

...Әуелі бұ қоныстан Ногай кетті,
Баласы мұсылманның нобай кетті.
Қазтуған, Асан қайғы, Орак, Мамай
Әрі етіп Тесіктаудан солай кетті.
Артынан Телағыс пен Нәрік кетті,
Өзіне ерген жұртын алып кетті.
Жер қарап он екі жыл желмаямен
Асан би дүнияны...а-а-ай-и-и-и!!! Шолып кетті.

Бидің жүрегі шымыр-шымыр, шымыр-шымыр шымырлап қоя берді.
«Апрай, мынау не сүмдік еді?! Жеті жұрт ауған бұ қоныстың бұларға да қайырыс болғалы тұрғаны ма сонда?! Солай ма, шынымен... Сөйтер ме екен, ө?!

«Қайда безіл барамыз осы біз?! Ата-бабадан қалған қүйқалы қоныс, қара жұртты тастай қашқанда, қайда барып үшпаққа шықпақпыш? Басымызға зауал тәнген екен деп, бір қатты қайырымға да келмей, кете береміз бе осылай?! Өйтсек, шыр етіп дүниеге келген, кіндігің кесіліп, кірің жуылған мына жердің киесі кешер ме?! Енді қайттік? Қайтеміз енді, япыр-ау?!

Сырым бидің қабагы қарс жабылып, екі қасының арасындағы терең қоссызық айқаса түскен қүйі, ауыр ойдан арыла алмай, түйіліп тұрып қалды.

* * *

...Кеше кешкілік Сырым бидің шақыртуымен Қарақамысқа келген бес Сұлтансиқтың белгілі кісілері бидің өз үйінде бас қосқан. Сонда ел ағалары мен ақсақалдар тоқтаған үйғарым осылай-ды... Сол жерде көпшіліктің қау-қаулаған өңгімесін осы елдің бұл күндегі жасы үлкен ағасы әрі қадірменді қарты – шынашақтай ғана ақшұнақ шал – Қараман Тана Малайсары би тиянақтаған...

– Ендеши... Мен айтсам, ағайын, әуелі мынау Қарақамыстағы елді дереу аттандырып жіберу керек дегендерің орынды сөз деп білемін...

Көптің қошеметі дем берген қарт би қанаттана сөйледі:

– Екінші айтарым: қатын-баласы мен қара орманы жау қолы жетпес жерге күнілгері жөнелтілгенін өз көзімен көріп, көңілі орнығып аттану

деген де – аламан үшін ұлкен бір медет, зор демеу. Тек сондай адам ғана ертең жаумен алаңсыз шайқасады. ...Тек өз үй-іштерінің ғана емес, бүкіл ел-жұртының жау қолы жетпес шалғай түкпірге – сонау Жем, Сағыздың жоғарғы жағына ертерек ұзап кеткенін Байбақтының азаматтары өз көздерімен көріп, көңілдері біржола орнығып аттансын, ағайын! Бұған не дейсіндер!

– Дұрыс, дұрыс...

– Ушіншіден... – деп, Малайсары би сәл кідіріс жасады.. – Ушіншіден, өткен жазда орыс шебіне барып ашықтан-ашық тиіскен біраз кісінің ат-атағы бұл күнде тек Жайықтың мына Бұхар бетіндегі біздің елге ғана демендер, арғы – Самар беттегі жұртқа да жайылып кетті, жарандар! ...шегара бекіністерінің маңайын ала шаң қылған мына сендерді, бауырларым Байбақтылар, өсіресе, сені – Сырым шырағым, – осы жолы орыстың аямасы анық. Айтпады демендер, уысына түссендер – ойына келгенін істейді, қолынан келгенін қылады! Оны анау бастарыңдағы бөріктеріңдей көріндер!..

– Жөн, жөн... Сөз-ақ! – десіп, жұрт тағы шуласқан...

– Ал онда... бәріміз бір жағадан – бас, бір жеңнен қол шығарып, қатар қимылдайық, ағайын! Алла жар болсын! – дегенде, үй тола ақсақал-қарасақал бір кісідегі «Әумин» десіп, гу ете қалған.

Қарақамысты қыстап отырған қалың ел түгел аттандырылып болған қазіргі сәтте, тәбе басында тұрғандардың есіне сол... – кеше Сырым бидің үйінде жасалған осы бәтуа түсіп еді...

* * *

Бағана тәбе басынан тарқарда төңірегіндегі ағайынның ақсақал-қарасақалдары мен игі жақсыларына «рақметі» мен «Алла разы болсынын» қоса айтып болған соң, Сырым би...:

– Айтыңыздар бәрінен.. біз енді аттанысқа қам жасаймыз! – деді, қатандай үнмен, ширыға сөйлеп. – Ағайын... Жауға шабар жігіттерден сырты түкті, іші боқты бір-жар малын аямай, тегіс атқа қондырсын! Ал қалған жұртқа өздері қамқор болсын! Осы бастан айтып қояйын, кімде-кім ананы кедей-кепшік деп, мынаны бишара-байғұс деп, жоқ-жітікке көлік бермей, жаяу-жалпы жау жолына тастап кетсе, ертең ағайынның бетін көрем демесін! Көрмейді! Мен көрсетпеймін де! Осыны мықтап ескерткейсіндер! – деп, түйіліп барып тоқтады... Өсіресе, соңғы сөзі аса ызғарлы да нық шықты...

Бұл – би Сырым емес, батыр Сырым-ды...

* * *

Қарақамыстан аттанғандарына аттадан аса уақыт өткенде, Жем, Салғыздың жоғарғы жағын бетке алғып, үдере көшіп келе жатқан бес Сұлтансықтың құрама көшінен, тап Мұғалжардың қойнауларына кіреберісте өзінің Байбақтыларын ала-бөле кідірткен Сырым батыр осы жерде бұл елдің біраз жылдардан бері жат көздерден жасырып келген үлкен бір құпиясын ашты да таstadtы.

Сейтіп... соңғы он шақты жылда аннан-мұннан тірнектеп жиып, әр үйдің тең-теңінің ішіне, кебежесінің түбіне тығып сақтатқан, тот бас-пасын деп таза матаға оратқан орыс мылтық, бұхары мылтық, Хиуадан алдыртқан шамқал, бағзыдан келе жатқан қозықөш, күлдірмамайларды бірінші рет жарыққа шығартып, майлаташып-сылатып, жалтыратып сүрткізіп, осының икемі бар-ау деген жігіттерге жеткенінше үлестіріп бергізді...

Ендігі жерде орыспен өзі құсан соғыспасаң, күнің қараң... Ал орыстың ұрыс тәсілі десе... оның бірқатар жай-жапсарын бұл өзі он жылдай бұрын, артына қалың қол, қарулы аламан ертіп жүріп, анау Жайықтың аргы бетін жағалай қоныстанған казак-орыстар ақ патшаға қарсы жаппай көтерілген кезде солардың өздерінен көрген, бірге соғыса жүріп көңіліне түйген.

...Пугаш батырдың өскерімен бірге отыз жастың о жақ, бұ жағында ордабұзар талай ұрыстарға кіріп еді-ау бұл да!

Міне... сол орыспен енді өзі соғысқалы отыр...

* * *

...Бірер күн дайындықтан соң, соңына ерген бес Сұлтансықтың екі жарайм мыңнан астам азаматынан осы жерде таңдал тұрып, бес жұз мергенді іріктеп шығарып, солардан бес бөлек арнаулы топ жасақтаған соң ғана батыр сәл саябыр тапты...

...Оның үстіне, бүгін таңертең сонау шалғайдығы Сам құмынан Шемішті Табынның бас батыры Сатыпалдыұлы Барак келе жатыр деген хабар жетті... құдандалы елі Шектіден апақ-сапақта Тілеу-Қабақтың қылшылдаған жас бағландарын ертіп, кенет еш хабар-ошарсыз Қөтібар батыр кеп үстеріне ошарылды. ...Сол күні кешкісін Барак бастаған Шемішті Табынның қалың қолы да келіп жеткен-ді...

III тарау

1785 жылғы ақпан айының басында, Орынбор мен Оралдағы казак өскерлеріне сонау Санкт-Петербургтен, тікелей Өскери Коллегия Президенті, генерал-фельдмаршал Потемкиннің өзінен шұғыл бүйрық келіп түсті.

Бұл «бүйрық» князь Потемкиндікі болғанмен, негізінде, оны «шапқыншылықтан көз аштырмай отырған қыргыз-қайсақтарға қарсы репрессалия жасау үшін»; сөйтіп, «бұратана лардың қырысынан казактардың шеккен зияндарының орнын толтыру мақсатында», қоярда-қоймай сұрап алған – Орынбордың Шегара істері жөніндегі экспедициясы және Жайық қалашығындағы казак өскерлерінің Уәйіске кеңесі болатын. Сондықтан да бүйрықтың (дұрысында: бұлар сұрап алған рұқсат қағаздың) келуі мұн екен, өткен күзде Уфа мен Сіңбір наместничествоның өкімі Аким Иванович Апухтин қызметінен кеткеннен бері қолдары жіпсіз байланғандай болып отырған Жайық бойындағы шегара өскерлерінің бастықтары дереу шапқыншылыққа даярлана бастады.

...бұл дегенің – жатқан бір мол дүние, ен-тегін олжа-тұғын. Соны жақсы билетін шеп бойындағы өскер бастықтары да, Орынбор мен Текенің казакорыстары да енді тек тезірек қырға шығып кетуді күтіп жүрген болатын.

«Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы»... жалпы жұрт бағып отырған бұл өрекеттің барысын тек Шегара істері жөніндегі Орынбор экспедициясы, қаладағы өскери гарнizon бастықтары, шеруге қатыспақшы казакорыстар мен башқұрттар, соларға ілесеміз бе деп, олжадан дәме қылып жүрген мешерлер мен шерміштер ғана емес, осындағы азғантай қазақтар да көз жазбай қадағалап отырған-ды. Әсіресе, Мінәнайдыңақ базарындағы делдал әрі саудагер Шүкірлі бай мен осындағы мешіттің мәзіні Шәпі дейтін молда жігіт мұны мұқият бағуда еді. Бұлардың екеуі де көп замандардан бері Жайыққа жақын қоныстанған Байұлы ауылдарының көзқұлағы болумен бірге, Байбақты Сырымның әдейі осы қалада астыртын ұстап отырған адамдары болатын.

...Шүкіралы байдың бүгін танертең, көршісі Чучаловтың үйінен – кәдімгі Шегара істері жөніндегі Орынбор экспедициясының надворный советнігі Петр Чучаловтың үйінен, – шығып бара жатқан бір жұстаннысы – осындағы Метрей Пивоваров дейтін жұзбасы казактан естігені оны қатты абыржытып тастады.

...Ойында түк жоқ, Шүкіралы бай үйінің көшे жақ беттегі есігі алдында, жай ғана тыныстап тұрған. Көршісінің қақпасы сықырлай ашылып, әлденеге дабырласқан дауыстар шыққан соң жалт қараса, қасында бір бей-

тәнис жолдасы бар өлгі жүзбасы казак шығып келе жатыр екен. Аяқты алшаң-алшаң басқанына қарағанда, Метрейдің бір маңызды шаруасы бітіп қайтқандай...

– Исәнбісіз, абзи?! – деп, бұған өзі елпектей қалғаны... «Сәлем – сөздің анасы» деп білетең қыр қазағы болғандықтан ғана Шүкіралы бай көмейіне лықсып кеп қалған бір аңы сөзді өрең теткіп:

– Иә, есенбісіз?! Бүгін көңілдісіз ғой өзі... Бір жаңалық болып па еді?! – деді, сотниктің өз үніне салып.

– ...«Майор Смирнов бастаған отряд ертең қырга шығады. ...«сениң жүздігінді соның құрамына енгіздім» дейді. Соған қуанып келе жатқаным... – деп... аржағында: «Олжа алып қайтамыз ғой, ол-жа-а-а!» демегі бұлкілдеген көмейінен анық көрініп тұрса да, бұған тұра айтуға жасқанды ма, сотник сөзінің аяғын жұтып қалды.

Шүкіралының жаны тызығып кетті. Сотник ұзай бере, қара барқыт шапаның қаттырақ қаусырынып, ауласына асығыс кірді де:

– Өй! – деді, қораның түкпір жағында отындық ағаш жарып жатқан естияр баласына, – анау Шәпи ағаңды тез шақырып келе ғой! Жұғір! Әкем «Тез келсін!» деп жатыр де, білдің бе??!

Он үш-он тәрттердегі естияр бала «Жарайды, көке!» – деп, қолындағы балтасын тастай сала, ойнақтап жүгіре жөнелген. Шүкіралы содан үйге кіргенмен, байыз тауып отыра алсашы...

Мына тұрган Мінәнайдагы мешіттен Шәпи молла бие сауымдай уақытта өрең жеткен... Екі алақанымен бет сипап барып, хақ жолындағы адамдарға тән сабырлы да биязы үнмен...: – Үлгергеніміз осы болды, аға! – деп баяу тіл қатқан Шәпидің де мұнан өрі шыдамы жетпей: – Тыныштық па, Шөке?! Шошыттыңыз ғой... – деді, қырауы еріп, дымдана бастаған көмірдей қап-қара дөңгелек сақалын алақанымен сылап отырған күйі.

– Қайдан тыныштық болсын! Әлгі бір... Метрей дейтін еңгезердей нән жүзбасыны білуші ме ең... Сол: «Жорыққа отряд ертең шығатын болды» деп кетті жаңа... Ал енді не істейміз? Соны айтшы... Не ойың бар?

– Не ой болсын... ең бастысы, алыс-жақындағы ағайын тегіс құлақтанып отыр ғой, әйтеуір. ...енді осындағы Тіленшінің адамына да хабар айтайық...

– Өлгі Жаубасар дейтін Табын шалды айтамысың? Дұрыс, дұрыс... Сонын өнебір... Дуддут маңкамасында істейтін Нұрмұханбет дейтін қожа жігітке де құлаққағыс қылсақ қайтеді?!

– ...ол ...Нұралы ханның қүйеу баласы ғой! – деді, өлдебір құпияны жария етіп отырғандай кейінте... – Жарайды, Шөке.. Көзінің тірісінде-ақ

өулие атанаңп отырған адамның, қасиетті Пірдің баласы ғой, хан күйеуі едім деп, дін қарындастың мұддесін сата қоймас!.. – деді Шәпи.

– Ендеше, қайткенде де, осы кісілермен мені бүгін бір жолықтыршы... Ал казак-орыстармен бірге жорыққа аттанғалы жатқан башқұрты бар, басқасы бар, күллі мұсылман баласының мешітке бас сұғып шыққандарымен қалай сөйлесуді өзің де білесің ғой, – деді Шүкіралы.

– Мақұл, аға... Алла сөтін салса, көрейік!

...Шәпи со бойда қайтадан Мінөнайды мешітке жөнелді. ...келген жұртты көз астымен ғана білдірмей бағуда. Бүгін мешітке ала-бөле башқұрттар көп келіпті. ...араларында жалаңдаған жас жігіттер де көрініп қалады. «Ә-ә, ертең казак-орыстармен бірге қырға аттанатындар – осылар болды-ау, шамасы...» деп топшылады Шәпи ішінен...

Ал мына бір жігіттің осы тәңіректі айналышықтап жүргеніне біраз болды, неге екенін кім білсін, мұның қасына да үш келіп, үш қайтты. Үшеуінде де жап-жас башқұрт жігіт бұған бірдене дегісі келіп, дей алмай, үнсіз кеткенін Шәпи көріп отыр... Сөйтіп отырғанында, мұның оңашалығын пайдаланып, жас жігіттің өзі жасқаншақтай басып қасына келді де:

– Молдеке! – деді бүйіғы үнмен, ақырын сөйлеп. – Молдеке, әкем жарықтық, өзіңіз секілді Құдай жолын ұстаған пірадар кісі еді, өткен күзде қайтыс болды. Иманды болғыр, бір жаққа барап болсам, ылғи ақ батасын беріп аттандырудан бір жаңылған емес-ті. Со кісінің рухына бағыштап Құран оқып бересіз бе?

...Бірақ, неге екені белгісіз, шаруасы біткенмен, мұның қасынан айналышықтап кете қоймай түр.

Соны байқаған Шәпи:

– Немене, бауырым.. бірдене айтқың келіп, айта алмай түрған сияқтысың ғой! – деді оған іш тарта сөйлеп...

– Айтсам, оллани бар ғой, молдеке, бағанадан бері қасыңызға да келе алмай, сандалумен жүрмін...

– Е, неге???

– Неге дейсіз... Мен ертең казак-орыстарға қосылып, қазаққа аттанбақ бол жатқандардың бірі едім; «Жорықта жолымыз болғай!» деп, аттаныс алдында әкем марқұмға Құран бағыштатайын деп келсем, өзіміз барғалы отырған сол қазақтың бір адамы – мына сіз алдынан шыға келдіңіз... Өтінішімді ләм деместен орындағаныңыз былай тұрсын, тіпті, өзіме «Бауырым!» деп тіл қатқаныңыз жүрегімді елжіретіп жібергені... – деп, жас жігіт алғаусыз, ақтарыла сөйледі.

...Шәпи...: – Айтпақшы, өзіңнің атың кім еді, шырағым?! – деді, жас жігітті бауырына тарта сөйлеп.

– Батырша!

– Атың жақсы екен, Батырша... Өкең марқұм үлкен үміт қылышп, бүкіл башқұрт баласы тәбесіне ту көтерген атақты батырдың атын қойған екен-ау!

...Бұл кезде жұма намазына жиылған жұрт қарсыдағы үлкен бөлменің ішіне лықа толып, әрқайсысы бүйірған жерлеріне жайғасып та үлгерген екен. Шәпи де шет жақтағы бос орындардың біріне кеп тізе бүгіп, шарта жүгініп отыра кетті.

Бас имам – мынау Сұлтанайдағы Хұсайынов дейтін саудагер татардың Бұхара мен Қабулда ұзақ жыл оқып, жақында келген Мұхамбетжан деген ғұлама баласы еді... намазын бастап та жіберді...

Намазға қатысып отырғандардың көвшілігі – татарлар мен башқұрттар еді; ертең казак-орыстармен қосылып, қазаққа аттанғалы отырған башқұрттар бүгін, тіпті, татарлардан да көп секілді көрінген. Солар, ең болмаса, ойлансын деп, ...Шәпи де бас имамға қайта-қайта сұрақ қоюмен болды. Оның дені:

– Мұсылман мұсылманды құл қылуына бола ма?
– Мұсылманның қанын төккен мұсылманға қандай жаза бар?
– Қанға – қан; кек алу дегендеге шариғат қалай қарайды?
– Жалпы, қандай да бір себептермен болмасын, адам баласына қиянат жасаудың құнөсі қаншалық болмақ? – осы секілді сауалдар төңірегінде өріді өңгіме...

Бүгінгі жұма намазынан Шәпи үйіне бұрын-соңды болмаған бір рақат күйде, жаны қанағат тауып қайтты. Өйтетіндей жөні де бар еді: біріншіден, Батырша секілді бір мұсылман баласын жаман жолдан қақпайлайған болса; екіншіден, жұма намазы үстінде бас имамға берген сауалдary арқылы обал, сауап дейтін ұғымдар жөнінде қанша мұсылманға ой түсірді...

Ал Табын Жаубасар қарт пен қожа жігіт Нұрмұханбет болса, Шүкіралымен оп-оңай-ақ тіл табысқан...

* * *

Ертесіне... таң қараңғысында мешітке жетіп үлгерген ол... мұнара басына да шықты-ау... кенет... таудан аққан селдің сұрапыл сарыныңдай, төменнен бір топырлаған алапатыр дүбір жетті.

...Қараса... «Әскер...», – деп, Шәпи тынысы тарылғандай, тұншыға күбірледі...

* * *

...Самсаған сары қолдан жаны шошып, шын торыққан Шәпи сол күні тебірене толқи тұрып, Жаратқан иемізге жаман қатты жалбарынып еді. Кім біледі, мыңның тілегі емес, бірдің... бір ғана соның тілегі қабыл болды ма... Әйтеуір, Електің жоғарғы жағындағы қазақ ауылдарын шабамыз деп, мұздай қаруланған екі жұз елудей казак-орысты басшы етіп, оған екі мың жарымға жуық башқұртты қоса ертіп, соңдарынан екі ауыр зенбірек сүйретіп, 1785 жылдың 17 ақпанында Орынбордан шыққан осынау отряд, – майор Смирнов бастаған қарулы қалың қол, – қаладан едөуір ұзап шыққан соң, айдалада ақ түтек боранға ұрынып, өлденеше күн адасып, бірталай адамдары мен ат-көліктегінен айрылып, өз-өздерінен азып-тозып, ақыры, жарты ай шамасында шаһарға өрең қайта оралған. ...тап қалаға кірер жерде жорықтан құр қол, соқа бастары сопайып қайтып келгендеріне аяқ астынан «арлана қалған» отряд басшылары іргеде отырған тұқ жазығы жоқ бірер қазақ аулының қатын-қалашы мен бала-шағасын ұлардай шулатып, кешкі апақ-сапақ кезде, көдімгі қораға мал қамағандай, қала қақпасынан асығыс ішке кіргізіп алды...

* * *

Алдын ала келісім бойынша, Текенің казак-орыстары да қазақты шабуға ақпанның дәл 17-сінде – бұлармен бір күнде жолға шығуға тиіс болатын... Жайық қалашығындағы уәйіске кеңсесінің бастығы бригадир Акутин уағда бойынша бұл сапарға әскери ағамандар Колпаков пен Пономарев бастаған отрядты дәл уақытында аттандырды да.

Содан... Колпаков пен Пономарев Теке мен Үйшік арасындағы бекіністерді ұзак шарлап, ақыры, наурыздың бас кезінде ат басын Сарайшыққа кеп өрең тіреген. ...Сөйтіп, бұл отряд төменгі Жайық шебіне қарасты Қаракөл, Қарабау деген жерлерде қаннен-қаперсіз отырған Беріштер мен Адайлардың екі аулын тәңірінің тал түсінде тас-талқан қылышп шапты да алды.

Тұқ жазығы жоқ жұртты қан қақsatқандарымен қоймай, бұларын ешбір ел естімеген ерліктең қылышп, соңда Урал әскерлерінің Үәйіске кең-

сесі күллі Ресейдің Әскери коллегия Президенті Потемкинге жолдаған раррттың сиқы мынау болышты:

«Нұр сипатты Сіздің бұйрығыңыз бойынша, Сырым бастаған ұрықары қырғыз-қайсақтарды олардың жиылып жатқан жерлерінен Жемнің құйылысына дейін қуып барып талқандау үшін ақпан айының 17-де 1250 казактан құралған отрядты аттандырган едік. ...Сырымға ерген – 2700; Бараққа ерген – 2000, Тіленшінің төңірегіне жиылған 1500 адамның ...жауыздардың ауылдары Жемнің арғы бетіне әлдеқашан өтіп кетіпті; олардың бас қосқан жерлеріне дейін жету үшін, ең кемі, 8–9 күн жол жүру керек екен; соның өзінде елсіз-сусыз иен даламен шеру тартуга тұра келмек. Әрі ол жақта басқа түгілі, ат-көлікке азық боларлық талғажау да жоқ!» – депті...

* * *

...Сөйтіп жүргендерінде...:

– Колпаков пен Пономарев отрядының оралуын құтпей-ақ, осында қалған казактардан жаңа отряд жасақтап, биыл шептің бойына жақын кеп қыстаган қазактарды Жайық бойынан көшіп кетпей тұргандарында тағы бір басып қалсақ... – деді Донсков, бастығының жүзіндегі өзгерістерді үкі көзімен қалт жібермей, қадағалап тұрған күйі.

...Акутин ойланып қалды...

– Жина! Жина да, дереу жолға аттандыр! – деді енді Акутин...

* * *

Екі жеңіл зеңбірек сүйреткен сол Назаров отрядының Жайықты жағалай суыт жүріп келе жатқанына, міне, бүгін екінші күн. Беттері – тәменгі Жайық шебінің Салындылы, Сақарлы бекіністері.

Күн бұлтты. Әрі желкем. Қыс ызғары әлі кете қоймаған кез...

...отряд командирі Назаров Каршиге кеп кіргенде ғана «Ух!» деп, демін бір-ақ алды. ...Апақ-сапақта үстеріне кеп ошарылған әскердің жайын білмекке, форпост бастығының өзі де осылай қарай асыға басып келе жатыр екен.

Олпы-солпылау киінген, сұрғылт өнді, мосқал казак тұра қалып, өзін: «Форпост бастығы есаул Ферапонтов!» деп таныстырган. Назаров оған Урал әскерлері Уәйіске кеңесінің бұйрығын ұсынды...

Назаров өздерінің бүгін осында түнеп шығатындарын; ертең ертелең қырғыз-қайсақтар жақ бетке өтіп, бұйрықты орындауға тікелей кірісе бас-

тайтындықтарын; сондықтан оның ойдағыдай орындалуы үшін нұсқау бойынша форпост бастығынан не талап етілетінін төптіштеп айтып шықты.

– Біріншіден, бұл форпосттан өзіңіз бастаған он адамды жау-жарағы, ат-көлігімен ертеңгісін осы отрядқа қосуға өзір етесіз. Екінші, таңертең қырғыз-қайсақтарға тиіскен кезімізде, олардың «кінәларын» көздеріне шұқып тұрып көрсететіндей «айғақ» керек! Ол үшін, ең болмаса, осындағы казактардың жорыққа мінуге жарамсыз бол қалған ақсақ-тоқсақ, арық-тұрық аттарының бәрі қазір, ымырт қараңғысында, арғы бетте жайылып жатқан казақ жылқысына қарай айдалып тасталсын. Үшінші, бүгін өскер алансыз тынығу үшін форпост күзеті өдettегіден әлдеқайда күштейтіліп, оны бақылауды тікелей өз міндетінде аласыз.

Егде тартып қалған есаул казак отряд басшысының сөзін үнсіз тындал болды да, «Құп!» – деп, айтылған тапсырмаларды орындау үшін дереу іске кірісіп кеткен...

– Сонымен... қырғыз-қайсақтардың ауылдары орындарында әлі отыр ма, есаул?! – деді оған бейбіт үнмен. – Ертерек аттансақ, елдерінің шетіне қай шамада ілігеміз?

– Түсінбей қалдым, майор мырза! Қайдагы ауылдар... – деді есаул аңтарылып...

– Ендеше анау қаптап жатқан жылқы кімдікі?!

– А-а, жылқыны айтамысыз?! Жылқы – Айшуақ сұлтандікі! Орынбор шегара экспедициясының арнайы рұқсатымен қыстап жатыр биыл...

– Қате! Қате айтасың, есаул! Біздің шолғыншылардың Уәйіске кеңесіне әкелген мәліметтері бойынша, мұнда қыстап жатқан мал – хан Нұралының інісі – Айшуақтың өз жылқысы емес, оның ұлысындағы Әжібек Табындар мен Жиенбет Табындардың малдары... Ал бұл екі рудың ұры-қарылары өткен жылы шепті бұзып, түү Волгага дейін барып, біздің хуторларды шапқан! Маған берілген бүйрек – сол шапқыншылық кезінде әкетілген малды да, жанды да қайтарғызу үшін әлгі Табындардың қолға түскен ма-лын да, жанын да айдал өкету!..

– Ұқтый, майор мырза! – Бұл жорықтың мәнісін онсыз да іші сезіп тұрған есаул бағынышты адамдарға тән бәсек үнмен пәс тіл қатты да, үнсіз қалды.

* * *

Алаш баласы ата қоныстың талайынан айрылып, шегіне-шегіне келгенде, ақыры, көлденең жатқан Жайықтың анау батыс жағындағы Самар

беті орыста қалғанмен, әйтеуір, мына күншығыс жағындағы Бұхар беті қазақтікі ғой деп, төуба қылып жүруші еді. ...Салындылыдағы форпостқа бір-ақ түнеп шыққан мына отрядтың өзі жүрттың ұғымындағы сол «Самар бет», «Бұхар бет» дегендерге пысқырған да жоқ! Таң қараңғысында тағалы аттарымен Жайықтың көкше мұзын кішірлетіп кесіп өтті де, кеше кешкілік өздері көрген қазақ малының өрісіне қарай тіке тартты...

Сол-ақ екен тоңы қатты қара жердің бетін алапат дүбірге толтырып, ізінше тасыrlай жөнелген мың сан тұяқтың үні даланы кернеді де кетті.

Ызы-қиқы! У-шу! Айғай-сүрен!

...Сондай бір сарт-сұрт соқтығыс, шақ-шүқ қақтығысқан қылыш шыңылы қаттырақ естіліп, қасына таянғанда аңдаса, ала аяқты торы арғымақ мінген, жеңіл қаптамасының белі шарт буулы, қигаш жауырын бір жас қазақ қамалаған казактардан қаша ұрыс салып, тұсына келіп те қалған екен. ...қас-қағымдай сөтте үршықтай үйірілген жап-жас жігіттің мұнымен бетпе-бет келіп, қамықпастан түп-тұра қарсы шапқаны!..

...Сол сөтте екі дай күй кешіп, не қыларын білмей тұрып қалған Назаров.: – Фера-пон-то-о-ов! – деп, әлдене айтпаққа оқтала беріп еді...

– Қашқаны – қашты, қарсыласқандары қолға түсті, майор мырза! – деді әлдекім Ферапонтовтан да басқа бұл іске жауап бере алатын адамдар бар екенін байқатып. – Не бұйырасыз?

– ...Әкеліңдер тұтқындарды!

...Назаров бастаған бір топ адам... аттарынан түспестен иіріліп тұр. Бәрі үнсіз. Қымс етпейді. Бұлардың әрі үнсіз, әрі аттарынан түспей тұрғандары – орталарында беті ашық өлік жатыр. Бағанағы сайыскер жігіт!

...Жас жігіт шалқасынан жатыр... Үнсіздік мендеп бара жатқан соң, Назаров соны бұзайын деп, әдейі:

– ...Кім біледі мұны?!

Жүрт бір сөт үнсіз қалған. Әлден уақытта барып:

– Апақ қой бұл... – деген әлдекімнің құмығыңқы үні естілді. – Айшуақ сұлтанның баласы – Апақ сұлтан бұл!

Бәрі жалт қараған. Сөйтсе, мұны айтып тұрған – тағы да әлгі... Қаршидің есаулы Ферапонтов екен...

– ...Айтпақшы, ...әлгі қолға түскендерді, мына жатқан өлікті қайтеміз, командир?!

– ...тұтқындардың бір-екеуін ғана кепілге ал да, қалғанын қоя бер! Өліктерін өкетеміз десе, еріктері білсін!..

– Құп!

– Біз кеттік Сахарныйға!

...Ала шапқын тағы жалғасты...
Бұл жолғы бағыттары – Сақарлы бекінісі!

* * *

...Бұл сүмдүкты естігенде, жаны тызығып кеткен Айшуақ сұлтан дереу атқа ер салғызды... Жаны шүберекке түюлі Айшуақ сұлтан тезірек Салындылыға жету үшін Сақарлының тұсынан өткен бойда, солай қарай тіке тартқан. Жайыққа қарай жамыраған терең сайлардың бірінен беткейге енді көтеріле бергенінде, алдынан күпінің битіндей өріп келе жатқан көп әскер шыға кеп, жолын кесті.

Жалтарап жер жоқ. Бар болғанда да, баласының уайымы басқа тірліктің бөрін ұмыттырған Айшуақ сұлтан дәл қазір ештеңеден де тайынардай емес-ті. Әлдебіреудің қапталдай шауып келе жатып:

– Остановись! Остановись, говорю, чорт поганый! – деп шәңкілдегеніне қарамастан, сұлтан сол екпінімен, әскердің алдыңғы легіне ат тұмсығын тірей тоқтады...

– Кімсің? Қайдан жүрген киргизсің?! Қайда бара жатырсың? – деп, сұрақты төпелей жөнелді.

– Мен – хан Нұралының туған інісі, Жетірудың ұлысбасы, сұлтан Айшуақ Әбілқайырхан ұлымын! – деді Айшуақ, орыс көріп тұрғаны бір бүгін емесін мыналар анық сезетіндей етіп. – Өздерің кімсіңдер? Негіп жүрген адамсыңдар бұл жерде?!

– Біз – Орал қаласындағы Уәйіске кеңсесінің бүйрығымен сенің қаралмағындағы қазақтар барымталап әкеткен мал-жанымызды қуып келген адамдармыз! – деді офицер... Бағана жүрттың бөрі жарыса жамырап, өлген жігітті «Айшуақ сұлтанның баласы! Айшуақ сұлтанның!» дей берген соң, «Бұлардың Айшуақ сұлтаны кім болды еken соншама?» деп бір ойлап койған. Сөйтсе, еңсегей бойлы, жасы алпысты алқымдал қалса да, әлі тіптік, кісіге шашыла қарайтын, мына қақиған қазақ...

– Мал-жандарыңызды барымталаган қазақтардың нақты кімдер екенін біліп келіп тұрсыздар ма? Әлде әншейін біреулердің сілтей салуымен жүрсіздер ме? – деді кіділеніп.

– ...Сен немене бізге тәптеш жүргізейін деп тұрсың ба?! – деп дүрсे қоя берді. – Доғар сөзді! ...Сұрақты саған мына біз қоямыз!

– Неге сұрамаймын?! Сіздер менің қонысымда, малымның өрісінде жүрсіздер... біреудің өристегі малына, сол малды бағып жатқан адамда-рына тиісесіңдер!.. Неге? Не үшін? – Сұлтанның даусы ащы-ащы шығып

кеткен. Суық хабарды естігелі бері іште қордаланған бүкіл ашуымен ызысы, баласының тағдырына алаңдатқан құдігі мен үміті – бәрі-бәрі өре түрегеліп, бұдан әрі өзіне бой бермей қойды. – Біраз адамды соққыға жыққансыңдар! – деді ашына сөйлеп. – Ал балаларымның бірі – Апақты аттан құлатыпсындар! Жазығы не?! Не үшін?! Қайда ол қазір?! Неге жоқ қастарында?!

Апақты айтқанда, абдырап қалған тілмәш казак Назаровқа қарап, ақырын-ақырын әлденелерді күбірлеген...

– Біріншіден, сен айқайлама! – деді тілмәш бұған. – Офицер мырза: – Біз сендерге тиіссек, өз обалдары – өздеріне; себепсізден-себепсіз тиісп отырған жоқпыз, – дейді. Басқасы басқа, сен, сұлтан, ұлысындағы ұры-қарыларды тыймағаныңды былай қойып, алдымен өзің солармен бірге біздің хуторларды шапқаныңды; ал казактардың өскери міндетін атқаруы үшін ауадай қажет азғантай жылқысын екі күннің бірінде сенің барымташыларың қуып кетуді әдетке айналдырғанын біз білмейді деп отырсындар ма?! Әлде соған бұдан былай да төзе береді деп ойладыңыздар ма?!

– Мұндай кінә қою үшін өуелі дәлел керек! – деді Айшуақ сазарып. – Бар ма ондай дәлелдерін?

– Дәлел жеткілікті!..

– Дағар-р-р дөкір сөзінді!!! – деді, қаны қайнай бастаған Айшуақ сұлтан мына жаман казактың өрескелдігіне шыдай алмай. – ...Бұл жерлерге неге көшіп келесіндер деп, бізге кінә артуға ешкімнің де қақы жоқ!..

– Іімм! Бізді оқытқың келіп түр екен ғой... – деді, мына сөз құлағына жеткен офицер мырс етіп...

– Екіншіден, оқытатындей дәненесі де жоқ.. – деді, қияннattan қолы таза Айшуақ енді әр сөзін шегелей түсіп. – Жер біздікі болғанмен, осындей дау-далаба шығып кетпес үшін жыл сайын көшіп келердің алдында біз сақтық қылып, Жайық бойындағы шептің қай тұстарына мал қыстатуға болатынын арнайы сұрап, Орынбор шегаралық экспедициясына хат жазамыз. Аяқты малдың аты – мал; әлдеқалай қосылып кетіп жатса, қайтаруға міндеттенеміз сол хатта. Экспедиция сосын ғана рұқсат етеді және оны тек жазбаша береді. Ондай қағазды көргілерің келсе, мінеки! – деп, қойын қалтасына салып шыққан рұқсатнаманы суырып алышп, алдарына тосқан.

Мына қазактың заң соққыштығына ит жыны құрысқан Назаров ұсынылған қағаздың бетіне де қарамастан, оны қақ айырды да, «Қолыңнан келсе, шауып ал!» дегендей, парша-паршасын шығарып шашып жіберді.

Күйіп кеткен Айшуақ, бағыда... бауыры Қожахметтің орнына Орынборда аманатта болғаннан бері біршама білетін орыс тілінде:

– Господин офицер! Вы не имеете право порвать документ, выданный вышестоящей инстанцией... Я буду жаловаться в Оренбургскую погранэкспедицию! – дей беріп еди...

– Хмм! Он будет жаловаться!.. Взять его!

Еш кінесі жоқ екеніне иманы көміл сұлтан бөгде ойдан ада, алансыз тұрған. Екі казак екі жағынан шап беріп ұстай алғанда да, қарсылық жасай қоймаганы сондықтан-ды. Алайда, екі қолын тас қылыш, артына қайырып байларап болған кезде:

– Вот теперь жалуйся!!! Сколько хочешь, – деп, мына «бокымұрын баланың» тістене кекеткенін естігенде, мұндай бала түгілі, оның әкесіндейлердің астамшылығын көтере алмайтын төре намыстан өртеніп кете жаздады. Долырган ашумен:

– Что-о-о??? Что ты сказал? – деп арыстандай ақырған. Офицер оған былқ өткен жоқ.

Сонда ғана... қолы байлаулы, өзінің шарасыз халде екенін анық үққан сұлтан бармақ шайнай да алмай, қапыда қалғанын бір-ақ білді...

Бұл – осыдан кейін екі жылға жуық көуірдің қолында еріксіз жәсірлік күн кешкен Айшуақ сұлтанды сол екі жыл бойы күндіз күлкіден, түнде үйқыдан айырып, сүйегіне таңба болған қорлық қана емес, сонымен бірге жүргегіне мірдің оғы боп қадалып тұрып қалған, сөйтіп, өле-өлгенше жазылмай кеткен бір жан жаrasы да екенін өзінен басқа жан баласы білген жоқ...

(Жалгасы бар)

СӘЗДІК

Ағамандар – казак-орыстардың әскери старшиналары.

Алапатыр – алапат.

Аудиенция – ресми қабылдау.

Әбжіл – тез, шұғыл, жылдам.

Барон – Батыс Еуропадағы феодалдың атағы. VI–VII ғасырларда ауқатты адамдардың бәрі осылай аталды. Ал XI–XII ғасырларда корольдің тікелей вассалы – ірі феодалдар ғана осылай аталды.

Бұхары мылтық – Бұхарада жасалған мылтық.

Вот теперь жалуйся! Сколько хочешь! – Ал арызданып көр! Қанша арызданар екенсің...

Генерал-фельдмаршал – 1699 жылы Ресейдің I Петр патшасы енгізген генералиссимустан кейін бірінші тұрған әскери жоғары шен. Бұл шен XVI ғасырда Германияда да болған.

Господин офицер! Вы не имеете право порвать документ, выданный вышесяющей инстанцией... Я буду жаловаться в Оренбургскую погранэкспедицию! – Офицер мырза! Жоғарғы орындардың берген құжатын Сіздің жыртуға қақыңыз жоқ... Мен Орынбор шегаралық экспедициясына арызданамын!

Дуддут маңкамасы – Орынбордағы шегара комиссиясы. Қыр қазақтарына ғана емес, бүкіл «бүратаналардың» ісіне тәптеш (тергеу-тексеру) жүргізетін мекеме.

Жәсір – соғыс кезінде қолға түскен адам, тұтқын.

Құлдірмамай, құлдырмамай – ертедегі мылтықтың бір түрі.

Күтір – хутор – Ресей мен Украина жерінде бірнеше шаңырақтан тұратын кішігірім елді мекенді осылай атаған.

Кішірлету – мұзда жүріп келе жатқан аттың тұяғымен жаншу арқылы құшырлатуы.

Қозықөш – онша қашық емес жер; қозының аяғы жететіндей-ақ, онша алысқа кетпейтін қашықтықта деген мағынада.

Қорыс – бірнеше жыл бойы адам аяғы баспаған, қамысты, қопалы жер.

Мәзіні – азаншысы.

Мәйін – сыпайы, жұмсақ, жағымды.

Мәулет – мұрсат, мұмкіндік.

Мешер, шерміш – Ресейдегі түркі халықтары.

Мінәнай – Орынбор тубіндегі Айырбас сарай (Меновой двор).

Остановись! Остановись, говорю, чорт поганый! – Тоқта! Тоқта дейім, сайтаның сапалағы!

Репрессалия – репрессия – жаппай құғын-сүргін, жазықсыз жазалау.

Советник (о) – кеңесші.

Теткі, теткіп – тежеу, шектеу.

Уәйіске кеңесі – Жайық казактарының әскери кеңесі.

Ұлығ фәрмандары – ұлық пәрмендері, яғни ұлық жарлықтары.

Форпост (неміс) – күшейтілген әскери пункт; күзет.

Хмм! Он будет жаловаться!.. Взять его! – Іүмм! Арызданғысы келеді мұның! Байланынаны!

Что-о-о? Что ты сказал?! – деп арыстандай ақырған. Офицер оған былқ еткен жоқ. Немене? Не дедің сен?!

Шамқал – білтелі мылтық.

Ызғын – өте қалың, тығыз, көп.

Адам аттары:

Батырша батыр – Абдулла Алиев – молла, 1755 жылдың башқүрттар көтерілісінің басшысы. 1756 жылды Шлиссельбург қамалына отырғызылған.

Игельстром Осип Андреевич (1737–1812) – патшалық Ресейдің қазақ халқын отарлау әкімшілігінің өкілі, генерал-губернатор. 1784–1792 жылдары Сібір

және Уфа губерниясының генерал-губернаторы, 1796–1798 жылдары Орынбор әскери губернаторы болған. Негізгі қызметі Орынбор өлкесін және Кіші жүз қазақтарын басқаруды реформалау ісімен тығыз байланысты. Ол – Сырым Датов бастаған үлт-азаттық қозғалысты басып-жаншұшылардың бірі. Қазақ жеріне келген алғашқы кезеңінен бастап Нұралы ханмен шиеленісті жағдайда болды. Екатерина II патшайымға арқа сүйеп, Кіші жүздең хан тұқымдарымен күресті. Нұралы ханның беделін түсіруге барынша ықпал жасап, оның Уфаға жер аударылуына да себепші болды. Казак әскерлерін Айшуақ ханға да қарсы пайдаланған.

О.А. Игельстромның қазақ жеріне Ресей патшалығының отаршыл саясатын енгізуге, орнықтыруға және хандық билікті жоюға бағытталған реформасы сәтсіз аяқталды, ол XIX ғасырдың бас кезінде саяси аренадан кетті.

Қасиетті Пір – еліміздің батыс аймақтарында Әбужәлел көзі тірісінде әулие атанған. Нұрмұханбеттің орыс тілінде толтырылған құжаттарында әкесінің есімі бүрмаланып, Әбдіжәлев деп жазылған.

Қаратон – атаман Харитонов (1783 жылы жазалау отрядын басқарған).

Күлініп – атаман Кульнев (1784 жылы жазалау отрядын басқарған).

Пугаш батыр – Емельян Пугачев: Шығармадағы «**Казак-орыстар ақ патшаға қарсы жаппай көтерілген кездे**» деген қолданыс – 1773–1775 жылдары болған Емельян Пугачев көтерілісін айтқаны.

Шағанақ – атаман Чаганов.

Рұ аттары:

Сұлтансық – Асқар, Масқар, Алаша, Әлке, Тана аталағын бес атадан құралған Байұлының бір тармағы.

Жер-су атаулары:

Жайық өзені – Еуропа мен Азияны бөліп жатыр, **Бұхар бет** – Жайықтың шығыс беті; ал **Самар бет** – Жайықтың батыс жағы. Бүгінде халық бұларды Еуропа жақ, Азия жақ деп те айтады.

Қарақамыс – қазіргі Ақтөбе облысы Темір қаласының аумағында.

Сұлтанай – қазіргі Башқұрстан жеріндегі бір ауыл.

Таналық – Ресейдің Орынбор облысында село атауы ретінде де сақталған.

Теке – қазіргі Орал қаласы.

Урал – Е.Пугачев бастаған Жайық қазақтарының көтерілісін мүлде естен шығару үшін, Екатерина II Жайықты Урал деп атауға Указ шығартқан.

Үйшік – Гурьев (қазіргі Атырау) қаласының ертедегі аты.

Іле Жібек – Батыс Қазақстан облысындағы жер.



- Алдыңғы тоқсандағы Сырым Датұлы туралы берілген мәліметтерді еске түсіріндер. Бұл романда Сырым Датұлын қандай қырынан таңызындар?
- «Уақыт тізбегі» өдісі бойынша шығарма сюжетіндегі маңызды оқиғаларды еске түсіріп, кестені толтырындар.

«УАҚЫТ ТІЗБЕГІ» ӨДІСІ

Оқиға		Оқиға								
-------	--	-------	--	-------	--	-------	--	-------	--	-------

- Романның композициялық құрылымына талдау жасаңдар.

Оқиғаның басталуы	Оқиғаның дамуы	Оқиғаның шиеленісуі	Оқиғаның шарықтау шегі	Оқиғаның шешімі

- Романда қай кезеңдегі оқиға суреттеледі? «Қазақстан тарихынан» қазақтардың Ресейге өз еркімен бағынуының себептерін зерттей отырып, романдағы оқиғалармен салыстыра талдаңдар.

- Тек әуелі жан түкпірінен Айрауықтың ашы қүйіндей аңыраган бір азалы сарын бас көтеріп келе жатқанын байқаган... оқыстап «А-ай-и-и-и»-лап, ышқынып, мұның көкірекінен ал кеп ақтарылсынай ... тоқтаусыз боздасын-ай!!!

Жел қарап он екі жыл желмаям мен,

Асан би дүниені ... а-а-ай-й-й-й!!! – деп, бидің жүргегі шымыр-шымыр, шымыр-шымыр-шымырлап қоя берді.

Романдағы Сырым батырдың және батырлар мен билердің, халықтың тағдыры мен жай-қүйі, мұң-зары, өкініші мен қүйініші суреттелетін психологиязмді анықтаңдар.




- Романның тақырыбы мен идеясын анықтай отырып, романда қандай әлеуметтік мәселелер көтерілгенін баяндаңдар.
- Романдағы Барон Игельстром мен Сырымның тұлғалық болмысы қалай көрінеді? Олардың осы іс-әрекеттері қазақ халқының мұддесі үшін қаншалықты маңызды болды?

3. Сәлден кейін сол бір өзегін өртеп, өн бойын шымырлатқан азалы сарын тұрлаусыз мына жалғаның опасыздығын паш етіп, бастарынан кешкенди қара қобызбен кейінгіге құңғрене толғаган бағзыдагы бабалардың өксік пен өкінішке толы жыры мен зарына айналып, ... Романда жазушының қылыш кезеңдегі халықтың тағдырын қобыздың үнімен байланыстыра суреттеуінен қандай астарлы ойды аңғаруға болады?
4. Сырым батырдың тұлғасы мен би-шешендер, халық батырлары, хан-сұлтандардың елдің басына бақытсыздық орнаған тар кезеңдердегі іс-әрекеттеріне мінездеме беріп, романның идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтаңдар.



1. Ресейдің отарлау саясатын және олардың шенеуніктерінің бодан халықтарға жасап отырған іс-әрекеттерін, мінездеме беріп, романның идеясына сай кейіпкерлері арқылы талдалап көрсетіңдер.



2. Ресей империясының саясатын ұстанған Барон Игельстром бастаған кейіпкерлерді бір бөлек, қазақ халқының болашағы үшін күрескен Сырым батыр бастаған кейіпкерлерді бір бөлек топтастырып, талқылаңдар.

Сырым батыр	Барон Игельстром
1.	1.
2.	2.

3. Романда аты аталатын батырлар мен билердің іс-әрекеттерін романнан үзінділер келтіре отырып талдау жүргізіңдер.

4. Романда кездесетін көптеген ру атаулары бойынша қазақ руларының шежіресін жасаңдар.
5. ...Әлгі бір сүйк хабар бұларды осы кезде құып жетті: «Орынбор мен Текенің казак-орысы қосылып, қазақты шаппақ!»
 «Апырай, ойына не келсе – соны қылыш, әбден жаман үйренген бұл атаңа нағлем көүірдің астам шылығына не раяу?! Қайтпек кепек?!




1. Қазақ халқын отарлау кезеңіндегі көріністерді берудегі жазушының суреттеу тәсіліне назар аударып, композициялық амалдарды талданыңдар.
2. Романда Барон Игельстром мен Нұралы хан, Сырым батыр бастаған билердің жазысқан хаттары берілген. Бұл хаттардың тарихи деңгектермен қандай байланысы бар? Топтаса отырып, тарихи зерттеу жүргізіндер.
3. Шығармадағы Кіші жүздің хандары, билері мен батырлары туралы тарихи мәліметтер жинастырындар.
4. Қаламгердің авторлық көзқарасы мен ұстанымын анықтап, Сырым мен би-шешендердің дара тұлғаларын суреттеудегі автордың идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасаңдар.

Қаламгердің авторлық көзқарасы көрініс таба-тын тұстар	Отарышыл импе-рияның көзімен қараған патша билігі	Тар кезенде қыспаққа түскен көшпелі ел	Сырым батыр бастаған би-шешендер мен ба-тырлардың азаттық үшін құресі

5. *Бұқ қоныс – жетің жүрттың кеткен қоныс,
 Ногайдың көшип талақ еткен қоныс...
 ...Қазтуған, Асан қайғы, Орақ, Мамай
 Әрі өтін Тесіктаудан солай кетті.*
 Осы өлең жолдарын Мұрат Мөңкеұлының шығармасынан оқығанымыз белгілі. Екі шығарманы салыстырып, жазушының халықтың көшіп-қонудың себеп-салдарын талқылап, пікір алмасындар.

Себеп-салдар диаграммасы



6. Сырымның дара тұлғасын даралайтын көркемдік өрнектердің (шешендік сөз, сөйлемдердің құрылышы, айшықты сөздер т.б.) қолданысындағы тіл шеберлігіне талдау жүргізіндер.



1. Шығармадағы ақыздар мен бата сөздерді, жыраулардың толғаулағын, шешендік өнердегі билер сөзін дереккөздер ретінде пайдалана отырып, автордың стиліне баға беріндер.
2. Романдағы жер-су атауларының картасын жасап, олардың шығарма мазмұнын ашуудағы рөліне мән беріндер, талдау жүргізіндер.
3. Романда жер-су атаулары, тарихи тұлғалар мен қазақтың жүз биінің қаншауы кездеседі, тарихи деректер бойынша ғылыми жұмыс жазып көріндер.
4. Романның сюжеттік желісін негізге ала отырып, сценарий жазып көріндер.
5. *Апыр-ай, мынау не сүмдық еді?!* Жеті жұрт ауган бұқ қоныстың, бұларға да қайырысыз болғалы түрганы ма?!

Романдағы «Жеті жұрт» тіркесін төменгі сыныптарда өтілген қандай шығармада кездестірдіндер? Осы тіркес туралы ізденіс жасап, ғылыми жұмыс жазындар.



1. Романдағы тарихи деректер, қазақ тарихындағы ел басына күн тұған шақтағы құлы кезеңдегі оқиғалардың суреттелуін төмендегі көрсетілген шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беріндер.



2. Шығармада суретtelген халықтың арман-тілегінің орындалуының көрінісін заманауи түрғыдан салыстырып, жаңашылдығына баға беріңдер.
 3. «Тар кезең» романындағы заман шындығы» тақырыбын ғаламдық түрғыдан талдап, әдеби эссе жазыңдар.
 4. «Романның өзгешелігі – қазақ тарихының қили әдүірін жан-жақты суреттеуінде. Сырым батыр басты кейіпкер болғанымен, ол бостандық шайқасындағы арпалыста халықтың рөлін көрсетудегі дәнекер гана. Романда егемендік алған жылдан бүгінге дейін қазақ әдебиетіндең шоқтығы биік шыгарманың бірі деп бағалаймыз».
- Осы сын-пікірге сүйене отырып, шағын сын мақала жазыңдар.



Артық болжас білгеннің

Халықаралық ПЕН-клуб – әлемнің көрнекті ақын-жазушылары бас қосатын ең байырғы үкіметтік емес үйім. Оны 1921 жылы ағылшын жазушысы Джон Голсуорси құрған. Бүгінде бұл үйімде 120 ел мүше.

Қазақ ПЕН-клубы 1995 жылы осы үйімнің бір бөлімшесі ретінде құрылған.



Оқу сауаттылығы

- 1) Дәл қазір бидің көзі де, көңілі де – мына қаңырап қалған Қарақамыста-тұғын. Соның қойын-қолтығын ойша шарлап тұрған...
- Сұрақ:* Осы сөйлемдегі «қойын-қолтық» деген сөз тіркесі қандай мағынада тұр?

- a) Тура мағынада
b) Шендестіру
c) Салыстыру
d) Ауыспалы мағынада
- 2) Әр үйшіктің қасында оқпаны сорайған бір-бір ауыр зеңбіректің сұлбасы байқалады...
- Сұрақ:* Оқпан деген не?
- a) Зеңбіректің сұлбасы.
 - b) Дәрімен атылатын қарудың түтік тәрізді бөлігі.
 - c) Әр үйдің қасындағы қорған.
 - d) Зеңбіректің көлеңкесі.
- 3) Екінші ойын айтқанда, ешкім қыбыр етпей, бір тылсым тыныштық құшағында қонақтар едөуір уақыт тұншығып қалғандай болды.
- Сұрақ:* Осы сөйлемдегі «тұншығу» нені білдіреді?
- a) Адамдарға ауа жетпей қалған.
 - b) Не айтарларын білмей, үнсіз қалу.
 - c) Уақыт тез өтіп кеткен.
 - d) Ешкім қозғала алмаған.



Бұның күнделігі

«Тар кезең» романы қандай ой салды? Еліміздің тәүелсіздігін баянды ету үшін жас үрпақ қандай болуы керек? Өз үлестерің қандай болмақ? Осы туралы жазыңдар.

IV бөлім бойынша
ТЕСТ

- 1. «Мәңгілік Ел» идеясы Қазақстан Тұңғыш Президенті-Елбасының қай жылғы Жолдауында айтылды?**
a) 2012 ж.
b) 2013 ж.
c) 2010 ж.
d) 2014 ж.

- 2. Несілбек Айтұлының «Бәйтерек» поэмасындағы басты кейіпкер кім?**
a) Президент-Елбасы
b) халық
c) «Бәйтерек» монументі
d) автор

- 3. Несілбек Айтұлының «Бәйтерек» поэмасында есімдері аталған жырау мен ақындарды анықтаңдар.**
a) Асан қайғы, Абай Құнанбайұлы
b) Қазтуған, Абай Құнанбайұлы, Александр Пушкин, Қожа Ахмет Ясауи
c) Асан қайғы, Абай Құнанбайұлы, Пушкин, Лермонтов
d) Қазтуған, Доспамбет, Абай Құнанбайұлы

- 4. «Бәйтерек – Астананың төріндегі Өресі биіктіктің өмірдегі. Аялы алақаны Елбасының Секілді өшпейтүғын ...», – деген өлең жолдарындағы көп нүктенің орындары сөзді табыңдар.**
a) көңіл гүлі
b) мәңгі үміті
c) сенім мөрі
d) асыл жыры

- 5. «Тар кезең» романында қай жылғы оқиға суреттелген?**
a) 1723 ж.
b) 1724 ж.
c) 1725 ж.
d) 1785 ж.

- 6. 1785 жылы 25 қыркүйекте қандай оқиға болды?**
a) Айшуақ ханның қолын байлап, тұтқын етіп алып кетті.
b) Апақ сұлтан шейіт болды.

- с) Халық кеңесі құрылды.
d) Намаз би Нұралы ханга барды.
7. «Хан ием! Қабырғаңызға батып отырган – қоныстың жайы болса... «Бір жылға қоян терісі де шыдайды» деген... Хан иеміздің бір жолғы ауыртпалығын біздің Кердереі балалары көтерер! – деп, ... би сәл кідірген». Көп нүктенің орнына тиісті бидің атын анықтаңдар.
- a) Алдар би
b) Намаз би
c) Сырым би
d) Малайсары би
8. «–*Уа, агайын!* – деп, зор даусымен көшілікті тағы кідіртіп тастады. – *Агайын, қалған шаруаны халықтың келесіне салалық дегендерің дұрыс та шыгар...* Дегенмен, ...ертең осының бәрін «естімедік, білмедік» демесін. *Ханга хабар салынсын! Қане, бұған не айтасыңдар?!*»
Бұл сөзді айтқан кім?
a) Есет батыр
b) Сырым батыр
c) Қара батыр
c) Алдар би
9. Халық кеңесінің шешімдері мен талаптарын жандаралдың алдына қою үшін елдің басты-басты адамдарынан біраз кісіні, қалайда, ... аттандыру керек деп, бұлар өлдеқашан шешіп қойып еді. ... билер мен батырлардан ірітелген ..., жүз шақты қосшы-қолаңдарымен, бір-ақ аттандырган болатын.
Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді анықтаңдар.
- a) Санкт-Петербургке, үш адамды
b) Орынборға, үш адамды
c) Орынборға, төрт адамды
d) Орынборға, он алты адамды.
10. «Бәйтерек» поэмасында:
- Тағдырын тәлекек қылып айлалыға,
Талайлар тұра жолдан таймады ма?
Шыңжырда шыр айналып тұрса-дагы,
Ит қана семіреді тойғанына, – делінген.*
- Осы төрт жолда айтылғанды қазақтың қай мақалымен түйіндеуге болады?
- a) «Судан тонын аямаған, Жаудан жанын аямас»
b) «Ел үмітін ер актар, Ер атағын ел сақтар»
c) «Елін сүйген ер болар»
d) «Ер – туған еліне, ит – тойған жеріне»

МАЗМУНЫ

Алғы сөз.....	3
I бөлім. АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ	
ОРТА ФАСЫР ӘДЕБИЕТІ.....	4
Жүсіп Баласағұн	5
Құтты білік	8
ШЕШЕНДІК ӨНЕР	19
Майқы би	20
Тұлпардан тұлпар туады.....	21
Мөңке Тілеуұлы	26
Баланың тапқырлығы.....	26
Мөңкенің алғашқы билігі	27
Әнет баба	32
Не арсыз, не ғайып, не даусыз?	32
Төле би.....	37
Ердің бақыты – әйел	39
Әйтеке би.....	42
Қасқақөл дауы.....	44
Қазыбек би	50
Кім жақын, не қымбат, не қыын?	51
Сырым би	55
Балаби мен Сырым.....	56
ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ	59
Бұқар жырау.....	59
Тілек	61
Ай, Абылай, сен он бір жасында.....	65
Асқар таудың өлгені.....	67
АЙТЫС	70
Біржан – Сара айтысы	73
I бөлім бойынша ТЕСТ	85
II БӨЛІМ	
ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН ҚӨРКЕМДІК ШЕШІМ.....	87
Нысанбай жырау.....	87
Кенесары – Наурызбай	91

Махамбет Өтемісұлы.....	104
Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны.....	108
Мен, мен едім, мен едім.....	117
Бағаналы терек.....	118
Шоқан Үәлиханов.....	124
Ыстықкөл күнделігі	127
II бөлім бойынша ТЕСТ	139

III БӨЛІМ

АДАМ ЖАНЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ	141
Ілияс Жансұгіров	141
«Құлагер» поэмасы туралы	145
Құлагер.....	146
Бейімбет Майлін.....	163
«Шұғаның белгісі» туралы.....	165
Шұғаның белгісі	168
Фабит Мұсірепов	182
«Ұлпан» романы туралы	184
Ұлпан	187
Төлеген Айбергенов	208
Сағыныш	211
Фариза Оңғарсынова	220
Олең, мен сені аялап өтем	221
III бөлім бойынша ТЕСТ	225

IV БӨЛІМ

МӘҢГІЛІК ЕЛ – МӘҢГІЛІК МУРАТ.....	227
Несіпбек Айтұлы	227
Бәйтерек	229
Қажығали Мұханбетқалиұлы.....	259
Тар кезең	260
IV бөлім бойынша ТЕСТ	292

Учебное издание

**Каскабасов Сеит Аскарович
Алмуханова Риза Таскынгалиевна
Раушанов Есенгали Абдижапбарович
Кайырбай Канат Сатыбалдыулы**

КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА
Учебник для 9 классов общеобразовательных школ
(на казахском языке)

Редакторы
Техникалық редакторы
Мұқабаның дизайнери
Дизайнын жасаған және
компьютерде қалыптаған

*Fұсман Жандыбаев
Зайра Бошанова
Ермек Мейірбеков
Гүлмира Өтенова*

ИБ №7402

Басуға 29.04.2019 ж. қол қойылды. Пішімі 70×90^{1/16}.

Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсетті басылым.

Баспа табағы 18,5. Шартты б.т. 21,65.

Таралымы 2500. Тапсырыс №



«Жазушы» баспасы
050009, Алматы қ., Абай даңғылы, 143-үй,
тел. (727) 394 41 55; факс: (727) 394 41 64.
e-mail: zhazushi@mail.ru

ISBN 978-601-200-642-1



9 786012 006421